

ХТ.512.122.092

К-19

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



ЛИЧНОСТЬ И ВРЕМЯ

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ

“ ҚАЗАҚСТАН ”

829.572.122.02
Қ-19

Фидратты әр.пыр

Личность и время

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ перзенті

*Қазақстанның аса көрнекті мемлекет қайраткері,
көзі тірісінде-ақ "Ұлы тұлға" атанған Бәйкен Әшімов
пен оның жары Бақыт Әсетқызы туралы естеліктер*

108273

Алматы
«Қазақстан»
2010

УДК 821.512.122.092
ББК 84 (5 Қаз)
К 19

*Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Құрастырушылар:

*Әшімов О.Б.
Салықов К.
Сағадиев К.*

К 17 Қазақтың асыл перзенті – Алматы: “Қазақстан”,
2010. — 352 б. + 16 бет фотосуреттер.

ISBN 9965-10-098-5


Бұл жинаққа қазақтың асыл абыны атанған, халқымыздың қадірменді перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Үкіметінің он төрт жыл, сондай-ақ Кокшетау, Қарағанды, Талдықорған облыстарын басқарған, Социалистік Еңбек ері, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Отан» орденінің иегері Бәйкен Әшімұлы Әшімов пен оның жұбайы Бакыт Әсетқызы жайындағы естеліктер кірші отыр. Оларда асыл атаматтың өмірі мен еңбек жолы жан-жақты қамтылады, адамдық, азаматтық, қайраткерлік тұлғасы сомдалады.

Кітап қалып оқырмандар қауымына арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965-10-098-5

© “Қазақстан”, 2010



Эта книга посвящена памяти замечательного человека, видного государственного и общественного деятеля, нашего земляка Байкена Ашимовича Ашимова, который вложил значительный вклад в развитие и процветание Казахстана.

Байкен Ашимович прошел суровую школу жизни - войну и ранение, учебу в Ленинграде, послевоенный подъем сельского хозяйства.

В ряде районов Северо-Казахстанской области он освоил науку среднего руководящего звена и опытного хозяйственника, в индустриальном сердце страны - Карагандинской области многие годы был председателем облисполкома, в Талдыкорганской области - первым секретарем обкома партии.


Но особенно ярко его талант крупного хозяйственника и организатора, масштабно мыслящего государственного деятеля и грамотного руководителя союзного масштаба проявился в годы работы Председателем Совета Министров Казахстана. До выхода на заслуженный отдых Байкен Ашимович трудился на посту Председателя Президиума Верховного Совета республики.

Находясь на высоких должностях, он не забывает о молодом поколении, неустанно передавая весь свой огромный жизненный опыт. Его воспитанниками являются видные сейчас руководители, специалисты в различных отраслях народного хозяйства, настоящие профессионалы своего дела.

Байкен Ашимович обладает выдающимися человеческими качествами - порядочностью, открытостью, трудолюбием и удивительной скромностью.

I БӨЛІМ

ТОРҚАЛЫ ТОҚСАН – БАЙТАҚ ЕЛДІҢ ТОЙЫ



Мудрый политик, талантливый управленец, он, даже на пенсии, принимал самое активное участие во всех значимых событиях страны.

С первых дней независимости Казахстана он включился в работу по укреплению государственности и восстановлению экономики молодого государства.

Байкен Ашимович был надежной опорой Первого президента Казахстана Нурсултана Абишевича Назарбаева, всегда поддерживал его во всех начинаниях, стремился к новому, радовался достижениям и нововведениям.

За свой трудовой жизненный путь Байкен Ашимович неоднократно был отмечен государством, награжден орденами Ленина, Трудового Красного Знамени, Отечественной Войны I степени, Красной Звезды. Среди них особо выделяется одна из высших наград независимого Казахстана, вручаемая за особые заслуги перед страной - орден «Отан». Имя Ашимова Байкена занесено в Книгу Славы Республики Казахстан.

Видный государственный деятель, вложивший большую лепту в развитие экономики и культуры своей страны, в улучшение социального благополучия народа, Байкен Ашимович по праву считается аксакалом великой казахской земли и память о нем навсегда останется в сердцах благодарных потомков.

С. Билялов,

Аким Северо-Казахстанской области

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Бәйкен Әшімұлының 90 жасқа толуына орай салтанатты кеште сөйлеген сөзінің тезистері

Астана қ., 2007 жылғы 19 қыркүйек

Қадірлі Бәйкен Әшімұлы! Қаірменді қауым!

Біз бүгін еліміздің ардақты азаматы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, халқымыздың танымал тұлғасы Бәйкен Әшімұлының 90 жасқа толуына арналған ғибратты да салтанатты кеште бәріміз бас қосып отырмыз. Бұл оқиға қарияларымызды қадірлеудің жарқын бір көрінісі. Сондықтан бүгінгі Қазақстанның ел басындағы барлық басшы азаматтар осы жерде қатынасын отыр, өздерінізбен бірге.

Бәйкен Әшімұлы еліміздің әр аймақтарында, Үкіметте басшылық қызметте болған жылдарында іскер ұйымдастырушылық, талмас табандылықтың үлкен үлгісін көрсеткен адам. Қай жерде, қандай лауазымды қызметте жүрсе де өзіне тән сабырлы мінез, салиқалы ой, сарабдал пікірін ұстана білді. Туған елдің мәртебесі мен мерейі үшін адал да пәрзенттік парызбен қызмет жасаудың тәлімін танытты.

Кешегі Отан соғысының отты жылдарында Бәйкен ағамыз қолына қару алып, қан майданда жауынгерлік ерліктің үлгісін көрсетті.

Туған елге жеңіспен оралып, еңбек майданының алғы шебіне шықты. Ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Сол кездегі Көкшетау облысының Айыртас ауданында алғашқы мемлекеттік қызметін бастады. Сол кездегі ең жоғары атақ – Социалистік Еңбек Ері атағын алып, кеудесіне Алтын жұлдыз қадады. Бәйкен Әшімұлының өмір жолы елге, Отанға адал қызмет етудің шынайы көрінісі болып саналады.

Халқымыздың қыран мінез ақындарының бірі Мұқағали айтқандай: «Біздің мынау қолтаңбамыз басулы, құрметтендер жиырмасыншы ғасырды» деп жазған еді. Ақын айтқандай, Сіздің, Бәке, қолтаңбаңыз жиырмасыншы ғасырға айқын басылған адамсыз.

Сол кезеңдерде, сол шақтарда Сізбен қоян-қолтық қызмет атқарған, жауапкершілік жүгін бірге көтерген жылдарымды мазмұнды да мәнді кезеңдер болды деп әрқашан ризашылықпен еске аламын. Сіз төрағалық еткен Қазақстанның үкіметін маған беріп, Сіздің жылы орныңызға орныққалы бергі барлық табыстарды кейде соған балаймын.

Ел егемендігін алып, ата-бабамыз армандаған азат күндерге қол жеткен кезден бері Сіз әрқашан Отанымыздың абыройы мен беделін көтеру жолындағы адал ниеттес, абзал жүректес жан болдыңыз. Қазақстанның астанасын Арқа төсіне көшіру тұсында осынау бастамаға баянды гұмыр тілеп, өз ой-пікірлеріңізді ашып айта білдіңіз. Халықтық қозғалысқа қолдау жасадыңыз. Жаңа заманның жарқын қозғалысын жан-дүниеніңізбен жатырқамай қабылдап, үнемі адал тілектің үстінде келесіз.

Бұра тартпайтын байсалды мінезіңіз, халыққа деген қамқор қонағандық Сізді әркез парасат биігінен көрсетіп отырды. Сіз көпке үлгі-өнеге болған, тәлім-тәрбие берген ұлағатты ұстазсыз. Сізбен қызметтес болған, алдыңызды көрген, қамқорлығыңызды сезінген жандар үшін Сіздің 90 жасқа толған мерекеніз ерекше қуанышты оқиға деп есептеймін.

Халқымызда: «Қарты бар ел - қазыналы ел» деген дана сөз бар. Біздің қадірлі қарияларымыз өздерінің ақыл-парасатымен, тәлім-тәрбиесімен, тілек-ниетімен әдемі қартаюдың үлгісін көрсететіні ләзім. Сол үлгіні барлық қарттарға Сіз көрсетіп келесіз. Сіз осы құрметті топтың көш басындасыз. Халқымыздың жақсы қасиеттерін бойыңызға жинап, енді соны көпке, кейінгі буынға, жас ұрпаққа тағлым етіп, жеткізіп келесіз.

Ұрпақтар жалғастығын үзбей келе жатқан, ұлтымыздың ұлы қасиеттерін бойларында сақтаған қарияларымызға деген құрмет пен қамқорлық ешқашан толастамауы қажет. Біз Сіздерді мақтан етеміз, қымбатты Бәке!

Сондықтан да 90 жасқа толған күнinizде мен өзімнің Жарлыыммен мемлекетке сіңірген айрықша еңбегіңіз, белсенді қоғамдық қызметіңіз үшін еліміздің ең жоғары нағараласы - «Отан» орденімен марапаттадым. Бұл Сізге деген мемлекетіміздің құрметі мен ілтипаты деп қабылдаңыз.

Халқым деп соққан қадірлі жүрек тұсыңызға бүгін еліміздің ең жоғары «Отан» орденін таға тұрып, Сізге ұзақ тұмыр, зор денсаулық, отбасыңызға баянды бақыт, әулетіңізге амандық тілеймін. Ардақты жеңеміз Бақыт Әсетқызы екеуіңіздің көрер қызықтарыңыз көп, қуаныштарыңыз мол болсын!

Тойларыңыз тойға ұлассын!

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы**

**Б.Ә. ӘШІМОВТІ «Отан» орденімен
наградтау туралы**

Қаулы етемін:

1. Мемлекетке сіңірген айрықша еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі үшін еңбек ардагері Бәйкен Әшімұлы Әшімов «Отан» орденімен наградталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ.

*Астана, Ақорда, 2007 жылғы тамыздың
9-ы. № 375*

Ольгас СУЛЕЙМЕНОВ

ПРОСТО ДЕВЯНОСТО

... В конце августа прошлого года в «депутатском зале» астанинского аэропорта жду рейса на Алматы. Заходит Байкен Ашимович с супругой и сыном. Обнялись. Оказывается, возвращаются с Кокшетауских целебных озер. «День рождения там отметил». Я не стал уточнять, сколько исполнилось. Отметил для себя: все так же прям спиной, в походке тверд, голос не стариковский.

Долетели до Алматы, идем мимо буфета. Байкен Ашимович: «Присядем». Он заказал коньяк. «Ровно через год давай встретимся. На следующем дне рождения». Чокнулись. Я пригубил. Байкен Ашимович показал свою пустую рюмку.

Я все же спросил: «Просте день рождения или юбилей?».

Собеседник пожал плечами: «Не знаю. Просто – девяносто лет».

Я залпом допил свой коньяк.

...С председателем Совета Министров Казахской ССР Байкеном Ашимовичем Ашимовым мы часто встречались с начала 80-х. Как председатель Гескино республики, я принимал участие в заседаниях Совета Министров. Помню, на одном обсуждался вопрос о том, как довести поголовье овец в Казахстане с 35 миллионов голов до 50 миллионов. Предложений было множество. В самом конце обсуждения Байкен Ашимович поднял меня.

– Может быть, у деятелей кино и писателей есть предложения?

– Конечно, есть. Я думаю, мы сможем довести поголовье до искомых пятидесяти миллионов, если сможем выполнить одно условие.

– Какое? – искренне заинтересовался Председатель.

– Если все чабаны станут вегетарианцами. А вместе с ними все председатели колхозов, секретари райкомов и другое начальство!

Заседание наше на том завершилось.

...Я учился у Байкена Ашимовича искусству составления бумаг «наверх». В самом начале моей министерской карьеры потребовалось что-то для нужд киноиндустрии попросить у Совета Министров. Долго сочинял бумагу. Всячески обосновал просьбу, нашел солидные аргументы. Пришел в Совмин. Председатель не стал читать весь семистраничный документ. Заглянул в конец и начертил нужную нам резолюцию. Я почувствовал некоторую авторскую обиду: «Байкен Ашимович! всю ночь сидел над письмом. Какие формулировки выточил! А вы даже не посмотрели». – «Я прочел то, что нужно. Пчела весь цветок ведь не кушает. Только нектару немножко».

С тех пор я старался уложиться максимум в полторы страницы. Без лепестков.

...1982 год. Январь. Ужин, посвященный 70-летию Д.А. Кунаева. В зале Дома приемов на Курмангазы за столами только члены Бюро ЦК и первые секретари обкомов. Я показал фильм, склеенный из множества фрагментов документальной хроники, начиная с 1944 года, когда Кунаев впервые попал в объектив киноаппарата. После аплодисментов пошли поздравительные тосты. Вел вечер Председатель Совета Министров. Возле него на столе стоял хрустальный графин с водкой. Оратор сначала подходил к Байкenu Ашимовичу, выпивал хрустальный двухсотграммовый стакан «Посольской» и, не закусывая, шел к микрофону у торца стола президиума. Говорили раскованно. Сначала – бокал, потом – вокал! Таким образом еще со времен Петра Первого проверялось здоровье губернаторов и военачальников. Сможет ли выдержать человек секретарские нагрузки – вставать раньше всех в области и ложиться последним?

В тот вечер тамада не предложил бокал лишь одному джамбулскому секретарю. Все знали: он болел и готовился к пенсии. Были разговоры и о болезнях Ливенцова (Южный Казахстан). Ему тамада налил полфужера. «Байкен Ашимович! – взмолился Ливенцов. – Недолив!». Тамада, покачав го-

ловой, дополнил. Ливенцов мгновенно осушил бокал. Произнес замечательную здравицу в честь именинника. Пошел за свой стол, но вдруг остановился и обратился к тамаде: «Байкен Ашимович! Забыл самое главное сказать. Позвольте еще раз к микрофону!».

— Правила знаешь?

— Знаю, согласен!

Тамада наполнил еще один фужер. Ливенцов уже стоял рядом. Осушил. Сказал свое «самое главное», победителем возвратился на место. И секретарил еще долго-долго, не только в Шымкенте.

Даже мне пришлось пройти через этот пелегкий обряд, хотя я секретарить не собирался и мне «железное здоровье» вроде было ни к чему.

Сам тамада Ашимов за здравных речей тогда не произносил, и мне не удалось увидеть, в каких он отношениях с фужером. Признаюсь, за все годы знакомства и дружбы на расстоянии с этим удивительным человеком я ни разу не видел его хотя бы «навеселе» или «на взводе». Всегда ровный тон в разговоре, спокойный, улыбочивый взгляд, крепкое рукопожатие. Таким он был в 60 лет, и в 70, и теперь в свои заслуженные Девяносто!

Оставайтесь таким и дальше, Байкен Ашимович!

Здесь, вдалеке, я поднимаю за вас и милую добрую Женей хрустальный бокал, наполненный до верху, — догадайтесь, чем? Көң жасаңыз!

Ваш Олжас, г. Париж, 19 сентября

Уахит ШӘЛЕКЕНОВ,

тарих ғылымының докторы,

профессор

ЕЛДІҢ АТЫН ЕР ШЫҒАРАДЫ

Бәйкен Әшмұлы Әшмұмов белгілі қоғам қайраткері, қазақ зиялыларының бірі. Бәйкен Әшмұлының ұзақ жылдар бойы атқарған еңбегі кейінгі ұрпақтарға үлгі боларлық.

Есін біліп, ержеткен шақтан бастап белсенді еңбекке қатысқан азамат. Оның өмірінің басым көпшілігі Кеңес өкіметінің тұсына тура келді. Осы жылдарда елімізде болып жатқан тарихи оқиғаларды басынан өткерген, оның қиыншылығын да көп көрген, тамаша өмір тәжірибесін мейлінше жинақтаған азамат.

1938–1945 жылдарда Совет Армиясы қатарында борышын атқарып, Ұлы Отан соғысының басынан соңына дейін қатысқан қанды майдан ардагері. Ол ел басына «күн туып, етігімен қан кешкен» заманда ерлік көрсеткен. Көптеген ордендер мен медальдар сол ерліктің айғағы. Ұлы Отан соғысы жылдарында атқарған батырлық еңбектері Бәйкен Әшімұлының өз өмірі туралы кітабында егжей-тегжейлі баяндалған. Бұл ерен еңбек кейінгі ұрпақтарға патриоттық тәрбиенің үлкен онегесі болады.

Жас кезінен еңбекте шыныққан, әсіресе ұзақ жылдар бойы қан майданға қатысқан Бәйкен Әшімұлы 1945 жылы елге жеңіспен оралып, бейбіт өмірді қалпына келтіруге қызу араласып, бұрынғы білімін жетілдірді. Ұлы Отан соғысы жылдарында күйзеліске ұшыраған, қираған өндіріс орындарын, ауыл шаруашылығын, халық тұрмысын қалпына келтіруге, мәдениетті көтеруге білек сыбанып кірісті. Бәйкен Әшімұлы аудандар, облыстар және жалпы республика көлемінде басшылық жұмыстарға белсенді, білгірлікпен қатысып, үлкен атакқа, абыройға ие болды. Бәкеңді жақсы білетін азаматтардан оның адамгершілігі, өзін әрдайым бірқалыпта ұстайтыны, халық тұрмысын, салт, әдет-ғұрпын жетік білетіндігі туралы айтқандарын талай естіген едім.

Осындай жақсы қасиеттерімен ол замандастарының, қазақ халқының жүрегінің төрінен орын алған, халқының аяулы азаматы атанған. Осы жемісті еңбегі жоғары бағаланып Бәйкен Әшімұлы Әшімов 1977 жылы Социалистік Еңбек Ері құрметті атағымен марапатталды. Бұл құрметті атак Бәкеңнің қажырлы, жемісті еңбегі үшін халқының оған көрсеткен құрметі болатын.

«Жасыңда бейнет берсін, қарғайғанда зейнет берсін» деген қазақтың қанағаты сөзі бар. Бәйкен Әшімұлы өзінің ұзақ өмірінде қажырлы еңбек еткені туралы қысқаша шолу жасадық. Ал оның жеке отбасылық өмірінің де онегелі болған-

дығын айта аламыз. Бәкең еоғыстан аман-есен оралып, еліне қайтып, Бақыт Әсетқызына үйленіп, 60 жылдан астам бірге баянды өмір сүрген. Құдаидың бұйрығымен дәм бұйырып қосылған бәйбішесі Бәйкен Әшімұлының халық игілігі үшін жемісті еңбек етуіне, халқының арасында абыройлы болуына қамқорлық жасап, ұрпақтарын өсірген. Бір-біріне деген ерекше қамқорлық арқасында онегелі отбасын, бақытты тұрмыс құрған.

Ең жоғары ел басқару қызметтерінде жүрсе де Бәйкен Әшімұлы өзін қарапайым халықпен қатар ұстап, ұрпақтарын ата-бабаларының салтына сай етіп тәрбиеледі. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, оларға білім берген. Балаларының алды ғалым, ұстаздық дәрежеге жеткендеріне куә болып, қуанышка бөленді. Бәйкен Әшімұлының ұлы Оңдасын Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі, профессор, М.К. Қошбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры.

Бәйкен Әшімұлы мен Бақыт Әсетқызы балаларынан, немере-шөберелерінен рахат көрген, бақытты, үлгілі отбасы, халқының құрметіне бөленген азаматтар. Екеуі де құрметті демалысқа шығып, зейнет жасын әдемі, үлкен сыйластықпен өткергенін өз көзіммен көрген куәгерлердің бірі болдым. Бұрын бұл азаматтарды жалпы білуші едім, кейінгі 30 жылдай уақытта құдаңдалы болып, той-думандарда жиі-жиі кездесіп жүрдік. Көптеген салтанатты жағдайларда жасы үлкен, құрметті Бәйкен дастарқанның төрінде, мен оның жанында отыратынмын. Әр уақытта, Бәкен мен Бақыт Әсетқызының ұстанымдарына, сөйлеген сөздеріне, байсалдылықтарына көңіл аударып отырушы едім. Сонда олардың бойында қазақ халқының салмақтылық, кемеңгерлік, қарапайымдылық қасиеттері байқалып тұратын. Екеуінің де адамдарға ынтасы, тілекшілігі мол болатын. Сөзін қарап, «ұлық болсаң, кішік бол» деген халық нақылы жиі еске түсетін. Осындай жақсы қасиеттері нәтижесінде олар халық арасында сыйлы бола білді. Олар зейнеттен өмірдің өзінде де жан-жағына, ортасына қарапайымдылықтың үлгі-өнегесі бола алды, бақытты өмір сүрді. Ел басқарудың жоғары сатыларында қызмет атқарған азаматтардың кейбіреулерінің қолынан осындай үл-

гілі қарттық тіршілік кешу келе бермейді. Сондықтан, қариялылық омірді өткеру үлгісін көрсете білген Бәйкен Әшімұлы мен Бақыт Әсетқызы кейінгі ұрпақтарға онеге болатын азаматтар.

Бәйкен Әшімұлы Әшімов Қазақстанның алға орлеуіне сүбелі үлес қосқан қоғам қайраткері және сүйікті Отанының атын әлемге паш еткен халық зиялыларының бірі.

ИСТОРИЯ ЛЮБВИ

Стихи написанные внуком Азамат к 60-летие совместной жизни Ата и Аже в 2006 году

Все краски жизни на одном портрете,
Два человека – и одна судьба.
И самая красивая на свете
История любви Аже-Ата.

Он молод был, был полон сил, желаний,
Кипела жизнь в нем как морской прибой.
Она – прекраснейшая из Земных созданий.
Их встреча предначертана судьбой!

О, как прекрасно этот трепет ощущать
И взглядом солнце провожать за горизонт,
Всегда быть вместе, чувствовать, любить, мечтать...
Но началась война. Ата ушел на фронт.

Пять лет испытаний и кровопролитий,
Загублены жизни, разбиты сердца,
Но наша Аже, словно ангел-хранитель,
Любовью своею спасала Ата.

Пусть время пройдет и развеется грусть,
Останется в далеком прошлом война!
Два любящих сердца, великий союз!
И вновь они вместе... И снова весна...

И жизнь продолжалась, текла как река,
Порой приходилось плыть против течения.
Всегда были рядом Аже и Ата,
Как небо могучее с солнцем весенним.

Счастливая жизнь, высокий полет,
Немало побед было, дел, достижений.
И в этот волшебный бриллиантовый год
Примите от внуков своих поздравленья!

Пусть будет уважение народа
Наградой Вам за Ваш безмерный вклад
В развитие страны нашей свободной,
И Ваши внуки Вам сегодня говорят:

Ата, ты самый лучший человек на свете!
Мы за тобою как за каменной стеной!
Спасибо, что Ажешу нашу встретил!
Аже, ты – Ангел наш, и мы живем тобой!

За воспитанье, ласку, нежность мы хотим
Признательность Вам выразить свою,
Дополнит поздравление Сейлин:
«Ата, Аже, я очень Вас люблю!»

АЗАМАТТЫҢ ТІЛЕУІН ТІЛЕЙІК, АҒАЙЫН!

Адам жер басып жүргенде дәйім сынақта болады. Қарттықтың өзі де тек құрмет көрер жас емес. Оның да өзіңдік сынағы бар. Қарттықтың басты сынағы – әдемі қартаю. Бәйкен Әшімов – әдемі қартаюдың әдемі үлгісі бүкіл халқымызға көрсетіп келе жатқан адам. Ол кісі зейнет демалысына шыққалы да ширек ғасырдың жүзі болып қалды. Осы жылдар ішінде Бәйкен Әшімұлы Қазақстан Үкіметін басқарған, Қазақстан Парламентін басқарған жылдарындағыдан кем құрмет көрмей келе жатыр. Токсанап асқан жасында тұғырынан таймай, Алаштың абызы атапшып отыр. Бұл – бөлекше бақыт. Баянды бақыт.

«Ұрпақтар жалғастығын үзбей келе жатқан, ұлтымыздың ұлы қасиеттерін бойларында сақтаған қарияларымызға деген құрмет пен қамқорлық ешқашан толастамауы қажет» – Елбасымыздың осы сөзін еске ұстап, біз таяуда Бәйкен ағаның алдына қайта бардық. Бұл жолғы сұхбатымыз «Окжетпес» шипажайында өтті.

– *Өткен жылы Алматыда, Сіздің шаңырақта болып, сұхбат құрғанымызда әңгіменің бір шеті адамдар арасындағы қарым қатынастың қызғаныш, көре алмаушылық сияқты келеңсіз көріністеріне шығып кетті де, «Соғыстан кейінгі жылдарда үстімнен дамалақ арыз түскені бар, менің ата-бабам бай болған, соны партияға өтерде жасырып қалған деп көрсетті. Содан ауданық партия конференциясында мен басшылық жұмысқа ұсынбай қойды», дедіңіз. Мен: «Жел тұрмаса шоп басы қимылдамайды ғой...» деп едім, Сіз күліп жібердіңіз. Өзіңіз таратып айтып жатпаған соң ол әңгімені жалғастыра қоймадым. Енді сол әңгімеге қайта оралайықшы. Шыққан ортаңыз, тараған тегіңіз жөнінде айтсаңыз.*

– Мен өзім арғы бабаларын айтып мақтанатындарды кейде қолдаймын, кейде қолдамаймын. Өрине, ата-баба аруағы біздің бәрімізді желеп-жебеп жүретіні рас. Шоптің де шыққан жерге шығатыны рас. Кім-кімнің де тегіне тарта-

тыны да рас. Бұл жағынан аталар атағын айтып, мақтаныш тұғуды қолдауға болады. Екіпші жағынан, «Бүгін мақтаныны жоқтар кешегісімен мақтанады» деген сөзді де ұмытпаған жөн. Осы сөзді Президентіміз бір сұхбатында келтірген. Бабалардың мықтылығына сенін еңбегін сіңбейді. Сенін еңбегің өзіңнің істеген ісіңнен, балаларыңа берген тәрбиесіңнен, солардың атқарған жұмысынан көрінеді. Бұл айтқаным жалпы елдік мақтанышқа да қатысты. Біз бәрінен бұрын бүгінгі биігімізбен мақтанатындай ұлтқа айналуды алдымен ойлауымыз керек.

Ал енді жаңағы айтқаныңа келсек, менің аталарым байлар қатарына қосылмайды деп ойлаймын. Кедей де емес едік. Онім ес білгенде біздің үйде 2-3 жылқы, 3-4 сиыр, 50 шақты қой болатын. Ол кезде бұл мал байлыққа жатпайтын. Әрі барса орташа дәулетті дегенге жақындайтын шығар. Бірақ біздің үйі, қалай болғанын қайдам, отызыншы жылдардың алдында «подлежит раскулачиванию» деген тізімге кіріп кетіпті. Елден береке қашып, пейіл тарыла бастаған кезде жаңағы малдың өзі көп көрінетін болған ба, қайдан білесің. Ол кездегі тізім қандай, бір кірген адам оңайлықпен шығарылмайтын. Бай да бай, орташа да бай. Біз өзі қызық қоғамнан келдік қой, қазір ойлап қарасаң, кеденші деп мақтанудың өзі адам аяйтындай нәрсе ғой.

– Бәйкен аға, өзіңіздің өскен өңіріңіз – Кокшениң баурайында, Бурабайдың жағасында әңгімелесті отырмыз. Сіз туған Айыртау жері де осы арадан оңша атыс емес. Балалық, жастық күндеріңізді еске алсаңыз, алдымен ойыңызға не оралады?

Өмірім үлкен өкінішпен басталыпты. Мен алты айға да толмай тұрғанда әкем Әзім аяқ астынан қағты ауырыпты да, кенеттен қайтыс болыпты. Бесікте қалыпшы. Кейін ағайындарымыз менің анамды әмеңгерлік жолымен әкемнің туған інісіне қосыпты. Қабдәлла ағам өзім көрмей де қалған деуге келетіндей әкемнің орнына әке болды. Ол кісіні мен атағай деуші едім. Атағайым маған еш уақытта да әкемді жоқтатып көрген емес. Өмірімде қамқоршым да, ақылшым да болды. Тек ер жеткенімді, ағ жалын тартып мінгенімді әкем көре алмай кеггі-ау дегенді ойласам әлі күнге, мына тоқсаннан асқан жасымда да іш-бауырым езіліп кетеді. Анам айтып оты-

ратын. Әкем өлім халінде жатқанда басында жылап отырған анама: «Жылама, неге жылайсың, сенде анау бар ғой, анау» деп жоректе жатқан мені көрсетеді екен. Әйтеуір, мына өмірде бір ізіміз қалып бара жатыр ғой дегені шығар. Содан мен ссейе келе мына өмірде әке арманын жүзеге асыруды ең бірінші перзенттік парызым деумен өстім. Осы парызды сезіну маған дәйім демеу болып отырды. Қандай қиыншылықта да қайратыма қайрат қосып отырды.

– *Қиыншылықты көп көрдіңіз ғой?*

– Көп көрдім, шырағым. Бірақ, елмен бірге көрдім. Мен туған кездің өзінде елдің жағдайы нашарлап қалған еді. Мынау Көкшени, анау жатқан жалпақ Арканын бар шұрайлы жері Ресейден келген переселендерге кесіп берілген, біздің ата-бабаларымыз қоныс еткен жайлау, қыстаулар шет-шетке ысырылған кез екен. Малдың басының азайғаны да сондықтан. Кейіннен халық ол күнге де зар болып қалды ғой. Отызыншы жылдарға жақындағанда ұжымдастыру деген шықты. Ол кезде мен ауыл мектебінен сабақ оқып, кара танып, ежіктеп кітап оқитын күйге келгенмін. Сол жылдарда Қабдолла ағағайым мен шешемнің (мен апам дейтінмін) қолындағы онысыз да азайып қалған мал бір күнде тартып алынып, ұжымға салынды. Жұрттың бәрінің малын сойтты. Оның үстіне, не үшін керек болғанын қайдам, біздің ауылды алыста жатқан Рузасев ауданына қосып жіберіпті. Жай ғана қосын қоя салмады, біздің Шабақбай ауылын көтере көшіріп, Ақмолда ауылына апарып қоныстандырды. Алыстан мұнарғып Айыртау көрініп тұрушы еді, енді ол да көзден бұл-бұл ұшты. Ең жаманы, ортаға жиналған мал иесіз қалып, қырыла бастады. Нағыз азан енді басталды. Елге аштық келді.

Мен өзім өмір бойы қатарында жүрген, көп жақсылығын көрген коммунистер партиясының көлеңкелі жақтарын көп қазбалай беруді онша ұнатпаймын. Көленкенің іздесе, қай қоғамнан да табылады. Қазіргінің бәрі де бірдей жетісіп тұрған жоқ. Жаңа заман келіп, жана қоғам құрып жатқандағы артық кеткен, кем түскен нәрселердің көбін түсінуге де болады, талайын кешіруге де болады. Дегенмен, кешіруге болмайтын бір нәрсе бар, ол – осы отызыншы жылдардағы ашаршылық. Қолдан жасалған ашаршылық. Қолдан жасалған дегенде мен оны кейбір тарихшылар, журналистер жазып жүргендей «ге-

ноцид» деп атай қоймаймын. Геноцид – халықты әдеіі кыру. Ондай жағдайлар да тарихта болған. Украиндар қазір «голодомор» дегенді айтып жатыр ғой. Оған төрелік етіп кайтейін. Ал біздің жағдайда большевиктер казак халқын жер бетінен түп-түгел құртуды алдына мақсат етіп қойды деудің жөні жоқ. Бірақ, қалың казактың солардың орашолақтығынан, жалпақ белсенділігінен, жұмысты ұйымдастыра алмайтын оспандарлығынан кырылғаны рас. Кешіруге болмайды дейтінім де сол.

– *Сонан аштық басталды.*

«Пәленше аштықтан ісіп кетіпті», «Пәленше бүрлініп өліпті» деген сөздерді естіп жатамыз. Кішкене қоны бар біздің үйге де аштықтың хабары ақыры келді. Қабдолла ағатайым бір күні мені шақырып алды да: «Қарағым, біз құдайдың салғанын көрерміз. Ең болмаса сен өлмес камыңды ойла. Бірдеңе етіп, қалаға жеті», деді. Шешем дауыс кылып жылап, мені бір Аялаға тапсырып жатыр. Жас тілек менің амандығымды тілеп ата-анам қала берді. Сойтіп, он бес жасымда, 1932 жылдың жазында туған габалдырықтан аттап, қалаға кеткенмін, айналайын. Айыртаудағы біздің ауылдан мына Көкшетауға дейін 150 шақырым, сол екі араға жаяулап галай күн жүріп жеттім. Аштықтан солай қаштым. Сондағы ата-анамның айтқан ақылына өмірбақи қарыздармын. Кім біледі, олай етпегенде тағдырымның қалай қалыптасарын.

Шіркін, біздің казактың туыскандық, ағайындық деген қасиеттері бөлек қой. Мені де сол туыскандық, сол ағайындық аман алып қалды. Кокшетауда балалар үйінің директоры Есбай Сүлейменов деген кісі біздің аталас ағайынымыз екен. Мен сол кісінің үйіне келдім. Ол жақтан тағы бір туысканымды сағалап, Қызылжарға жеттім. Біздің елдің Әбулхайе Жұмабаев деген жігіті сонда техникумда мұғалім деп естігем. Абырой болғанда, сұрастырып жүріп тауып алдым. Елдегі жағдайды, аштықты айттым. Бәрін өзі де біліп отыр. «Ал, шырағым, ойың не?», деді. «Ойым – оқу». «Дұрыс, осында оқысан күніңді көресің», деп жатыр ол кісі. «Күнкіріс қана емес, білім де керек қой», деп қалдым. Бұл сөзім ол кісіге ұнап кетті. Петропавл стансасының жанында теміржол ФЗУ-ы бар екен. Соның директорына алып барды. Ең өзгердей орыс. Фамилиясы әлі есімде – Веретенников. Ол

кісі бірден қабылдады. Күніне сегіз жүз грамм нан, бір мезгіл ыстық тамақ береді. Аштықтан бұрағыла жаздап келген маған бұл училище кәдімгі жұмактай болып көрінді. Жалғыз ғана қинайтыны – орысша білмейтінім. Нашар білетінім емес, атымен білмеймін.

– *Қалай үйрендіңіз?*

– Жағдай үйретті. «Қазақ жұмақтың есігінен карағанша, төрінен шығады» деген сөз бар емес пе, оның үстіне өзімнің де етімің тірлігінен болар, орыс балаларымен араласып, жағаласып жүріп, алғашқы жарты жылдың өзінде-ақ ептеп орысша тіл сындырып алдым. Бірге-бірге оқуға, жазуға жетіле бастадым.

– *Ауылдағы ата-анаңыздың жайы қалай болды?*

– Олардан көпке дейін хабар ала алмай жүрдім. Келесі жылдың көктемінде барып бір хабар жетті. Ата-анам пойызбен Петропавл стансасына келіп түседі екен. «Вербовка» арқылы сол жаққа жұмысқа келетін болыпты. Не арқылы келсе де, қандай жұмысқа келсе де әйтеуір тірі екендеріне қуандым. Ақыры ата-анам пойызбен келді. Сондағы станса басында кешкен көңіл күнімді еш сөзбен жеткізе алмаспын. Тек қу сүйектері қалған. Әйтеуір, тірі. Кейін бір сәті түскенде Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы «Возвышенский» деген кеңшарға «вербовкамен» келген ата-анамның жұмыс істеп жатқан жеріне бардым. Аштықтың тажалынан жан сауғалан келген адамдар қандай азапқа да көнеді екен. Тек тірі қалдыратын тамақ табылса болды. Содан ата-анам «вербовка» бойынша үш жыл жұмыс істеп, 1936 жылы елге қайтып оралды. Енді соның бәрін айта берін кәйтейін, әйтеуір, қазіргілер қандай-қандай жағдайларды бастан кешкенімізді білсін, бүгінгі күннің қадіріне жетсін дегенім ғой.

Қызылжардағы оқудан паровоз жөндейтін слесарь деген мамандық алып шықсам да, мен темір жолда жұмыс істегенім жоқ. Оқуға деген ынта мені енді ауылшаруашылық техникумына жетелеп алып кетті. Сонда екі жыл оқыдым. Үшінші оқу жылы бастала бергенде, аудандық комсомол комитеті шақырып, саяси оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне қойды. Юрченко деген бірінші хатшы бар еді, «Оқуым қалай болады?» десем, «Оқуыңды жалғастыра бересің», дейді. Бұл не қылған кеңшілік? Сөйтсем, 37-38-дің жаппай жазалауынан

кейін үстел басына отырып, жөндемді қағаз жазатын адам да қалмаған-ау деймін. Комсомолдағы жұмыс мені бірден ширатып жіберді. Жастарды ұжымдық шаруашылықтардағы жұмысқа да тарту үшін екі күннің бірінде ауыл-селоларды аралап жатамыз. Көлік дегеннен бүкіл райкомда тек бірінші хатшы мінетін жалғыз ат бар. Қалғанымыз велосипедке мініп алып, тартып кетеміз. Сонда жүріп ел алдында сөйлеуге де жағтыға бастадым. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылдым.

— Әскер демекші, қазіргі жастардың әскер қатарына баруы, жатты армиямыздың жағдайы туралы не айтар едіңіз?

— Мен ондағы жағдайды біле қоймаймын. Өзім білетін, өзімді алаңдататын бір жағдайды ғана айтайын. Әрине, мына нарық деген бар салаға әсер етеді. Әскерге де әсер етеді. Оны түсінемін. Сонда да өз басым әйтеуір қаржы үнемдеу мақсатымен әскерге шақырылған жастардың азаматтық міндетін өздерінің облысынан көп ұзамай атқаратынын қолдан қоймаймын. Бұрын әскерге кеткен балалардың алды сонау Германиядан бір-ақ шығатын, басқалары бүкіл Кеңес Одағының түкпір-түкпірін шарлап кететін, ел көретін, жер көретін, неше түрлі халықпен араласын, ысылагын. Қазір де дәл солай болмағанмен, жастарды бүкіл Қазақстанның қиыр-қиырып көретіндей студия мүмкіндігі бар сияқты. Оралдың жігіті Отарда, Созақтың жігіті сонау солтүстікте міндетін өтеп, бар оңірдің балалары бір-бірімен араласып жатуы керек.

Бұл айтқаныңыз жоғары оқу орындарына да қатысты сияқты.

— Оларға да қатыстырып айтуға болады. Қазір облыс орталықтарында университеттер тым көбейіп кетті ме деймін. Бүгінде мектеп бітірген бала ауылынан, ауданынан шығады да, облысының орталығында оқып, ауылына, ауданына қайтып оралады. Ойтпеске жағдайы да жоқ. Жол қаражатының өзі-ақ қалтасын ойып жібереді. Бұрын қандай еді? Мектеп мұғалімдерін даярлайтын институттардан басқаларының көбі Алматыда болатын. Жастардың көбі сонда оқып, жолдамамен жан-жаққа жіберілетін. Зайсанның жігіті Ақтөбедеп шығып, сол жақта орнығып, үйіп-баранды болып жататын. Қызылорданың қызы Павлодарға барып, сол жақта тұрмысқа шығып жататын. Немесе студент кездерінде-ақ

үйленіп, Шымкенттің қызы Кокшетауға, Жамбылдың қызы Қызылжарға келіп болып түсетін. Содан қалың қазақ бауырласып, туыстасын тұратын. Әрине, қазір де ондай жағдайлар аз болмас. Өмір ғой. Бірақ, дәл бұрынғыдай емес сияқты. Астанада, Алматыда ірі-ірі оқу орындары көбейтілуі керек сияқты кайта. Президент Астанада жаңа үлгідегі университет салдыртқанда, Елордадағы оқу орындарын күшейткенде осыны да ойлаған шығар.

Қазақтың бар баласы қазақтың бар даласында жүр-сін десек, кадрлар ротациясын да қайта қалпына келтірмей болмайды-ау, тегі. Мен кезінде Орталық Комитетте жұмыс істедім, сектор меңгерушісі де болдым. Сонда орталық аппаратта обкомдардан шақырылған нұсқаушылар жұмысқа қабылданып, біраз уақыттан кейін басқа облыстарға жоғарылатылып, олардың орнына басқа адамдар шақырылып, бір өңірдің жігіттері өзге өңірлерге жігіт, кірігіп жататын. Қазір де ол тәжірибе бар, бірақ жаңа сіз айтқандай бұрынғыдай емес. Бұрынғыдай болмайтыны — әр адамды жұмысқа шақыру үшін оған жағдай жасауға, ең бастысы пәтер беруге тура келеді. Осындай ахуал облыстарда да қатыптасып отыр. Оларда да жер-жерде көзге түскен кадрларды облыс әкімшілікте шақыру мүмкіндігі шектеулі. Аудандарды айтпай-ақ қояйық.

— Бұл да нарықтың бір әсері. Мұны қызметтік пәтерлер арқылы шешуге болар ма екен? Жұмысы ауысқан басшы қызметкер пәтерін тапсырып, барған жерінде қызметтік пәтер беріліп, оның қызметтік пәтері орнына келген адамға ауысып жатса, шығын да аз болуы мүмкін. Әйтеуір, осындай проблема бары рас. Мұның бір жаман жері — аудандардағы, облыстардағы кадрлардың өзін-өзі танытуға ынтасының азаятындығы. Жақсы жұмыспен көзге түссен облыс орталығына, одан асып астанаға жұмысқа шақырылу перспективасының өзі жас адамды камшылап тұрады ғой.

Ал енді әңгілеміз кадр дайындау жағына ойысып қалған екен, онда мынандай ойымды да ортаға салайын. Бұл менсіз де айтылып жүрген жай, сонда да арғықтық етпес. Қазір адамдардың жоғарылауы да, төмендеуі де тез болып бара жатыр. Аяқ астынан аудан әкімі бола қалады, аяқ астынан қызметтен түсе салады. Бұрын кеңірек басқармаған адамның аудан-

дық атқару комитетін басқаруы, ауатком торағасы болып қор-
меген адамның аунарткомның бірінші хатшысы бола салуы,
аудан басқармаған адамның обком хатшысы бола қалуы де-
гендер сирек кездесетін. Оның өзі де адамның белестерден
өтіп, сынақтардан өтіп, тәжірибе жинауына, шыңдалуына
әсер ететін. Жалпы, тәжірибенің аты – тәжірибе. Басшы аза-
маттардың белгілі бір уақыт аралығында әбден ысылатын-
дай мүмкіндігі болғаны жөн. Тым сүйегі қатайып кеткен
адамдарды жоғарылағу жақсы еместігі анық, сонымен қатар
тым жастардың да бірден биіктей қалуы өзін дәйім ақтай бер-
меуі мүмкін. «Золотая середина» дұрыс қой. Жақсы жастан
да шығады, жасамыстан да шығады. Жамандықтың да жасқа
қарамайтыны бар. Ана бір жылдары әкімдердің өз команда-
сымен жұмыс істеуі деген желеумен әкім ауысса болды, бұ-
рынғы әкімнің маңындағылар шетінен қызметтен босайтын
әдет шығып еді. Президент оны тоқтатып, дұрыс жасады.

*– Бәйкен аға, енді өмір жолыңыз жайындағы әңгімеге
оралсақ. Содан сіз әскер қатарына шақырылдыңыз.*

Отыз сегіздің күзінде сонау Украинаның Чернигов об-
лысынан бір-ақ шықтым. Бұл бір қиын кез еді. Гитлер Кеңес
Одағымен жапсарлас жатқан елдердің қай-қайсымен де жан-
жал бастағалы жүрген еді. СССР Польшамен келісім жасап,
Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны Кеңестік Украина
мен Кеңестік Белоруссияға қосып алуға шешім қабылдаған
болатын. Біз сол жорыққа қатыстық. Жорық деген аты бол-
маса, ешқандай соғыс қимылдары орын алған жоқ. Екі жақ-
тың халқы да өз қандастарына ризашылықпен қосылды. Мұ-
ны мен сол оқиғалардың куәгері ретінде айта аламын. Бан-
дерашылар кейін, 43-ші жылдан бастап бас көтерді. Фин май-
данында да соғысқа араласқан жоқпыз. Біз Архангельскіге
жетіп, сонда үш ай кідірген әдік, сол екі арала екі жақ кел-
ісімге келіп, шұғыл басталған түсініксіз соғыс шұғыл аяқта-
ла қалды. 41-ші жылдың жазында запасқа шығып, елге орал-
дым. Маусымның 18-інде үйге келдім.

– Соғыстың басталуына 4 күн қалғанда ма?

4 күн қалғанда. Бұған орынды назар аударып отырсың.
1939 жылғы жазда Кеңес Одағы мен Германия өзара шабуыл
жасаспау туралы шартқа («Риббентроп-Молотов пактіне») қол
қойды ғой. Сталиннің бұл қадамын, яғни 41-ші жылдың

жазында әскер қатарындағыларды үйі-үйлеріне қайтаруып оның енді Гитлер бізге шабуыл жасамайды деп сенгенінің белгісі деп қарауға бола ма? Мәңгіше, олай емес. Сталин соғыстың түбі бір болмай қоймайтынын білді. Бірақ, әскери қызмет мерзімі біткендерді запасқа шығармаса, Гитлер тарапынан сенімсіздік туатынын ескеріп, осындай шешім қабылдады ғой деймін. Қалай болғанда да соғыс басталмай жатып елге оралып үлгергенімнің бір пайдасын көрдім. Айыртау ауданындағы Қазғородок орта мектебінде әскери әзірліктен сабақ бере жүріп, сонда орыс тілі мен әдебиетін оқытатын Ғабдұлхай Рамазанов деген кісімен жақын танысып, сыйлашып, ақыры туысып кеттік. Бұл бір білімді, парасатты, мәдениетті кісі еді. Ол кісінің Әсет деген туған ағасының Бакыт есімді қызы бар екен. Мектепті үздік бітірген, көркем де, ақылымен де ауыл-аймаққа жақсы аты шыға бастаған бола жеткен менің жүрегімнің отын тұтатып жіберді.

— *Сіз ата-ананың алдынан отуға барғанда Әсет атамыз: «Мына Бәйкен кісі таниды екен» депті ғой. Сонда ол кісі Сізді мақтап отыр ма, қызын мақтап отыр ма?*

— Екі жақты да мақтап отыр ғой. Ол кезде үлкен кісілер солай, саралап сойлейтін еді ғой. Бірақ бұл кейін айтылған әңгіме. 1946 жылы тамыз айында. Біз Бакыт Әсетқызы екеуміз мен майданға ағтанғанға дейін бір-бірімізді ұнатып, сөз байластық та, соғыс бітіп, ел тынышталғанда тұрмыс құрдық. Міне, енді бірнеше күннен кейін оған да алпыс үш жылдың жүзі болады екен. Сол жылы туған баланың өзі пайғамбар жасына жетер еді. Осы жылдар ишінде мен «Бакытым менің — бакытым менің» деген сөзді айтудан таңбап келемін. Айналамды бүтіндеп, жұмысыма да, тұрмысыма да бар жағдайды жасаған, жанымға нұрын төгіп, баянды бакытқа бастаған Бакыт Әсетқызын менің мына өмірдегі ең бағаты, қасиетті қазынам деп білемін. Оның маған жас күнімнен көрсеткен ерекше сенімі, басымды биіктетіп көрсеткен құрметі мені дәйім қанағтандырып, бәсімді арттырып, бағымды жандырып отырды. Ер азамат үшін бұдан артық бакыт жоқ. Алматыдағы үйде болғанында, осы шипажайда сойлескеніңде өзің де көріп жүрсің ғой, Бакыт Әсетқызы көп оқитын, көп тоқитын адам, ол әлем әдебиетін, казак әдебиетін өте жетік біледі, ұлтымыздың тарихына қатысты материалдарды түгел қарап оты-

рады, содан да айтағын әңгімесі әсерлі, өнегелі болады. Әрине, парасаттылық әр адамға керек десек те, ол қасиет бәрінен бұрын әйелге керек. Парасаттылық – білімділіктен де, біліктіліктен де қымбат қасиет. Қара танымайтын адам да парасатты бола алады. Азаматым деп ардақтаса, күйеуінің көңілін көтеріп, жігерін жанып, өзіне өзінің сенімін арттырып отырса, тақа бір мақау туған адам болмаса, қандай еркекке де қанат бітпей, қайрат қосылмай қоймайды. Әйелге парасат, әсіресе, бала тәрбиесінде керек. Құдайға шүкір, Бакыт апаларың үш баламызға тзмаша тәрбие берді. Үлкен қызымыз Нәйләуфәр да, ұлымыз Оңдасын да, кіші қызымыз Рауза да ғылым жолын қуды. Бәрі де абыройлы. Әйелге онан кейінгі керекті – келісімділік. «Қонаққа асыңды берме, қасыңды бер» деген сөз менің Бакытымның ұдайы ұстанатын қағидасы. Соғыстан кейінгі жылдарда, 10-15 жылдай біз де тұрмыс тапшылығын көрдік, сол кезде де, атқа мініп, ел басқаруға араласып, жағдайымыз жөнделген кезде де Бакыт Әсетқызының қонаққа ықыласы бір өзгерген емес. Біздің қазақ бәрін байқайды. «Асқанына емес, сасқанына ризамын» дегенді де қазақ дастарқан несінің қоңырына қарап айтқан. Әйелі қонақжай еркектің ырысы артық болады. Қонақпен бірге күт қосыла келеді. Мұны мына дағдарыс кезінде әдейі қадап айтып отырмын. Оқыған жастар ойлансын деп. Пейіл бергенге бейіл берілмей қоймайды. Қонақжайлылық – қазақтың ұлы қасиеті. Нарық, нарық деп жүріп нарықтан айырылып қалмауды, араластықтың, сыйластықтың қызығынан айырылып қалмауды қағаты күнтілеуіміз керек. Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, дағдарыстар келеді, кетеді, ұлттық ұлы мұраттар қалады. Бакыт Әсетқызының соғыс жылдарында маған жолдаған хағтары жорық жолдарында дәйім жүрегімді жылытып жүрді. Константин Симоновтың «Ожиданием своим ты спасла меня» деп аяқталатын атақты «Жди меня» деген өлеңі бар ғой. Сол сияқты, Бакыт апаларыңды мені төрт жылғы қанды қырғыннан аман алып шыққан ақ қанат періште деп білемін. Соғыс кезіндегі бастан кешкендерімді айта беріп қайтейін. Әйтеуір, қазақ солдаты деген атқа дақ түсірмей, жанымызды да, қанымызды да аямай соғыстық. Сталиннің атынан екі рет алғыс алдым. Қызыл Жұлдыз, I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгерлік ер-

лігі үшін» медалімен, Польшаның «Вертути миллитари» орденімен наградталдым. Соғыста бірге болған көптеген майдандастарыммен талай жылдар бойы араласып-құраласып, хат жазысып тұрдық. Олардың майдандастарға деген көңілі жан жүрегімді елжірететін. 1966 жылы үлкен қызымыз Нейлюфар мектеп оқушыларының тобында Ленинградқа барған еді. Сонда менімен 76-дивизияның саяси бөлімінде қызметтес болған досым Михаил Крапивиннің қызыма сондай көңілі толғанын айтып хат жазғаны, оқуға Ленинградқа жіберініші, біздің үйде тұрып оқысын дегені бар. Ондай қоңи е қалай толқымайсын.

Тағы бір майдандас досымды айта кетейін. Дмитрий Тимофеевич Язов бізде взвод командирі болды. Кейін СССР Қорғаныс министріне дейін көтерілді. Маршал атанды. Нағыз ер кісі еді. 1991 жылы тамызда болған ІКЧП бүлігіне қатысып, соны бастаған топастардың кесірінен текке күйіп кетті. 1993 жылы 70 жасқа толғанында құттықтап, хат жазғанмын өзіне.

Соғыстың аяқ жағында қақты жарақат алдым. Қақтылығы сондай, госпитальда он ай жағып емделдім. Мен госпитальдан шыардан екі ай бұрын соғыс аяқталды.

— *Соғыстан кейінгі қызметіңіз барша жұртқа белгілі. Сіз қай жұмыста да біліктіліктің, байыртылықтың биік үлгісін көрсеттіңіз. Олжас ақынның Сізге жолдаған жеделхатында «мудрая неспешность» деген сөз бар екен, сол кісілік келбетіңізге дәл берілген сипаттама. Осыған байланысты бір жайдың анық-қанығын сұрайыншы. Ел аузындағы әңгіме ғой. Бір жолы Сіз облыс аралап жүртіп, егіс алқаптарына барыпсыз. Коликте Сізбен бірге ауданның бірінші хатшысы мен сол кеңшардың директоры болыпты. Сіз коликтің алдында, олар артында отырыпты. Бір кезде Сіз: «Карта бар ма?», деп сұрапсыз. Сонда егістік алқаптың картасын сұрап тұр деп ойламаған директор таңданғанынан: «Бәйкен Ашимович, осы жерде ойнаймыз ба?!» депті. Сіз ол сөзді естімегендей атыра беріпсіз.*

— Ол жұрттың шыарып жүргені ғой. Ондай жағдай болған емес.

— *Онда бұл әңгіме Сізді жақсы көргендіктен, жер қозғалса қозғалмайтын мінезіңізді қадірлегендіктен, қандай*

жағдайда да салқын сабыр сақтайтыныңызды білгендікпен шыққан екен ғой. Сіздің орныңызда басқа адам ашуланып: «Ойыңызда қай карта тұрғаны белгілі болды», дегендей әркіме айтып, екі ортада өзі де ұсақтап қалар ма еді

— Бізді ондай мінезе қоғамның өзі, уақыттың өзі, сол жүйенің өзі үйретті ғой, шырағым. Әр сөзіңді санап сойлейсің, әр қадамыңды санап басасың. Өйтпесең, қателесесің. Қателігің кешірілмейді. Қандайда бір сөзіңе қандай да бір ілік берсең қай қызметте жүргеніңе қарамай-ақ домалақ арыз жазыла салады. Тексергісі келсе қандай арызды да тексерте салады. Сондай заман еді.

— *Бәйкен аға, сондай заманда Сіз республика Үкіметін 14 жыл бойы басқарып тұрдыңыз. Үкіметті осыныша жыл басқарған адам Сізге дейін де болған емес, Сізден кейін де болған емес. Одақтық республикалар Министрлер Кеңесі төрағаларының арасында Социалистік Еңбек Ері атағын алдымен алған адам да Сіз болдыңыз.*

Өзіме өзім баға беріп кәйтейін, бірақ сол жылдарда Қазақстанның көп салада ілгерілегені анық. Қазақстан өзінің экономикалық қуаты жағынан Ресейден, Украинадан кейінгі үшінші орынды нық алып тұрды. Менің Үкіметтегі жұмысымның жемісті болуына екі адамның нақты көмегі тиді. Оның бірі — Д.А. Қонаев, екіншісі — А.П. Косыгин. Дінмұхаммед Ахметұлы Көкшетау обкомының екінші хатшысы қызметінде жүрген жерімнен облысқа барған бір сапарында көріп, болашағынан үміт күтуге болады деп сенім, 1961 жылдың басында Алматыға шақыртқан, Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағалығына ұсынған, одан кейін де қолдау жасаған. Менің өмірімде ерекше тағлым көрген адамым — Алексей Николаевич Косыгин. Жалпы, мен Косыгиннің алшысыншы жылдардағы шаруашылық реформасы ойдағыдай жүзеге асырылғанда ел нарыққа әлдеқашан ерте әрі аз шығынмен өте алар еді деп ойлаймын. Ол реформа министрліктердің кәсіпорындар тізімін өз қолдарынан шығармай қойғанынан, сойтіп, экономикалық дербестікті бермегеннен жүзеге асырылмады. Озық кәсіпорындардың табысын сыпырып алып, артта қалған кәсіпорындарды демеуге жұмсау олардың экономикалық ынталылығын бірте-бірте жоққа шығартты. Жақсы істесең де, жаман істесең де бірдей өмір сү-

ретін болған соң адамдар жұмысқа жанын салуды қойды. А.Н. Косыгин менің тарапымнан жасалған ұсыныстарды ұдайы қолдап отыратын. Бір жағынан Брежневтің Қонаевқа дұрыс қарауы, екінші жағынан Косыгиннің маған дұрыс қарауы арқасында Қазақстанның біраз мәселелері сол жылдарда ойдағыдай шешілгені анық.

– Ол жылдардағы жұмыс пен тәуелсіздік жылдарындағы жағдайды салыстырып қарағанда не айтар едіңіз?

Бұл екеуі екі басқа нәрсе. Екі басқа нәрсе болатыны саяси жүйе де басқаша, экономикалық ұстаным да басқаша. Мысалы, біздің тұсымызда жұмыс, былайша қарағанда, қазіргіден де қиын сияқты көрінетін. Бір науқаннан бір науқан жалғасып, бір пленумның тарихи шешімдерін орындан болғанша екінші пленумның тарихи шешімдері қабылданып калып, қашанда қапылып жатағынбыз. Қазақстанның миллиард пұт астығы қандай қиындықпен алынағыны өзіңнің де есіңде ғой. Студенттерге комбайн айдағып, қырманда дән тазалатып, бидай тасуға армияның көліктерін жұмылдыратынымыз аздай. басқа республикалардан механизатор шақыртып, «бүкілхалықтық еңбек майданын» ашып, өлдік-талдық дегенде жоспарды орындайтын едік қол. Ал қазір ондай астық жыл сайын дерлік жиналып жатыр, орақтың қалай аяқталып қалғанын жұрт байқай да бермейді. Неге? Ойткені, қазір жердің нақты қожайыны бар, байлықтың нақты иесі бар.

Біздің тұсымызда жұмыс бір жағынан жеңіл де болды. Неге десеніз, ол кезде аудан, облыс тұрмақ, республика басшылығынан да өзінше ойлау, дербес шешім қабылдау талап етілмейтін. Бәрін Мәскеу ойластырады, бәрін Мәскеу шешеді, бәрін Мәскеу нұсқайды. Біздікі жүзеге асыру. Жүзеге асырудың жолдарын да Мәскеу белгілеп береді. Басқаша жол іздесең аяғың көктен келеді. Менің Нұрсұлтан Әбішұлының өзгеше ойлау қабілетін, дербес әрекет етуге бейімдігін, батылдығын ерекше бағалайтыным да сондықтан.

Қазақстан жерінің қойны-қонышы қандайлық қазыналы екенін кім-кімге де айтудың өзі артық. Қазба байлықтың бәрі бар бізде. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сол байлықтың берері тіпті жоққа жуық болды. Мен экономика мәселелерімен талай жылдар айналысқан адам ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы ел басшылығына келгенде оның қо-

лына қандай мұра тиенін жақсы білемін. Ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыстардың аяқ астынан үзілуі біздің елімізді қиын жағдайға қалдырды. Кәсіпорындарымыз өндірген өнімнің откзетін жер таппай, бюджетке салықтан қаржы күйылмай, жұртқа жарты жылдап жалақы, зейнетақы, шәкіртақы бере алмаған қиын кез басгалды. Өндіргіш күштердің бәрі дерлік тозыны жетіп, қаусап тұрған еді. Өндірістік қатынастардың бәрі ескі жүйенің әкімшілік әдістеріне негізделген күйінде болатын. Өзіміздің өндіретін түпкілікті өнімдеріміз жоққа жуық-тын. Әсіресе, Президенттің Қазақстанның сыртқы базарын кеңейту жөнінде, елге инвестиция тарту жөнінде атқарған жұмысы ғажап жеміс берді. Олай етпегенде біз он бес миллион адамдық қана, алақандан базарымызбен алысқа бара алмайтынымыз, құлашымызды кең жаза алмайтынымыз анық еді. Өзімен өзі тұнықталып, шетелдік инвестицияға жабық күйде қалған елдердің қандай күй кешіп жатқанын өзіміз көріп отырмыз. Бұл шын мәнінде ұлы еңбек. Біз ол еңбектің бағасын әлі біліп болғанымыз жоқ.

Нұрсұлтан Әбішұлы – мемлекеткүрушы гүлға. Ал бұл мемлекет басшысы ұғымынап әлдеқайда биік сөз. Елбасымыз осы мемлекетті тек аяғынан тұрғызып, бойын тіктетіп, қадамын бастырып берсе де, біз осындай қиямет-қайым істі бірінші бастаған адам ретінде разылық білдірген болар едік. Ал Нұрсұлтан тәуелсіздіктің алғашқы он жылының өзінде онымен шектелген жоқ. Әйтеуір жүрті қатарлы мемлекет күруды, әйтеуір ел қатарлы жүруді ойлаған жоқ. Тарихта ессесі кеткен халқының жүлдызын жоғарыдан жандыруды ойлады. Елдің болашағы баянды болуын, жүрер жолын айқындап алуын ойлады. Тәуелсіздікке алты жыл да толмай жатып, яғни, 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиясын ұсынды. Бныл оның бірінші мүшелі. Осы он екі жылдың ішінде еліміз Тұңғыш Президентіміз белгілен берген бағытпен, саралап сызып берген жолмен жүріп келеді. Жүре де береді. Қазақстанның экономикалық табыстарын бүгінде бүкіл әлем біледі. Қазақстанның жаңа қоғамдық қарым-қатынастар орнатудағы табыстарын да барша жүрті мойындайды. Демократиялық үрдістерді орнықтырудағы жетістіктерімізді мойындаудың айқын дәлелі біздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету өнігі-

не көтерілгеніміз. Мұның өзіне де белгілі бір дәрежеде Елбасымыздың әлемдік деңгейдегі беделінің арқасында қол жеткенін біз білмейді емеспіз, білеміз.

- Осы орайда Елбасымыздың қандай қасиеттерін бөле айтар едіңіз?

– Нұрсұлтан Әбішұлының бөлекше сипаттары Орталық Комитеттің хатшысы, Министрлер Кеңесінің Төрағасы болмай тұрғанында-ақ, Теміртаудағы Магниткада партия комитетінің хатшысы болып жүргенінде-ақ танылған. Мен ол кезде Қарағанды облыс комсомолының төрағасы болатынымын. Сол кездегі жас Нұрсұлтанның сонау СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Суловтың алдына баруы, Орталық Комитеттің Хатшылығында есеп беріп, мәселе қоюы, сол арқылы Теміртаудағы көптеген әлеуметтік мәселелерді нақты шешкізіп алуы кезінде республиканың басшы құрамына түгел таралып, оның атын кешпен жайған. Нұрсұлтан Әбішұлы елде экономикалық реформалар қолға алынған кезде Үкімет басшысы ретінде қайта-қайта Мәскеудің алдына мәселе қойып, біздің өз байлығымыз өмізге бұйырмай отырғанын нақты дәлелдеді. Өзі республика басшылығына келгеннен кейін болашақ тәуелсіздіктің экономикалық негізін қалауға нақты кірісті. Сол тұста Нұрсұлтан Әбішұлы ел басқарып тұрған Горбачевтің КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы болу немесе КСРО Вице-Президенті болу жөншедегі ұсыныстарын қабылдағанда тарих тегершігі біраз уақытқа дейін басқаша айналуы мүмкін еді. Біраз уақытқа дейін деп әдейі қадап айтып отырмын. Нұрсұлтан Әбішұлы тарихтың даму қисыны алып империяның қалайда тарауына әкеле жатқанын анық сезінді. Сондықтан да ол ұсыныстардан бас тартты.

Нұрсұлтан Әбішұлының Магниткада горновой бола жүріп, оның ортасында шынығып шыққаны белгілі. Елбасымыз сонымен бірге сан түрлі адамдардың, сан түрлі ұлттардың басы тоғысқан елде жұмыс істеу арқылы да ерекше шынықты. Оған қоса жоспар мен нарықтың екеуін қатар көріп тағы шынықты. Шығыс пен Батыстың дүниетанымын қатар сезініп тағы шынықты. Екі қоғам, екі жүйе оны заманның көрігіне салып тағы шынықтырды. Осының арқасында біз қазір бүкіл әлем билетін, алыс та, жақын да мойындайтын, санаасағын, сыйлайтын басшыға ие болып отырмыз.

– Бәйкен аға, осыдан алты жыл бұрын Шыңғыс Айтматов бізбен сұхбатта: «Назарбаев – халықтың бағы» деген болатын.

– Бәріміздің айтарымыз сол сөз. Нұрсұлтан Әбішұлының өзі де бұл биікке аз жылдың аясында жете қалған жоқ. Бұл биікке шұғыл шығу мүмкін де емес. Бұл биіктен көрінетін адамның тез арада дайын бола қалмайтыны, тіпті – дайын бола алмайтыны сондықтан. Мұндай тұлғаларды уақыт толғатып, заман тудырады. Қазақстанды жаңа өмірге бастайтын бұл тұлғаны еліміздің өткен ғасырының екінші бөлігіндегі уақыт толғатты, ғасыр соңындағы бостандықты аңсаған заман тудырды. Оны ғасырлар тоғысып, мыңжылдықтар межелесіп жатқан мына күрделі кезең онан сайын ширата, шынықтыра түсті. Нұрсұлтан Әбішұлының бір бойында бәрі бар: білім де, білік те, намыскерлік те, күрескерлік те, бағылдық та, табандылық та, ағырлық та, тәжірибе де, тереңдік те, кеңдік те бар. Табиғат сыйлаған осы қасиеттеріне мына жанталасты кезең жаһандық ауқымда ойлайтын, аса бір күрделі мәселелерге терең бойлайтын кемелгерлікті қосты. Халықаралық аренадағы белсенді жұмысы қатпар-қатпары мол дипломатияны қосты.

Нұрсұлтан Әбішұлының шын мәніндегі алыстан ойлайтын ақылмандығы бүкіл әлемге ортақ сынақ болып отырған мына жаһандық қаржы дағдарысы кезінде жарқырай ашылды. Мен анда-санда ойлап қоямын, «Ойпырмай, ана жылдары Нұрсұлтан Ұлттық қорды құрмағанда, соған миллиардтаған доллар қаржыны құймағанда, қазір халіміз қалай-қалай болып кетер еді» деп. Құдайға шүкір, басшымыз бәрін де күш бұрын болжай біліпті. Сонын арқасында біз қазіргі дағдарыс қыспағында қатты қинала қойған жоқпыз. Бұйыртса, дағдарыстан да өзге елдерден бұрын шығатын түріміз бар. Қазақстандай әлемдегі шикізат базарының бағасына тәуелді ел үшін бүгінгі таңда дағдарыстан шығудың ғана емес, дағдарыстан кейінгі дамудың бағдарламасы жасалып отырғаны ерекше мақтаныш егерліктей жағдай. Ана жылдары «Қазақстанды сақтап тұрған мұнай мен газдың әлемдік базардағы бағасы той» деген сыңайдағы сөздер естіліп қалып жататын. Мына дағдарыс олай еместігіне көзімізді жеткізін беріп отыр. Мұнайдың, газдың бағасы сонша құлдырағанда да эко-

номикамыз өсу сипатын сақтап қала алды. Әрине, ұлы көршіміз Қытайдан бастап барлық мықты елдердің өсу қарқыны бәсеңдегенде Қазақстанның да бұрынғыдай жылына он пайыздық өсу деңгейінде тұра алмайтыны талассыз. Ең бастысы, әлемдік дағдарыс біздің экономикалық саясатымыздың шикізатқа тәуелсіздікке негізделмегенін, индустриялық-инновациялық даму жолын ұстанған ел болуға берік бекінісін бізді көрсетіп беріп отыр. Нұрсұлтанның «Біз мұнайы мен газы жоқ ел сияқты өмір сүруді үйренуіміз керек» дейтін сондықтан. Оны үйрене де бастадық. Қоғамның ағзасын тазартуды да үйрене бастадық. Мен жемқорлыққа қарсы шын мәнінде халықтық майдан ашылғанын, елдің әділдікке сенімі арта түскенін айтып отырмын.

Екі тізгін, бір шылбырды қолына еркін бергеннің арқасында, ел бастаған еріміз деп бүкіл халық болып сенгеннің арқасында, азаматымыз алға анарады деп сонынан ергеннің арқасында Нұрсұлтан Әбішұлы елдің көшін бір белестен бір белеске биіктетіп алып бара жатыр. Ана талапты сақтаймыз, мына жердің қонынынан шығамыз деп жүріп, саяси тартыстарды қолдан ұйымдастырып, көш қарқынын қолдан кідіретіп, сөйтіп дағдарыстан кейінгі дамуды ойластырып жатқан, соны жүзеге асырып жатқан елдің есін келтіретін, халықты текке ырын-жырын ететін, жасампаздық істен алаңдататын қадамдардың ешқайсысының да қажеті жоқ. Елдің тізгіні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолында барынша ұзақ болуы үшін біз қолда бар мүмкіндіктердің бәрін де жасауымыз керек. Өзіміз үшін жасауымыз керек. Болашағымыз үшін жасауымыз керек. Елбасы өкілеттілігін ұзарту Парламент шешімімен жасала ма, әлде бүкілхалықтық референдум арқылы шешіле ме – ол жағын заңгерлер, саясаткерлер анықтай жатар. Үйрек, қалайда мынандай жауапты шақта жауапты шешім қабылдауымыз керектігі сөзсіз. Ұлттың ұлы мұрағтарын бәрінен биік қоятын ел екенімізді білдіргіміз келсе, солай еткеніміз дұрыс.

Солай етсек, бұл тарихта жалғыз біздің жүрген жолымыз болып шықпайды. Ел ертеңі айқындалатын сынақ тұстарында тәуелсіздіктің бастапқы белесіне енді-енді шығып жатқан біздей жас мемлекеттер тұрмақ, Америка Құрама Штаттары сияқты алнауыттар да тосын шешімдерді талай қабылдаған.

Мысалы, отызыншы жылдардағы «ұлы күйзелістен» Американы өзі ұсынған «Жаңа бағыттың» арқасында аман-есен алып шыққан Франклин Делано Рузвельтті ел халқы президенттікке екі рет те емес, үш рет те емес, төрт рет қатарынан сайлаған. Бастаған ісін жемісті жалғастырсын, жеріне жеткізсін, нақты нәтижесін өзі де жұртымен бірге көрсін деп солай еткен. Бұл да бір тағлым алатын жай.

Біз қолда бардың бағасын білуіміз керек. Нұрсұлтан Әбішұлының өзі айтқан: «Бақыт бағасын білгеннің ғана ба-сында тұрады», деп. Қазіргі келіп жатқан жақсылықтардың бәрін өзінен-өзі жасалып жатқандай қорудың жөні жоқ. Бірлігімізді сақтамаасак, тірлігіміздің қадіріне жетпесек, бүгінгі бақтың бәрі өмір-бақи осы күнінде басымызда тұра береді екен деуге болмайды. Өткен жылы өзімен жасалған сұхбатымыздың тақырыбына: «Ел аман болсын, Ел бағына туған Ер аман болсын!» деген сөзімді қойыпсың ғой. Сол сөзімді тағы да айтамын.

Тоқсаннан жасы асқан мына маған енді ештеңенің де керекті жоқ. Тек елдің тыныштығы, жердің бүтіндігі, ердің мерейі керек. Соның бәрін халқымызды жұмылдыратын, алыс асқарларға ұмтылдыратын Азамаі бізде бар. Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен біздің алар асуларымыз әлі алда. Елбасымыздың бергені көп, берері одан да көп. Нұрсұлтан қазір нағыз кемеліне келді. Қай жағынан да. Қандай биік-тен қарағанда да. Азамақтың тілеуін тіленік, ағайын! Тілеуін тілеу деген ең алдымен Елбасымыз бастаған ұлы іске тірек болудан, қолдау көрсетуден танылуы тиіс. Ежелден елдікті ерекше қадірлеген халқымыздың мемлекет мұратын бәрінен жоғары қоятынына мен сенемін.

— Демалып жатқан жеріңізге келіп, мазаласақ та осында уақыт бөліп, өміріңіз туралы, заманымыз туралы байтақ әңгіме айтқаныңыз үшін разылығымызды білдіреміз. Жүз жасаңыз, жақсы аға!

Сұхбаттасқан
Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
«Егемен Қазақстан», 2009 жылғы
26-тамыз.

II БӨЛІМ

**ТАУ ТҮЛГАҒА
ТАҒЗЫМ ЕТТІК, ЖАРАНДАР!**



Баян ЖАНҒАЛОВ,

*Ұлы Отан соғысының ардагері,
қоғам және мемлекет қайраткері,
Социалистік Еңбек Ері*

АДАМ БАЛАСЫНЫҢ АБЗАЛДАРЫ ЕДІ ҒОЙ!

Мына өмірде Бәйкен мен Бақыт жоқ дейді енді. Көңілім бұған сенгісі келмейді. Алайда, жарық дүниеден кошкен жарқын жүзді Бәйкен мен Бақыт енді қайтпас, қайтып оралмас мәңгілік сапарларына аттанып кеткендіктеріне дүние ақиқаты күн сайын иландырғысы бар Алматы жаққа елестеймін. Бәйкеннің шаңырағына телефон шалсам, бұрынғыдай не Бәйкеннің, не Бақыттың жайдары да жылы үндерін ести алмай, жүрегім қан жылайды. Сол сәтте: е, біздің бастан да дәурен кошкен екен ғой, Бәйкен мен Бақыт абзалдарым-ай, асылдарым-ай, жақсыларым мен жайсаңдарым-ай, сендердің де бұл дүниеден кошкіп кеткендерің рас екен ғой, шын болды ғой деген оймен алысамын. Енді біз кешкен дәуреніміздің бәрі де елеске айналып бара жатқандай. Бәрі де елес, елес енді...

...Бәйкен мен Бақыт сынды тамаша адамдардың өздерін көрмей, білмей тұрып, олар жайлы әуелі жақсы пікір, жақсы сөз естіген едім.

1946 жылы мен Көкшетау облыстық партия комитетінде қызмет істеп жүр едім. Сол жылы Шучье қаласына іссапармен барып, қонақ үй болмағандықтан ағайынымыз Қасымсейіт Әміреұлының үйіне қондым. Қасымсейіттің бәйбішесі Шәкен жеңгей ертелі-кеш алаңдап, «келетін уағы бөлып қалды, неге кешігіп жатыр екен?» деп біреуді «қарағымайлап» күтумен болды.

Бұл кісілер Шортандағы қазақ орта мектебінің үйінде тұрып, екеуі бірдей мектептің шаруашылығында жұмыс істейді. Қыздары Бикамал (Боташ) сол мектепте мұғалім екен. Бір күні Бикамалдан:

– Мамаңның өліп-өшіп, тасып отырғаны кім? – деп сұрадым.

– Біздің мектебіміздің оқу ісін басқаратын Бақыт Әсетовна дейтін қыз бала бар, – деп Бикамал мән-жайды түсіндіре бастады. – Кейде ол менімен бірге үйге келіп-кетіп, шай ішіп жүреді. Бір көргеннен-ақ анамның сол қызға ерекше бір мейірі түсіп, жақсы көріп кетті. Озі де бір айтса айтқандай-ақ адам!

Бақыт жайлы айтқанда Бикамал озі арқаланып кеткендей еді.

– Ішміздегі ең жасымыз да сол Бақыт, ақылшы қамқорнымыз да сол Бақыт! Мектеп директоры да оны құрметтеп, ылғиына Бақытпен ақылдасып отырады. Айыртау ауданындағы Казгородок орта мектебінде әкесінің мұғалім інісі тұрады екен, жуықта демалысқа шығып сонда кетіп еді. Келетін кезі болып қалды, кешігін жағыр. Бақыт өз сөзінде бірге тұған ешкімім жоқ деуші еді, жуықта ағасы едім деп әскерше киінген бір жас жігіт те іздеп, келіп кетті. Біз ағасы болса, ағасы шығар, ол да бір Бақыт сияқты әдепті, сыпайы кісі екен деп ойлап қалдық, – деп әңгімесін аяқтады.

«Жақсы десе жан сүйнеді», – демекші мен де бұлар қандай адамдар болды екен деп ойланып қалдым.

Сол 1946 жылдың аяғында Көкшетау облыстық партия комитетінің тапсырмасымен кадр резервін алуға Айыртау ауданына бардым. Аудандық партия комитетінің хатшысы А.И. Гроздов жайдары кісі еді, шаруамды тез шешті.

– Біздің ауданда үш кісі бар обкомға резервке алуға тұратын, – деді Гроздов сенімді түрде. – Бәйкен Әшімов – аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы, Рахмалы Нұрғожин – райком нұсқаушысы. Нұрғожиннің әйелі де әйелдер бөлімінде нұсқаушы.

– Бұл адамдармен сіздің алдыңызда жолығып танысуым керек, – деп едім, райком хатшысы резервке алынуға тиісті үш адамның үшеуін де кабинетіне шақыртып алып, олардың резервке ұсынылып отырғандығын айтып, қолдарына анке-

та беріп, соны толтырып, өмірбаяндарын жазып әкелуді тапсырды.

Сол арада Бәйкеннің анкетасына көз жүгіртсем, Бақыт Әсетқызына үйлендім деп жазған екен...

Бұл менің Бәйкенді алғаш көруім еді. Ал, екінші рет Бәйкенмен тағы да сол Айыртау ауданында кездестім. Бірде ауданға іссапармен барып, аудандық атқару комитетінің төрағасы Шаймұқан Тәукехановқа сәлем беруге кірдім. Шаймұқан өте бір сыйлы адам еді. Оз кезінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, республика прокуроры, Кокшетау облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған-ды. Бізді үйіне дәмге шақырды. Ол кезде преферанс ойыны басшылар арасында жаңа тарала бастаған-ды. Тәукеханов осы ойынды ойнауға төртінші қолға Бәйкенді шақыртып алды. Бұл кезде Бәйкен аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болатын.

Таң атқанша ойын бітер болмады. Шаймұқан үйіндегі жеңеміз:

– Бәйкенді босатсаңызшы, жас келіннен ұят қой, – деп екі-үш қайыра ескерту де жасап қойды.

– Келін Бәйкеннің көптің адамы екенін түсінеді, – деп Шаймұқан да бөләр емес. – Сен өзің райкомның әйелдер бөлімінің бастығы болған соң да камкорлық жасайсың-ау!..

Әңгімесінің сонын әзіл-қалжыңға бұрған Шаймұқан ұтқан ақшасын біреуімізден де алған жоқ.

– Сендер ойынды жаңадан бастаған жастарсыңдар ғой! Болашақ, өрісімізсіңдер! Бұл менің сендерге жасаған жол ашарым болсын, – деді ол.

1949 жылдың жазғытұрымында Кокшетау облыстық партия комитеті семинар ұйымдастырды. Семинарда Айыртау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Бәйкен Әнімов сөйлеп, өзінің жаңа қызметін қалай бастағандығын, алда не істеу керектігін, әсіресе малшылардың арасында малды өсіріп, өнімін арттыруда зооветнарылық білімді насихаттаудың қажеттігін көтеріп, тын бір ой айтты. Ол кезде райкомның екінші хатшысы мал шаруашылығын басқарып, малдың өсіп, оңуіне жауапты болатын. Бұл менің Бәйкенді үшінші рет көруім болды.

Сол әр көрген сайын Бәйкеннің үлкен ақыл мен ойдың иесі екендігін тани бастадым...

Бәйкеннің ойламаған жерден Зеренді аудандық ауыл шаруашылығы бөліміне бастық болып ауысуы да есімде қалыпты. Тегі бұған Бәйкеннің ертеден табы жағ адам ретінде сөзге илгуінің әсері тиді ме деп ойлаймын.

Соғыстың ауыр жылдарында Айыртау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған Қазыжан Темірбаев Бәйкеннің ағасы Қабдолла мен анасы Сақыптың үйіне соғып, дәм ішіп жүреді екен. Ананың аты ана емес пе?! Сақып та ат үстінде жүрген азаматты көріп:

— Менің де құлыным соғыстан аман-есен келіп, сіздердей болып жүрер ме екен?!— деп армандайды екен қайран ана.

Бәйкен соғыстан жараланып, мүтедек болып 1945 жылы оралды. Әуелі мектепте, сонан кейін аудандық партия-совет органдарында қызмет істеп көзге түсе білді. Сол кезде Айыртауда екінші хатшы болып жүрген Қ. Темірбаев Зеренді аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына ауысқанда, Бәйкен Айыртау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Бәйкеннің торт құбыласы тең адам екендігін жақсы білетін Темірбаев облыстық партия комитетіне оны осы бір жұмысқа жіберуді ұсыныпты. Бәйкеннің аяқ астынан Зеренді е кетуінің сыры осы бола керек...

Бұл жайында 1951 жылы Алматыдан поезбен бірге қайтқан Нұрғали Осанов жол үстінде айтқан еді. Нұрғали соғыстың қарсаңында Айыртау ауданының Қазгородок мектебінің директоры болған адам. Кейін Нүрекең Көкшетаудағы казак педучилищесінің директоры, Көкшетау облыстық партия комитетінің мектеп бөлімінде нұсқаушы, өмірінің соңғы жылдарында Зеренді ауданындағы Қарашылық орта мектебінің директоры қызметтерін атқарған белді де беделді азамат болатын.

Нұрғали жол үстінде Бәйкен мен Бақыт жайлы әңгіме айтудан бір жалықпады.

Бақытты бала күнінен, Бәйкенді жігіт күнінен әбден жақсы білетін Нұрғали олардың тамаша адами қасиеттеріне жол бойы сүйсінумен болды. Бәйкеннің Зеренді ауданының бірінші басшысы ретінде халықтың шексіз сеніміне, зор құрметіне боленгендігін, өзгелерге өте қамқор азамат екенін жеткізіп бақты.

— Бәйкен қазір Көкшетауға, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бастықтың кадр жөніндегі орынбасары болып

ауысты, — деді Нұрғали әңгіме арасында. Алла жазса, көресің әлі! Оның тынысы кең, өрісі биік азамат! Егер де орнында болса Бәйкен мені қарсы алып, үйіме де жеткізгі салады.

Нұрғали айтқандай Кокшетау стансасына поезд тоқтағанда, өзіме біраздан бері таныс Бәйкеннің бейнесін көйім шалып қалып еді...

1952 жылы Рузаев аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызметке кіріскенімде Бәйкен егін орағын өткізіп, астық тапсырудың жай-жапсарын бақылайтын облыс уақып болып жүр екен. Лудан шаруашылықтарын Бәйкен екеуміз бірге аралап, елмен, жермен таныса бастадым. Бәйкен шаруашылықтың басшыларымен, мамандарымен, еңбек адамдарымен, оқу-ағарту, мәдениет саласының қызметкерлерімен кездесіп сөйлескенінде, өзінің өрісі, білімімен, адамдармен ілі табыса білетін қабілетімен жұртты үйіріп ала қоятын.

Менің жұбайым Зейникамал дүниеден өткеннен кейін Бәйкеннің қайынбикесі Нұрбикемен жолығысып, шаңырақ көтеруімізге де осы Бәйкеннің шапағаты тигендігін мен қалайша ұмытармын?! Нұрбике екеуміз шаңырақ құрып, отасқанымызда Бақыт пен Бәйкен телефон арқылы құттықтап, ілгі тілектерін айтқан-ды.

Содан кейін көп ұзамай Кокшетауға жиналысқа баруға дайындалдым. Сол жолы Нұрбике Ғабдылхайқызы қалаға барған соң Бақыт Әсетқызына барып амандасуымды өте жауапты, тіпті бір қасиетті істей қадағалап тапсырумен қатар, «сен Бақыт жан-жақты сынайды», — деп те қойды.

— Балдыға мен барып сәлем беремін бе, өздері шақырмаса не ден барамын, — деп едім, Нұрбике: — Жок барасың, ол біздің үлкен шаңырағымыздың жалғыз көзі, жолы үлкен, — деп түсіндірші жатты.

Мен жиналыс ашылар алдында Бәйкен тауып алып, оның Ақмолаға бір мәселемен жүргелі тұрғанын айтып, үйінің адресін берді. — Бақыт үйде, сені қарсы алады, бұл бір, екінші бұдан былай Кокшетауға келісінде басқа жерге ат басын тіреуші болма, деді.

Жиналыс аяқталған соң кеш түсе қазіргі Әуелбеков атындағы көшенің басында тұратын Бәйкеннің үйіне барып, бұдан жеті жыл бұрын атын естіген Бақытпен жүздесіп, қол беріп, амандасып, нұсқаған орындығына отыра беріп, бас киімді шешіп: — Мен — Баянмын! — дедім.

Бақыттың жүзін бір нәзік күлкі сәулесі шалғандай болды да: «Иә, өзім де солай шығар деп тұрмын», - деді жымын.

Нұрбикенін Бақытты үлкен шаңырақтың несі дегенін, оның сол сәтте маған сынай қараған байыпты көзқарасынан, бақытты болуымызды тілеген өзгін көңілнен-ақ аңғардым. Сол бір өзгін тілектің тұмыр бойы жалғасып келгенді не бек шүкіршілік етемін.

Бақыт мені сол алғаш көргеніңде құлағымның үлкендігіне таңқалып, «мне, құлак» деп айғайлап жібере жаздағанын кейін айтып, күліп отырушы еді. Иә, менің қалқан құлағыма кімдер таңырқамалы дейсіз!

– Апыр-ай, мына құлак естімейді дегенге кім нанар? – дегенін Халық Қаһарманы, атақты Қасым Қайсеновтің де көзіне түсіп еді бұл құлак!..

Бәйкен қашан болсын ағайын-туыстар арасындағы гүрлі қуаныш, қайғысының бәрінше де қағысып, өзінің көңіл-пейілін білдіріп отыратын абзалдығынан таңбайтын. Ал, енді қолынан іс келеді дейтін азаматтарды әрдайым қолдап, қызмет бабында өсіп отыруға қамқор бола биді.

1961 жылдың басында Бәйкен Қарағандыға, облыстық атқару комитетінің төрағалығы қызметіне ауысты. Қолынан іс келетін азаматтың өскеніне шын жүректен қуандық. Бәйкен мен Бақытты шақырып дәм беріп, поезд жүрер кезінде шығарып салуға барамыз деп обкомның жападан келген бірінші хатшысы С.М. Новиковтан звондап рұқсат сұрасам, ол кісі «Қажеті қанша?» – деді. Көкшетауға Бәйкенге звондап жағдайды айтып едім, «біз қазір сол үйге барғалы отырмыз, қазір өзі звондайды», – деді. Айтқандай Новиков өзі звондап «немедленно выезжайте» – деді.

Көкшетау темір жол вокзалына біраз азаматтар жиналып қалыпты. Вагонға Новиков екеуміз бірдей келдік. Ол мені қолтықтап вагонға мінгізді де: – Сендер Бәйкенді шығарып салыңдар. Бәйкен, маған рұқсат бер, жолын болсын, – деп өзі түсіп қалды. Біз – облыстық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары Айтпай Әбішев, обкомның әкімшілік бөлімінің бастығы Мүсіреп Есенжанов, тағы басқа азаматтар Бәйкен мен Бақытты Шортанға дейін шығарып салдық. Бәйкен сол арада «қайтыңдар, облыстарыңның шеті той» деп рұқсат берді.

Бәйкен Қарағандыда жеті жылдай қызмет атқарып, Талдықорғанға облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысатын болған соң, тлығырып салуға Нұрбике екеуміз бірге бардық. Сол жолы қарағандылықтардың Бәйкен мен Бақытты ерекше құрметтейтіндіктерінің куәсі де болдық. Ел азаматтарына да сүйсіндік. Бізден де бір белгі болсын деген оймен, ескерткіш сыйлық алып, соған өз ниетімізді ойып жаздыру үшін сол істің маманына барсақ: — Қазір жұмыс көп, жасап бере алмаймын, — деп маңына жолатпады. Қалай жалынсақ та көнер болмады.

Біз осы қалаға келген қонақ едік, қонақты сыйлай білмеуші ме едіңдер, — деп едім, оған да қонбеді. Елді шеберханадан шығуға бет алып бара жатқанымда «сыйлығыңызды кімге беруші едіңіз?» деп сұрады. Мен жөнімді айта бастап едім, «әкеліңіз қазір-ақ жазып беремін», — деп бәнек болды да қалды.

— Сіз ол кісіні білуші ме едіңіз?— дедім шеберді сөзге тартып.

Жоқ, көрген адамым емес! Жуырда сол кісі елу жасқа толып, сонда көп адамдар маған өз сыйлықтарына тілектерін жаздырып алды. Әсіресе, шахтерлер көп болды солардың арасында. Соған қарағанда жақсы бір кісі ғой деп ойлаймын. Ал, көптің сыылаған адамын мен де сыйлауға тиістімін ғой, — деп ол әлгіндей болған жоқ, шаруамызды тындырып-ақ берді.

Республика көлемінде өтп жататын түрлі жиындарға барғанымда мен қасына ертіп алып, екеуміз бірге жүріп, бірге тұратынбыз. Бәйкен мен Бақыттың біздің отбасымызға деген бауырмалдық қамқорлықтарын Нұрбике ауыр сырқаттанғанда айқып сезіне білдік. Олар Нұрбикені емдетуге бар жағдай жасады. Алайда, ажалға кім ара тұра алсын?! Нұрбике қайтыс болған қаралы сәтте де екеуі де жаншымыздан табылып, сүнеді, демеді бізді.

Шаңырағымға Нұрбикенің орнына Нағиманы кіртзгенімде Бақыт барша ағайын-туыстарына: — Әкемізден болған жездеміздің Нұрбикенің орнына кіртзген жолдасы Нағиманы да апайымыздай көрейік,— деген бір ауыз сөзі біздің әулеттің тағдырын шешкендей болып еді. Бақыт Нұрбикені ылығына Нүркеш деп сойлейтұғын, сол гадетімен: — Нүркешті сыйлап, арамыздан орын берейік, деуі Бақыттың зор адамгер-

шілігі емес пе?! Мұндай сөзді ақылды, парасатты адам ғана айта алар-ау!

1996 жылы Бәйкен мен Бақыттың шанырақ құрғандарына елу жыл толды. Және де Бақыт Әсетқызының туғанына 70 жыл толуы бірге атап өтілді. Осы бір үлкен шанырақтың мерей-тойы алтын той ретінде бүкіл елдің қуанышына айналды.

Бұл алтын тойды қазақ еліне есімдері белгілі мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, акын-жазушылар Сағындық Кенжебаев, Серік Қирабаев, Кәкімбек Салықов сияқты азаматтар басқарды. Сол тойда акын Кәкімбек Салықов алғашқы сөзді олеңдетіп маған берді.

*Алла жар боп бұл тойға нәсіп берді,
Алтын шаңуу жайнатты есік, төрді.
Алатауға
Қаратау, Көкше, Баян,
Есіл, Ертіс, Жетісу көшіп келді.*

*Сол қоштың басшысы,
Қазақтың жақсысы,
Батыр Мәлік Ғабдуллиннің ағасы,
Бәйкеннің бажасы,
Бақыттың жездесі,
Еңбектің Ері
Еліме зор бағасы:*

*Бір көрген жан
Қалар мәңгі санаңда,
Аты әйгілі
Біздің осы заманға;
Сөз береміз
Көкшетаудың кәсемі
Жанғалұлы Баянға!*

Ақын асабаның жан серігер мына сөзінен кейін мен де шабыттанып, шешіліп сөйлеп кеттім.

Солтүстікті жайлаған Арғын шінде Атығай, Қарауыл мен Керей көп. Соған орай ел шінде бір сөз қалыпты, — дедім.

– Керейге барсаң – заң айтпа, Атығайға барсаң – аят оқыма,
Қарауылға барсаң – ән салма! Осы қатидаға бой ұрып, бір
жазған арнау олең-әнiм бар едi, соны айтып берейiн, – деп
шынайы көңiлiмдi жырмен өрнектедiм.

*Тоғға арнап шақырған соң Бәйкен, Бақыт,
Көкшеден келiп қалдық тауып уақыт.
Алтын той құтты болсын, бауырларым,
Жасаңдар бiр-бiрiңе таң боп атып.
Бұл тойдың тағы да бiр қасиетi
Бақыт түр ои «жетiсе» қолын артып.*

*Бауырым, туған күнiң құтты болсын,
Маңыңа ақ ниеттi досың төлсын.
Бәйкенмен қол ұстасып көп жасаңдар,
Дос құанып, дұшпаның жүрi сөлсын.*

*Үлгiлi өмiрлерiң бала жастап,
Жонсiзге жерлерiң жоқ араласқан.
Үлгiлi, онегелi өмiрлерiң,
Болар ед жаза блсе, үлкен дастап.*

*Бiрiншi кездескеннен әуел бастан,
Сыңласу құрметтесу күн-күн асқан.
Сол құрмет белгiсi деп.
Шаңуың атаң, бажаң тоғға шапқан!*

Осы бiр құттықтауымды оқып болысымен:–Сексеннен асқан, ақ шашты, сақал-мұрты Хәмингуэйлiкiндей секiдi қауғадай, өңi қызыл шырайлы ақсақал, – деп Кәкiмбек менi қалың көпшiлiкке дәрiштеп-ақ жатты.

Бәйкеннiң 1997 жылы бәспадан шыққан «Ел сенiмi – ең қымбатын» деген кiтабында: «Бақыт десе дегендей-ақ, қайда жүрсем де жан дүниеме нұрын тоғiп, баянды бақыттын айнымас құбыланамасындай тура жолмен аман-есен алып келген де осы махаббатымның күдiреттi күшi болар деп ойлаймын»–деп жайған сөзiнде жар қасиетiн сезiне блген адамның жан сыры жатыр. Құт қонып, бақ дарыған шаңырақтың иесi Бәйкеннiң сол шаңырақтың бағы мен ырысы болып отырған Бақыт жайы осылай сөйлесу де кiмдi болмасын сүйсiндiрерi хак.

«Біз бірін-бірі жақсы білгісі келсе, бір-бірінен: «Елінде кімін бар?»-деп сұрайтын жұртпыз. Құдайға шүкір, мұндай сауалдың тұсында сақал синоп қалған жеріміз жоқ. Жау бетке – билектімізді, дау бетке – біліктілігімізді, жарастыққа – жақсымызды жұмсаған халықпыз.

Жоралыда жолдан ұтылмауға тырысатын халқымыз егемендік туын көтеріп, адамзат санағында қабырғалы ел атанып жатқан тұста, арғы-бергіден де, көзі тіріден де: «Кіміміз бар еді?»-деп қатар түгендескеніміздің еш айыбы жоқ деп білемін. Сонда: «Жақсын кім еді?» –дегенде ауызға алдымен түсер абыройлы тұлғаларымыздың бірі және бірегейі Бәйкен Әшімұлы екендігі даусыз», – деген қорнекті мемлекет қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаевтың осы бір сөзі Бәйкенге тұтас бір халқының берген бағасындай сезіледі.

«Туған еліңе себін тисе, сен бақыттысың», – дейді Бәйкен «Егемен Қазақстан» газетінде (13 маусым 2001 жыл) жарық көрген өзінің бір сөзінде. Туған еліңе бір себі тисе, еңбегі сіңіссе, Бәйкеннің еңбегі сіңді! Олай болса – Бәйкен бақытты адам!

* * *

Е. бұл жалған дүние кімге мәңгі жолдас болған дейсіз?! Бірде жайқалып, бірде шайқалып тұрар дүние бәйтерегеннің бір күні құлайтын кезі де келеді. Мұны адам баласы әбден біледі де ғой. Міне сондай бір сәтті басымнан өткізіп отырған жағдайым бар. Қазір мына жарық дүниеде Бәйкен мен Бакыт жоқ, олар енді өздері кеткен мәңгілік сапардан оралып қайтпайтындықтарын есіме алсам болды, жүрегім қан жылайды. Бұдан бірнеше жыл бұрын Бәйкен бауырымның: – Соңғы сағатта бірге болсақ жарар еді-ау, – дегенін есіме жиі алатын болып жүрмін.

Қасиетті халқымыздың берекесі мен бірлігінің ұйтқысы болған қорнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері, абыз карт Бәйкен Әшімұлының алпыс төрт жыл жыл бірге жасасып, өмір сүрген, адал жолдасы болған сүйікті жары Бакыт Әсетқызы 84-ке қараған шағында 2010 жылдың 16-ақпаны, сенбі күні фәниден бақиға аттанып, жүре берді. Айналайын Бакыт бүкіл қазақ баласының анасындай қадірі мен қасиетке не болған жан еді. Бакыттың бұл қазасына қалың қазақ елінің, біріге туған бауырлар мен туыстарының, бәріміздің де қабырғамыз

қайысты. Бакыт Әсетқызы өз балалары Нәйлүфар, Оңдасын, Раузаның ардақты анасы еді.

*Жетпей тұр тіл айтуға,
Қасыңа барып қайтуға.
Құшақтасып, күңіреніп,
Көңілге көңіл айтуға.
Жатғыздық түсті-ау басыңа,
Сын сағаты осы ма?!
Жасыма бауырым, жасыма.
Әлірге риза болайық,
Естігенге сөзімізді.
Мықты бол бауырым,
Бақытсыз да, сақтауға өзіңізді, –*

деп, күңіренген көңіліміңнің бір сыры осы бір өлең жолдары болып түскен еді.

Бәйкен бауырыма дүниеден өткен Бакыттың қазасына ортақтасып жатқан халықтың ізгі тілегі «Егемен Қазақстан» газетінен бастап неше бір басылымдардың беттерінде жарық көріп жатты. Еліміздің қадірлі абзал азаматтары байтақ республикамыздың жан-жағынан келіп, көңіл айтып, қадірлі, қанырымды, аналардың анасы Бакыт Әсетқызын мәңгілік орны Жер анаының қойнына мәпелеп жайғастырды.

Бакытты соңғы сапарға шығарып, топырақ салуға біз Нағима екеуміз бара алмайтын болған соң балаларымыз Мұратбек пен Досболға біздің ағымыздан Бакытқа топырақ салып, Бәйкенге, Нәйлүфарға, Оңдасынға, Раузаға көңіл айтуды тапсырдық. Сол балаларымыз тапсырысымызды орындап, Алматыға барып қайтты. Бакыт Әсетқызына арналған астан бізге де дәм әкеліп тағтырып, біз де өз дастарқанымызда Бакыт Әсетқызына арнап дұға оқып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннаттың төрінде болсын, алды өзіне, арты шаңырағына, өзі сүйген халқына, еліне қайырлы болуын үйімізде отырып тіледік.

Осы бір өлеңін және осы бір көңілімізді айтып Бәйкенге арнап хат та жаздым. Бірақ, біз бұл хатымызды Бәйкенге беріп үлгері алмадық.

Бакыт Әсетқызы қантыс болған сәттен бастап біз Бәйкен екеуміз бір-бірімізбен жиі сөйлесіп тұрдық, бір-бірімізді қуат-

тандырып отырлық. Соңғы рет 2010 жылдың 31-қаңтары күні сөйлескенімізде Бәйкен баяғы өзінің байсалды да сабырлы, байыпты дауысымен маған «Ассалаумағалейкум», – деп сәлем беріп, үй ішінің, манайымыздың есендігін, елдің жағдайын сұрал, қыс қалай, қар молайды ма деді. Есендік білескеннен кейін «Бақыттың суретіне қарап отырмын» деді.

Бәйкен мен Бақыт 2009 жылдың 15 шілдесі күні менің 95 жасқа толған күнімді құттықтауға келді. Екеуі де Бурабайда демалып жатқанды. Сол жолы Бәйкен ақын Кәкімбек Салықовтың «Бәйкен жолы» атты кітабын әкелі берді. Мен де Бәйкенге: –Сол өзің сыйлаған Кәкімбектің кітабындағы өзінің және Бақыттың суретіне қарап отырмын. Алдыма «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Бақыттың суретін қатар қойып қарап отырмын, дегенді айттым.

Бәйкен Алматыда, мен Көкшетаудың Зерендісінде, яғни екеуміз екі жерде жатсақ та, бір тілекте, бір ниетте екендігімізге риза болып, бір-біріміздің даусымызды естігендігімізге тәубе десіп елік.

Сол сөйлескен күннің ертерінде Бәйкен ауырып, емханаға баралы. Түрлі емін алып, өзінің жағдайын үйіне барып байқайын деп үйге қайтайын депті.

2010 жылдың 5-ақпаны, жұма күні таң алдында қайран Бәйкен де балаларының көз алдында 93-ке қараған шағында бұл дүниеден өте шықты. Көкшетауға, біздің балаларға хабар тез жетеді. Олар өзара ақылдасып, сол күні Досбол мен Банұржан Алматыға баруға билет алады.

Таңертең біреу ізондап, телефонды мен Нағимаға апарып бердім. Нағима болса әлгі телефон шалған адаммен сөйлесіп тұрып, тұншығып, үні шықпай қалғанын сездім.

– Не болып қалды, – деп сұрап едім, Нағима телефонның нөмірін шағастырып алған әлдебір орыс қой деді.

Сен сол орыспен қазақша сөйлескенің не, – деп едім, ол телефон шалған орыс деп айтқанынан қайтпай, болмады. Көкшетаудан Досбол мен Қадина, осындағы Зерендіде тұратын Мұратбек, Зуран, Банұржан жиналып үйге келгенде, Нағима: – Бағанаты телефон қайғылы хабар әкелді, біз сізге айта алмадық, Бәйкен, – деп, арғы сөзін айта алмай тоқтап қалды. Мен Алла, Алла, Алла дедім, дей бердім. Қол ғана емес, жүрек жылады. Бәріміздің жақсы көретін, бәріміздің жақсы

корегін Бәйкен мен Бақыт еді. Орны голмайтын кезге кездес-
тік. Қазіргі кезде мына дүниеде Бәйкен мен Бақыттың жоқ
екендігін ойласам болды, көзімнен жас парлап, кокірегім
қарс айырылады. Қолыма қалам алып, бар ойымды қағана
түсірумен ғана өзімді-өзім жұбатып, Бәйкен мен Бақыттың
аруағына Құранымды бағыштап, Алладан соңында қалған
еліне, ұрпақтарына, балаларына амандық берсін деген тілеу-
мен отырамын.

*Ащы сөз, ауыр хабар қабаттасып,
Кеткендей жүрек шапшып, ақыл қашып
Қалмады ойда өріс, бойда қуат,
Найзағай кеткендей-ақ отын шапшып.*

*Бауырым Бәйкен, Бақыт, Аманолла,
Тайналған үшеуің де едің жорға!
Еске алсам есімдерін есім кетед,
Бойымды алдым жиып әрең зорға.*

*Болдыңдар сонша қымбат адамзатқа,
Елі оқып жеткізе алмас жазып хатқа.
Өзіме өзім тұрып талап қоям,
Құрметін үшеуінің қайткенде ақта.*

*Осы ойым тыным таппай мазалайды,
Қоңғымді күңіреніп азалайды.
Салуға топырақтың шама келмей,
Тіршілік өлп-өзі жазалайды.*

*Әр күнім осылайша өтіп жатыр,
Тұрғандай тәніп маған заман ақыр.
Шықпаған шыбын жанның арқасында,
Көнеді бәрне де адам пақыр.*

*Кінәдан өзімді-өзім арашалап,
Тірлікті тұрлауы жоқ тамашалап.
Ойымды жеткізуге ұрпағыма,
Хат жаздым бауырларға неше парқ.*

*Толғанып толарсақтан ойға батып,
Еске алам бауырларды ұйқтап жатып.
Көзіме көрін оңдей кездескен кез, айтылған сөз,
Жарқырап тұрасыңдар таң боп атып.*

*Алтыс жыл өткен екен танысқалы,
Сүйсініп сүйісіп қол алысқалы.
Содан соң жезде болып, бажа болып,
Көркейіп өсіп ұрпақ жарасқалы.*

*Береке бірлік дамып арамызда,
Бүгінде ата болды баламыз да.
Халықпен қатар өсіп біте қайнап,
Айналды ерікті елге далалымыз да.*

*Бөленіп құрметіне алыс жақын,
Еңбекпен шығардыңдар елдің атын.
Дәстүрін ата-баба сақтадыңдар,
Жемеген есугақытта елдің хақын.*

*Үлгілі, онегелі болып адам,
Адалдық сызығынан испай қадам.
Сабырлы саналарын састыртпады,
Өмірде кездеседі нелер надан.*

ЖҮЗДЕСКЕННЕН БАСТАП БАҚҰЛДАСҚАНША

*Қуанып көрген жерден жүрек сүйді,
Өмірлік татулықтан тік-тік үйді.
Атымыз Баян, Бәйкел қатар шығып,
Еңбектің Ері болып бата тиді.*

*Тәубе еттік бір Алланың бергеніне,
Көз жасын жалғыздардың көргеніне.
Аштықтан, соғыстан да аман қалып,
Ұрпақтың соңымыздан ергеніне.*

*Коп жасап, екеуміз де тоқсан астық,
Аяңдап, аспай, саспай жүзге бастық.
Ернбей еңбек етіп елмен бірге,
Жалындап өте шықты қайран жастық.*

*Келдік қой бір қалыпта алдырмай бой,
Заманмен талабы зор арпалыстық.
Тағдырдың талабынан тайсатмадық,
Алысып талай биік қырдан астық.*

*С абырлық санамызда саялады,
Татулық ол бізді паналады.
Ақыл түрса айнымай бір орында,
Ашу қалай қанатын жая алады.*

*Адалдық, әділдікпен болдық серік,
Қатың ел қамқор болды ақыл беріп,
Қарашықтай сақтадық ел байлығын,
Жібермедік нәпсіге ерік беріп.
С алыстырар өмірді саналылар,
Ұрпақтарым отыр зой көл көріп.*

*Абай айтқан абзалың Бәйкен шығар,
Тектіліктен жаралған бұл бір шығар.
Аманат деп адамға тастап кетті,
Адалдықты ардақтап алтын тұмар.*

*Осылай болды-ау уақыт бақұлдасар,
Қалмады-ау жақын адам ақылдасар.
Баласын адамзаттың ардақтаған,
Ойлаушы едік Бәйкен, Бақыт мәңгі жасар.*

*Мәңгілік жазылмапты адамзатқа,
Жасаған жан берінті аманатқа
Жасаған жарылқапты тіршілікті,
Толтырып төңіректі мал мен баққа.*

*Уақыты таусылған соң аманаттың,
Көңілді күңірентіп Күнше баттың.*

*Анаңдай ардақтаған қара жердің,
Қойнына мәңгілікке барып жаттың.*

*Бақыл бол бауырларым Бәйкен, Бақыт,
Құдай қосқан жар едіңдер асыл ақық,
Таңалтып төңіректі бұл жалғанда,
Мақшарға бірге ұштыңдар жетіп уақыт.*

*Тәңірім өзі таңдап еткен серік,
Болдыңдар періштедей сөзге берік.
Ақхұдай қатар ұшқан жұбын жазбай,
Соңынан біреуіңнің бірің еріп.*

*Іс болды таңқаларлық бұл бір ғайып.
Тек қана тектілерге болған лайық,
Тереңнен тектілікті тебіренмеді,
Айтпаға шындықты жоқ қой айып.*

*Бір ғажап ұмытылмас есте қалған,
Үлгілі Бәйкен менен Бақыт салған.
Шалқытты шаңырағын ұрпақтары,
Шетінен үздік оқып білім алған.*

*Алланың өзі берген қасиеті,
Ананың ақ сүтіндей ақ ниеті,
Шықты ғой алдарыңнан Бәйкен, Бақыт,
Жарқырап жан жәннәт жұмақ оты.*

*Ардақтап Бәйкен менен Бақыт атын,
Еске алып өмірдегі гибратын.
Тіледі ел Жасағаннан жақсылықты,
Бағышпап екеуіңе Құран хатым.*

*Тілегі көптің айтқан қабыл болып,
Көңілдің қапаланған орны толып,
Шалқысын шаңырағы Бәйкен, Бақыт,
Қазақтың қасиетті елі болып.*

ЕКЕУІ ДЕ ШЕРШТЕ ЖАНДАР ЕДІ

Осы күні мына жарық дүниеде Бәйкен мен Бақыттың жұқтығын ойласам, жүретім сызғып, түн бөлгесім ұйқы көрмей шығатын кездерім көбейіп барады. Ол екеуі мен үшін әкем мен аянамнан кейінгі жәні бәлек, қымбат әрі ардақты да асыл жан-дар болатын.

Бәйкен екеуімді апалы-інісінің балаларымыз Бидің Шүлембай деген ұлы атамыздан үш қыз, екі ұл туған. Біреуі Ұлы Отан соғысында қаза тапты. Менің әкемнің есімі – Ешмағамбет. Бәйкеннің шешесі Сақып. Міне осы Ешмағамбет пен Сақып бір әке, бір шешеден туған жан-дар. Ытайына айтқанда Сақып менің әкемнің туған апасы. Тағы бір апам болды. Сол Мәйкеш деген алам 2000 жылы дүниеден осы. Сәдірман деген інім бар. Ыт Көкшетау облысының бұрынғы Рузасев ауданының Бәсентінің руының ауылында туғанбыз. Қаір бұл ауылды «15 жылдық Қазақстан» деп атады.

Елді ашаршылық жанлаған 1932 жылы бәріміз Көкшетау өңірінің бұрынғы Келдер ауданының Белоглинка селосына қоныс аудардық. Сол кезде мен төрт жаста болатынымын. Атам сол кезде 66 жаста екен. Бидің атамызды әуелде «бай-қулақтың баласы», деп дүние мүлкін тәркілеген көрінеп. Алайда, атамды «бай-қулақтардың» тіміне елтіріп, шидастыруға ешқандай дәлел болмаса керек. Ойкені, атам бірде-бір жалшы ұстамапты. Тек өзінің бала-шағасымен ғана адал еңбек етіп, дәулет жинапты. Соның өнінде қудалауға түеті. Сол қудалаудан бас сауғалап Булаевтан әрі асып, Омбыға қарай көшіп, сол Омбының Ақия ауданындағы Мишьярке деген селосына ат басын бұрып, тұрақтап қалыпты. Шешем сауыншы, әкем полиграфпен атқожшысы болып жұмыс істеді. Шүлембай атамды сүйегім елде қалсын деп 1936 жылы елге оралдық. Ауыл тұрғындарының көбі ашаршылықтың зарлабын арттырып, біразы аштан өліп қалған екен.

Бәйкенді есім кіргеннен бері білемін. Ауылдың ақсақалдары Бәйкеннің атасы Жакып шірәдәр болғанын айтады. Бесалты ауылдың аяаншысы болған. Әкесі Әшім ерте қайтты. Бәйкен әкесінен алты айында қалды. Ол кезде соқыр шек-

ті ешкім емдей алмайды екен ғой. Сол соқыр ішектен Әшім қайтыс болып кетті. Әшім ауырып жатқанда анамыз Сақып жылайды екен. Сонда төсек тартып жатқан Әшім: – Сен неге жылайсың, мынау бар емеспе, – деп Бәйкенді көрсетеді екен. Қайран Әшім сонда артында Бәйкендей ұлы қалып бара жатқандығына Жаратқанға риза болып, әрі сол ұлына сеніп аттанған ғой мына жарық дүниеден деп ойлаймын осы күні. Сол ұлы, яғни Бәйкен әкесінің сенімін ақтады. Әкесінің есімін бүкіл Кеңестер Одағы білді.

Біз Омбы жақтан елге оралғанымызда Бәйкен 19 жаста болатын және Явленка ауыл шаруашылығы техникумында оқып жүрді. Бәйкенге сол техникумды бітіргеней, аудандық комсомол комитетіне жұмысқа алып, сол жерден әскерге кетті. Осы техникумды соғыстан оралғаннан кейін бір-ақ бітірді. Бірде Бәйкеннің біздің үйге сәлем бере келгенін де білемін. Сол тұста ол аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарып жүрген-ді.

1938 жылы Бәйкен Әшімов әскери міндетін атқаруға шақырылды. Сол хабардың бәрін естіп жағтық. Сол жылдары әскерге кететіндер бүгінгі жастар сияқты шулағып той жасайтын. Әскерге кеткендердің жазған хаты елге жарты айдан кейін келетін. Бәйкен сол кезде Польшаға қарайтын Батыс Белоруссия мен Батыс Украинаның КСРО-ға қосылу жорықтарына қатысқан адам. Сол кездің өзінде ротаның саяси жетекшісі болған.

Бәйкен 1941 жылы, соғыс басталардан дәл бір жұма бұрын әскерден келді. Нағашы атасына сәлем беремін деп біздің үйде болды. Швейцарияның қабы темір «Омега» қалта сағатын маған тастап кетті. Дүниені дүр сілкіндірген соғыс басталғанда оны бірден әскерге алған жоқ. Мүмкін, жауынгерлерді соғысқа дайындауға керек болған шығар. Бәйкеннің ата-анасы Рузаев ауданы Беспаловка селосында тұрды. Оз басым көбіне сол үйде жүрдім. Әскерге жарамды адамдарды үнемі тұман басып тұратын Алакөл маңындағы орманның сыртында әскери дайындықтан өткізетін. Тұманнан өздері көрінбесе де, дауыстары естіліп жататын.

Содан Бәйкен әскери жетекші болып Казгородокқа барды. 1942 жылы сонда болды. Содан кейін төрт туысканымен бірге ол да соғысқа аттанды. Майданнан Бәйкен мен менің

әкем ғана ірі келді. Бәйкен соғыстан полктың саяси жетекшісі, капитан шенінде оралды, бұдан соң Беспаловка селосында тұратын ата-анасын Саумалкөлге көшіріп әкелді. Үй салып берді. Озі екі жыл Володар аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болды. Содан соң аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болды. Сонда қызмет бабымен ел аралайды. Айыртау өңірі тұрғындарының бәрі де ұлы атасы Шүлембайды біледі. Сонда жұрт нағашы атасына тартқан деп айтатын көрнеді. Әбден бұл сөз құлағының етін жеп қойғандықтан болар, анасына келіп: «Нағашым жаман болса, мені кімге тартқан дер еді», – депті. Онда «әкесіне тартқаның ар», – дейтін болар деп апасы жауап беріпті.

1949 жылы мен Барнаул қаласындағы институтқа оқуға кеткенмін. Сол күзде аудандық партия конференциясы болады. Бір қолы шалақ Дроздов дейтін бірінші хатшы Орал облысына екінші хатшы болып кетпек екен, Бәйкен конференцияда соның орнына сайлануға түспек екен. Сонда военком «бұл кулактың тұқымы, ол жөнінде өзінің өмірбаянында жазбаған» – дейді. Сөйтіп Бәйкен бірінші хатшылыққа өту түгелі, жұмысынан босатылады. Үш айдай жұмыссыз жүріп, Зеренді аудандық атқару комитетінің жер бөліміне қызметке орналасады. Ол кезде Айдархан Темірбаевтың ағасы Қазыжан Зеренді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы еді. Сол кісі Бәйкенді қолдап, шақыртып алған болуы керек. Ұлы – Оңдасын 1951 жылы Зерендіге туды. Бірде Бақыт менің ұлы атам келеді деп естиді. Оған атамның мінезі қатты, байқа деп алдын ала айтып қояды. Атам кіріп келгенде, Бақыт жүгіріп барып шымылдықтың арғына тығылып қалыпты. Сосын атам шақырып, маңдайынан сүйеді. Сақып шешемізге көрімдік беріпті.

Мен орта мектепті 1946 жылы бітірдім. Қаражат болмаған соң сол жылы оқуға бара алмадым. Ауылдық кеңесте жұмыс істеп, қаражат жинадым. Бір жылдан соң ұлы атамды ертіп, Бәйкенге келдім. Сол кезде оқуға адам жинап жатыр екен. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Шаяхметов соғыстан кейін Сталинге өз халқының сауағты адамдары 30-шы жылдары жойылып кеткенін, қалғандары соғыста мерт болғанын айтып, ұлттық кадр дайындау жөнінде өгінші жасағанты. Соғыстан кейінгі жыл-

дары Қазақстанда жоғары оқу орындары шамалы еді. Содан 1946 жылы «КССР-дегі ұлттық кадрлар жөнінде» қаулы шығалы. Ол жөнінде көпшілік жөнді білмейді. Осы қаулы бойынша КСРО шеңберіндегі жоғары оқу орындары Қазақстан жастарын оқығатын болды. Атам Бәйкенге мені Ресейге оқуға жіберу жөнінде айтты. Сол арада Бәйкен: — Жібере бер, ажалы бола оледі. Тірі болса, адам болып келеді», — деп жауап берді. Содан Бәйкеннің арқасында Барнаулдың ауыл шаруашылығы институтын тәмамдадым. Оқуған кезде қаражаттың тапшылығынан үйге екі-ақ рет келдім. Каникул кезінде сол Барнаулда жұмыс істедім. Алғаш рет үйге бірінші курстан кейін келдім. Сол жолы Володаровкада тұратын Бәйкеннің үйіне соқтым. Осы Бакыт Өсетқызы жарықтық жанғеміз мұғалім болды. Ол Баянауылдағы Бәсентин руының қызы. Бакыттың әкесі ертеректе қайтқан. Ата-анасының жалғыз қызы. Рамазанов Аманолланың әкесі Ғабдолқай Бакыттың әкесінің ағасы. Бәйкен Бакытпен Щучинскіде мұғалім болып тұрғанда танысады. Бакыт математикадан сабақ береді екен.

Бірде қорана шыққанымда Бәйкен менімен бірге ере шығып, менің қолыма үш сомдықтан бір бума ақша қыстырды. Сонда мен: — Сен бұл ақшаны кімнен ұрлап беріп жатырсың? Анау менің туған апам емес пе? — деп айтып та қалғаным есімде. Енді ойласам Бәйкен маған шамалы болса да көмек көрсеткісі келген екен-ау. Басқа біреулер болса, ондайды істей ме? Бесінші курста ондiрiстен тәжірибе алуға Көкшетауға сұрандым. Ол кезде Бәйкен Зерендіде. Сол аудандағы Айдабол МТС-ына қарасты Қызылқайнар бөлімшесіне учаскелік агроном болды. Ұлы атам Шүлембайдың қайтқанын бір жылдан соң, Бәйкеннің үйінде жүргенде бір қарт адамнан естідім. Бұлар атамның бауырында өскен маған аяушылық жасаған екен. Бұдан соң ауылға барып, атамның бейітінің басында болдым.

1952 жылы Бәйкен Көкшетау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып тағайындалды. Осы қызметке жеті жыл болды. Облыстық партия комитетінің Рогинен деген бірінші хатшысы болды. Бәйкен облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына ұсынылғанда, қолдамаған сол.

Бакыт үйге кырык шақты дәптер әкеліп тексереді. Үйдің шаруасы, оның үстінде екі бала бар. Кейде жаным ашып, әлгі дәптерлерді тексеруге көмектесемін. Жұмыстан келген Бәйкен екеуміздің тексерген дәптерімізді қайтадан тексеріп, көп қате табады. Бәйкен көзі ашық, көкірегі ояу жан болды. Еш-уақытта ешкімнің білместігі үшін көзің шұқымаған, дейді жоғары билік мшалонында қызмет істегендер. Өнне әкелген құжаттарды ернбей оқып, түзетеді екен.

Бәйкен облыстық атқару комитетінің төрағасы болып, Қарағандыда тұрды. Дінмұхаммед Қонаевқа өз басым Көкшетаудың екі азаматы үшін істеген жақсылығына ризамын. Ол нағыз кісі танығын, алды бөлжай билетін адам еді. Бәйкен 1961 жылға дейін Көкшетауда облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып тұрды. Бірінші хатшы рақпен ауырып, ылғи Мәскеуде емделетін. Соның жұмысын Бәйкен атқарды. Тың өлкесін ұйымдастырғанда Көкшетауға Семен Новиков деген біреу келді. Павлодардағы қызметінде бәрін отырғызып, қиранып кеткен екен. Соған мына Бәйкенді кездестірмей, бір ай бұрын Қарағандыға алып кетті. Кездестіретін болса, әрине, орыс жеңеді. Олармен Бәйкен ұтаспаса, олардың өз ұтасады. Өйткені, Бәйкеннің білімі мен іскерлігі, адамгершілігі олардан әлдеқайда жоғары болатын.

1962 жылдың жазында Қазақстанда өзбек әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігі өтіп жатқан. Меймандардың бір тобы Қарағанды оңірімен таньсуға келетін болады. Бәйкен облыстық атқару комитетінің төрағасы. Делегацияны қарсы алу соған жүктеледі. Ол делегацияны Ғабит Мүсірепов басқарып келеді. Бәйкен ертерек келсе, орыс аспаздары қой басының екі құлағын кесіп алып тастапты. Бәйкен сасады. Сөйткенше кісілер келіп қалды. Ғабан Бәйкеннің көңіл күйі бұзылғанын бірден сезеді. Бәкен болған жағданды айтады. «Саспа» деп, ақ жиі пен ине сұратып алып, құлақты орнына тіктіреді. Өзбектер бастың не екенін қайдан білсін. Өз қолыма тигесті көремін ғой, дейді. Ғабан кейін кездескен сайын «Әй, Бәйкен, бас қалай екен» деп сұрап жүріпті. Сол жолы Целиноград облысына келген Ғабандарды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қарсы алмайды. Жіберген қолқтері дұрыс болмайды. Бәйкен Ғабан кеткенше қызмет қолқын береді. Осы жөннде Ғабан біраз ала денін ұмытпапты.

С. Новиков келгенге дейін Димекен Еркін Әуелбековті де алып кетіп, оны Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасарлығына тағайындады. Кейін Еркін дайындау министрі болып сегіз ай қызмет етті. Содан алып келіп, Еркінді Кокшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына тағайындады. Бұлардың бағына орай Димекеннің болғаны ғой. Болашағы бар азаматтарды жоқ қылып жібереді деп, арашалап алып қалды. Қонаевтың о дүниеде иманы жолдас болсын.

Бірде Еркін Павлодарда көрген оқиғасын айтқан еді. Саттар Имашев марқұм басқарып, Орталық Комитеттің адамдары Павлодар облысына келеді. Күні бойы тамақ ішпейді. Кешке ас береміз деп алып келеді. Имашев табақты кері итереді де, өзі кейін шегініп отырыпты. Бізге ол келген бастың жағы айырылмағанын айтты. Жақты айырып, тісін қағып, тілді алмасаң тазалық болмайды. Бастың бұзылмай келгенін Еркіндер байқамапты. Еркіннің жасы бізден кіші болғанымен, көргені көп. Біз білесіз деп айтатын.

Бәйкен Әшімов 1970 жылы Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Сол кезде Рогинец Ауыл шаруашылығы министрі. Мен құтты болсын айтайын деп Алматыға бардым. Бәйкенге: – Сен ана Рогинецке енді не істейсің?, – дедім. Сол арада Бәйкен: – Ақымақ әрқашан да ақымақ болып қала береді. Оған зорлық жасамаймын, – деп жауап берді. Сөйтіп, кезінде Бәйкенге Көкшетауда екінші хатшылықты қимаған Рогинец өзінің қарамағында қызмет етті. Сол кезде Еркін Әуелбеков Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары болды. Барлық жұмысты Еркін атқаратын. Рогинец семіз болғандықтан ештеңеге икемі келмеді. Орыстар «Еркін бізді бір тақтай бойымен жүргізетіндей» тәртіп орнатты дейтін.

Мен қайда жүрсем де жылына өзі, кейде отбасымен бір рет келіп, амандығымызды біліп кететін. «Ақан» совхозында агроном болғанымда Бәйкен екі рет келіп қайтты. «Краснознаменка» совхозында директор болып тұрғанымда да Бакыт екеуі келіп кетті. Қасында Баян мен Нұрбике Жанғаловтар бар. Сонда олар өзіміздің бір үйіміз бар деп маған келеді. Бірде Алматыда болғанымда Бакыт Бәйкенге: – Газез неге ауылда жүр? Министрлікке жақындатпайсың ба, – деді.

– Оған мұнда істейтін шаруа жоқ. Сол Көкшетауда отырсын, – деп жауап берді Бәйкен. Сонда менің Бәйкен үшін Көкшетауда бір үй болып отырғаным керек-ау, – деп ойладым. Қазір өз басым туған ауылыма барып күсейін десем ет жақын үйім жоқ. Осыны Бәйкен алдын-ала болжаған екен.

Мен агроном болып жұмыс істеп жүргенде Мельник дегін ауыл шаруашылығы министрі болды. Ол егінде ешкілер мен қаздар жүр деп маған сөгіс беріп кеткен. Оны жарты жылдан соң алып тастады. Одан кейін Орталық Комитеттің хатшысы болды. Осы жолы да егін ішнен құлынды биені көріп, келе сала мені қолға алды. Мен де өз уәжімді айттым. Екеуіміз айғайласып жатқанда Баян коридорға шығып кетті. Ақыры әлгі Мельник өзімді совхоз директоры етіп тағайындады. Осы жайында бірде Баян мені мақтаған болып Бәйкенге айтты. Сонда Бәйкен: – Ол да ақымақ, бұл да ақымақ. Екі ақымақ қосылған ғой, – деп жауап бергені есімде.

Бәйкен 69 жасында зейнеткерлікке шықты. Елге екі рет келді. Оның ата-анасы Сырымбет зиратында жерленген. Екеуіміз барып, олардың аруақтарына құран бағыштадық. Ол кезде Айыртау ауданын Болат Көшімбаев басқарды. «Лавров» совхозында директор болып жүрген Бокан Исенбаев деген інішегіміз бар еді. Солар қарсы алды. Сол жолы Болат Көшімбаев жұбайымен келіп, дәмдес болды.

Бірде Бәйкен туған жеріне барып келуге обкомнан машина алды. Қыс мезгілі еді. Саумалқолға жете бергенде ағаш арасына тоқтадық. Жерді сағынған ғой. Біраз жүрді. Отыра бергенде байқасам, киімі жұқа, жылы киімі жоқ екен. Денесін солай шыпықтыратын шығар деп ойладым.

Барлық ағайын-туыскандарын бірдей ұстады. Жат болып кетсе, жақын тартпаса, туыс болып жүрмесе көзі е жас та келмейді. Бұлар ешқайсысымызды жат қылған жоқ. Бәрін туыс қып, бауырына тартты. Қолынан келген көмегін жасады.

Қазір Бәйкен мен Бақыттың балаларының бәрімен араласып тұрамыз. Екі інісі бар еді. Қажнәби інісі жуырда 74 жасқа карағанда қайтыс болды. Ол саналы ғұмырын Қарағанды облысында өткізді. «Осакаровка» совхозында парторг, Нұра аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, осы ауданда атқару комитетінің төрағасы, Нұра мен Қарқаралы аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болды. Қажнәбидің жұбайы Шария осыдан үш жыл бұрын қайтқан-ды.

Айыртаудың тумасы еді. Бәйкеннің Аман елді деген кіші інісі Қарағанды қаласында тұрады. Зейнеткер.

Өмір өтіп барады. Сол өткен өміріміңнің ішінен Бәйкен, Бақытпен араласқан тұстағы өмірімің ең бір жақсы да, бақытты кезеңге балаймын. Дүниеден бәріміз де өтерміз-ау, алайда, сол дүниеден озар шақ келгенше Бәйкен мен Бақыт көкеімнен бір кетпес. Өйткені, олардың екеуі де перште жан-дар еді.

*Сапарбек ҚҰНАНБАЕВ,
Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының депутаты*

АЛАШТЫҢ САЯСЫ МОЛ БАЙТЕРЕГІ

Халқымыздың ардақ тұтқан аяулы ұлы Бәйкен Әшімұлы мен асыл жеңгеміз Бақыт Әсетқызы көз алдымызда қос аққудай жарасын, тату-тәтті тірлік кешіп, бұл жалған дүниеден жұптарын жазбай, бірінің сонынан бірі ілесе өткендіктері ел аузында сақталар аңыз боп қалмағы аян. Аққу тұмыр иелерінің осы айрықша тағдыры кімнің болсын көңілін босатпай, толанғып-тебірентпей қоймасы анық...

Бәйкен аға кең пейілмен, биік парасатымен Қазақ елінің бағына жаратылған, сая іздегенге сая, пана іздегенге пана болған алып бәйтерек бітімді, біртуар тұлға еді. Ол өмір бақи Алаш жұртына бірдей көңіл бөліп, еш алалаусыз адал қызмет етіп, Алатаудай асқақтығын айғақтап кетті. Алды кең, жүрегі жомарт ағамыздың шарапаты тиген адамдар саны қанша скендігі бір Аллаға аян.

Ұлы Шоқан, атакты Ақан сері, Орынбай, Үкілі Ыбырай дүниеге келген атакты Айыртау өңірінің қасиетті топырағынан жаралған арыс тұлға – Бәйкен ағамыздың балалық шағы елдің басына туған нешәтүрлі қиыншылықтармен қатарлас келді. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруды, отызыншы жылдардың басындағы апаршылықты басынан кешірді. Өзінің «Ел сенімі – ең қымбатың» атты кітабында ол бұл туралы былай деп еске алады:

«Асыра сілтеу науканының зардаптары біздің үйге де тиіп, бұл кезде орташа, тіпті күн көрістік қана тұрмысы бар шешем мен Қабдолла ағам бір күннің ішінде қолдағы азынаулақ малынан айрылып, қарақан бастарынан басқа дымы жоқ ұжымшаршы болып шыға келіпті.

Міне, осындай даурықпа науканның аяғы апатты ашаршылыққа әкен соқты.

Өмірдің басқа түскен қиыншылықтарына карамай, Бәйкен ағамыз он бес жасында жападан-жалғыз жаяулап Көкшетауға жетіп, сонда бір қонып, ертеніне пойызға отырып Қызылжарға тартады. Осындағы фабрика-зауыт училищесіне оқуға түсіп, оны өзінің ерекше ынта-жігерінің арқасында ойдағыдай аяқтап шығады. Ауылдағы ел-жұрт қолындағы бар малынан айрылып, аңтан қырылуға айналған шақта бағыл шешім қабылдап, шалғайдағы үлкен шаһарға жолға шығып, білім іздеген бозбаланың талабына қайран қаласың. Алланың нұры санасына сәуле шашып, жарқын болашаққа бағыл сілтен тұрған болар сонда, бәлкім... Сол бір сәуле адастырмай, Бәйкен ағамыз бұдан кейін де талмай ізденіп, бірнеше жоғары оқу орындарын бітіріп, жоғары білім алғаны мәлім. «Білекті бірді жеңеді, білімді мыңды жеңеді», демекші, ол ақыры кемел білімі мен кең пайым-парасатының арқасында Қазақ елінің қайраткер басшыларының бірі атанды. Бейнелен айтқанда, Қызылжардан княга қанат қакқан бала қыран биіктен-биікке өрлеп, аспанға шарықтап, алыстағы Алатаудың асқар шыңына қалықтап барыл қонды.

Бәйкен ағамызды Қызылжар елі айрықша қадір тұтып, ерекше мақтаныш етеді. Оның елге келген әрбір сапарында болған кездесулер жұртшылық жадынан өшпес оқиғаларға айналды. Бәйкен ағаның әр сөзінен елге, жерге деген перзенттік сүйіспеншілігі анық сезіліп тұратын. Ол асқар таудай тірегіміз, аққан дариядай терең дана ақылшымыз, сүйеншіміз еді. 2006 жылы Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 70 жыл толуына орай белгіленіп, бекітілген «Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы» атағы бірінші болып Бәйкен ағамызға берілуі қалың ел тілегі ескерілген әділ шешім еді.

Келесі 2007 жылы тамыз айында Бәйкен ағаның 90-жасқа келген мерейтойы болды. Облыс әкімі Астанада өте-

тін үлкен салтанатты жиналысқа Қызылжар елінің атынан қатысуға мені жіберді. Осы жиын елордадағы опера және балет театрында өтті. Оған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әдейілеп келіп, дүнім жұрт алдында Бәйкен Әшімұлына арнап құттықтау сөз сөйлеп, «Отан» орденімен марапаттады. Отанымыз үшін зор еңбек сіңіріп, үлкен данikka бөленген ел ардағы ағамызға лайықты құрмет көрсетілді. Бірге қуанып, бірге мерейіміз тасып отырдық. Кешке қарай той Салтанат сарайында жалғастырылып, оған Сенат төрағасы Қасымжомарт Тоқаев бастаған бір топ Парламент депутаттары қатысты. Мен де Қызылжар елі атынан сөз сөйлеп, Бәйкенді мерейтойымен құттықтап, нығына шапан жауып, облыс әкімінің құттықтау хатын табыс еттім.

Осы той өткеннен кейін Бәйкен ағамыз бен Бақыт жеңеміз туған жері – Солтүстік Қазақстанға келді. Астанада басалған той туған елінде жалғасты. Мен ол кезде облыстық маслихаттың хатшысы болып қызмет істейтінмін. Мерейтой несібін құрметтеп қарсы алу, ел аралағу жұмыстарын облыс әкімі маған тапсырды.

Әуежайда ағамыз бен жеңемізді күтіп алғаннан кейін оларды облыс әкімінің резиденциясына алып келдік. Сол арада Бәйкен ағаны өңір басшысы қабылдап, мерейтойымен құттықтады. Келесі күні Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде осы жоғары оқу орнының 70 жылдығына байланысты ғылыми-практикалық конференция өтіп жатқан болатын. Бәйкен ағамыз соған қатысып, салиқалы сөз сөйледі. Залда лық толып отырған оқытушылар, профессорлар, ғалымдар, студенттер, облыстық департаменттердің бастықтары оны зейін қойып тыңдап, зор ілтипат көрсетті. Өз сөзінде Бәйкен аға Қазақ елінің егемендік алып, қуатты мемлекет болғанын ерекше мақтанышпен атап көрсетті. Еліне, халқына, Елбасына, облыс тұрғындарына өз батасын беріп, жерлестерін бірлікке, ынтымаққа шақырып, келешекте облыстың, еліміздің бұдан да көркейе түсуін тіледі. Токсанға келсе де тұғырынан таймаған текті қарияның тамаша толғанысы ешкімді бейжай қалдырған жоқ. Бәрі де дүркірете қол соғып, қошемет көрсетті. «Қарт болсаң, Бәйкен ағадай бол!» деген ризашылық сөздерін құлағымыз шалып жатты.

Ертеңіне Бәйкеннің ұлы Оңдасын скеуміз меймандарды бастап Ғ. Мүсірепов атындағы ауданға жүріп кеттік. Оңда-

сын Бәйкенұлы – ірі ғалым, техника ғылымының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры болып жемісті қызмет атқарғанына 6 жылдан асты.

Ардагер ағамыздың туып-өскен елшiле бiздi аудан әкiмi Мараи Тасмағанбетов бастаған азаматтар қарсы алып, Бәйкен Әшiмұлының туған аулына алып жүрдi. Ауылдың жанындағы орманның баурайында оншақты киiз үй тiгiлiп, жан-жақтағы елдi мекендерден келген жасы үлкен ауыл қариялары, жастар көп жиналыпты. Олар Бәйкен ағамыз бен Бақыт жеңгемiзбен сәлемдесiп, мәре-сәре болысты. Бәйкең елдiң амандығын сұрап, ауыл ақсақалдарымен, жиналған қауыммен бiраз әңгiмелестi. Содан соң дәм берiлдi. Аудан басшылары сый-сияпатын жасап, шын жүректен құттықтады. Ал жолшыбай Саумалкөлге соққанымызда Айыртау ауданының сол кездегi әкiмi Баржаксы Төлегенов қарсы алып, қонақасы бердi. Бәйкен ағамыз Айыртау ауданында қызмет жасаған кездерiн есiне алып, әңгiмелеп отырды. Осы сапар барысында аңғардым, «Ұлық болсаң, кiшiк бол» демекшi, Бәйкен ағамыз кiммен жолығып, жүздесе де, өзiнiң қарапайымдылығын, мiнезiнiң кең де байсалдылығын, ұсақ-түйектi елемейтiн iрiлiгiн, кiшiпейiлдiлiгiн, бауырмалдығын байқатты. Әр сөзiнен ата-мекенге деген сүйiспеншiлiгi мен сағынышы, ел-жұртқа шынайы жанашырлығы сезiлiп тұрды. Сапарының аяғында бiз ағамыз бен жеңгемiздi Бурабайдағы Окжетпес санаторийiне апарып орналастырдық. Бұл жерде олар он күндей дем алып, Алматыға аман-есен қайтты.

Мен он жылдай Алматыда тұрдым. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетiнде инспектор, кейiн Президент және Министрлер кабинетiнiң аппаратында бас инспектор, ауыл шаруашылығы бөлiмiнiң менеджершiсi болып қызмет атқардым. Сол кезде Бәйкен ағамызбен жиi кездесiп, ел туралы көп әңгiмелесушi едiк. Бәйкеңмен құрған әрбiр сұхбат өй-орiсiңдi кеңейтiп, өмiрге, айналадағы адамдарға көзқарасыңды өзгертетiн, жаныңа асқак рух беретiн нағыз даналық сабақтарындай әсер қалдыратын. Ардақты ағамыз тiн басып келе жатқан iндерiнiң бiрiне балап, бауырына тартқан соң, Бәйкен Әшiмұлының шаңырағын өзiмiздiң бiр үл-

кен үйіміздей көріп, кәстер тұтып, отбасымызбен араласып тұрдық. Біздің шаңырақтағы той-думандарда олар ең құрметті қонағымыз болушы еді.

Бәйкен аға кешегі сұраныл Ұлы Отан соғысына қатысып, елін, жерін фашист басқыншыларынан қорғап, қаһармандық танытқан қазақ жауын ерлерінің бірі болды. Майдаңда көрсеткен ерліктері ескерусіз қалған жоқ.

Бәйкен Әшімұлы Ұлы Отан соғысында жасаған ерлігін елге оралған соң бейбіт өмірде жалғастырып, Қазақстанның дамып-өркендеуі жолында ерен еңбек үлгісін көрсетті, Социалистік Еңбек Ері атанды.

Бәйкен ағамыз – еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысында бастап, республикамызда көптеген басшылық қызметтер атқарып, туған еліне орасан зор еңбек сіңірген аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан, ол тек қызылжарлықтардың ғана емес, бүкіл халқымыздың мақтанышы болған арысы, Алаштың саясы мол, алып бәйтерегі еді.

Бәйкен Әшімұлы мен Бақыт Әсетқызынан қатар айырылған қаралы күндері олардың туған өңірі Қызылжар түтел күніреніп, Айыртауымыз басына қара бұлт жамылып, ерке Есіліміз егіле жылап жатқандай күй кештік. Олардың өнетелі өмірі, бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен сыйластығы ел ауында аңыз болып қалары хақ.

Мақтай САҒДИЕВ

МЕКТЕБІ – ӨМІР, ҮСТАЗЫ – ХАЛЫҚ

Алдыңғы толқынның арасында айрықша жақсы көретін ағаларымның бірегейін Бәйкен Әшімұлы еді. Еліміздің түйдек-түйдек керуендердей жылжып өткен бір ғасырға жуық тарихының көшелі куәгері еді ол. «Асылды тот баспас» дегендей, қашанда тау қозғалса қозғалмас сабырлы қалпынан айнымай, қорғасындай салмақты мінезін сақтап отті. Маңғаз дамыым еді. Қандайлық биік мансаптарда арына кір шалдырмады, әділдік пен парасаттан таймады, халқының алдында жүзі жарқын болды. Ел сенмін ең қымбатына балаған ерен тұлға, ерекше болмыс. Замандас-тұрғыластар ішінде алаш-

ғын ең сыйлы да қазірменді, батагөй абыз ақсақалы биігіне көтерілген де осы кісі еді десек, артық айтқанымыз емес.

Алты айлығында әкеден айрылып қалған ол кейін шыққан биіктеріне тек өз еңбегімен, жүректе маздаған отымен, бойда балқыған қайрат-жігерімен, таудай талабымен жетті.

Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданында ауылшаруашылық техникумы бар екен, сол бір қиын заманда қилықилы өткелектерден отып келіп, жас Бәйкен 1936 жылы соған оқуға түседі. Міне, менің әкем Рамазанның Бәйкенді біліп, құрмет тұтып, сыйлауы сол кездерден басталған екен. Олай болатыны, қиыншылық жылдардан кейін жасөспірім балаң жігіт Бәйкен менің туған жерім – солтүстік өңірдегі жаңағы техникумды бітірерде, аудандық комсомол комитетінде саяси оқу бөлімінің меңгерушісі де болып қызмет істеп жүреді. Сол кезде біздің әкей «Оңдіріс» колхозы басқармасының төрағасы екен. Жас комсомол қызметкері ауыл-ауылда саяси оқу ұйымдастырып, колхоздарды велосипедтен аралайды екен. Сондай ұқыпты. Сондай сыпайы, мәдениетті. Көздері отты да ойлы, бойында шым-шымдап жігер қайнаған бозбала жігітті әкей ұнатып қалады да, ұмытпайды. Кейін Бәйкен Әшімұлы Министрлер Кеңесінің төрағасы болғанда қуанып, үлгіге алып, «Әне, таланты ерте нұр жауар деген осы» деп, бізге оның жастайынан қиындықта ысылып, өмір мектебінде шыңдалғанын мысал қылып айтушы еді.

Менің ол кісімен жақын танысып білісуім де, адамдық шын ниетпен ұғысуым да ол Министрлер Кеңесінің төрағасы болған жылдармен тұспа-тұс келді. Алғаш министр болып Алматыға келген шағымда Бәйкен Әшімұлы қабылдады. Мені бұрын да білуші еді, осы жолы тиянақты әңгімелесіп, жақынырақ танысты. Мен үшін жана кіріскелі отырған тосын салалар – Министрлер Кеңесі құрылымының, жалпы министрліктің жұмыс ерекшеліктерін сипаттап түсіндірді. Республиканың балық шаруашылығы – қоры орасан мол, азық-түліктің, ел ырыздығының тұнба табиғи көзі екендігін баса айтып, осы саланы одан әрмен қарай ілгері бастырып, ұтымды дамыту қажеттігіне тоқталды. Өзі менің де арызымды мұқият тыңдап, жағдайға қаныққаннан кейін Қаржы министрі Рымбек Байсейітовке арнайы тапсырма берді. Министрлер Кеңесінің келесі мәжілісінде осы орайда дербес нәрмен

кабылданып, Бәйкен Әшімұлы үкімет мүшелеріне бұл мәселенің маңыздылығын, балық байлығы еліміздегі азық-түлік бағдарламасын орындауға үлкен демесін болатындығын айта келіп, Госснабты, Госпланды, басқа да ведомстволарды біздің министрлікке сөйтесуге міндеттеді. Ең сүйініштісі, республиканың балық шаруашылығын дамытуға жыл сайын 2 миллион сом қаражат бөліп тұруға шешім қабылданды. Ал Одақтың Мәскеудегі жоғары тұрған министрлігінің бізге жылма-жыл бөлетін қаржысы 280–320 мың сом көлемінде ғана болып келген екен. Әрине, мұндай аз қаражатпен менің балық шаруашылығының көсетесін көгертпесімді Совмин төрағасы бірден біліп, қолды қорамсаққа мольнап салып, қомақты көмек көрсеткенде батылдық танытқаны айдан анық еді. Содан кейінгі жұмыс бабында жылдар жайымен жылжып отір жатса да, әр уақытта Бәйкектің қамқорлығын көріп те, сырттай алыстан сезініп те жүретін болдым.

Әлбетте, Қазақстан сынды алып республиканың үкімет басшысы болып абыройлы қызмет атқару оңай дүние емес, әркімнің қолынан келе бермейді. Бәйкен Әшімұлының күнделікті жұмыс машығы мен қолтаңбасында герең тиянақтылық пен ұстамдылық, біліктілік ерекше орын алды. Кімге де болсын айтқан сөзін өткізе білді, дабыра мен даурығу, дауыс қотеру, үстел ұру оған жат еді, әсте бір қалнынан айнымай, ұлықпен де, кішімен де бірдей сойлесті. «Мен үкіметтің төрағасымын» деп ешқашан менменсімеді, кеудесін қотермеді, табиғи қарапайымдылығын сақтап, қазақша айтқанда, өзін ханмен де, қарамен де тең ұстады. Осындай адамгершіл мінездері, алды кен ақыл-парасаты үшін барлық министрлер ол кісіні қатты сыйлап, жақсы көрді, ал мен өз басым оны ақырғы деміне дейін пір гүтын өгітім. Асыл ағаға деген құрметім ол кісінің көзі жоқта бұрынғыдан да арта гүскендей.

Менің аңғаруымша, Бәйкен Әшімұлы жұмыс барысында қандай қиын мәселені де тиянақты зерттеп, терен шұғылданып, орта жолда қалдырмай шешетін. Сонымен қатар Орталықта Қазақстанның дамуына байланысты жоспар-жобалар қаралғанда республика мүддесін білгір білктілікпен қорғап, батыл ұсыныстар айтып, өткізе білді. Мәскеудегі билік басындағылардың ешқайсына жалнылдаған жері де бол-

ған емес. Азаматтық ар-намысы мен адамдық қадыр-қасиетін әрдайым жоғары ұстады. 16 жыл бойы КСРО Министрлер Кеңесін басқарған Алексей Николаевич Косыгин сынды тұлама маңғаздарға өзін сыйлатқызып, арқашаны оң қабағына не болды. Одақ тарапынан осындай оң кабак туғызған Бәйкен Әшімұлының жеке беделінің арқасында Қазақстанға қаншама жақсылықтар жасалғанын қазір скини бірі біле де бермейді және оның бәрін жіпке тізіп айтып шығу мүмкін де емес, әрі қажетсіз де болар. Тек айтарымыз: Косыгиндей кеменгер Бәйкен Әшімұлын тектен-тек сыйламаған шығар.

Жетпісінші-сексенінші жылдар Қазақстанның көп салалы индустриясы мен ауыл шаруашылық өндірісінің аршындап ілгері басқан кезең болды. Республика өзінің экономикалық қуаты мен ұлттық байлығы жағынан Ресей Федерациясы мен Украинадан кейінгі үшінші орынды тұрақты түрде тапжылтпай басып тұрды. Бір-бірін толықтыра, жарасымды үйлескен Қонаев-Әшімов тандемі басшылық еткен осынау жылдар шын мәнінде Қазақстанның да жұлдызды жылдарына айналды. Үкімет басындағы мәртебелі қызметке келген алғашқы күннен бастап өзіне Димаш Ахметұлы сынды біртуар кеменгер адамның зор қамқорлық, ілтипат білдіретінін, жұмыста күнделікті көмек көрсетіп, жаңа жағдайға төселіп кетуіне барынша жәрдемдескенін Бәйкен Әшімұлы үнемі алғыс сезіммен еске алып айтып отырушы еді. Расында да Димекең екеуі – халқымыздың екі асыл перзенті – әрдайым сыйласып, ынтымақтасып, жемісті жұмыс істегеніне күллі Қазақстан жұртшылығы куә. Үлкен жүректердің осындай ізгі түсіністігінен бастау алған Орталық Комитет пен Үкімет арасындағы үйлесімді қызмет, әлбетте, республикадағы іскерлік ахуалын қалыптастыруға игі әсерін тигізгені анық. Жасыратын несі бар, осы екі толағай тұлғаның арасына оғ жағып, шын жүргіргісі келген әрекеттер де болған. Бірақ Қонаев пен Әшімов сынды биік парасат иелері қолденең күнкілдерден, ұсақ пендешіліктен жоғары тұрды. Бәйкен Әшімұлы Димекеңнің алдында да арын әруақыт таза сақтады. Міне, осылайша, данышпан Абай айтқандай, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» кең мінезді кеменгер азамат үлкен парасатының арқасында туган халқының, ұлтының ұлы бола да білді, оның мұн-мұқтажын қорғап, арқалатқан аманатын адал

орындады. 1977 жылы алпысқа келуіне байланысты Социалистік Еңбек Ері деген атақ алып, омырауына абыройдың Алтын Жұлдызын тақты. Бұл — елдегі республика Министрлер Кеңесі Төрағаларының еңбегін мұншалықты жоғары бағалаған бірінші оқиға еді.

Соған қарамастан кейбір бастықтарша халық үшін еңбек еттім деп міндетсініп, кеуде соғып даурыққан жері болған емес. Себебі, Бәйкен Әшімұлы биік мәдениеттің, бекзат тәрбиенің, рухани кәусар тазалықтың адамы еді; оның сабақ алған мектебі — өмір, ұстазы — халық болатын.

Екесеннің жылдардың ортасында мен Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым. Жана жауапты қызметті бастағаннан кейін мені бұл кезде Жоғарғы Кеңестің төрағасы болып тұрған Бәйкен Әшімұлы қабылдады. Бәйкеннің туған елі Көкшетау ғой, ел мен жердің өзіне белгілі ерекшелігін айтып, Көкшетаудың үлкен мүмкіншіліктері мен зор келешегін сипаттай келе, менің қызмет сатысындағы кезекті биікке қуанып, тілектестігін білдіріп еді.

Бәйкен ағамен соңғы күннен дейін дерлік сыйлас, сырлас, пікірлес болдық. 68-інде зейнетке шығып еді, содан кейінгі құдайдың берген тұмырында, күні кеше тоқсан үш жасқа қараған шағында дүниеден өткенге дейін оған деген халық сүйіспеншілігі мен ықыласы бір мысқал кеміген жоқ, ағ үстіндегі, іс басындағы жөн билер азаматтардың қай-қайсысы да ақыл-кеңес сұрап, алдында ағалап құрақ ұшып тұрды. Ал енді осы Бәйкеннің ұлағатты шаңырағында алпыс төрт жыл жан жары болған, құдай қосқан қосағы Бақыт жеңгеміздің алатын орны ерекше еді. Сүйкімді де сүйікті Бақыт жеңгеміз дегенде Бәйкен ағамыздың да шығарда жаны басқа болатын. Жеңгеміз әрдайым осынау қасиетті отбасының қыдыры, аналардың анасы, немере-шөберелердің әзіз әжесі, сыйластықтың жібек жібі сияқты болып, жайдары, жадыра көңілін, мөлдіреген қаза жүретінің күншуағымен айнала-аумағын аялап өтті. Тірілік түйткілдерінің бәрін орын-орнына келтіріп, қабақ шытыс пен кірбіңге ешқашан ешбір саңылау қалдырмай, жұрттың барлығын бауырластырып, ағаның тұмаған жолдастарының өзін туғаннан артық сыйлап, ағайын мен туыстың арасында күнделікті сыйластықтың дәрежесін көтеріп, дәнекері болып, біреудің қуанышын, ен-

ді біреудің ренішін бөлісіп тілекші әзиз ана болып жүретін де осы біздің асыл аяулы жеңгеміз Бақыт Әсетқызы болатын. Бәйкен аға екеуінің осы берекелі бейілі, кен мінездерінің шапағатын біздер де көріп, мерейленіп, осы бір асыл адамдармен кездескен сайын ерекше қуанып жүретінбіз. Құдай ниеттің ақтығына да береді ғой, қыдыр дарыған бұл ырысты шаңырақты баянды бақыт сәулесі мәңгілік аймалай беретіндігіне көңіліміз әлі де сенеді.

Зейнеткерлігіне, жасының ұлғайғанына карамастан Бәйкен Әшімұлы егеменді еліміздің саяси-әлеуметтік өміріне белсенді араласып, Елбасы алға қойған мақсат-міндеттердің орындалуына бай тәжірибесімен, көкірегіндегі даналық қазынасымен үйтқы бола билді, әруақыт жан сүйсіндіретін жақсы істердің басына көрінді. Таяу тарихымыздағы қазақ мемлекеттілігінің аса жарқын тұлғаларының бірі, абыз ақсақал ел тәуелсіздігінің бас тілеуқорына айналып еді. Қазақ елі, тәуелсіз Қазақстан сенімді қолда деп есептеп, соған қуанды. Президент сайлауында айқын басымдықпен жеңіп шыққан Нұрсұлтан иісіне елдің ардагер ақсақалдары атынан ақ бата берген де Бәйкен Әшімұлы еді. Батағой абыз сонда да ең әуелі елдің амандығын, халқымыздың бірлік-берекесін тілеген болатын. Ана бір жылы менің жетпіс бес жылдық мерейтойымда сөз алған Бәйкен аға: «Бұрын «Айһай, жиырма бес!» деуші едік. Ал қазір сексен жетпіс келіп тұрған жасымда мына Мақтай иімінің тұрпатына қарап тұрып мен енді

«Айһай, жетпіс бес!» дегім келеді» деп әдемі әзілімен жүртты мәре-сәре бір рахағтандыра күлдіріп еді. Сонда аузына құдай салғандай, Бәйкен аға өзінің айһай тоқсанын Елбасының қатысуымен бүкіл елімізбен бірге тойлаған болатын. Сөйтіп еркелететін асыл аға, ағаның серігі болған аяулы жеңгеміз бүгінде жоқ. Екеуі де бір мезгілде, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын қос аққудай болып, араларына екі апта ғана салып осы қыста, қаңтардың соны мен ақпанның басында бақи сапарына аттанып кетті.

Әуелі асыл жеңгеміз Бақыт Әсетқызының алыстағы Израиль елінде дүние салғанын естігенде көңілім құлазып, жүрегім жүдеп сала бергені әлі есімде. Өзім сырқаттанып жүрсем де, Астанада байыз тауып отыра алмай, академик Кенжеғали Сағадиев екеуміз орны толмас ауыр қаза үстінде әз

ағаның қасынан табылайық деп жексенбінің кешінде сонда Алматыға шұғыл жетел едік. Елдің елдігі осындайда танылады-ау, сол кеште нешеме теңіздің ар жағынан арнайы ұшақпен кимас жанның мәйіті де келіп жеткен.

Сонын алдында, бір жарым ай бұрын, науқасы мендеген Бакыт Әсетқызының көңілін сұрауға Алматыға әдеілеп келіп кеткем. Палатасына кіріп, көрісуге дәрігерлер рұқсат етпеген. Бәйкен аға қапталдағы бөлмеде, күндіз-түні қасында екен. Жақын жанға деген жұмсақ жүрегінің жанашыр мейірімінің өзін үлкен ұлагатқа балап едім сонда. Ағаға жан серігінен айрылу қиын тиді. Шынында да Бакыт Әсетқызы ердің серігі, елдің анасы бола білді. Ол кісіні Алексей Косыгин, Дінмұхаммед Қонаев сияқты ел ағалары, Олжас Сүлейменовтей саңлақ ақынымыз, жалпы зиялы қауым түгелдей құрмет тұтын сыйлады. Бәкең зейнеткерлікке шыққан уақыттардан бері де қос аккумуляр жарасқан қадірменді қосақ, жарасты жұп егемен елдің алақанында, құрмет төрінде болып еді. Айнара ана, Домалақ ене тектес онеге шашып өткен осынау асыл ананың да арманы болмас деп білемін.

Ал енді Бакыт Әсетқызы жетсеміз өмірден өткеннен кейінгі күндердің он бойында Бәйкен ағаның қоңілі қаяулы болды. Астанадан телефон шалып хабарласып тұрдым. Сырттай сабырын сақтағанымен, аяулы асылынан айрылғаннан соңғы жерде ол сыңар аккумуляр мұңлық халін кешті. Тілектес жақын жандар – біз де Бәкеңнің сол кимастық күйін, жан серігіне шексіз адалдығын түсініп едік. Ауыр қаза үстінде мен: «Болғаныа болағтай боларыңа сенемін, қадірменді Бәке!» деп жұбату сөзін айтсам да, қайырылмас дәуренге тоқтау сала алмас дәрменсіздігімді түсінгендей едім. Сөйтін қайырымсыз ажал Алаштын бір абызы – Бәйкен Әшімұлын да әкетіп тынып еді.

Қайғы үстінде қасында болғанымызда: «Енді Бакытым жоқ қой. Ойпырмай, Бакытсыз күнім қалай болады?» дегенді жиі айтқан-ды. Олай-пұлай боларын болжалдап айта да, өзі оған онша мән бермей, аузынан ел-жұртым аман болсын, азаматтар аман болсын, кейінгі жастар, желкіден өскен ұрпақ аман болсын деген өсиетті сөздер, ақ тілекті қасиетті сөздер қобірек шыққан болатын. Осынау алып тұлғаның өмірден өтуімен бірге біз жетпіс-сексен жылдық тұтас дәуірмен

қошғасқандаймыз. Кеңестік деп аталатын үлкен дәуірдің соңғы ұлы қайраткері болды ол кісі. Брежнев, Косыгин, Қонаев сынды аса қорнекті мемлекет қайраткерлерімен терезесін тең ұстады, тең сөйлесті. Бәкеннің кереметтігі мен кеменгерлігі сонда, ол алдыңғы дәуірдің тұлғалы, тұрпатты қайраткерлерінің соңғы тұяғы болып қана қоймай, тәуелсіз елінің бүгінгі өрлеген, өркендеген, өрге басқан өмірін де көріп, соған күнбе-күн қуанып, тілекшісі болып отырды. Елі-жұртын алдағы жарқын болашағына, жаңа ғасырдың беліне, Еуропаның төріне қарай асырып салды. Елбасымыз ақ батасын беріп тұрып айтқан: «Ел аман болсын, ел бағына туған Ер аман болсын» деген абыздың аузынан ғана шығар даналық өсиет сөздерін елі ұмытпанды. Сөзін ұмытпаса, тағлымын ұмытпаса, туған халқы, бүкіл Қазақ елі Бәйкен Әшімұлының өзі де ұмытпай, мәңгілік есінде сақтап, ардақ тұтады деп білеміз.

*Ережел МАМБЕТҚАЗИЕВ,
Президент Казахстачско-
Американского свободного университета,
академик НАН РК*

ОТЧИЗНА, ПОКЛОНИСЬ ДОСТОИНСТВУ И ЧЕСТИ!

Чем чаще сталкиваешься в современной жизни с неблагоприятными проявлениями власти и мущих, тем острее испытываешь потребность в «очищении души» на примерах высокой нравственности. При этом память невольно возвращает к ярким личностям, чье незапятнанное имя служит для тебя подлинным эталоном чести, вызывая искреннее и трепетное почтение.

Сегодня, когда у тебя за плечами — значительный жизненный и профессиональный путь и ты знаешь истинную цену человеческого достоинства, с благодарностью в сердце вспоминаешь эти имена. За то, что они были в твоей жизни. За то, что даже в самых сложных ситуациях поворотов твоей судьбы они служили живым примером высокой порядочности.

Всю свою сознательную жизнь я искал общения с подобными людьми, интуитивно испытывая потребность в приобщении к критериям подлинной человеческой культуры, воплощенной в конкретных личностях. Безмерно дорожу тем, что судьба подарила мне такие встречи. Уверен, что во многих моих достижениях, реализованных инновациях есть ответ их таланта быть Человеком, достойным гражданином.

Байкен Ашимов. Я очень сожалею, что не был близко знаком с ним. Но даже отдельных эпизодов общения, восприятия «со стороны» его безукоризненного профессионального «почерка» крупного государственного деятеля мне хватило, чтобы нести по жизни мое глубочайшее уважение к его бесценным качествам.

Период Войны. Развитие Казахстана в условиях бывшего Союза. Переход к рыночному хозяйству. Все эти эпохи он прошёл с честью, никогда не изменяя своим жизненным принципам. Его титанический труд оставлял за собой созидание во имя людей. Именно в этот период шагнули вперед образование и наука, здравоохранение и культура. Экономический потенциал страны прирастал новыми предприятиями, колхозами и совхозами, создавались новые города.

Человек-легенда. Элита. Национальное достояние казахского народа, всей республики. А кто они – элита общества? Конечно же, не те, кто получив власть, получает заодно право неограниченного пользования общественными благами, допуская несправедливое обогащение, предавая интересы простых тружеников. Не те, кто борется за личную власть, за сохранение собственных привилегий. Элита это те, кто берет на себя ответственность за судьбы соотечественников. Кто считает за честь служить Отечеству «верой и правдой». Как это делал Байкен Ашимович.

Можно только представить себе напряженность рабочих будней этого руководителя, которая была неутомимым ритмом его жизни. Просчитать каждый следующий шаг в судьбе республики, взяв ответственность прежде всего на себя. Подтягивать к госслужбе молодые кадры, способные быть полезными стране, обеспечить прорыв в будущее. Искать одаренных, независимо от их национальности, родственных или дружеских связей с «сильными мира сего». Не допуская в составе Правительства людей случайных. Находить общий язык с любым

поколением, понять и чиновника, и ученого, рядового труженника и маститого производственника. Не проявляя при этом никаких властных, авторитарных амбиций. Оставаться сдержанным, разумным, осторожным. Самоотверженно, с полной отдачей сил трудиться и требовать этого от других. Все это неимоверно сложно, этого очень много для одного человека, даже такого неординарного. Но мудрая Земля рождает порой такие уникальные личности, возлагая на них особую миссию — поддерживать нравственное здоровье нации. Чтобы великую историю страны делали люди «с чистыми руками», сохраняя человеческое лицо. И хочется молить Аллаха, чтобы он даровал им долгую жизнь. Чтобы как можно больше соотечественников, молодежи успели приемотреться, прислушаться к величию их сущности. Но, к сожалению, они неизбежно уходят. Зачастую с тревогой в душе. Я знаю, как, даже будучи на заслуженном отдыхе, Байкен Ашимович переживал, какой болью в его сердце отзывались факты сегодняшней коррупции, алчности, допуска к власти незаслуженных людей, которые заканчивают свою карьеру унижительным бегством от правосудия Родины. Потому что всю свою жизнь он посвятил родному Казахстану. Он гордился им, мечтал о процветании страны. И уходя, он оставил нам в наследство надежду на преемственность непреходящей ценности — честного служения людям.

Бахыт Асетовна. Любимая супруга, верная спутница человека, полностью принадлежавшего большому государственному делу. Хочется выразить не только глубочайшее почтение, но и искреннее восхищение. Её редким талантом Женщины, жены, способной быть источником душевного равновесия, внутренней силы и уверенности такой личности, как Байкен Ашимович. Сохраняя безграничное терпение, понимание, пронизанное любовью, возвеличивая перед подрастающими детьми авторитет отца, она возвеличивала свое женское начало и достоинство. Это и есть залог благополучия семьи, которое дает ощущение счастья. Могу только предположить, как опустел мир после ухода из жизни Бахыт Асетовны, а переполнившая сердце утрата ускорила угасание лет легендарного и сильного Байкена Ашимовича.

Почти девятнадцать лет республика живет в условиях суверенитета. Без преувеличения могу утверждать, что самые глубинные истоки независимости моей страны — в её достой-

ных лидерах. Именно независимость была органически присуща одному из них – талантливому политику, государственному деятелю Байкёну Ашимову. Независимость от сложностей каждой новой эпохи: он преодолевал их своим трудом. От мнимых авторитетов: отстаивая интересы государства на любом уровне, он не оглядывался на чины и звания. Совсем не случайно его уважали в Кремле, проявлял доверие и поддержку его союзный премьер А. Косыгин, открывая «зеленый свет» казахстанскому лидеру при решении самых сложных вопросов. Независимость от врагов. Как у любой неординарной, сильной личности, их у него, несомненно, было немало. Наверняка, не раз он наталкивался на стену неприятия, даже открытой враждебности. И это естественно. Кто-то отчаянно завидовал его авторитету, кто-то успехам. Я на себе испытал, сколько самообладания, самодостаточности, мудрости требуется от тебя в подобном единоборстве, чтобы обезоружить такое противостояние. Я хорошо прочувствовал это на своем профессиональном пути ученого, организатора образования, прошедшего путь от ассистента до академика ИАН РК, ректора, министра, депутата Верховного Совета. И чем выше человек поднимается, тем больше у него явных недоброжелателей.

Но существует интересная закономерность: враги втайне даже от себя оценивают твой потенциал вполне объективно, но принять и признать его не могут. Зачастую побаиваясь силы ума и таланта, с которой трудно не считаться. Только время расставляет свои разумные акценты и восстанавливает истину.

Сегодня, осмысливая прошлое, понимаешь, что развал Союза застал его республики на разном уровне экономической состоятельности. Казахстан по темпам развития занимал тогда третье место после России и Украины. Значит, действительно сильны были его лидеры, обеспечившие столь надежный фундамент объективной независимости страны. Значит, чисты были их помыслы в преданном служении интересам родной республики. И сегодняшний авторитет Казахстана в мировом сообществе, уверенное развитие к стабильности и процветанию – это великое наследие высочайшего профессионализма, порядочности и истинной гражданственности таких талантливых сынов моего народа, как Байкен Ашимов.

Отчизна, поклонись его достоинству и чести!

Б. ТУРГАРАЕВ,

*Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген заңгері-құрметті судьясы,
заң ғылымының докторы*

ХАЛҚЫНЫҢ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ

Мен Бәйкен ағамен сөнау тоқсаныншы жылдардын бас кезинде, еліміз егемендік алып, тәуелсіздігіміз тәй-тәй тұра бастағанда жақып таныстым.

Бәйкен Ошмовті, қалып ел қазақ жұрты сияқты, еліміздің үкіметін басқарғанын көп қатарлы білетін едім.

Ал жақып таныстығым Сарыағаш демалыс шипажайында ол кісі демалып жатқанда кездесуден басталды. Жанға шипа, дертке дәрі қасиетті Сарыағаш суын ішіп, оңтүстіктің ықыласын көріп, халқымыздың қасиетті дәстүрін сақтап отырған өлкеде демалып қайту бір танибет көп.

Мен ол кезде Оңтүстік Қазақстан облыстық соғының төрағасы қызметінде едім. Демалысқа ел ағасы Бәйкен аға, тағы басқалар келіп жатыр дегенді естіген соң, үлкен кісіге сәлем берейін деп «Арман» санаторийіна арнаны бардым. Келіп, жайлы бөлмеде жан жары Бакыт апаймен екеуі отырғанда бөлмесіне рұқсат сұрап кіріп, сәлем беріп, өзімді таныстырдым. Ол кісі сол жерде демалып жатқан халқымыздың қадірлі азаматтары ерлі-зайыпты қос академик Серік Қирабаев пен Әлия Бейсенқызын шақырып, бірге ас шілді. Отырыс үстінде өзінің сабырлы, баяу сөйлейтін қалпын сақтап, елдің жайын, халықтың тұрмыс-тіршілігін, менің жеке бас жұмысымды сұрап, екі-үш сағат отырыста біраз мәтлұмағ алмасқандай болды.

Жақсыменен жанасып жүретін, жасы үлкеннің ақыл-кеңесін тыңдан жүретін мінезіме сүйеніп, сол кезден бастап Банкен ағадан қарым-қатынасымды үзбедім.

Жиырма жылға жуық уақыт ішінде талап жерде дастарқандас болдық. Оғаша отырыстарда сырлас-сыйластығымыздың арқасында көп мәселелерде оң бөлісіп, пікір билдірісіп, ұғысқан көңілмен сыр тарқатып жүрдік.

Бәйкен аға өзі айтып бергендей, балалық және жастық шағының ауыр болғанын, соған карамай, өзінің білімге, ен-

бекке деген талпынысын тоқтатпай, қиындыққа шыдап, өмірдің ауыр соқпақтарынан, соғыстың ауыртпалығын арқалап, өмірге деген құштарлығын жоғалтпағанын, сондай талпыныстың арқасында көп нәрсеге қол жеткізгенін айтып отырушы еді. Әсіресе, еліміздің егемендік алғанын өте бір қуанышпен айтып және елді Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген, іскер, талантты азаматтың басқарғанына, еліміздің қол жеткен табыстарына қуанышпен қарайтын. Өзі үкімет басқарған кезеңде барынша әділ болуға, таза болуға, халыққа қалтқысыз қызмет етуге ұмтылыс жасағанын, сол еңбектерінің босқа кетпегенін, мемлекет тарапынан дұрыс баға берілгенін, абырой-атаққа ие болғанын айтып отыратын.

Қазіргі жастар да еңбек ете білсе, бар жағдай жасалғанын, бақытты көктем тілемей керек екенін, еткен еңбектен тілеу керек екенін, өзі өмір сүрген кезеңмен салыстырып, нағыз бақытты заманға сай келген балалар бақытты болсын деп отыратын.

Еліміздің астанасы Астана қаласы болғанына, оның жарып, жаңырығанына қуаныш сезімімен қарайтын.

Әлі-ақ, біздің еліміз әлемнің экономикасы дамыған, халқының тұрмыс тіршілігі жоғары дәрежеге жеткен елдермен теңестіне кәміл сенім білдіретін.

«Ел тыныштығы — біздің жарқын болашағымыздың кепілі» деп отыратын. Сол кісінің осы тілек-болжамдары күннен-күнге шындыққа айналып, көрініс тауып келе жатқанын байқап, ұлтымыздың нағыз кеменгер басшысы болғанына нық сеніммен қарайтынмын.

Бәйкен аға жасы үлкен жай ақсақал ғана емес, халқымыздың бар жақсы асыл қасиетін бойына сіңірген, ойы озық, көкіреті кең, көреген, қарапайым да қасиетті абыз еді. Абыз деген сөз, ұғым әркімге таңылып айтыла бермейді. О заманмен бұл заманда да кеменгер ақыл нестне, ел қамқорына, халықтың махаббатына бөленген, елді жақын мен жатқа бөлмейтін, дүниенің барлығына мейірім-шанағатпен қарайтын, еш уақытта асын-ғасымайтын, қанағат, рақымы бар жан ғана абыз деп ардақталып келген. Сондай заңменен, қағазға түскен жарлықпен бекітілмейтін, халық жүрегі мойындаған абыздар некен-саяқ болған. Соның бірі, біз өмір сүрген ортадан көргеніміз Бәйкен баба болды. Сондықтан да халық ол кісіні мәңгі ұмытпаса керек.

Елбасымыз Нұреұлтан Әбішұлы бірнеше рет ел президентінің сайлауына түсер алдында ел қариясы, ел ақсақал-абызы деп, Бәйкен ағаға тілек айтқызып, батасын алып, іске кірісетін. Бұл да болса халқымыздың үлкенді сыйлаған, үлкенді тыңдаған, ақсақал абыздан бата алу секілді жақсы дәстүрдің жалғасы болса керек.

«Қош тілегі – көл» деген жақсы ұғыммен астасып жатқан ниет бүгінде жемісін беріп, елбасы елімізді әлем жұртшылығына әйгілеп, әспеттеп таныстырып жатса, ел оны мақтан етп, марқайып қанағаттануда.

Бәйкен аға соңғы жылдары Қызылжар өңіріне жылына бір рет, кейде екі рет келіп-кетіп тұрды. Ойткені оның сүйікті ұлы Оңдасын М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарушы еді. Немерелері менен балаларын қоруге бір асықса, жастық шақ жалыны бойында бар бозбала шағын, қиын кезеңде отқызген өмір жолдарын еске түсіру үшін келіп тұратын. Ол кісіні жаңына жақын жүрген ін-достары үлкен қуанышпен қарсы алатын. Өр келген сайын облыс көлемінде атқарылып жатқан игі істерге, заман талабына сай салынып жатқан нұмараттарға қарап, көңілі толып, марқайып қалаатын.

Өрдайым Бақыт ана Бәйкен ағамен бірге жүретін. Жұбын жазбас аккумулядай көрінетін. Ол кісілердің жүріс-тұрысы, бір-біріне деген сыйластық сезімдері әрдайым бізге үлгі-өнеге болып көрінетін.

Бәйкен ағаның тағы бір еске алатын жақсы қасиеті – үлкенмен үлкендей, кішімен кішідей тіл табысып, реті келсе, өзінің жұмсақ мінезімен әлі де айтып, айналасына жақсы әсер беріп, көңілдендіріп оғыратын еді.

Дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеген дегендей, жақсы да жаман да өтеді. Жақсының жақсылығы халқына сіңірген еңбегімен бағаланса керек. Осы тұрғыдан алғанда, Бәйкен ағаның туған халқының алдында тұғыры бик болып тұратыны анық. Өлі айтқандай, «Ел сенімі – ең қымбатың» деуші еді. Ол де осы бір қағиданы қатаң ұстап, елнің үміті мен сенімін ақтап, халқының жадында жақсы із қалдырған, жарқырап жанған шамдай, мәңгілік өшпес Алатаудай болып есте қала береді.

ӨШПЕС ҒЫ ӘЛ ДЕ САЙРАП ЖАТЫР

Төксаннан аса жылғұмыр кешіп, тұтырынан таймай, Алаштың абызы атанған, мемлекет және қоғам қайраткері Бәйкен Әшімұлы Әшімов – ел құрметіне бөленіп, Қазақстан Үкіметін, Қазақстан Республикасы Парламентін басқару дәрежесіне дейін көтерілген азамат.

Ұлтымыздың ұлы қасиеттерін бойында сақтаған Бәйкен Әшімұлының өмірінің маңызды бір кезеңі Қарағанды облысымен тығыз байланысты. 1961 жылы ақпан айының 25-жұлдызында ол кісі Қарағандыға келді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ұсынысымен, Одақтық басқару органдарының келісімімен Бәйкен Әшімұлы Қарағанды облысы еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің сессиясында атқару комитетінің төрағасы болып сайланды.

Қарағанды облысы сол кезеңнің өзінде еліміздің ірі индустриялық, ғылыми және мәдени орталығы болатын. Мұнда бүкілодақтық мәні бар бірегей көмір бассейні, жоғары дәрежеде дамыған металлургия, химия, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, аса қуатты энергетика және құрылыс базасы, білім, кадрлар дайындау салаларының кең жүйесі шоғырланған еді. Сонымен қатар бұл кезең елдің ішкі және сыртқы саясатында СОКП Орталық Комитетінің билігін ұстап тұрған Н. Хрущевтің реформалары кезеңі болатын. Оның үстіне 1959 жылғы жаз айында Теміртау қаласында КСРО-да бұрын болып көрмеген көтерілістің әлеуметтік зардаптары әлі жойыла қоймаған еді.

Аталған жағдайларды терең түсінген тәжірибелі басшы Бәйкен Әшімұлы облысқа келгендегі алғашқы қадамын ірі өнеркәсіп орындарымен, құрылыс нысандарымен танысудан бастады. Бұл өндірістік ұжымдардағы жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларын көзбен көріп, терең танысуына, ондағы басшы кадрлармен іскерлік байланыс орнатуына жол ашты. Сонымен қатар ол кісі Қарағанды, Саран, Абай және Шахтинск қалаларының бірқатар шахтыларына түсті. Жер астында

кен қабаттарын қопарып көмір өндірушілермен тікелей жүзделу олардың жағдайымен жақын танысуға ғана мүмкіндік беріп қойған жоқ, жаңа басшының абыройын да арттыра түсті.

Бәйкен Әшімұлы облыс орталығында ғана емес, алыс-жақын демеі қара металлургия орталығы Теміртауда, түсті металлургия дамыған Балқашта, Жезқазғанда тағы басқа да өнеркәсіп орындарында тек өндірістік көрсеткіштерге ғана қол бөлмей, ғылым, білім, мәдениет, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, мектеп, балабақша мәселелерімен де жақын танысты.

Ол жылдардың тағы бір ерекшелігі Қарағанды облысында күрделі құрылыс кен етек жайған болатын. Тұрғын үйлер, оқу орындары, мәдениет, сауда ғимараттары көптеп салынып жатты. Екі үйлердегі, ертеде салынған барактардағы, көмір кендерінің үстіне орналасқан пәтерлердегі кеншілердің отбасыларын жаңа салынған енді мекендерге көшіру мықтап қолға алынады.

Осы мақсатпен Қарағандының Оңтүстік-Шығыс жағынан тұрғын үй ауданы игеріле бастады. Бүгінде ол қаланың халқы ең тығыз тұратын, үлкен ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындары, мәдениет, спорт, рухани-діни нысандары орналасқан, ерекше дамыған, сәулеттік тұрғыдан тартымды бөлігі. Оның жетпіс сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдары, қиын-қыстау заманда Бәйкен Әшімұлының тікелей басшылығымен салынғанын қарағандылықтар ризашылықпен еске алады.

1962 жылдың қараша айында Мәскеуде КОКП Орталық Комитетінің Пленумы партиялық басқаруды қайта құру туралы шешім қабылдады. 1963 жылдың басында партиялық басқару жүйесінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының ыңайына қарай екіге бөлінуіне байланысты Бәйкен Әшімұлы Қазақстан Компартиясы Қарағанды селолық обкомын басқаруға жіберілді. Облыстың басым даму бағыты өнеркәсіптік-индустриялық болғандықтан, аймақ халқының 80 пайызының қала тұрғындары екені түсінікті жағдай. Оларды азық-түлік, көкөніс, тағы басқа ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету өзекті мәселе. Облыстық атқару комитеті төрағасы ретінде ауыл мәселелеріне баса көңіл аударып жүрген азамат, енді ауылшаруашылық саласымен тікелей айналысты.

Бұл жылдары селолық обком мен облыстық атқару комитетінің назары Ақтоғай, Жезді, Жанаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Тельман аудандарын басқаруға бағытталды. Аталған аудандарда үш жүз мыңға жуық халық тұратын. Сондықтан өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық байланысын қожыратпай сақтап қалу аймақ үшін ерекше маңызды еді. Мұны терең ұғынған бірінші хатшы іске бағыл кірісті. Нәтижесінде облыстағы қалалар мен өнеркәсіп орындарының төңірегінде кеңшарларды белгілі бір шаруашылық саласына мамандандыру, атап айтқанда, оларды көкөніс, ет өндірумен, құс өсірумен айналысатын етіп арнайы өндіріске бейімдеу бағыты берік ұсталды. Және айтарлықтай ауқымды жұмыс тындырылды. Сол жылдары қалыптасқан бұл игілікті істің шапағатын бүгінгі ұрпақ та көріп келеді. Қандай кийін жағдайларда да Қарағанды облысының өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы арасындағы тығыз байланыс ешуақытта әлсіреп немесе сөгілген емес. Бүгінгі күш біз жаңа озық, заманауи техника мен технологияны пайдалана отырып, алдыңғы буын аталар салған сара жолды әрі қарай тереңдету мен дамытуды қолға алып отырмыз. Айталық, өнеркәсіп орындары, зауыттар ауылшаруашылық техникасын шығаруды, әргүрлі аспалы техникалық жабдықтар жасауды, астық қоймалары мен суару жүйелерін, паубайханалар, ауылдық, коммуналдық техника үлгілерін дайындауды қолға алуда.

Бәйкен Әшімұлы қызмет атқарған кезеңде аймақтағы үлкен нысандардың бірі – Ертіс-Қарағанды каналы тартылып, оны іске қосу жұмыстары жүзеге асырылғаны мәлім. Бұл, біріншіден, Қарағанды-Теміртау өнеркәсіп торабын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешті. Екіншіден, осы аймақта көптеген жылдар бойы тапшы болып келген аса маңызды проблема – ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасын шешуге мүмкіндік берді. Үшіншіден, каналдың екі жақ жағасындағы көптеген жерлерді суармалы егіншілікке пайдалануға жол ашты. Соның нәтижесінде канал жағасы аймақтарында сексен мың гектарға дейінгі жерлерде картоп, көкөніс, бау-бақша, ет-сүт өндіретін шаруашылықтар ұйымдастырылды. Кеңес өкіметі құлап, базар қатынастарына көшу е байланысты, онда құрылған үлкен, әлуегтті шаруашылықтар ыдырап, біраз жерлердің игерусіз қалып отырғаны белгілі. Осыны еске-

ре отырып, біз келешекте Ертіс-Қарағанды каналы өңірін суармалы шаруашылық аймағына айналдыруды жоспарлап отырмыз. Бұл, бір жағынан ағалар алдындағы парызы өтеу болса, екінші жағынан егемен Қазақстанның кәсіргі даму кезеңіндегі заман талабы, Елбасымыздың алдағы онжылдыққа белгілеген міндеттерін жүзеге асырудың нақты көрінісі.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында табиғи ықпалы тапшы Жезқазған төңірегінде Жерді бөгеті салынып, сол аймақтағы өнеркәсіп орталықтарын азық-түлікпен, көкөніспен тұрақты түрде қамтамасыз ететін суармалы шаруашылықтар құрылды. Мұның да нәтижесін кәсіргі ұрпақтар көріп, ақылды, көреген, іскер, әрқашан бүгінгі күннің тана емес, болашақты ойлайтын ағаларына әлі де алғыстарын жаудыруда.

1964 жылдың қаңтарында екі обком қайта қосылғанда Бәйкен Әшімұлы Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы болып тағы да сайланды. Қандай қызмет атқарса да, қайда, қай салада, қандай деңгейде де киішпеніл, ұстамды, іскер, нақты да кесімді талап қоятын бетінен танбаған Бәйкеннің шаруашылық, өндіріс мәселелерімен қатар, ұлттық тарих, мәдениет, әдебиет, өнер, әдет тұрып пен дәстүрге ерекше көңіл бөлетіндігін замандастары айтады. Қарағандыда жұмыс істеген жылдары Бәйкен Әшімұлы одақтық дәрежедегі басшыларды, шетелдік ресми адамдарды, республикамыздың зиялыларын қабылдап, олардың әрқайсысымен өз дәрежесінде ақыл-кеңес құрып, тиісінше ілтипат көрсетіп, өзінің де кісілік, біліктілік деңгейін, сыпайылығын, азаматтығын көрсете білген.

Бәйкен Әшімұлымен қатар қызмет етін, ол кісімен үлкенгілес болған, бүгінде арамызда аман-сау жүрген ел ағалары, құрметті ақсақалдар – яғни бұрынғы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Тиышбек Ақанұлы Ақанов, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетов, облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәлік Иманшұлы Иманшевтер өз еңбектерінде, кітаптарында, мақалаларында, әңгіме, сұхбаттарында жас ұрпаққа Бәйкен Әшімұлының еткен еңбегі, жеткен жетістігі, шыққан биігі, өнегелі өмірі туралы айтып отырады. «Ұрпақтар жалғастығын үзбей келе жатқан, ұлтымыздың ұлы қасиет-

терін бойларында сақтаған қарияларымызға деген құрмет пен қамқорлық ешқашан толастамауы қажет». Елбасымыздың осы сөзін басшылыққа ала отырып, біз ағалардың, әкелердің, аталардың ерлік еңбегін ешуақытта ұмытпаймыз, оларға арқашан сый-құрметіміз дайын. Біздің аймақта жемісті қызмет етіп, жақсы бастамалардың басы-қасында болып, өнегелі із қалдырған құрметті Бәйкен Әшімұлы Әшімовтің жарқын бейнесі қарағандылықтар жүрегіннен ұзақ орын алады.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

АРДАҚТЫ АБЫЗ АҚСАҚАЛ

*«Дос жоқта досым бар деп адаспағын,
Олсең де жаумен ауыз жаласпағын,
Дәметтей ертеңгіден,
бүгіндегі
Тірліктің жалаң қабат тап астарын» —*

деген екен данышпан Омар Хәйям бір тамаша рубайында.

Қазақтың біртуар асыл ұлы, елім деп еніреп туған ер тұңғалы қадірменді перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Кеңес өкіметі кезінде Еңбек Ері, тәуелсіз Қазақстанның адуынды жылдарында Абыз ақсақал атанып, «Отан» орденіне ие болған кемеңгер Бәйкен Әшімов ағамызды еске алғанда осынау дана сөздер ойға орала кетті. Таңғажайып асыл азаматтың тоқсан үш жасқа қарағанда дүниеден озғаны ел үшін неғұрлым ауыр қазаға айналса, соғұрлым оның кім екенін ұғына түсу, жас ұрпаққа ұғындыра түсу — біздің парызы. Ол өмірдің қай сатысында, қай мезгілінде жүрсе де, желіп отырған жеңіл өмір көрген жоқ, көкірегінің көзімен әр қадамын терең ойлап, «тірліктің жалаң қабат астарын» таба білді. «Досы жоқта досым бар» деп адаспады, досқа адал, дұшпанына — қатал бола біліп, парасат биігінен ешқашан түспей өтті. Ары таза адам кісілік — деген ұлағатты ұғымды өмірлік ұстанымы етті.

Балалықтың базары дегенді бір жасқа да толмай жатып сәби Бәйкен әкесінің өліміне орап алды. Сұм дүниенің та-

лай сырын ерте ұғынды. Әкелеріміз, аталарымыз айтқандай, оның әкесі Жакыпұлы Әшім ер азамат, қажырлы жігіт, сегіз қырлы, бір сырлы атанған белгілі өнерпаз кісі екен. Өзі әнші, домбырашы, ақындықтан да құр емес, күреске түссе, жамбасы жерге тимеген балуан Әшім атанып, бәйгеден сәйгүлігі де озып жүріпті. Әне, сол себепті Әшімді ел Ақан серінің шәкірті атап, өнердің өрен жүйрігі санапты. Ақанның кейінгі өзі алдына жан салмас болса, Құлагерден кейінгі алдына мал салмас жүйрік Әшімде деп Есіл-Көкше, Айыртау-Сырымбет аймағы Әшім Жакыпұлын ардақтап, атын аңызға айналдырыпты.

1917 жылы 10-тамызда туған Бәйкен Әшімұлының кіндік қаны тамған жері бұрынғы Көкшетау облысына қарасты Айыртау ауданында болса, бұл күнде ол ауылы да, ауданы да Солтүстік Қазақстан облысындағы Габит Мүсірепов ауданына жатады. Жакын ақсақал кошпенді ауылдың ортан қолды дәрежесі бар беделді де ауқаттысы саналса, Кеңес өкіметінің «ұр да жық» белсенділері «байдың әулеті» атап, ол жамандықтарының қырсығына Бәйкенді де ұрындырмай қоймады. Өмірінің алғашқы кезеңдерінде «байдың баласы» деген атакты дұшпандары қолденең тартып, үрейді алғандары соншалық, ата жұртындағы Шабакбай ауылының қасындағы Әшім атай жатқан зиратты «Тың игеру» кезіндегі егісті алқан басын кетінгі. Бұл сорақылықты Бәйкен ағайдың 80-жасқа толғандағы елге сапарында өз көзіммен көрдім. Ақ қайындар сыңсыған қалың ағаштың баурындағы кең алқаптағы егінді қызық жарып, жолдан шамасы екі шақырымдай зиратқа жол тартып, айналасып жаңа ғана қоршап бекітіп, белгі орнатқан Еркін Нұржанұлы Әуелбеков екен.

Ол кезде Ерекең «фермер» атанып, өз ауылын іскерлік қамқорлығына алдырып, мектебін, бала бақшасын жөндегіріп, балаларға кино көретін жағдай жасапты. Еркін ағай қайтыс болғанда, күні бұрын айтқан өтінішімен Алматыдан туған ауылына апарып қойдық, күн үскірік аяз болса да, мектен балаларының қосылып жылап «Еркін ата»-лап өкпендерін көргенде сай сүйегім сырқырағаны естен кетпес ғажап көрініс. Сол секілді тебіренісі мол мезет Әшім-ата әулетінің зиратын көргенде туып еді. Бір ғажабы зираттың бар белгілерін, құлапыастарын жойып жіберсе де, кезінде қа-

сиетті қоршау ретінде үйілген нар бөксе ақ тастарға «целинниктердің» тракторларының азуы батпапты, айналасы жыртылғанда, дәл ортасындағы ақ тастардың әдемі үймелері келеде жағқан ақ боталардай аман қалыпты. Көп ақ тастардың дәл ортасында жалғыз қайын жаратқанның өзі қорғап қалғандай күміс бойы, жасыл жапырағы жайқалып өсіп тұрды. Бұл да бірде қазақ ағам айтқандай: «тас балқытар жақсы ырымдай көрінді», «жақсының өзі өлсе де, ізі өлмейді» деген аталы сөз де дәлме-дәл келіп тұр. Кезінде бұл жағдайды біліп жүрсе де Бәйкен ағай мінезін тау қозғалса да қозғалмас беріктігіне салып, шыдамдылық еткені қандай мықтылық десенші. Он төрт жыл Қазақ Республикасының Үкіметін басқарып жүрсе де, баяғы «байдың баласы» деген лақантан ескенін жүрді, бірақ бір жақсылық болардай сенім жүрді. Сол жердегі егіс алқабын жарып өткен жолға қарсы ағаштың бауырында отырып молдалар дін рәсім жолымен ұзақ-ұзақ аят оқыды, жалғыз емес бес молла қатарынан оқып, енді бәріміз тұра бергенде, Бәйкен ағай қажы ақсақалға қарап: «Молдеке, тағы да бір оқып жіберіңізші» – деп іші-бауыры елжіреп толқығанын білдірді. Бәріміз де көздің жасын сүрткеніміз есімде. Бұл-дағы қазағымның тәуелсіздікке жетіп, есіп жинай бастаған бір кезеңнің айқын белгісі ғой. «Аштықты ұмытпасаң тоқ боласың» дегендей естен мәңгі кетпес көріністер ғой. Ата-бабаларының алдында бір үлкен нарызы ақталды. Шыдамдылық деген ұлы мінездің Бәйкен ағамызға біткен шексіз байлық екеніне екі көзім жете түсті. Қаншама жылдар өтсе де, «ештен кеш» дегендей көкірегіне батып жүрген ауыр жүк еріп түсіп, бойы жеңілдегендей көрінді. Бәріміз бір-бір күресндік. Бақыт жеңгей Еркін ағаға рахмет айтып күндыз бөрік, жағалы шапан жапты.

Жас Бәйкен «жалаң қабақ тірліктің» өзіне қажет астарын есі кіргені ойлай бастады. «Аша тұяқ қалмасын» деп қазақтың ең соңғы малын алған колхоздастырудың өрескел зомбылығын көрді. «Қордалы қоныс, ордалы үйлерін» тастатып, ұйыған сүттей тыныш отырған ауылын Ақмолда деген ауылға шұғыл көшіргендегі елдің зары жүрегіне ошпес белгі салды. Ал, 1931–1932 жылдарғы ашаршылықта есі әбден кірді, болашақты ойлайтын күн де туды. Асыл анасы Сақып баласына: «Қалқам, ендігі тірлік қалада, қалаға жетіп

болашағыңды ойла», деп Көкшетауға аттандырыпты. Балалар үйінің директоры, ағайыны Есбай Сүлейменовке жет деп ақыл айтыпты. Жүз слу шақырым жаяулап-жалпылап, илесіп-кабысып, кірешілерге жабысып, аштықтың нешпiк түрлi адам түршiгер түрлерiн көрiп Есбай ағайдың үйiне Көкшетауға аман жетiптi. Бiле бiлсек, зар заманның қазаққа деген ең ауыр апатын көрген бұл сапары Бәйкен ағайдың өмiрiндегi естен кетпес ауыр жол едi. Арып-ашығанын, жүдеп-шаршағанын көрген жан бiледi, ал жүрегiнiң сыздағанын ешкiмге бiлдiрмей, ойлы көздерiн жаутан еткiзiп жүре бердi. Бұл да шыдамдылықтың ең үлкен сабағы болды.

Есбай ағай Бәйкенге туралап адресiн айтып Қызылжарға поезбен аттандырыпты. Әйтсеуiр барар жерi, басар тауы белгiлi болып, Әбулайыс Жұмабаев деген ағаларының үйiне аман-есен барды, болашақты ойлатар бiр белеске жеттi. Қызылжар Бәйкен үшiн құтты қала, өйткенi ФЗУ атты мектептегi жағдай: екi сағат оқытып, төрт сағат паровоз жөндейтiн жұмысқа салады екен. Әбекеннiң жәрдемімен осы оқуға илiктi. Тәулігiне 800 грамм нан, бiр рет ыстық ас, айына бiр килограм қант берiп, кәсiби киiмдерiмен жабдықтайтыны қатты қуанғты, жатақханасы да бар екен. Араны ашылып, қаншама адамдарды гiрдей жұтып жатқан жалмауыз аштықты көрiп келген Бәйкен үшiн бұл жағдай тәуба дерлiк құты болды. Екi жыл iстеген осы жұмыс Бәйкенге үлкен өмiр мектебi iспеттес пайдасын бердi. Орыс тiлiн мұқият үйренiп алды, қала өмiрiнде көз салып, кониi тоярлық не бар, бәрiн көрiп, бiлiп алуға тырысты. Оқуды да жақсы оқып, байсалды тәртiбiмен көп орыстың балаларының арасында тiл табысып, ақылдылық танытты. Екi жылдан кейiн Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин ауданында канат жайған ауыл шаруашылық техникумына оқуға түстi. Оқуға зерек, мiнезге бай Бәйкен ел көзiне тез түстi, оқуды бiтiрер-бiтiрместе аудандық комсомол комитетiне бөлiм меңгерушiсi болып сайланды, астына велосипед тидi.

Ол кезде Комсомол келдi деп естiсе бүкiл ауыл дүрлiге дайындалатын. Бiрiншiден, қора-қопсының маңындағы қыры-соқырды құртатын, екiншiден, үйдiн iшiн тазалап, шантозаның құртып, мұнтаздай жайнағып қоятын. Үшiншiден, балалардың тазалығын тексередi деп жуындырып, тап-таза киiндiретiн. Бұл жұмыс та осал емес, абыройлы жұмыс едi.

Өзге «комсомолдай» емес Бәйкен-комсомол елге тиын-ты болып, көрген-білгенін жастарға жеткізуге тырысыпты. Ұғымтал жас Бәйкен техникумда ауыл шаруашылығының теориялық негізін барынша түсініп, іс жүзіндегі өмірге керегін аспай-саспай көріп, жақсы игеріпті. Ол кездегі техникумды бітіру дегеніңіз бұл кездегі институтты бітіргеніңдей бағаланатын. Техникумдардың бір жақсысы теориясы мен практикасы қатар игерілегін. Б. Әшімовтің ауыл шаруашылық саласындағы үлкен маман болуына бұл техникум үлкен әсер етті, осы мамандықты толығырақ игеру жолында жоғары білімге де жеткізді. Сол кезде міндетті әскерге алынды, 1941 маусым айында әскери борышын өтеп елге келді, төрт күннен кейін Ұлы Отан соғысының қауарлы шеруі басталды. Шыдамасқа не шара, тағы да әскерге аттану керек, бұл жолы жай әскер емес, ажал оғы жауған қан майданды жорығы бар әскерге аттанды. Солтүстік-Батыс, Бірінші Белоруссия майдандарында отаншыл ерлігін танытын, Смоленск қаласын босатуға қатысты. Варшаваны босатудағы шабуылда қатты жараланып, үшінші дәрежелі мүгедек болып 1945-жылы елге оралды. «Қызыл жұлдыз», екі рет «Отан соғысы» ордендерімен, «Польшаның «Красный крест» орденімен және Сталин қол қонған марапат куәлігімен, бірнеше медальдармен марапатталды.

Мен Бәйкен ағайды тым жас кезімнен білетінмін. Біз Айыртау ауданының орталығы Саумалколде (Володаровка) тұрдық. Міндетті әскерден оралғанда қасындағы Мағауия Хасенбаев, Рахмалы Бигөжин, Мұсахан Қанапиянов, Сейілхан Айдарбеков секілді достары қуаныш болісіні, біздің атайға сәлем бере келгендерін көріп едім. Қонақтар кеткеннен кейін шешем әкеме: «Сен осы жас жігіттерге үйірсін, бәрін бірдей көресін, бірақ та, ішінде бүйрегің бұрып тұратыны кім?» – деді. Қазак Кеңестік Социалистік Республикасының алғашқы Жоғарғы Кеңесінің алғашқы депутаты, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары менің әкем Салықов Айтахметті ол кезде ел қатты сыйлайтын, солардың кейбірі осы жігіттер шығар. Жігіттердің бәріне де жақсы сипаттама берді де, «маған Бәйкеннің жүрісі ұнайды» – деді. Ертенне оқуға дайындалып жүріп далаға шықсам, Бәйкен ағай кетіп бара жатыр екен. «Жүрісі ұнайды» – де-

ген әкемнің сөні есіме түсіп жүрісіне қарай қалдым. Әлем киінген, әр қаламын ойтап басып қалғандай сыпаймы басып, кетіп бара жатқан ақсары жігіттің «жүрісің» ұқпақпын. Әпкем Ермек шайға шақырды, қолымды бір-ақ сермедім, шешем «Әкең жұмысына асығып отыр ғой, кел, шаныңды иш» – деп бұйырғанда томсырайып, үнсіз сұйық көзіммен бір қарап, қолымды сүттім. Шешем «Әй, отағасы, ана балаң жылданып кетіпті, мезініп тұр» – деп. Ол кісі шошып кеткендей, маған келді де «Не боп қалды, неге тамағыңа келмейсің?» дегенде: «Тұра тұр, Бәйкен ағай кетіп бара жатыр, сен оның жүрісі ұнайды деп едің ғой, сол жүрісіне қарап тұрмын» – деп тына қалдым. Әкем бетімнен бір сүйді де, «қарап болған соң тез кел, оқушыңа қаласың ғой» – деп.

Міне, осындай қыршың жас кезімнен білетін Бәйкен ағайды көптен көре алмай жүріп, Жезқазған ақша шағанын бастығы кезімде бір көрдім. Ол кісінің облыстық атқару комитетінің төрағасы кезі. Үлкен жиналыстың арасындағы үлесте барып сәлем бергім келіп, ұялдым. Ол кісінің маңайы толған бастықтар болатын. Кейін Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кезімде бір қалалық шаруаның қажетімен бардым, сәлем бердім, мұқтажымды анып, әкелген қағазымды ұсындым. Ол кісі ақырын ғана күлімсіреп үнсіз қарап отырды да, мен тоқтағаннан кейін сөз бастап кетті. «Жолдағ хатшы, шаруа ауыр емес, шешіп беремін. Бірақ шешілмейтін бір мәселе бар – сен Салықов Айтахметтің баласы екенсің, үйдегі жеңген саған өкпелі, ол гаяғын дайындап отыр әне, содан құтылуды ойлан» – деп, келген мәселе жөнінде әңгіме қозғап кетті. Сөйтіп отырғанда, «ВЧ» телефоны шырылдаған соң Хасан Шаяхметұлы Бектұрғановпен сөйлесті. Хасекен бидайдың планы орындалды деп рапорт бергендей қуаңпақ болды-ау, деймін. Бәйкен ағай оған қосыла қуана жөнелген жоқ. «Планы орындағаның әбден дұрыс, құтты болсын, жылда орындап жүрсің ғой, бірақ қыс ортасында Қонаевқа айтып, комбикорм сұрайтыны бар, биыл ол болмайды. Беу, жігіттер, өз мал-жанларыңның қамын ойлаңдар. Жарайды, аман бол!» – деп телефонды ақырын қоя салды. Бәйкен ағай бұдан үйдің, ауылдың, ауданның ахуалын сұрап, бірсыпыра әңгімелесті. Одан кейін ресми жиналыстарда кездесіп жүрдік, дәмдес те болдық, бірақ саясат жөнінде, қызмет жөнінде әңгімеге кіріспеуші едік.

Мәскеуде Орталық партия комитетінде инспектор қызметін атқарып жүрген кезімде кездесіп жүрдік. Бәйкен ағанды бастықтарым өте қатты сыйлайтын. Бір күні тікелей бастығым Иван Васильевич Капитонов оңаша әңгіме үстінде: «Кеше теледидардан жерлесіңіз Әшімов сойледі ғой, естідіңіз бе?» — деп бастап, ЦК-ның хатшысы Қазақстан Үкіметі басшысының сөзін кен тоқталып, баға берді. Бірде, Қазақстан Орталық партия комитетінің екінші хатшысы Коркин Александр Гаврилович кабинетіме келіп, әдеттегідей елдің хабарын айтты да, «Бюроның шешімі бойынша айтып отырмын, Сіздер жайлы жазылған «анонимканыл» авторы табылды, қоңиңізге ештеңе ала көрменіз, автор мойындап жазасын тартты. Біріншіден, хатта: «Әшімов маған Еңбек ері атағын Косыгин бергізді» деген жаланы жазыпты. Өрине, Косыгиннің қатысы бар шығар, бірақ ұсынушы Қонаев, бекітуші Брежнев емес пе? Екіншіден, «Әшімов айтты» деген сөзді Жакыпов пен Салықов та бір үйде қонақта отырғанда әңгіме етіпті, делінген екен. Сізе тиіспей-ақ, Жамбыл облысының жаңа болған бірінші хатшысы Жакыповтан сұрағанымызда ол кісі: «Кәкімбек Салықовты сырттан ғана білемін, қонақта бірге болмақ түгіл, кездеспеген, таныспаған адамдармыз», деп анығын айтты, сондықтан сізді қозғамадық. Хаттың соққысы бюро мүшесі Әшімовке арналғандықтан, хат несің таптырдым. Ол кісі республикадағы өте белгілі адам болып шықты. Қай жерде, қай машинистка басып бергеніне шейін тексерушілер мұқият анықтапты. Бюрода қарапты, өтірікшіні қатты жазаладық, Әшімовке барып кешірім сұрапты. Бәйкен Әшімович кен адам ғой, «жағымпаздықтың нағыз ашық түрі емес пе, Димаш Ахметович түсінетін адам, оған сенемін, сондықтан жария етпей-ақ қояйық», деді. Біз бюрода қарап, соған тоқтадық.

Қонаев пен Әшімов бірін-бірі қолдап, бірін-бірі сыйлап келе жатқан азаматтар ғой, сол сыйластықтарының арқасында халық шаруашылығының қай саласынан болсын республика алда келеді деген пікірді екеуара қолдадық. Бірақ, әлгі сияқты «тілсіз жаулар» тоқтаған жоқ, осынау биік орынға үнсіз таласушылар да болды. Бар қазақты үшке болу де өрбиді. Құдай оңдап, Бәйкен Әшімов Қонаевтың сенімін адал ақтады. Парасаттылықтың өресін биік сақтап, осек-аян

жүргізіп Қонаевпен арасын ашпақшыларды әшкерелей жүріп, үлкен ақылдылықпен шыдап бақты. Бұл да асыл азаматтың кең мінезіне біткен шыдамдылықтың бергені. Көрегендік, байыштылық, ұстамдылық, өзіне сенім деген тамаша қасиеттер өзінің адалдығын, тазалығын, жүктелген іске беріктігін айғақтады.

Бәйкеннің шыдамдылығы әлжуаз төзімділік емес, нағыз мықтылықтан туған биік өрелі шыдамдылық. Бұл шыдамдылық Көкшетау, Қарағанды, Талдықорған облыстарында алған үлкен тәжірибенің шыдамдылығы. Әр қадамына халқы сенген кемеңгерліктің шыдамдылығы. «Жалаңқабат тірліктің астарын» таба біліп, тірлікте өзі сенген асыл мінездің шыдамдылығы.

Бәйкен ағай туралы ол кісі 85 жасқа келгенде Алматыдағы Абай атындағы Опера театрында үлкен салтанатты жиында баяндамашы болып едім, айтарымның үлкенін сонда айттым. Бәйкен аға бұл дүниеден аттанып кеткелі ой түйгенім – ол кісінің шарболаттай қорған болған мінезі шыдамдылық деп білдім. Қысқасы: өмірдің от пен суығына, дауылы мен желіне, зорлығы мен зомбылығына, арамдық пен айлакерлігіне шыдай біліп, «Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол» демекші «Бәйкен салған жаңа жолдың» иесі, Социалистік Еңбек Ері атанған ардагер ақсақал еді. Сол 85-ке келген жиындағы баяндамада «ендігі жерде Бәйкен ағайды елдің «Абыз ақсақалы» атайық, – деп ұсыныс енгізіп едім, айтқаным келді. Шынында да. Димаш Ахметұлы ағамыз бақиға аттанып кеткеннен кейінгі жерде үзентілес әріптесі, сенімді серігі Бәйкен Әшімұлы қалды. Қазақ елінің қай түпкіріне барсам да, үлкенді-кішілері Бәйкеннің атын ардақтап отыратынын көрдім. Соңғы жылдары, яғни сексеннен асып тоқсан үшке аяқ басқанша Бәйкен Әшімов Қазақстанның ең үлкен Абыз ақсақалы деген асыл атты атқарып өтті. Оған ел сенімі қуат берді. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқау етіп, өте қадірменді дәрежеде сыйлағаны қажымас күш берді. Әлі де көп жасар еді-ау, кенеттен келген себеп арамыздан алып кетті. Көз алдымыздан үлкен бір заманның соңғы есігі жабылып, бір дәуір өткендей болды. Бәйкенді соңғы сапарға аттандыру рәсімі де өте биік дәрежеде өтті.

Бұл естелік сөзімдегі негізгі мақсат – жетім қалған баланың аштықты жеңіп, тұрмыстың талай таршылығына ко-

ниң, Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау күндерін басынан кешіріп, ұлы Жеңіспен елге оралған майдангердің бүкіл қазақ сыйлаған Үкімет басшысы, ал зейнетке шыққанда Абыз ақсақал атанғанының негізгі тірегі шыдамдылық демекшіні. Ерен еңбекқорлығы, қажымас қайрат, үзілмес асыл арман жолына бастаған адалдық пен тазалық, ақыл мен парасат берген шыдамдылық деп отырмын.

Бәйкен ағайдың қажымас шыдамдылығы жетпеген жері – жалғыз жан жары Бакыт жеңгейден айырылған азалы күндерде амалсыз туды. Бакыт жеңгей ауыр наукастанып, реанимацияда жатқанда тоқсан үшке қараған абыз ақсақал сол емхананың ішінен орын алып, ауыр халде жатқан жан серігіне бес айдай күнде барып тұрды. Соның өзі шыдамдылықтың ең зор үлгісі емес пе? Ондайда бір корудің өзі-ақ мықты жүректі жараламай ма? Израильде күшті емпілік орталық бар дегенге, онда да қызы Раузамен бірге жіберіп, өзі үйде тілек тілеп отырды. Амал нешік, қайырымсыз ажал нысанасынан қайтпады. Үш пайғамбардың қадам басқан елінде Бакыт жеңгей бақпағаттан аман болды. Алматыға ардақты жан жарының, шаңырағының құты, балаларының анасы, өзінің бабын тауып ұзақ жасқа жетелеп отырған құдан берген періншесіндей серігінің мәйіті келді. Тан осындай ауырлыққа тоқсаннан асқан Бәйкен түгіл, қандай адам болса да шыдай алмас еді. 2010 жылдың 1-ақпанында түс ауар мезгілде Бәйкен ағай қағты ауырып жатқан маған телефон соқты, дауысы мықты, сөзі ширақ еді, бірақ сол күшті түн ортасында қағты қысылып, емханаға жеткізіліпті, 5-ақпанда қайтыс болыпты. Асыл ағаның бойына Жаратқан соңғы күш беріп, қоштасқандай сөйлесуі екен ғой.

*«Мықты еді, түсті тағдыр шалғысына,
Жетті ажал, Бақыт атты жан құсына.
Қырық күн өтпей жатып оқыс кетті,
Шыдамай жан жарының қайғысына» –*

деп жазған екенмін бақылдық олеңімде. Ақиқаты да солай ғой. «Тірліктің жалаң қабат» астарын ғалай ғалмауыр кезеңдерде елге аңыз болардай егін таба білді, бірақ Бакыт жеңгейден қалып, өмір сүрудің жолына шыдамдылығы жетпеді, ол де-

теніміз асыл жарына деген кимастығы, онсыз жерде бұл ғаламға синастығы деп ұқтық. «Бақытым – менің бақытым» деуші еді, бақида шырағы жанып, пейіштен орын бұйырсын. Бақытымен бақытты болсын. Асыл рухы жер бетінде еркін шарлап мәңгілікке жетсін.

Қамтабай БӨКЕТОВ,
еңбек ардагері

ҚАЙРАН БӨКЕТТЕР

*Ақыл ісі қартая біту деген,
Асыл кісі қарттығы билибеген.
Бәйкен. Бақыт өмірде сондай еді,
Қашан көрсен жайдары күлімдеген*

К. САТЫҚОВ

Бөкеттер деп отырғаным Бәйкен Әшімұлы мен Бақыт Әсетқызы Әшімовтер. Халықтың құрметіне бөленген адамдар еді. Бұлар өздерінің адамгершілігі, кішіпейілділігі, инабаттылығымен халықтың қалаулысы болып, 64 жыл бірге өмір сүріп, бірінен соң бірі о дүниелік болып кетті. Есіме жиі түсіп, көз алдымда екеуі жарасып тұрады. Өзім о дүниелік болғанша солай болатын да шығар.

Бәйкен ағамызды менің бірінші кездестіруім 1947 жылдың жазғы күрымы мезгілі еді. Нағамым Қасым Ақжолтов, совпартшколда оқып жүрген жерінде, Ленинградта блокадада қалып, Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, 1946 жылы елге оралды да Кокшетау облысы Айыртау аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет істеп жүргенінде, көп ұзамай, 1947 жылы қайтыс болды. Ол кезде қазіргідей байланыс жоқ қой, бізге хабар кешігіп келді. Тұрған жеріміздің арасы тоқсанжүз шақырымдай, бірақ Кокшетау, Солтүстік Қазақстан болып екі облысқа қарайтын. Біз анамыз екеуміз барсақ, жерлеп қойынты. Топырақ салуға үлгерер алмадық. Жетісін беруге дайындалып жатыр екен, біз жетісін тастық.

Сол үйдің шаруасына мүкият араласып, жетісіне дайындықты ұйымдастырып, өте сымбатты, байыппен сойлейтін, офицерше киінген, омырауына орден, медальдар таккан бір жігіт бәрін баскарып жүрді. Сұрағанымызда, отырғандар «бұл жігіттің аты Бәйкен, осы жердің тумасы, аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы» деп таныстырды. Бұл менің Бәйкен ағамызды бірінші рет көруім. Екінші көруім 1961 жылдың алғашқы айларында, белгілі Теміртау оқиғасынан кейін облысымыздың бірталай басшы қызметкерлері орындарынан босатылып, олардың орындарына жаңадан адамдар тағайындалып жатқан кез. Облыстық атқару комитетінің торағасы болып Бәйкен Әшімов сайланды. Көкшетау облыстық партия комитетінің екінші хатшылық қызметінен келді деп газеттерден оқыдық. Ол кісіні көргенім есімде жоқ. Қалада көп болып жататын мәжілістердің біріне катысып отырғанымда, мәжілісгі Бәйкен ағамыз баскарып, сөз сөйледі. Қарап отырсам таныс адам, бірақ қайда, қашан көргенім есімде жоқ. Үйге келіп әдеттегідей шешеме айтсам, есіме түсірді. Шешеміз есіне көп сақтайтын адам еді.

Ол жылдары мен облыстық атқару комитетінің бір бөлім басшысының бірінші орынбасары болып қызмет атқаратынымын. Бастығым мордва ұлтының перзенті еді, мені ұнатпай, жұмыс істетпей қойды. Әбден мазам кеткесін «елдің адамы ғой, бір жәрдем берер» деген ойға келіп, Бәкеннің қабылдауына тіленіп бардым. Бәкен мені тыңдап алып, біраз үндемей отырып берген жауабы: «Өздерің илейтін терінің пұшпағы ғой, қызметіңді істей бер, жұмысына тыңғылықты бол». Мен айтарға сөз таппай, қоштасып шығып кеттім. Бірақ түсінгенім: барғаным ескерусіз қалмағаны, бастығымның маған қозқарасының өзгергені. Бірде бөлмесіне шақырып алып, шаруашылық мәселелерін ақылдасқан болып, масайрап күліп, «мен қателесіп жүр екем, кешіріңіз, жұмысымызды жақсылап атқарайық» деді.

Көп ұзамай мені жоғарылатып, облыстық бір мекеменің бастығы етіп тағайындап жіберді. Ал Бәкен 1970 жылдың наурызында Республика Министрлер Кеңесінің Торағасы болып сайланды. Бәкен үкімет басына келгесін, көп кешікпей бір күні мені облатком торағасының орынбасары В.И. Язев шақырды. Барсам, жол құрылысында істейтін басшы адам-

дар жиналып қалыпты. Мен жондеу-құрылыс тресінің басқарушысымын, карамағымызда жол құрылысын жүргізетін мекеме де бар. В.И. Язев жиналысты бастап, «вот нам повезло» деді. Сондағы айтқаны: Бәйкен Әшімовтің үкімет басына келгені өте жақсы болды, жол құрылысына республика бюджетінен біраз қаражат бөлдірші. Қарағанды – Теміртау жолын жөндеңдер, деп нұсқау берді, облыстық атқару комитетінің отырысында қаулы еттік: жаңа қаланың шетінен яғни Ленин көмір тресі маңынан бастап, Теміртауға дейін түзу жол саламыз, соны істеуге бәрініз де кірісіңіздер, өйткені бұл құрылысты созуға болмайды, жылдың аяғына дейін бөлінген қаржыны игеруіміз керек дегенге сайды.

Белгіленген мезгілде жұмыс басталды. Өз арамызда «Ашимовская дорога» деген айдар тағылып, материал, не тағы басқа бірдеңе жетіспесе «Әшімовтің жолына керек» десек болды, лауазымды адамдар сөзге келмей тауып береді. Сол жолмен қазір күш-түш машиналар ағылып жатады. Әрине, қазір біраз жөндеуден өткен, кеңейтілген.

Бәкеңнің үкімет басындағы кезі, Қарағандыға іс сапармен келіп жүреді. Евней ағам академик болып сайланған жылы, қасында геология министрі Шахмардан Есенов бар, екеуі кешке, қызметтен кейін Евнейдің үйіне келіп құттықтап, шайға қарады. Қастарында Н.Ө. Төлепов – қаламыздың мәрі бар. Көп отырмай, шығар кезде Бәкең үйдің ішіне қоз салып, жағалай қарады да, өзінің әдеттегі байсалды үнімен: «Осы қалада академиктер көп-ау» деді. Оны айтын тұрғаны, Евней бірінші қабатта, үш бөлмелі гарлау пәтерде тұратын. Жұмыс үстелі өзінің жатын бөлмесінде. Нариман Оспанұлы ондай әңгімені тез ұғып, ар жағын тез сезетін азамат еді ғой. Кешкілей көрші пәтердің қабырғалас бір бөлмесін босатып, Евнейдің пәтеріне қосып, жұмыс бөлмесін жасап берді. Жаксының шарапаты деген осы ғой.

Жылдар зымырап өтіп жақты. Бәкеңмен 1999 жылдың желтоқсан айына дейін кезікпедім. Ардақты ағайым Евней Бөкетовтің еңбектерін есте қалдырамын деп жүріп, республикалық Үкіметтің қаулысында «Алматыда тұрған үйінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылсын» деп көрсетілгеніне сүйеніп, ешкім қозғала қоймағасын, сол тақтаны Қарағандыда дайындағып, 1999 жылдың жиырма екінші жел-

токсан күні орнататын болып, алып бардым. Ондағы барлық дайындықты ұйымдастырып жүрген немере ініміз Сұраған Ерденев еді. Тактаның ашылатын мерзіміне он бес минут қалған кезде Бәйкен Әшімов бәйбішесі Бакыт Әсетқызымен келіп машинадан түсіп жатты, қасында бір сымбатты, орта бойлы жігіт бар. Ол Оңдасын деген ұлы, үлкен ғалым, Ұлттық академияның корреспондент-мүшесі, техника ғылымының докторы, К. Сәтнаев атындағы ұлттық техникалық университеттің проректоры екен. Бакыт жеңгеміз келіп құшақтап, бетімнен сүйіп, жақсы тілектерін айтты. Ішімнен ризамын, сондай лауазымды адамдардың ілтиматына.

Мемориалдық тақта ашылған салтанатты митингіге қатысқан Бәкен қоңиліндегісін білдірді, Евнейді еске алып, маған ризашылығын айтып сөз сойледі. Сол жолы өзінің ғұмырбаяндық кітабын сыйлады. Үйге келгесін түгел оқып шыққанымда бір-ақ билдім, өмірінің балалық шағы өте қиыншылықта өткенін, әкесінің ерте о дүниелік болып, алты айлығында жетім қалғанын, шешесі Сақыпты сол кездегі казак салтымен қайынысы Қабдоллаға отастырып, үй қылғанын, тұрмыстары жап-жақсы болып күндерін көргенін, Бәкен мектеп көріп, сауатын аша бастаған кезде елімізді басқаруға халық «қужақ» атан кеткен Голощекин келіп, Қазақстанда киші қарапа революциясын жасаймын деп халықтың мал-мүлкін тәркілен тартып алып, халықтың басына ауыр күндер туып, апаршылық басталғанын.

Одан әрі – бір күні Қабдолла ағатайының «қарағым Бәйкен, мұнда сен бігіретін шаруа қалмады. Біз Құдайдың басқа салғанын көрерміз. Ең болмаса сен өлмес қамыңды ойла. Еңін тауын қалаға жет. Сол жақтан бір қорек табарсың. Енді бұл жерде отыра берме» дегенін. Жақсы қоретін әкесіндей ағатайының тілін алып (алмауға амал да жоқ) жолға жиналғанын (бірақ жиналатын түгі де жоқ), шешесі киімдерін жамап-жасқап, үйдегі бар құрт-ірімшікті, қалған-құтқан тамақты мектепке барғанда кітап, дәптерлерін салып жүретін дорбасына жинап салып, ертеңіне Құдайдан амандығын тілен аттандырғанын, «өлмегенге өлі балық», қалаға келген соң ағатайының жазып берген адресімен ізден Еспай деген үш-төрт атадан қосылатын туысының үйін тауып, екі-үш күн қонғаннан кейін ол ағасы: «мұнда қолайлы ештеңе та-

былмады, ертең поныға отырғызыш жіберемін. Қызылжарға бар, сонда темір жол бойында мендей бір туысын бар, сол бірдене тауып берер» дегенін, Қызылжарға келіп, қормеген, билмейтін туысының үйін тауып алғанын, сол ағасының жәрдемімен темір жолға жұмыскерлер дайындайтын үш жылдық училищені түскенін, оны бітірісімен оқуын ауыл шаруашылық техникумында жалғастырғанын, одан кейін екі рет әскер қатарына шақырылып, сонысында талай-талай қанды қырғынға қатысқанын, лайықты марапатталғанын. Содан кейінгі тұмырын.

1961 жылдың ақпан айында Бәкен біздің Қарағандыға келіп, облаткомның төрағасы болып сайланғанын жоғарыда айттым. Толық жеті жыл қызмет атқарды. Хрущёвтың алай-түлей көп реформасына тап болып, еліміздің әрбір облысында екі обком, екі облатком құрылған кезде екі жылдай Қарағандының селолық обком партиясының бірінші хатшысы ретінде де халыққа өте сыйлы, кадрлі болды. Обкомдар біріккенде қайтадан бұрынғы қызметіне оралды. Содан қайта ашылған Талдықорған облысына кететін болды. Бұл туралы Бәкен: «Ашығын айтсам, мені Қарағанды облысынан кеткім келмен еді. Оның себебі облыстың еңбекке жарамды халқы негізінен жұмысшы ұжымдарында шоғырланған. Мұнда зиялы қауым да бар. Олардың көбі техникалық интеллигенция. Сондықтан да болар, мұндағы ахуалда іскерлік әуен басым. Рухани ауасы таза, көлденен келеңсіздіктерден ада», – деп ағынан жарылады кітабында.

Бәкен Талдықорғанға кетерінде, Евней үйіне шақырып дәм берді. Қорша тұратын белгілі ғалым, қоғам қайраткері Әлімхан Ермековті қосты. Әңгімелесіп отырғанда Бәкен Әлекен: «Әлеке, мені басқа жұмысқа шақырын жатыр. Сіз соған менің барғаныма қалай қарайсыз?» дегенде, Әлекен: «Қарағым бар, шақырып тұрғанда қалмау керек. Мына бізді ешкім шақырмайды», – деді. «Кейіннен ол кісінің осы бір сөзі шімді қағты жылытты. Ақыры, сол санарлан үкімет басына келуіме дейін жол ашылды», – деп есіне алады Бәкен.

Көп жылғы қажырлы, адал еңбекті лайықты бағаланды. Соғыс жылдарында төрт орден, бірнеше медальдармен марапатталды. Тыныштық өмірден еңбектері төрт Ленин, басқа да бірнеше ордендермен бағаланды.

Бәкенмен бірінші рет ұзақ әңгімелескенім Евней ағамның Алмағыда тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылғаннан кейін Сұраған иіміз үйіне шақырғанда Бакып келініміздің (Сұрағанның жұбайы) мол дастарқанынан шапшып отырғанда. Әрине мұндайда бас қосқан себебіміз әңгіме болады ғой. Белгілі ақын, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов та бірге болған.

Сондағы Евнейді еске алып отырғандағы бір әңгімесі, қысқартып айтқанда: «Евнейдің сонына түсіп жүрген жалақорлардың өсектері бос әңгіме, оны қойдыру керек деп Димскене (Қонасөва) талай айтып жүрдім. Бірақ ол кісі жарайды дейді де, артынан төңірегіннің бекер сөзіне еріп кете берді» – деді байыпты үнімен.

«Сол жылдарының бірінде Нұртас Оңдасыновпен «Барвиха» санаторийінде демалдық. Сонда Нүрекене: өзіңіз үкімет басшысы болған жылдары Қонаев он жылдай орынбасар болып, тәрбиенізді көрді емес пе? Ол кісіге бұл жағдайды айтпадыңыз ба? – дегенімде Нүрекен ренжіп: айтуын айттым-ау, бірақ қолдау таба алмадым, – деді».

Бұл әңгімені Бәкен өмірбаян кітабында да жазынты. Бұл адамдардың адам баласына қамқоршылықтарына таң қалып, риза боласын.

Бәкеңдер мені зор сыйлады, себебін білмеймін. 2004 жылы күз айының бірінде белгілі ғалым, академик, экономика ғылымының докторы Қошанов Аманжол 70 жасқа толған торқалы тойына шақырып, бәйбішеміз екеуміз бардық. Тойда бір үстел басына жайғасып жатыр едік, Бәкен көріп, даяшылардың біреуін жұмсап, бәйбішеміз екеумізді қасына шақырып, бірге отырғызды. Той аяқталар кезде екі Бәкең сыбырласып әңгімелесіп отырғандары байқалды. Содан кейін Бәйкен ағам маған қарап, сыбырлап, «мұнда қанша боласыздар, деп сұрады. Ертең жүреміз, қайтар билетімізді ала келгіміз дедім. Тағы да екеуі сыбырласты да, маған «Қамзеке, билеттеріңізді қайтарғанық, ертең біздің үйдеп дәм татышыздар», ары күні жүрерсіздер», деді байсалды үнімен. Сондай құрметтейтін кісі отып тұрғасын, айтқанына қондық. Ертеніне үйлерінен қонақасы пішіп, ұзақ әңгімелесіп, оқаланнан барқыт шапан, қалпағымен киіп, Бикен бәйбішем де сыйлық алып қайтқанымыз бар. Кейін Бәкеңдердің отасқандарына 60 жыл, Бәйкен ағамыздың 90 жас толған тойларына қатыстым.

Бакыт жеңгемізді, жеңеше деуші елік. Күс патшасы аққудай болып, бірінен-бір қалғылары келмей, араларына 19-ак күн салып о дүниелік болып кете барды. Қайран Бәкендер! Бір өкінішім, барып қолыммен топырақ сала алмадым, денсаулық төмендеп кетіп.

Зейнолла МОЛДАХМЕТОВ,

*академик Национальной академии наук,
заслуженный деятель науки и техники
Республики Казахстан*

АКСАКАЛ НАЦИИ

Есть люди, которые своим обликом, характером, поведением как в обществе, так и в узком кругу, своими деяниями и мыслями как бы олицетворяют лучшие качества нации.

В настоящее время, когда народ республики проявляет колоссальную выдержку, терпение и мудрость, пытается не только выжить в условиях мирового кризиса, но и не останавливаться в своем развитии, волей-неволей вспоминаешь об отдельных Личностях, Деятелях, которые в прошлом, испытав в жизни немало трудностей, были жизнестойкими и не сломались. А, достигнув высшей власти в республике, не зарвались в своей вседозволенности, а жили и работали во благо своего народа.

... Таким человеком являлся Ашимов Байкен Ашимович, человек-эпоха, легендарная личность, первоцелинник и фронтовик. Любимец народа, сумевший сохранить в себе такие человеческие качества, как: достоинство, степенность, мудрость, порядочность честного политика, его деловитость и железная выдержка, не исключая и человеческих слабостей (как и свойственно человеку), украшают эту благородную личность, снискавшего в народе звание «Аксакал нации».

Выдающийся государственный, общественно-политический деятель, Герой Социалистического Труда Байкен Ашимович Ашимов, обладатель 4-х орденов Ленина, Октябрьской Революции, двух орденов Трудового Красного Знамени, ордена Монгольской Народной Республики, ордена «Вертути Ми-

литари» (Польша), ордена «Отан» РК и множества медалей, Почетный гражданин г. Кокшетау и Северо-Казахстанской области, является на сегодня как для старшего, так и младшего поколений республики примером и совестью нации.

За свою долгую и продолжительную жизнь он работал на различных привилегированных партийно-хозяйственно-общественных постах республики, и об этом написано достаточно.

В Карагандинской области, в крупном промышленно-экономическом центре СССР, он семь лет проработал Председателем облисполкома. И за время своей партийно-хозяйственной деятельности, он снискал глубокое уважение среди населения области и внес большую лепту в развитие социально-экономического положения в регионе. В те годы он способствовал многим молодым дарованиям в восхождении на очередную ступеньку педьестала карьеры.

В частности, мне известно его уважительное отношение к известному государственному и общественному деятелю, поэту нашей многонациональной республики Какимбеку Салыкову. Его украшала порядочность, внутренняя культура, воспитанность, интеллигентность, уважение к памяти тех, с кем ему приходилось трудиться. Тому пример тот факт, когда, несмотря на свой преклонный возраст, наряду с академиками и государственными деятелями Республики Казахстан, он пришел в Дом ученых НАН РК, чтобы проводить в последний путь своего старшего товарища, Народного Комиссара просвещения, при котором была ликвидирована безграмотность населения Республики, Секретаря ЦК Компартии Казахстана по идеологии и пропаганде Абдыкалыкова Мухамеджана, способствовавшего в те сложные послевоенные годы открытию Академии Наук Казахской ССР.

В годы его работы Председателем Совета Министров Казахской ССР, для решения многих хозяйственных вопросов ему, как главе Правительства, приходилось выбивать дополнительные субвенции из союзного бюджета.

Байкена Ашимовича в Кремле уважали и ему удавалось добиваться выделения немалых финансовых средств. Он легал в Москву утверждать планы отраслей, областей, отстаивать интересы республики, проводил напряженные дни в союзных

министерствах и ведомствах, всемогущем Госплане, Совмине. Он всегда чувствовал поддержку своего коллеги, союзного Премьера А.Косыгина. Его теплые отношения с руководителями бывшего СССР Л.Брежневым и А.Косыгиным давали Казахстану «зеленый свет» в решении многих государственных вопросов.

Говорят, он отчитывался на заседании Правительства Союза по итогам года за 15 минут, и по окончании доклада редко у кого из членов Правительства СССР оставались к нему вопросы.

Работать с ним и под его руководством было не только благом, но и высочайшей ответственностью. Перед рассмотрением в ЦК Компартии Казахстана жизненно-важных вопросов государства Д.А. Кунаев в первую очередь спрашивал: «Согласован ли данный вопрос в Совете Министров республики?».

Удивительно интересные, насыщенные событиями 60 с лишним лет рядом с ним была его любимая супруга Бахыт Асетовна, это прекрасная, умная женщина, преподаватель математики. Она разделила с ним все тяготы трудных лет. Мудрая мать, хлебосольная хозяйка, душевно-тонкая натура вырастила троих детей, внуков и правнуков. Сын Ундасын Ашимов, на сегодня известный в стране ученый-ректор Северо-Казахстанского университета, доктор технических наук, профессор, академик ИАН РК, является достойным продолжателем дел своего отца, дочери – Нейлюфар и Рауза также занимаются наукой и у всех имеются благополучные семьи. В этом счастливом и теплом доме всегда было многолюдно, когда бы мы ни приезжали. К Байкену Ашимовичу шли за советом, пожелать добра – здоровья и просто низко поклониться. К нему шли, чтобы получить «бата» – благословение.

Этот легендарный человек всегда оставался подлинным гражданином своей страны, человеком редких качеств, которые и выдвинули его в лидеры своего времени. Ответственный, глубоко порядочный, совестливый, человечный и добрый. Байкен Ашимович служил своему народу и своей стране, радовался достижениям республики, страдал, когда родина переживала сложные социально-экономические кризисные периоды.

Эти строки я пишу с болью в душе в память о видном государственном деятеле, внесшем крупную лепту в развитие экономики и культуры, науки и образования своей страны, в улучшение социального благополучия общества Байкене Ашимовиче, нашем старшем брате наставнике, с которым у меня сложились уважительно теплые отношения и остающегося в моей памяти примером для подражания и выполнения своего гражданского долга.

Рүстем КАЙДАРОВ,

*Әділет генерал-майоры, «Қазақстан
Генералдар кеңесінің» төрағасы*

ЖЕРДЕ ІЗІН ҚАЛДЫРҒАН

*Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы,
Би жігітке жарасар
Халқына тиген пайдасы, –*

деп кеткен екен әйгілі Бұқар Жырау.

Осы бір нақыл сөздерді Бәйкен Әшімұлы саналы өмірінде ту етіп ұстап өткен асыл азамат еді десем, қателеспесмін.

Еңбек жолы Қазақстан тарихына алтын әріппен жазылып қалған беттердің бірі болып саналатын осы ардақты тұлға туралы аздаған естелік жазуды өзіме көрсетілген үлкен құрмет, жауапты міндет деп есептедім.

Бәйкен Әшімұлының өмір өткелдері, атқарған қызметтері көзі ашық, көңілі ақ жұртшылыққа кеңінен белгілі ғой. «Атақ, данк – биік жартас іспетті, оған қалықтап ұшқан қыран да шығады, жорғалап, жылжып жылан да шығады» деген сөз бар ғой.

Ал біздің заманның шындығына келсек, қызмет төріне кулық-сұмдықпен, ағайын-туыскандықпен, сыбайлыс жемқорлықпен шығып жатқандар да кездеседі. Ал Бәйкен ағамыздың осу жолында бірде-бір баспалдақты аттап кетпегенін көреміз. Адал еңбегімен Ер атанудың үлкен үлгісі.

Бәйкен Әшімұлы қандай қызметте істемесін жемісті еңбегімен, адал етті шешімдерімен эриптестеріне жағымды пікір, жарқын тіл қалтырып отырды. Данышпан халқымыз «жер баққанға мал болма, жерге тиян қалмақ» деп қандай тамаша айтқан. Ағамыз адал еңбегімен бабаларымыздың осы қатал талабына да нақтылы жауап беріп кетті емес пе!

1968-70 жылдары Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кездері облыстың көптеген ауданына шекарша шектес деген статусты Үкіметпен айттысып-тарттысып жүріп алып берді. Бұл статус, арнайы жеңілдіктері болғандықтан, аудандардың экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсартуға көп себін тигізді. Облыс жұртшылығы басшының осы еңбегін жамары бағалап, бүгінге дейін рақметтерін жаудырып жатады.

Халқымыздың «биік төбеге шыққан — көңіл ашылар, жақсы адаммен сөйлескен — көңілін ашылар» деген нақыл сөздері де бүгін ойыма оралып отыр. Бәйкен Әшімұлымен тікелей қызметтес болмағанмен, кейінгі жылдары қарым-қатынаста болып, алды-артын, заман ауқымын терең камтитын мағамұлды әңгімелеріне куә болғаным үшін тағдырыма ришамын.

Осындай бір әңгіме үстінде сөз жемқорлық айналасында орбиді.

— Жемқорлық деген дүние жүзінде жайылып кеткен дерт қон, — деді асықпай сөйлейтін ағамыз. — Онымен күрестің түрлері де аз емес. Сол күрестердің бастысының бірі, менің ойымша, қабылданған заңдардың, шешімді тапқан қаулылар мен бұйрықтардың мүлтіксіз орындалуын қалағалау болар, — деді де өзі де аз сөйлеп, нақты тұжырымды ұнататын Бәйкен Әшімұлы бір ой тереңіне сүңгіп кеткендей болды.

Бәйкен Әшімұлы, — дедім бір кездесу үстінде көңілінің көтеріңкі екенін байқап қалып, — ренжімесенің еште бір сұрақ қояйын деп едім?

— Қоя ғой.

Ел арасында мынаша бір әңгіме бар. Осы Бәйкен Әшімұлы қуанышта болсын, ренжіете болсын дастарқан үстінде пленум, не бюро мәжілісінде отырандай тіп-тік отырады дейтін. Әрине, бұл сын емес, қайта танырқау болар менімше, — дедім.

– Біріншіден, үйренген әдет болар, – деп сөзін бастады Бәйкен аға. – Айталық, Сізді сыйлап төрге (жиналыстың «төрі» – Президиум ғой) отырғызды делік. Ал, Сіз болсаңыз жан-жағыңыздағы адамдармен сойлесіп, өз алдыңа мәз болып отырсаңыз, ол сонда отырған халықты сыйламағаныңыздың, менсінбегеніңіздің бір белгісі емес пе? – Ел ағасының бұл пікірімен келіспеу қиын еді. Жалпы, жиналыстарда болсын, дастарқан басында болсын, адамдардың өзін-өзі дұрыс ұстай білуін мен сол кісінің әдептілігіне, тәрбиелілігіне, керек десең, тәртіптілігіне байланысты дер едім.

Бәйкен Әшімұлының қазіргі жастар жөніндегі пікірлері де тыңдаушыларын ойландырып тастайтын.

«Жастарымыз бұзылып кетіпті» деген пікірді бұл күндерде жиі естимін, – дейтін Бәйкен аға. – Әрине, уақыт, өмір шындығы қашанда болмасын өз ықпалын қоғамға тигізеді ғой. Ал менің өз басым жастарға ауыр кінә арта беруден аулақпын. Жастықтың алып-қашпа мінездерін, ақ пен қараның арасын, қызбалыққа салынып, аңғармай қалатын кездерін дұрыс түсініп, қақпалап, дұрыс жолға салып отыру біздің, аға буының міндеті емес пе? Қазақта «ақсақалы жоқ ауылдың, жастары болар диуана» деген де нақыл бар. Сондықтан да жастарымыз «бұзылып барады», «бұзылып барады» деп айқайлай бермей, аға буын өз кемшіліктеріне де сын қозымен қарап, тәрбие мәселесіне білек сыбанып араласуы қажет.

Ел басқарудың жауапты да, құрметті де қазанында қайнап жүрген Бәйкен Әшімұлы отбасы, бала тәрбиесі, жар сыйлау секілді мәселелерде де көпшілікке үлгі еді. Бір көрген кісіге қабағы қатаңдау көрінгенімен, Бәкен нәзік жанды, жылы жүректі адам еді. Ол кісінің балаларына, немерелеріне, өмірлік жары Бақыт аламызға деген ыстық махаббаты ерекше болатын.

Бақыт апамыз, тағдырдың жазуы шығар, шетелде дүние салды. Мәйітті ұшақпен елге таңға жақын жеткізеді. «Аэропортқа барғанша бірер сағат демалып алсаңызшы, аға», – дедім.

– Рүстем шырағым-ау, бүгін менің көзіме ұйқы ұялар дейсің бе, қайта сақал-мұртымды алып, Бақытымды лайықты қарсы алуға дайындалуым керек емес пе?

Міне, ескірмейтін махаббат деген осы екен-ау!

Бәйкен Әшімұлы «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы», – деп дүниеден өткен ұлы Азамат еді. «Еліміздің сырты жаудан, іші даудан аман болсын!» – деп жар құлағы жастыққа тимей өмірден өткен ардақты атаға жатқан жерің жарық болғай, жанын жәннатта болғай, балаларыңа, немерелеріңе өзіңіз жасай алмай кеткен жасыңызды берсін деп тілеймін.

Сізге қойылатын ең үлкен ескерткіш – еліңіздің амандығы, жұртыңыздың тыныштығы болсын!

Қуаныш СҮТТАНОВ,
сенатор

ПАРАСАТ БИГІ

Еліміздің ардақты ардагері, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері, Абыз Ата атанған Бәйкен Әшімұлы Әшімов 2010 жылдың – барыс жылының басында 93 жасына қараған шағында бұл дүниеден көшті. Ел күйзеліш, көп адам қайғыға ортақтасты. Ғасырға жуық өмір сүрген Бәйкен Ағамыздың шын мәнінде қоғамдағы орны бөлек еді. Бәйкен ағамен бірге бір дәуір көшкендей әсерде қалдық. Өткен өмірдің көзі, әргүрлі қоғамдық құбылыс, өзгерістердің куәсі болған, жәй куәсі болып қана қоймай, қоғам дамуына өзіндік еңбек сіңіріп, қайраткерлік қызмет атқарған сирек тұлға.

Бәйкен Әшімұлы халқымыздың біртуар ұлы перзенттерінің бірі – Динмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қызметтес әріптесі, он қол жағындағы сенімді көмекшісі, ел басқару ісіндегі үзеңгілес серігі болған адам. Динмұхамед Ахметұлы республиканың бірінші басшысы болған ұзақ жылдарда сол кісінің сенім қорсетіп, қолдауымен республика Үкіметін абыроймен басқарған. Кеңес Одағының, Коммунистік партияның, Мәскеудегі Орталық биліктің үстемдігі тұсында екеуі ақылдасып, ынтымақтасып, Орталық жүргізетін саясаттың республика мүддесіне қанша келмеуіне, республиканың өсіп, оркендеуіне, экономикасының қуаттанып, білім, ғылым, мә-

дениетінің өсуіне тікелей жағдай туғызып, мәселелерін шешіп еңбек еткендері халықтың жадында.

Бәйкен ағамыз сонау 1917 жылы қазан төңкерісінің қарсаңында дүниеге келіп, екі қоғамдық құрылысты басынан өткізген, жас кезінде жетімдіктің де, жоқшылықтың да ащы дәмін татып, ширығып, шынығып шымыр өскен адам. Ол кісінің мінезіннің табандылығы бала кезінде-ақ байқалып, Айыртау ауданынан Қызылжар (Петропавловск) қаласына 13-14 жасында өзінің жолын өзі тауып, жұмысшылар дайындайтын кәсіптік училищеге өзі ізденіп барып, оқуға түсіп, содан жұмысшы мамандығын алып, еңбекке араласып, жолын тауып кеткен азамат.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарын алғашқы жылынан соңғы уақытына дейін белуарынан кешіп, қан майданда жарақат алып та жаны аман қалып, елге аман оралған, бейбіт өмірдің жасампаздығына меілінше араласып, өмір сүру бақытына ие болған Бәйкен ағамыз өзі оқта-текте «Соғыстан аман келдік қой. Соның өзі үлкен бақыт. Қаншама адам келмей қалды», – деп өмірдің құндылығын есіне түсіріп қоятын.

Бәйкен ағамыздың Ұлы Отан соғысынан кейінгі өмірі еліміздің өсуімен тікелей байланысты. Ауыл шаруашылығы мамандығын жоғарғы оқу дәрежесінде тамамдап, қоғамдық-саяси жұмысқа белсене араласып, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстарының аудандарында, облыстық атқару билігін, облыстық партия ұйымын басқаруда нәтижелі еңбек етті. Осыдан кейін Қарағанды облыстық селолық партия ұйымының басшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды.

1967 жылы желтоқсан айында Талдықорған облысы қайтадан құрылып, шаңырақ көтергенде оның бірінші басшылығына Дінмұхамед Ахметұлы ең дайын адам, жинақы, ұтқыр ұйымдастырушы, салиқалы, әділ басшы деп тікелей Бәйкен Әшімұлын таңдады. Жас облыстың етек-жеңін қапысыз үйлестіріп, елдің көңілін ескеріп, экономикасын, әлеуметтік тұрмысын көтеріп, облыстың әр саласында қызмет атқарып жүрген мамандардың өсіп, қайраткерлігінің ашылуына онтайлы жағдай туғызды. Қысқа мерзімде ел арасында облыстың партия комитетінің бірінші хатшысы тура-

лы жақсы пікір қалыптасты. Облыстың қайтадан құрылып, республикада өіндік орнын айшықтауы бар, жаңа басшылықтың салмақты ұйымдастырушылығы бар – қоям жақсы іске жұмылып, елдің еңсесі көтеріліп әсерлі кезең болды сол жылдар.

Сондай көтерілумен қатар басшылықтың қабілеті мен мүмкіндігі табиғаттың да үлкен сынына түсті. Тегінде Жетісу өңірі ежелден «жер ханныаты» деген тенеуге не, елі жайсаң, жері шұрайлы, ауасы жұмсақ кеңестікке жатады. Алайда солай бола тұра оқта-текте табиғаттың қатан сілкінісі де болып тұратын өлке.

Бәйкеп Әшімұлы басқарған 1968-1969 жылдардың қысы өте қатты болды. Көнекөз қариялардың және ауа райын бақылаушы құзырлы орындардың тұжырымдауы бойынша жиырма жылға жуық бұл арада мұндай қыс болмаған көрінеді. Облыстың барлық жеріне, тіпті қар азырақ түсетін оңтүстік аудандарының «жылы пұшпақтарына» да қалың қар жауды. Қар бір жауып қоймады. Үсті-үстіне үймелеп жауа берді. Аяз күрсеауы тарыла берді. Қыс ерте түсіп, ұзаққа созылды. 68-ші жылдың қазан айынан бастап қар қалыңдап, қыс наурыз айының соңына дейін «қабырғасы сөгілмей» қасарысып жатты. Төбінде жүретін жылқы, өріске шығатын ірі қара, қой қорадан шыға алмай қалды. Мал қораларына жолдар жабылып, қатынас үзілді. Тіпті қоралар түбіндегі жемшөп таусылып, көптеген жерде төбесі көрінші тұрған шон маяларынан, қосна жем қоймаларынан қораға жем жеткізетін күш, техниканың қалың қардан отуге шамасы болмай қалды. Осының салдарынан малдың қырылуына жол берілді. Осындай қыстың салдарынан мал төлдету науқаны да күйзеліске ұшырап, жаңа, жас төлдің де өсімі күтілген межеден төмен болды. Қыстан қысқыған малшылардың да әл-ауқаты, тұрмыс тіршілігі төмендеп, қиналыс көрді. Ол кезде бұрынғы социалистік жүйе тәртібі бойынша бүкіл мал атаулы мемлекеттің меншігінде, сондықтан оған тікелей жауап беретін адамдар – шаруашылық басшылары, мамандар, атқарушы билік, партия ұйымдары, сол құрылымдардың басшылығындағы лауазымды қызметкерлер болатын.

Сондықтан сол заманның бір көрінісі – әсіресе осындай бір апатты жағдайлардан кейін оның себеп-салдарларын

етжей-тегіжейлі талдап, сараптап, тиісті партия, кеңес құрылымдарында талқылау өткізіп, көптеген лауазымды қызметкерлерге әртүрлі дәрежеде сөгіс беріліп, қызметтен босатылып, кейбіреулері құқық қорғау, әкімшілік тарапынан да жауапқа тартылып жататын. Әрине, жоғарыдағыдай қыстан кейін, көптеген адамдар көктем шыға енді шаруашылық, аудан, облыс басшыларын сілкілеу басталатын шығар деп күтіп жүрді. Қол ұзамай, мал қыстағу қорытындыларына арналған облыстық партия комитетінің бюросы да шақырылды. Алайда, Бюро үстінде күдікпен күтілгендей ешкімді кінәлап, жерден алып, жерге салу, көзін шұқып, ашы сөз айту, ақырып, жекіру, қокан лоқы жасап, жазалаумен қорқыту мүлде болмады. Керісінше, сабыр мен салиқалы ақылға, іскерлік пен ұйымшылдыққа, қоғам, мемлекет алдындағы жауапкершілік пен қиындықтан шығарар жол тапқыштыққа бағытталған келеді, келісті әңгіме болды. Аудан басшыларының қыс сабағынан шығарған қорытындылары мен жаңа іс әрекеттері жөнінде мағлұматтар тыңдалды. Алдағы жоспарлар назарға алынды. Жнында қатынаскан жауапты қызметкерлердің дәлелдемелері мен ұсыныстары, келеді пікірлері тыңдалды. Бар мүмкіндік пен күшті жұмылдырып, дағдарыстан шығу жолдары ақылдасылды. Бюро мәжілісін қорытындылай келе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Бәйкен Әшімов:

— Табиғат бізді қатаң сынға алды. Мұндай қыс тек мал шаруашылығында ғана емес, жалпы біздің бүкіл әлеуметтік тұрмысымыздағы, біздің ұйымдастыру жұмысымыздағы кемшіліктерді барынша жалаңаштап, көрсетіп берді. Бүкіл облыс үшін, әсіресе, партия, кеңес басшылығындағы жауапты қызметкерлер үшін үлкен сабақ болуы тиіс. Осы сабақтан қандай қорытынды шығара аламыз? Ендігі мәселе сонда. Біз қазір бір-бірімізді тұқыртып, табалап жатқаннан еш нәрсе онбейді. Барлықтарыңыз өз аудандарыңыздағы жағдайды қарағанда да ақылға, сабырға салыңыздар. Мамандардан дұрыстан талап ету қажет, бірақ оларды қудалап, берекесін алмаңыздар, қайта адал еңбек етуге жұмылдырыңыздар, сенімнің бағасын қадірлей білсін. Малшылардың, ел-жұрттың тұрмысына, бар-жоғына, қас қабағына, қоніл күйіне баса назар аударыңыздар. Бұдан да зор қиындықтар болуы мүм-

кін. Алды-арттарыңызды қамтып, барлық жағдайға да қамсыз болмаңыздар, — деп жиынға қатысқан басшыларды парасаттылық бипіне шақырды. Бюро қаулысы да осы мазмұнда қабылданды. Елшімізге ешқандай сөгіс берілген жоқ. Елшіміз жауапқа қартылып, қызметтен босатылған жоқ. Бюро деген ол кезде партия ұйымының жұмысшы органы, жоспарлы түрде айына екі рет, ал қажет болған жағдайда күнара да өте беретін. Елдің принципін мүддесінде, жоғарғы орындардың тапсырмаларын орындау мақсатында обкомның бірінші хатшысы талап бюро, жиын, мәжіліс өткізген болар. Бірақ, Талдықорған өңірінде жұртшылық жадында сол 1969 жылдың көктемінде Бәйкен Әшімұлының өткізген Бюро мәжілісі мен қорытынды, қысқа, бірақ тайға таңба басқандан тұжырымды сөз қалды. Сол ғибратты сөз талай басшы қызметте жүрген азаматтарға үлгі, өнеге, сабақ болды. Олар ол туралы айтып қана қойған жоқ, көпшілігі сондай парасаттылықтан үйреніп, өз жұмысында тәсіл ретінде қолдана да білді. Мұндай жағдайды «парасаттан шапағат» десе боларлық. Осындай парасатты тәсілдің нәтижесі қорқытып, қырып-жойып өткізген саясаттан әлдеқайда тиімді екендігі де дәлелденді. Басшы қызметкерлердің адамгершілігі, саяси мәдениеті өсті. Ел адында басқару жүйесінің беделі де арта түсті.

Өзіміз де осындай интеллектуалдық дүниетаным ықпалымен өмірге арнастық. Мен ол кезде Талдықорған облысының Панфилов аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі едім. Аудандық есеп беру, сайлау конференциясында аудан жастары маған орасан сенім көрсетіп, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы етіп сайланды. Партияның бекіткен тәртібі бойынша аудан жастарының біріншілігіне міндетті түрде партия мүшесі, әрі облыстық партия комитетінің бюросы келісім берген жағдайда сайланады. Жаңала ғана партия мүшелігіне қабылданған едім. Конференция үстінде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шаймұхамбет Сәпиев менімен қысқа әңгімелесіп, сенім көрсететінін, жастар ұсынысын қолдайтынын айтты. Делегаттар бірауыздан сайлағаннан соң Шәкен:

— Енді сен облыстық партия комитетіне, облыстың бірінші хатшысы Бәйкен Әшімұлымен кездесуге барасын, әзір бол! — деп ескертті.

Бұрын мұндай дәрежеде лауазымды адамдардың алдына барып, есігін ашып көрген емеспін. Жүрегім түпиддеп, «не сұрар екен, жауап бере алмай қалсам не істермін?» деп мазасызданып, қобатжып-ақ бардым. Үлкен кабинетке сәлем беріп кіргенде, алғашқы сәтте Бәйкен Әшімұлы суық қабақ, сұсты болып көрінді. Сәлемнен кейін қоңыр дауыспен:

– Отыр, карағым, – деп орын көрсеткенде ғана, шштей өзімді өзім қолға алғандай болдым. Әскерде қайда болғанымды, оқуымды сұрады. Жауабымды беріп, бойымды жинадым.

– Жастар өңдері сенім көрсеткен екен. Панфилов облыста үлкен аудан. Сол сенімді ақта. Жақсы істе. Жақсы жүр. Біз қолдаймыз, – деп қысқа қайырып, шығарып салды. Кіргенімнен шыққаным тез болғандай, қанаттанып кете бардым. Бәйкен Әшімұлымен алғашқы кездесуім осы.

Наша последняя встреча с Байкен-ага и Бахыт-апа была в Окжетпесе в 2009 году. Собственноручно, наливая нам с супругой Гульнар шубат, он живо интересовался моей новой работой, здоровьем моих родителей и детей. Бахыт-апа дала свое напутствие – своеобразное бата. Пожелала успехов в работе, добра и удачи моей семье, а нашей дружбе с ее сыном быть крепкой и высокой.

Наверно, мои воспоминания окажутся незавершенными, если я не расскажу о встрече с Ашимовыми в 2007 году

в гостях в Астане. Для того чтобы попасть на этот дастархан мы с супругой выехали в три часа ночи в метель и холод. Радуемся до сих пор тому, что в течение нескольких часов мы были вместе, говорили, снимались на фото, которые в семье бережно храним как реликвию, как память. Тогда мы впервые с супругой и услышали слова ко всем собравшимся, что его счастье — это Бахыт (по-казахски это тоже означает счастье). Это главный урок, который нам преподнес аксакал. Он прожил в счастье, потому что рядом по жизни шла его любовь. Даже в последний путь Байкен Ашимович ушел почти сразу вслед, за своей Бахыт, по-мужски, заботливо успев сделать все, как положено, для своей супруги.

Да, во многом жизнь измеряется любовью, а у Байкен Ашимовича — еще и его счастьем — его Бахыт.

Сураган ЕРДЕНОВ,

бывший заведующий отделом

ЦК Компартии Казахстана,

депутат Верховного Совета Казахской ССР

БАЙКЕН-АГА

Не секрет, что все люди принадлежат к тому или иному сообществу и порой при встрече трудно понять, насколько близок по духу, воспитанию и традициям тебе тот или иной человек. У казахов, есть замечательная фраза, по которой они могут сразу понять, кто ты такой и откуда пришел. Они просто спрашивают: «Елинде кімін бар?», что означает: «Кто у Вас есть (на селе, в роду, в округе)?». Я всегда с гордостью говорил и думал, что: « У нас есть Байкен Ашимович Ашимов». Есть такая история в книге у Арсения Гулы и «Кант» про Карамзина. Когда Карамзин был в Кёнигсберге, ему посоветовали обязательно побывать у Иммануила Канта. Он встретился с ним и побеседовал более 3-х часов. После этого с гордостью рассказывал, что встречался и говорил с таким великим человеком. Каждый, кто побывал в гостях у Ашимова, тоже всегда гордился и хвалился этим.

Впервые о Байкен Ашимовиче я услышал, будучи студентом, в 1967 году, учась в Караганде. И даже не мог поду-

мать, что когда-нибудь встречу с ним, и он изменит мой взгляд на многие вещи.

Первое знакомство случилось в 1981 году во время уборки урожая. Он приехал в нашу Северо-Казахстанскую область вместе с Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана Д. Кунаевым. В то время Байкен Ашимович был Председателем Совета Министров Казахской ССР. Эта встреча запомнилась впечатлением, которое на меня произвели 2 крупных руководителя. Я тогда работал заведующим отделом обкома партии и впервые близко увидел в президиуме Байкена Ашимовича. Первое, что бросилось в глаза – это его осанка, независимый вид и невероятная человеческая харизма. В течении всей встречи он не пытался подчеркнуть свой профессионализм и компетентность, производя впечатление на своего первого руководителя, как иногда это делают другие. Он внимательно выслушивал все замечания, коротко и четко отвечал на любые вопросы. Запомнился еще и один курьезный момент, случившийся на этом совещании. Отчитывались все первые секретари райкомов партии. Димаш Ахмедович спрашивал у выступающих о выполнении планов, а так же об имеющихся проблемах. В этот момент один из выступающих пожаловался, что комбайнерам привозят только стюардесс и ничего больше. Зал замер в недоумении. Оказалось, что в то время существовали достаточно дорогие сигареты «Стюардесса» и выступающий просил завозить, что-то подешевле. Когда разобрались в чем дело, все долго смеялись.

Когда меня перевели работать в Алматы, я очень близко познакомился с Байкен Ашимовичем, его супругой Бахыт Асетовной и всей семьей. Особо хотелось бы сказать о Бахыт Асетовне. Эта небольшая и хрупкая на вид женщина, со спокойным взглядом и осанкой Королевы, смогла создать все условия для работы Байкена Ашимовича, уют в семье, заботу о близких, при этом оставаясь утонченной женщиной, прекрасно разбирающейся в поэзии, литературе и музыке.

Меня поражало в Байкене Ашимовиче его грамотность и острый ум. В нем чувствовалась какая-то внутренняя сила, целеустремленность и в разговоре ты всегда чувствовал нотки большого руководителя с глобальной оценкой любой ситуации. Я никогда не слышал от него негативных отзывов на

бывших подчиненных, коллег и знакомых. У него было разное отношение к людям, но разговаривая с любым, он неизменно высказывал уважение к собеседнику. Меня всегда поражало, когда к людям намного младше себя, он обращался так, как будто говорил со старшим, и каждый чувствовал его глубокое уважение к себе.

Одним из моих любимых воспоминаний, является мероприятие, посвященное 70-летию Евнея Арстановича Букетова — академика, лауреата Государственной премии СССР (наш близкий родственник). Мы должны были вместе с Ашимовым лететь в Караганду. Когда я приехал в аэропорт и зашел в депутатскую комнату, то увидел там Байкен Ашимовича и Бахыт Асстовну. Баске говорит: «О, баурларым, где вы? Я же «зафрахтовал» самолет, а вы так медленно собираетесь. Давайте быстрее полетим!». Я растерялся и спросил у персонала аэропорта, о чем идет речь, они рассмеялись и сказали, что в Караганду летит небольшой чартерный рейс и они хотят Байкен Ашимовича и его товарищей отправить туда на нем, выражая тем самым свое уважение к Ашимову. В итоге, я, Какимбек Салыков, Шамиль Абилягаев и Ашимовы полетели на Ту-154. Кроме нас никого на борту не было. В самолете Абилягаев пел песни, играл на домбре и полет прошел весело и непринужденно.

В Карагандинском аэропорту нас встретили работники областного акимата, академик Зейнолла Молдахметов, Букетов Камзабай. Вечером мы были в гостях у Камзабая Арстановича. На следующий день были официальные мероприятия, торжественные заседания. И я увидел, что Байкен Ашимович воспринимает все эти мероприятия, не как официальное участие, а всей душой и сердцем. Чувствовалось, что он приехал в город своей молодости, встречается с огромным удовольствием с людьми, с которыми работал, искренне интересуется их жизнью и событиями, произошедшими с момента их последней встречи. Вечером Ашимовы с удовольствием смотрели концерт. Эта поездка оставила у меня неизгладимое впечатление.

В своей жизни я только раз был на Золотой свадьбе, и я очень горжусь, что это была свадьба Ашимовых. Я принимал активное участие в подготовке, волновался и переживал,

как всё пройдет. Больше всех волновались и хлопотали дети Байкен Ашимовича: Ондасын с Ботагоз, Найлюфар с Маратом и Рауза с Галымом. Когда в зал вошли юбиляры, все гости, дети, внуки кинулись их поздравлять. Салыков Какимбек специально написал «Жар-Жар» посвященный им. Весь зал пел эту песню. Все было очень красиво и торжественно. Я сам делал съемки на видео и с огромным удовольствием иногда пересматриваю эту запись.

Мы всегда с радостью ходили к ним в гости. Бахыт Асеговна – идеальная хозяйка с огромным опытом, вкусом и знанием этикета. Она уделяла каждому гостю огромное внимание. Когда мы были у них в последний раз, я поражаюсь откуда в их возрасте они черпают энергию для приема гостей. Это ведь всегда связано с огромным количеством забот и хлопот. Но, тем не менее, они всегда с удовольствием делали это.

О них можно много писать, говорить, но для меня ясно одно, что это были очень счастливые люди, одаренные красивой судьбой, познавшие огромную Любовь, уважение друзей и родительское счастье.

Когда у нас родилась первая внучка Алуа, Бахыт Асеговна и Байкен Ашимович приняли участие в мероприятии «Кыркынан шыгару». В тот день я искренне пожелал, чтобы мои внучки и внук были счастливы как они и прожили такую же насыщенную и интересную жизнь.

К нам они относились как к своим детям. Мы чувствовали обращенное к нам тепло. Свою книгу «Ел сенімі – ел кымбатың» он подписал такими словами: «Аса жақсы көретін бауырларым Сұраған мен Бақытқа (күш Бақыт!). Зор құрметпен, тігі тілек-тестікпен. Байкен ағаларың, Ашимов».

Таур МАНСУРОВ,

*Генеральный секретарь Евразийского
экономического сообщества*

ЧЕЛОВЕК С БОЛЬШОЙ БУКВЫ

Выдающийся государственный деятель Байкен Ашимов – один из тех, о ком говорят подчеркнуто уважительно как

о достойнейшей личности даже после того, как сама эпоха, знаковой фигурой которой он был, уже стала историей. Он — один из тех лидеров, благодаря которым, по словам Президента Нурсултана Назарбаева, сохраняется преемственность поколений и передаются великие национальные ценности.

Председатель Совета Министров республики в советское время — это руководитель, как правило, всецело «замкнутый» на экономических вопросах. Казахская экономика, действительно, была подлинной стихией Байкена Ашимовича, которой он успешно управлял в течение полутора десятков лет, проявляя волю и творчество даже в жестких рамках плановой и централизованной народной экономики.

Масштабная личность Байкена Ашимова постоянно требовала выхода вовне «сухой» экономики — в общество и культуру, развитию которых премьер также отдал много сил. То, что сейчас обобщенно называют «человеческим развитием», Байкен Ашимович воспринимал как целостное явление еще в 70-х, в годы своего премьерства, рассматривая экономический рост и общественное развитие как связанные, взаимно обуславливающие направления социального прогресса.

Байкен Ашимов — человек могучего поколения фронтовиков, выстоявших, презрев нечеловеческие лишения в аду войны, и не утративших ни веры в справедливость и разум, ни собственной человечности и способности творить добро. «Мудрая неспешность», по определению Олжаса Сулейменова, стала принципиальной чертой Байкена Ашимовича.

Мой отец Аймухамет Копежанович — ровесник Байкена Ашимовича, шедший теми же, что и он, фронтовыми дорогами, — суровые годы вспоминал тогда, когда об этом спрашивали и, конечно, 9 мая, и жизненную философию, вынесенную из военных лет, усвоил накрепко.

То, что я слышал о войне, о жизни от своего отца и Байкена Ашимовича — их оценка событий, тональность рассказа, практически совпадала: удовлетворенное чувство исполненного долга, никакой бравады, горечь и сожаление о погибших и, естественно, радость от последующей жизни.

Это не удивительно — оба воевали, после войны много работали и, конечно, хорошо знали друг друга. Не жалея ни крови, ни жизни, наши отцы прославили свои имена.

Как известно, мужественный Байкен Ашимович был награжден орденом Красной Звезды, орденами Отечественной войны I и II степени, медалью «За боевые заслуги» и польским военным орденом.

Сверстникам Байкена Ашимовича, закаленным годами войны и разрухи, по плечу было всякое дело – ведь они были победителями, и потому требования к себе и окружающим предъявляли самые высокие. Это была их правда – ее они впитали всем своим существом и руководствовались ею всю свою жизнь.

Пройдя тяжелейшими фронтовыми дорогами Байкен Ашимович получил блестящее образование в Ленинграде. Он прошел все ступени хозяйственной и государственной работы: руководитель районных, областных структур, 2-й секретарь Кокшетауского обкома партии, председатель Карагандинского облисполкома, 1-й секретарь Талдыкорганского обкома компартии. Как будто сама судьба вела его к главной цели – в 1970 г. он назначен Председателем Совета Министров Казахстана.

Это был особенно яркий период, когда он на протяжении 14 лет возглавлял Совет Министров Казахстана, а затем был председателем Президиума Верховного Совета республики.

При его непосредственном участии в нашей республике были возведены мощные производственные и аграрные комплексы и решались важные социальные и гуманитарные задачи.

Золотая звезда «Серп и молот» Героя Социалистического Труда – это редкость для председателя Совета Министров, как правило, ею награждались первые руководители республик. А это значит, его авторитет и вклад в развитие страны ценили в Москве.

Удивительную способность безошибочно отделять «зерно от плевел» Байкен Ашимович сохранил и в преклонные годы. С первых дней независимости он стал активным сторонником суверенитета казахстанского государства и участвовал во всех значимых событиях в стране, ясно выражая свою позицию по важным для общества вопросам, твердо поддержал решение Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева о переносе столицы в Астану, благословив ее от

имени всего своего поколения, был поборником политики единства казахстанского народа.

Байкен Ашимович ежегодно приезжал в Петропавловск к сыну Ундасыну — ректору Северо-Казахстанского государственного университета — одного из крупнейших ВУЗов страны. За время своей работы ректором он значительно повысил престиж Университета, улучшил материально-техническую базу, внедрил инновационные методы научных исследований и обучения, построил единственную в стране университетскую обсерваторию и современный плавательный бассейн. Он активно занимается наукой, избран академиком Национальной Академии наук Казахстана. Мы проводили в Университете серьезные конференции с учеными и студентами, с губернаторами российских сопредельных областей. Именно в среде современного студенчества надо опробовать важные общественные и политические акции и вопросы развития в период становления государства.

Несомненно, Байкен Ашимович и Бахыт Асетовна гордились успехами Ундасына, тепло относились к его жене Ботагоз и их детям.

С Байкеном Ашимовичем мы много встречались: в Алматы, Астане, Боровом, Петропавловске, беседовали на разные темы. Он действительно был интересным собеседником. Мы с Сауле всегда с удовольствием встречались с Байкеном Ашимовичем и Бахыт Асетовной. Потому что каждая из встреч — это событие.

Байкен Ашимович и Бахыт Асетовна были во взаимоотношениях настолько гармоничны, дополняя друг друга, что их союз можно назвать идеальным. Их счастливая жизнь была наполнена взаимной любовью, уважением и поддержкой. Это чувствовалось всегда и во всем. Они были счастливы в семье, воспитали достойных детей, были окружены любимыми внуками. И этим радовали родных и близких.

В 2005 г. в Казахстане, как и в других странах, широко отмечалось знаменательное событие — 60-летие Победы в Великой Отечественной войне.

Будучи Акимом Северо-Казахстанской области я хотел сделать ветеранам войны достойный подарок в виде книги о подвигах земляков в военное лихолетье. Поскольку область в это время была объединенной с Кокчетавской пришлось

провести большую работу по сбору материалов, привлечь к этому «Восениздат» в Москве.

В общем, книга получилась емкой, содержательной и достойной, в ней поместили поименно всех героев войны – североказахстанцев, а также новые архивные материалы.

Изучение документов для этой книги показало насколько удивительна судьба Байкена Ашимовича в предвоенные годы и во время войны. Родился Байкен Ашимович в Айыртауском районе. Закончил сначала Петропавловское железнодорожное училище, потом Ленинский сельскохозяйственный техникум. В 1938 году был призван на службу в Красную Армию в Киевский военный округ, окончил школу младших командиров, а затем началась Великая Отечественная война.

Тяжелейшие испытания, ранения, снова в строй, пройти военными дорогами в те годы мог только сильный человек – а ведь он был тогда молодым.

После вручения ему книги он позвонил мне и высказал не только свое одобрение, но и от имени всех ветеранов поблагодарил за эту замечательную память о героях войны. Он сказал: «Такая книга полезна и нужна не только нам ветеранам, но и всем людям...»

Почти два десятка лет занимал высшие посты в Казахстане, Председатель Совета Министров и Президиума Верховного Совета он удивительным образом сохранил доброжелательность и, простоту в общении, спокойную рассудительность и интерес к жизни.

Помню мы учредили звание «Почетный гражданин Северо-Казахстанской области» и первым в год 70-летия области присвоили это звание Байкено Ашимовичу Ашимову. К этому он отнесся очень серьезно, в очередной его приезд в Петропавловск как раз в дни его 90-летия я вручил ему Почетный знак и Грамоту. На торжественном собрании по этому поводу Байкен Ашимович блестяще выступил. Его никогда не подводила его великолепная память: он легко оперировал множеством цифр и мастерски владел четкими экономическими формулировками. Не пуская размышлял о социально-экономическом развитии области и республики, по-доброму пожелал успехов и отметил, что это дорогое для него звание.

Надо сказать, он живо интересовался жизнью области. На все события у него была особая реакция. Высоко оценил реконструированный областной историко-краеведческий музей, возложил цветы к установленному на этом здании барельефу Ф.Достоевского – Ш.Уалиханова. В другой приезд, увидев скульптурную композицию Абай-Пушкин, отметил: «Как замечательно, что на одном постаменте два гения казахской и русской литературы». Посетив возводимый музейный комплекс Абылай хана, Байкен Ашимович восторженно отзывался об экспозициях и особенно высоко оценил скульптуру «Абылай хан на коне».

Могучий аксакал Байкен-ага был строг и собран, корректен и тверд, мудр и справедлив. И еще исключительно порядочен. И мы храним о нем добрую, светлую память, именно поэтому в душе у нас поднимается теплая волна, стоит лишь, обернувшись, вспомнить его, Байкена Ашимова, Человека с большой буквы...

*Кенжеғали САҒАДИЕВ,
академик*

ТАРИХЫМЫЗДА АЛЫНТАР ҚАҒАРЫНДА

Шіркін дүние-ай десейің! Кеше ғана ортамызда болып, баршамызды ақ батасымен жебеген абзал ағамыз, ардақты абызымыз Бәйекен – Бәйкен Әшпмұлы туралы бүгін естелік жазуға тура келіп отыр. Естелік жазу орынды, сұранып-ақ тұр. Өйткені, біздің тарихымыздың күрделі бір кезеңінде осы бір абзал жанның көп жылдар ел басқарып, қартай келе жаңа заманымыздың батағөй аксакалы болып, дариядай ақыл-парасатымен өзі салған сара жолы бар, алты алашқа қалдырған адамгершіліктің озық үлгісі бар, ал онымен сыйлас, сырлас болған жандардың жүрегінде Бәйекен сомдаған мейірімділіктің өшпес ізі бар. Естелік ол кісіге емес, біздерге, әсіресе өскелең ұрпаққа керек. Әр ұрпақ өткен күндердің рухани топырағынан нәр алып, бой көтереді. Осы жолда Бәйекен сияқты кемелдердің ұзақ өміріндегі ізгілікті істері мен биік тұлғасы, адами қасиеттері кімге болса да озық үлгі, рухани сусын болуға әбден лайық.

Естелікті дәл биыл. Бәйекеннің өмірден өткеніне жыл толмай жазудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол туралы бүгін айтылған пікірдің жан-жақтылығы мен тереңдігінен гөрі ағамызға деген ыстық сезім мен құрмет басым болуы мүмкін. Дегенмен, уақыт өтеді. Бәйкен Әшімұлындай дархан тұлғаның туған еліне жасаған игілікті істері терең зерделеніп, өзі болса қазақ тарихындағы алыптар қатарында жоғары орнын алатынына ешбір күмән жоқ.

Бәйкен есімі біздерге, Алматы тұрғындарына, өткен ғасырдың 70-ші жылдары естіле бастады. Сол кезде Талдықорған облысында партия, совет қызметтерінде болған азаматтар (бізбен пікірлес болған) облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Бәйкен Әшімұлы Әшімовтің шебер ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігін, қандай күрделі мәселе болса да, оны талқылап-шешердегі ұхтамдылығын аңыз етіп айтып отыратын. Көп ұзамай Бәйкен Қазақстан Министрлер Кеңесі төрағалығына, яғни Қазақ елін басқаратын екі басшының бірі (біріншісі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев) болып тағайындалды. Алматы зиялы қауымы да ол кісінің жұмыс тәртібінің ерекшеліктерін, әсіресе таңертең күнде бір уақытта қара «Волганын» артында шалқаймай, еңкеймей, қалқан қазықтай тік отырып жұмысқа келетінін, жиналыстарда бөтен ешкімге бұрғымай, тек талқыланатын мәселені терең зерделейтіндігін, Министрлер Кеңесінің күн тәртібіне, қай мәселе болса да, өз жан-жақты танысып, мамандармен ақылдасып, қойылатын мәселенің дұрыс шешімін тапқанда ғана қоятынын айтып жүрді. Сол кезде Алматы халық шаруашылығы институтының бірінші проректоры қызметінде жүріп Министрлер Кеңесінің отырысына бір-екі рет қатысқаным бар. Жан-жақты дайындалған және тиянақты қаулы жобасы бар 30-40 мәселе Кеңес мүшелерінің назарына ұсынылады, баяндамашыларға көп сұрақ болмайды. Дәл сол отырыс үстінде төраға Министрлер Кеңесінің қаулысына қол қойып, қай мәселе болса да, оны тиянақты шешу жолы айқындалады. Бұл алынған шешімнің нәтижелілігін, оны орындау мерзімін жеделдетудің айғағы.

Осы бір отырыстарды айтпай-ақ қоюға болар еді, егер Бәйкендер қалдырған озық жұмыс тәртібі біздің қазіргі Үкіметіміздің отырыстарында жалғасын тапса. Өкінішке қарай, бүгінгі Үкімет мүшелерінің отырыстарында күн тәртібіне ең-

гізілген мәселе сол жерде тиянақты шешілмей, қайта-қайта жұмыс тобы құрылып, бір шаруаны шешу үшін бірнеше рет талқыға салып, көп уақыт кетеді. Бұл басқару жүйесінің пәрменділік пен шапшаңдығын төмендетеді.

Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімовтің қабылдауында өз өтінішіммен бір рет болғаным бар. 1982 жылдың қысында Целиноград ауылшаруашылық институтының ректоры қызметіне тағайындалдым. Қазақстанның байтақ тың өлкесіне жоғары білімі бар кадрлар даярлайтын осы институттың атағы зор болғанымен, материалдық-техникалық базасы өте нашар екен. Институттың оқу ғимараттары әбден ескірген, бірде-бірі заман талабына сай емес. Жатақханалары жетіспейді әрі жастардың тұруына қолайсыз. Мал дәрігерлерін даярлауға қажет клиника тіпті жоқ, инженерлер алқам-салқам болған, тіпті қолданыстан шыққан техниканың негізінде дайындалады.

Міне, осындай келеңсіз жағдайларды дұрыстау үшін бағдарламалар жасап, тиісті қаржы, көмек сұрау үшін талай лауазымы биік мекемелердің, олардың басшыларының есігін тосқырғаным бар. СОКП Саясибюро мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың, КСРО Ауылшаруашылығы министрі Валентин Карпович Месяцтің (біздің институт сол министрлікке бағынатын) алдарында болғаным бар. Олардың көмегі болды, ал нәтижесі туралы естеліктерімді кейін жазармын. Институтқа жәрдем сұрап Бәйкен Әшімұлы Әшімовке де бардым. Сол кездегі Министрлер Кеңесінің іс басқарушысының орынбасары Е.М. Асанбаев: «төраға сізді қазір қабылдай алмайды, Министрлер Кеңесінің кеңейтілген отырысының құжаттарымен танысып отыр, кейін хабарласыңыз» деп қайырды.

Дегенмен әдеп келдім ғой, тағы бір өтініш жасайын деп Әшімовтің қабылдау бөлмесіне бардым. Көмекшісіне өтінішімді анып едім, бірауыз сөзге келмей бастығына баяндауға кетті. Лезде қайтып шығып, «кіріңіз, төраға сізді қабылдайды» деді. Кірдім, стол толған құжаттар. «Сіз Алматы халық шаруашылық институтының проректоры қызметінен Целиноград институтының ректорына тағайындалған азаматсыз ба?» деп сұрады Бәйкең сәлемдескеннен кейін. «Иә, солай», дедім. Столынан тұрып жаныма келді. Менің жазған үш-төрт өтінішімді мұқият оқып шықты. Институттың жағдайы туралы

айта бастап едім, «өтінішіңіз түсінікті, тастан кетіңіз» деді де, қоштасты. Содан бір ай шамасында жаңағы өтініштерімнің бәрі орындалатыны туралы КСРО министрі В. Месяцтен хат келді. Сөйтсем Бәйкен Әшімұлы менің өтініштерімді Мәскеуге ала кетіп, аталмыш министрмен оның тиянақты шешімдерін келіскен екен. Ветеринарлық клиника салуға қаржы, институтқа қарасты оқу-тәжірибе шарушылығының егістігін суландыру жобасы осылай шешімін тауып еді. Осыдан Бәйкен Әшімұлы тиянақты істің адамы және де алдына келген адамның мұң-мұқтажын жанашырлықпен қарайтын басшы екенін ойға түйіп едім.

Бәйкең 14 жыл қатарынан республика Министрлер Кеңесін басқарды. Сол жылдары ел үшін, халық үшін істелген игілікті істерді шағын естелікте айтып жеткізу мүмкін емес. Қазақстан мемлекеттік жоспарлау комитеті торағасының орынбасары болған, қолында барлық мәліметтер бар Ғарай Қалапашұлы Сағынбаевтың естелігінде айтылғандай «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Бәйкен Әшімұлы Әшімов басқарған сол жылдары жанадан үш облыс, 40 аудан, 4 қала, 31 кент, 490 ауылдық кенес құрылды. 300-ге жуық ірі кәсіпорындар іске қосылды».

Біздің даму тарихымызда ерекше орны бар Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты, Павлодар және Шымкент мұнай оңдесу зауыттары, Қатамқас, Қаражамбас мұнай кен орындары, Қаратау фосфор кеніші, Казі Уғрал, М.Әуезов атындағы казак драма театрының жаңа гимараттары, тағы басқалар сол жылдары бой көтеріп еді. Бүгінде аталмыш нысандар егемен Қазақстанның индустриялық негізі әрі рухани өмірдің негізгі ошақтары болып отыр.

Сол жылдарда 7 млн. адам, яғни республика тұрғындарының жартысына жуығы жаңа пәтер алған екен. Халықтың нақты табысы 14 жыл ішінде 72,5 пайыз өсіп, ал әлеуметтік көмек, зейнетақы мен стипендия екі-екі жарым есе өскен екен. Сол жылдары темір кендерін шығару молшері Қазақстанда Франция мен Швецияға тең болды, ал шойын қорығу молшері Ұлыбритания мен Канада деңгейінде болды. Мал шаруашылығын сөз етсек, сол жылдары ірі қара мал саны 9,3 миллионға, қой, ешкі – 39 млн-ға, жылқы, түйе басы 1,6 млн-ға жеткен екен. Нәтижесінде ет-сүт өндіруден Швециямен,

мал майын өндіруден Жапония, Италиямен тенесіңіз. экономиканың басты-басты көрсеткіштерімен Еуропа мен Азияның озық кемел елдерінің деңгейіне жеткен аталмыш мерзімді казак елінің жұлдызды жылдары деп неге айтпаска.

Мақтанышпен айтылған ерен еңбектің иесі әрине халық. Дегенмен, аталмыш жетістіктер республика басшылары, біртуар аймақтарымыз Димекен мен Бәйекеннің кеменгерлік саясатының жемісі екеніне күмән жоқ. Екеуі де саясатта барынша сабырлы, өздері кемел парасат иелері болды. Олардың бір-біріне деген түсіністік, сыйластығы, республика мүддесін қорғаудағы тізе біріктіріп, бір жеппен қол шығарып жасайтын іс-қимылдары, ақыл-парасаттары бүкіл Совет Одағына үлгі болып, Совет империясының басшыларының өзі мойындағатын.

Димекеннің де, Бәйекеннің де Одақ басшыларының алдында беделі өте жоғары болды. Олардың алдына қылт етіп кіріп, жылт етіп шыққан кісілер емес. Барарын алдын ала келісіп, сұрарын, аларын орынды дәлелдеп, беделі жоғары кеменгер басшылар бола білді. Қай республика болса да, оған берілетін қаржы, көмек сол заманда тек империя орталығы Мәскеуде шешілетін Империя орталығының Казакстан үшін берерін екі басшымыз да барынша ала білді. Сондықтан да олар тарих өздеріне артқан ауыр да жауапты міндеттерін абыроймен атқара білді. Менменсіген Кремльдің көпті менсінбейтін, кіргізе бермейтін кертіме есіктеріне біздің елдің екі басшысы қатар кіріп, қатар шығып, екеуі де кеуделерінде жұлдыз, бүкіл Одақ әлемінде абыройлы, ажүзді болып жүруі басқара үлгі, өз ұлтымыз үшін шын мақтаныш болатын.

Бәйкен Әшмұлының зейнетке шыққан жылдары Казакстанның көптеген ғасырдан кейін аңсаған егемендігін алып, дербес мемлекет құруымен тұтас болды. Совет Одағы ыдырап, бұрынғы республикалар дербестіктің туын көтеруімен қатар, қалыптасқан экономикалық байланыстар сол жылдары үзіліп, көптеген өндіріс орындары тоқтап немесе жұмысын шектеп, зейнетақы, еңбекақыны айлап ала алмаған күндер туды. Қайда барамыз, кімнің айтқанын тыңдаймыз, мына батпаңдай қиыншылықтан қалай шығамыз деген сұрақтар көптің көкесінде тұрды.

Көпті көрген, елімізді ұзақ жыл басқарған кеменгер ақсақалымыз Бәйкен не дейді деген сұрақтар да тұрды. Бәйкен

Өшімұлы болса сабырлы қалпынан айрылған жоқ, елін де сабырлылыққа шақырды. Егемендігіміздің туын көтерген тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа қолын жанып, ақ батасын берді. Өмірдің соңғы күндеріне дейін болашаққа мол сенімін айтып, елге телетей теңіз тілектерін арнап отырды. Абыз Бәйкен, бағатөй ақсақалымыз деп баршамыз құрметтедік. Бәйкен берген ақ батаға Елбасы қолын жайды, баршамыз алақанымызды тостық.

Мен 1990 жылы Т. Рысқұлов атындағы экономикалық университеттің ректоры болып тағайындалдым. Бәйкен құттықтап келді. Содан бастап Бәйкенмен, оның семьясымен біздің тығыз қарым-қатынасымыз басталды. Жиі-жиі дастарқан басында, әртүрлі жиын-тойларда болып жүрдік. Көп сырластық. Бәйкеннің халқына, іс басында жүрген азаматтарға жан-дүниесінің кеңдігінің, тілек адалдығының талай рет куәсі болдық. Өзіне тән өте сыпайы әзіл-қалжыны бар, қоршаған жанды ерекше бауырмалдығымен өзі де, сүйген жары Бақыт Әсетқызы да оран алып отыратын.

Бақыт Әсетқызы сүйікті жар, қамқор ана, майталман ұстаздығымен қатар Бәйкендей тумысы бөлек тұлғаның бапкері бола білді. Бәйкен отбасын қасиетті қара шаңырақ дәрежесіне жеткізе білді. Бағзы заманнан бері біз, қазақтар, киелі қара шаңырақтарды, олардың иелерін құрметтеп, олардан үлгі алып өскен халықпыз. Елінің елдігіне ерен еңбекпен қайратын аямаған, елінің сөзін ұстаған, заманы мен қоршаған ортасына тағлымы мол, жасқа үлгі, болашаққа жол сілтей білген қара шаңырақтар бізде қай заманда да болған. Олар үлгі мақтанышы, аттары біздің жадымызда, есімдері құрметпен аталады. Осындан киелі қара шаңырақты Бәйкен Өшімұлы мен Бақыт Әсетқызы да құрды.

Бәйкен мен Бақыт апамыздың бір-біріне деген сүйіспеншілігінің, шексіз құрметінің талай куәсі болдық. Әсіресе Бақыт апамыз ұзақ ауырған кезеңде Бәйкен адал жардың ерен мінезін көрсете білді. Сынарынан айрылған аққудай тоқсаннан асқан жасына қарамай Бақыт апамыз жатқан емхананы алты ай торып жүрді. Дәлірек айтсақ, «Бақытымның жанында боламын» деп, өзі ауырмаса да, жарты жылды емхананың төсегінде өткізді. Аруақ ырза боларлық та, басқаларға үлгі боларлық та жағдай!

АСЫЛ ІСКЕ КӨНГЕН КӨСЕМ

Ата-бабаларымыздың «көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген қағидасы өмір өзгерістерінен туындаған түйін. Өмір талқысынан талмай, абыржып ақылынан адаспай әрекет-құбылыстардың сан қырына қырандай қарай білу саналы адамды көсемдікке, абзал ағалық, ақсақалдыққа мензейді. Бірақ мензеуді, бағыттауды іске асыру, қоғамдық нәтижеге жету қандай қиын десенізші. Бұған қанат бітіретін, шын-құзға құлаштауға қуат беретін қос қанат. Абай айтқандай, адамның ақылы мен еңбегі. Адамның адами қасиеттерін қайраған осы екеуі. Алысқа, абыроймен самғататын осы қос қанатты Бәйкен Әшімұлына көлденен тартқан асыл ата-анасы. Табиғатынан етек-жеңі кең, жан-жаққа зерделі көз тастайтын Бәкен қоғамдық қатынастар қиынына қырандай үңіле білді. Өмір тіршілігінің қағал талпаңтарын терең түсінді, іс-қимылдың қиын әдістерін игерді. Сөйтіп туған халқының мызғымас мүддесін мұқият сақтауға, оны қорқын-үрікпей қорғауға белін бекем байлап, бет әлпетінің айнымас адалдығын танытты.

Осу, оркендеу жәлында молая беретін мүдделер адам санасын үнемі толассыз мазалайды, сананы билейді, тыныштық түндігін серилтеді. Міне, қалың халықтың осы сана-сезімін ойға, бойға сипру, соның қоғамдық нәтижесіне жетудің сан қырлы жолын іздестіру саясатқа араласқан, саясат басына келген басшылар қызметінің өзегі екенін тарихи-қоғамдық даму процесі әр уақытта еске салады. Қалын, қарапайым халықтың санасынан өткен мүдделерді сезіну, іске асыру – басқару мәселелерінің кілті.

Бәйкен Әшімұлы тіршілік талабы, қиын-қыстау кезде жан сақтау мақсатымен алғаш араласқан қоғамдық қызметтің бастапқы баспалдағынан бастап, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Министрлер Кеңесінің төрағасы болған жылдарының аяғына дейін туған елі, туған халқы мүддесіне мызғымас беріктік, адал, жасампаздық қызмет көрсетті. Сондықтан ел аузынан түспеді. Елінің шынайы құрметіне болен-

ді. Зейнетке шыққан жылдарынан бастап, өмірінің соңғы сағатына дейін қалың қария, абзал абыз, ардақты аға болды. Оның өмірі, болмысы, жүріс-тұрысы ұлтқа үлгі болды. Елі оны ел ағасы деп таныды. Шынайы, жан тербелісімен ел ағасы деп мойындау аса бір қиын шаруа, оны сұрап та, саудасаттықпен де алу мүмкін емес. Елінің ешбір дүмпуісіз, қалың сүйсіне мойындауы ресми қабылданған заңнан жоғары екені өзінен өзі көпке мәлім.

Қайраткерлік қыр-қасиеттер, басшы, көсем ретінде танылуы туа бітетін, табиғи тарту емес. Табиғи негізде, аздықопті, қиындығы мол өмір өткелдерін де артүрлі әсерлеуден туындайтын қазына. Оның өміршеңдігі, көпке қажеттілігі, қабылдануы шартты қазық, нысаналарға байланысты. Ғасырлар бойы айқындалып келе жатқан философиялық ақиқат, постулаттың бекітуі бойынша, әлемдегі барлық өзгеріс, құбылыстар жағдай мен орынға, уақытқа тәуелді. Осы үшеуінен мүлдем сырт қалатын құбылыс, өзгеріс, осы даму сапалары болмайтынына қоғамдық қатынастар күнбе-күн қоз жеткізіп отырады. Әрбір саналы адам осы үшеуіне зер салады, тіршілік тырпанысының талғамында бұлармен мүқият санасады. Олардың қатаң талаптарына сәйкес әрекеттенеді, іс-қимыл мақсатын қояды. Осы ағымда адам қабілеті, жаңалықтарға беімділігі, білім-тәрбиеге күштарлығы, өзін өзі қамшылай тәрбиелеуі бой көтереді. Адами қасиеттердің артықшылығы анықталады, қоғамдық қажеттілік өз қайрагерлерін іздеп табады. Олар іріктеледі. Зор сенім артылады. Сенімге ие болу сирек кездеседі. Сенім сыбағасы бұйырған пәндеге қоғамдық жүйе аса бір маңызды іс жүктейді. Ол істің негізі – шешімдер қабылдау, қоғам қазына-байлықтарын ұқсату. Бұл ауыр жүк, нар жүгі, кей-кезде нар да мұшайман болып қала береді. Ел басқарудың ауыр азабын, оның уақыт ескіртпейтін, жауып тастамайтын жүйелі жауапкершілігін абзал азамат қана арқалайды. Бұған тәуекел деп кіріскен тұлғаның тұрақты серігі – жан-жақты терең ой, елім, жерім деп соққан ыстық жүрек, өмір өңдейтін, ұштайтын басқарудың шексіз шеберлігі.

Сірә, Бәйкен Әшімұлы басқалардан бұрынырақ осы жәйттерге терең үнілді. Өйткені ол өмірдің ащы-тұщы дәмін татты, ыстық-суығын сезінді, ой-қырынан сүрінбей өте білді,

қан майданда азап, апатқа алдырмай аман қалды. Кен байтақ еліміздің еңсесін көтеретін еселі еңбекке сабырлы ақылмен, ауқымды тәжірибе және біліммен екпінді кірісті. Қоғамдық қызметтің төменгі сатыларынан бастап, оның республикалық биігіне көтерілді. Техникум оқушысы, аудандық комсомол қызметкері, оқытушы, аудандық, облыстық ауыл шаруашылық қызметі, аудандық, облыстық атком торағасы, облыстық партия комитеттерінің екінші, бірінші хатшысы, республика үкіметінің торағасы, Республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының торағасы – міне қажырлы, жасампаз ерлік еңбегімен зор сенім аркалап, абырой, құрметпен өткізілген өмір откелдері. Онегелі, үлгілі откелдер. Осылар Бәкеңді еліміз тарихының торіне тартты.

Елім, жерім деп жүреті соққан, өз уақытының үкімінен туындаған басқарудың ауыр жүгін арқалаған абзал, асыл азаматтар ел есінде ескірмейді. Олардың ісі халыққа қызмет етудің үлгісі ретінде жана ұрпақ санасына сіңірілуі керек.

Тарихи өнеге үш асау тұлпарды – жағдай, орын, уақытты – құлағынан баса, жүгендеп, үстіне ертоқым салып, үзеңгіге аяқты іліктіре, шапшаң көтеріліп, нық отыру, сөйтіп тізгінді мықты ұстаудан басталады. Тарих – адамның алдына қойған мақсатын орындаудағы іс-қимыл. Осы жолдағы жасампаз жетістіктер елді, жерді көркейтеді. Рухани құндылықтың көбеюі, ұрпақтың жан-жақты өсіп дамуы ел тарихының мазмұны мен болашағы.

Әр кезде, әр жылдарда еліміздің үкіметі басына атағы аймаққа аян абзал ағаларымыз келді. Олар Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин, Ораз Исаев, Нұртас Оңдасынов, Елубай Тайбеков, Дінмұхамед Қонаев, Жұмабек Тәшенов, Мәсімхан Бейсебаев, Сәлкен Дәуленов. Олар осін өркендеудің әрбір тарихи кезеңінде сол мезгілдегі ішкі-сыртқы жағдайды уақыт талабымен байланыстыра отырып, ұлт мүддесін үнемі алға тарта білді, әсте естен шығармады. Барлық мәселе Мәскеуде, орталықта қаралып, шешілетінін есепке ала отырып, осы тар шеңбердің аясында ұлттық сипаттарды сақтауда жарғақ құлақтары жастыққа тимей, жеке бастарын бәріне тігіп, келешек жауапкершілігінің жүгін көтерді. Бұл «тар жол, тайғақ кешіуде» есіл ағаларымыз айыпталды, атылды, «жеңіл» құтылғандары жазықсыз қудаланды. Тәрізі, тәжірибе көр-

сеткендей, билік, мансап үнемі масайрағатын жәйт емес. Көп жағдайда билік, оған байлық қосылса, жеке басқа бақыт әкелмейді. Биліктегілердің өзіне байланысты қорғаушылары, сақшылары – адалдық, жұрттан алыс кетіп аласпау, келешек ұрпақ алдындағы ескірмейтін жауапкершілік. Басқару қызметіндегі азаматтардың аузынан шығатын сөзі шар тарапка тарайды. Іс-шаралары елдің көз алдында, өз бағасын алады. Басшылар көптің көзінен, естіген құлақтан ешбір таса қалмайды. «Өлең шіркін өсекші елге жаяр» дегендей, отыз тістен шыққан сөз көпке жайылады, әр сакка жүгіртіледі. «Жаксының артынан сөз ереді» деген мәтелдің жаны бар.

Әлбетте, әлеуметтік төнкеріс нәтижесінде қалыптасатын қоғамдық саяси жүйе меншік түрін анықтай отырып, өзінің билігін ұстап қалуды, әрі нығайтуды, қолдаушылар тізбегін толықтыруды көздейді. Қоғамның барлық салаларына пәрменді әсер етеді. Кезек күттірмейтін міндеттерді белгілеп, тиісті шаралар қабылдайды. Әсіресе, сол жүйеге беріле қызмет ететін топ іріктеледі, жас мамандар дайындалады, шаруашылық, мәдени жұмыстардың бағдар-бағыты анықталады.

Кеңестік саяси жүйе осы жалпы заңдылықтан сырт қалмады. Биліктің әдісі мен құрал-күшін сарқа пайдаланды. Кеңестік билік меншіктен жұрдай болғандарды қоғамдық меншік еңбегіне кеңінен тартты, жаппай сауатсыздықты жойып, орта және жоғары оқу орындарына тегін қабылдады, тегін дәрігерлік көмек көрсетті. Осының бәрі қарапайым халық арасынан шыққан азаматтарды саяси жүйе қызметіне дайындау еді. «Барлығын кадрлар шешеді» деген сөздер ұранға айналып, өмір желісі болды. Жастардың ғылымға, білімге деген жорығына жол ашылды. Міне, осындай тарихи жағдайда, билік басына келген абзал ағаларымыз өз елінде өз елі үшін орасан зор қызмет атқарды. Кабилеттерін қанаттандыра отырып, халық қажетін өтеді. Қазақ ұлтының басқа этностар өкілімен бірлесе, тату жағдайда көркеюіне күш салды.

Сабақтаса созылып келе жатқан сабаз басшылар сапында он төрт жылдан астам Бәйкен Әшімұлы болды. Сайланған басшылық қызметтерде Бәкен өзінің байсалды, нәтижелі, көптің көңілінен шығатын болмысына көз жеткізді. Әр кезде даму, күрделену көлемі кеңейеді. Димекен мен Бәкен басқарған кезде республика міндеттері күрделі, атқарылған

істер нәтижелі, көлемді болды. Тұрмыс-тіршілік, оның негізі – шаруашылық, мәдениет мазмұнды түрленіп, жаңа сағына көтерілді. Бірақ осы көтерілудің ұзын және ұзаққа созылған қолғабы, келешек тамырына тиетін Орталық тырнағы өткір болды. Республиканың жер көлемі мен оның асты мен үстіндегі байлығына байланысты аса қауіпті, көптеген эксперименттердің сынақ алаңына, шаруашылық, әскери, идеологиялық шаралар жүргізудің тәжірибелік ауқымды аймағына айналды. Бұған қалыптасқан біртұтас шаруашылық және саяси жағдай – социалистік республикалар одағы кеңестің мызғымас принциптері, талабы мен шешімі жол ашты. Қазақ халқының алысқа мензеген мүдделерінен туындайтын көкейкесті ұсыныстар мен талаптар орталықта қаралса да, жалпы одақтық қажеттілікпен түсіндіріле салатын. Осы ұсыныстар дәлелді қайталана берсе, әртүрлі айыптар – ұлтшылдық, ұлттық шектелу, орталыққа өзін қарсы қою, интернационализм, патриотизмді елемеу, т.б. айыптардан «алқа» тағылатын, тағдыры күңгірт тартатын. Осы жеткен қазақ кадрларына деген сенімсіздік те етек алды. Орталықтан, жан-жақтан уақытша кеңсуге келген келімсектер көбейді. Халқымыздың тарихымен, мәдениетімен танысын, оны құрметтеу ысырыла бастады. Келімсектердің көбі өзін оқытушы, үйретуші, тәрбиеші ретінде сезініп, орталықтың жолдамасын бүркеніп етіп, сөздері мен істерінде шектеу шамалы болды. «Еркелердің» өрескелдіктеріне тойтарыс беру Орталық жағынан тым аз болды. Оның үстіне «өзімде де бар» дегендей, басшылықтағы азаматтар арасында өзара түсіністік, сөйтіп «бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығару» әдепке айналмады. Зәре занық көріністері – бас шұғылушылық, тура айғудан тайсау, жеке басты сақтау созыла берді. Осы жайттерге қарамастан «мың өліп, мың тірілген» қазақ қауымы, оның арасынан суырылып шыққан адал азаматтар аркасында өзінің елін, жерін сақтап қалды, қалайда даму, өркендеу жолынан адаспады. Болашақ тәуелсіз қазақ мемлекетінің іргетасы қалана берді. Қарапайым халық күнделікті тыныс тұрмысын жайлы жасаудағы жеке мақсатын орындай отырып, келешекке қол созды. Күнделік пен келешекті байланыстырып көңіл іс-қимылын арнаға салу, бағыт-бағдар беру, қол амдық салаларға тарту, шебер ұйымдастыру – басшылықтың міндеті.

Осы міндетті арқалаған Бәкен Орталықта және республикада шешілетін көлемді, ірі, ағымдағы үлкен-кіші мәселелерді мұқият қарастыратын. Терең талдау, салыстыру жасап, ішкі-сыртқы тәжірибе тағлымы таңдалып, сұрыпталатын. Бәкен үкіметті басқарған жылдарда республика шаруашылығы мен мәдениетінің қарқынды өсуіне субъективтік жаңгердің ықпалды әсер еткенін ұмытуға болмайды. Партияның бас хатшысы Л.И. Брежнев Қазақстанда қызмет істеп, тым жоғарылауына секіртпе төбе болған республикаға ілтипатпен қарады, көмек көрсете білді.

Л.И. Брежнев пен Д.А. Қонаевтың достық қарым-қатынастары да қолайлы жағдай туғызуға өз себін тигізбей қойған жоқ. КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшесі басқарып отырған республика үкіметі торағасының дәлелді, қонымды ұсыныстары одақтық министрліктер мен мемлекеттік жоспарлау комитетінде қаралып, тиісті шешім тауып отырды. Оның үстіне Бәкеннің өзіне және басқаларға талап қоя білетін, Мәскеу адына қойылатын әрбір мәселең жан-жақты дайындағатын, оларды одақтық үкімет мәжілістерінде анық, көз жеткізе айталын дағдысы А.Н. Косыгиннің іс-етілімен ұласу тапты. Сондықтан Бәйекен ерекше бағаланды.

Партия номенклатурасына алынатындарға міндетті түрде қызмет баспалдақтарынан өтін, өзінің саяси және іскерлік қабілетін, сапасын таныту талабы қойылатын. Бәкен осы талаптарға сай сынақтан сүрінбей өтті. Орталықтың ауыр, әділеті аз, қатаң сынауы тың жерді игеру, жаңа совхоздарды құрып, шаруашылық, тұрмысқа қажетті салаларды жолға қою жылдарында Бәкеннің үлесіне үйіле тиді. Көкшетау обкомының екінші хатшысы әрі бірінші хатшының міндетін атқарды. Бірінші хатшы болып келген Белоруссия үкіметінің торағасы, Кеңес Одағының Батыры А.Е. Клещев ауыр науқасқа душар болып, Мәскеуде, Кремль емханасында ұзақ емделді, ақыры сонда дүние салды. Осы мезгілде Бәкен облысты басқарды. Тың өлкесіндегі обкомдардың бірінші хатшыларының арасындағы жалғыз қазақ Бәкен болды. Орталық өзі жіберген кадрларын асыра бағалау кезінде Бәкен ешбірнен кем түспеді. Артықшылығы – жергілікті тұрғындардың жай-жапсарын, шаруашылық және мәдени мәселелерді шешу жолдарын терең түсінді, оларды халық мүддесіне бағындыра білді. Бірақ Орталық өзі жіберген өкіл – комиссар-

лар «гвардиясына» сену, сүйенуді таңдады. Қабілетті казак жігіттері қалыс қала берді. Бұл солтүстік облыстарды Ресейге қосу саясатының айқын көрінісі еді.

1959 жылдың аяқ кезінде, Хрушевтің ұсынысымен, Қазақстан Орталық партия комитетінің солтүстік облыстар бойынша Бюросы құрылып, оның төрағасы, ОК хатшысы болып Т.И. Соколов жіберілді. Бюро 1960 жылдың ақпанынан бастап Ақмолаға орналасты. Обкомның бірінші, екінші хатшыларының кабинеті, бірнеше бөлмелер алынды. Алматыдан Соколов екеуміз (мен оның орынбасары болып бекітілгем) келдік.

Аппаратта небәрі 14 қызметкер, облыстар бойынша жауапты ұйымастырушылар болды. Солардың ішінде И. Қапаров, М. Досаев, т.б. қабілетті азаматтар қызмет атқарды. Соколовпен бір пәтерде тұрдық. Кейінірек, өзімен бірге істеген Псков обкомының хатшысы Шишонковты алдырған соң жайсыздау (шым-жем түн ортасына дейін созылатын) болған соң, мен басқа қызметкерлермен бірге облатком (төраға Ж. Жанғозин) бөлмелеріне орналастым.

Бір күндері Д. Қонаев, Ж. Тәшенов, Ф. Кәрібжанов тапсырыс берді. «Сен бастығың Соколовпен келісіп, Бәйкен Әшмұмовті Кокшетау обкомының бірінші хатшылығына ұсын» делінді. Соколовтың демалыс бөлмесінде, түскі ас кезінде Бәкен жөнінде айтып, кадрлар есебінің жеке парағын толтырып дайындайық деп келістік. Күжат берілді. Бір жеті өгті, үн жоқ. Есіне салуға тура келді. Соколов сейфін ашып, күжатты алды да «сен қазағыңды қыстырма!» деп кабинет бұрышына лақтырып жіберді. Тұрып кетіп, қағазды қотермей, есікті қаттырақ жауып шығып кеттім, кабинетіме келіп, республика басшыларына болған жайды баяндадым, Бәйкен Әшмұловтың өлкесінен басқа облысқа ауыстыру жөнінде ұсыныс аңғылды. Көп ұзамай Бәкен Қарағанды облатком төрағасы болып бекітілді. Қарағандыдан кейін Талдықорған обкомының бірінші хатшысы, үкімет төрағасы болғаны белгілі.

Бәкен зейнетке шыққан соң отбасында отырып қалған жоқ. Көпшілікпен араласудан, үлкен-кішілерді сыйлауы мен қадірлеуінен ешбір қол үзбеді. Алатау аясындағы азаматтар ағакты ағаларын аялай білді, басына қотерді. Бәкен, Бакыт Әсетқызы байырғы болмысынан таңбады. Бәкеннің қыз-

меттес, ағайын-туысқан, іні-қарындасқа деген ықпалы ешбір кемімеді. Жиын-той төрінен өзіне лайықты орын алды, бәріне етене жақын болып, жақсылық тіледі. Еліміздің жаңа тарихи жағдайдағы күрделі мәселелеріне зер салып, өз пікірін білдіріп отырды, басшылық шешімдерді қуаттады. Астана, Алматыдағы маңызды шараларға белсене қатысты. Бәкеннің табиғи биологиялық жасы ешбір бөгет болмады, сірә, оның табиғат негізіндегі әлеуметтік жасы басым болған шығар. Бәкен өзінің ой-парасатынан әсте танбай, мінезінде, жүріс-тұрысында, пікір алысуда абзалдығын көрсетті.

Бәкен мен Бакыт Әсетқызы өздерінің кен, берекелі, дархан дастарқаны басына әріптестерін, іні-қарындастарын, келіндерін жинап, мәре-сәре болғанды ұнатушы еді. Бәкен жиналғандардың әрқайсысына жылы лебізін, ағалық, аталық тілегін білдірген соң, әрі сабақтауды, әлетте, маған тапсыратын. Тапсырар алдында Бәкен күлімсіреп, ерекелете: «Сен бойына ет пен май жинамайсың. Жанына, Нағима екеуінің жинайтындарын, қадірлеп сыйлайтындарын — жақсы адамдар, достарын, ағайын, бауырларын мен қарындастарың. Бір кезде жастарды басқарсан, енді шалдарды басқар!» деп нығыздаушы еді. Біт Сераған — академик Қирабаев екеуіміз Ағайынды тапсырысын орындауға, қонақтардың Үлкен үйде қысылмай, көңілдері көтеріңкі болуына ат салысатынбыз. Тамаша, жан жадыратар жиындар, күлкіге толы кездесу кештері келмеске кетті, тарихқа айналды. Бакыт Әсетқызының жасаған дастарқаны өміне тән ерекшелігімен мүлде бөлек болып көрінетін. Қазақтың дәстүрлі дастарқан тартуына басқа ұлттар тағамдары мөлшерлі қосылғанда, дастарқан үсті өзгеше өн алып, ерекше қанағат сезімін тудыратын. Қонақтарды қарсы алып, шынайы ықыласпен күтуде Оңдасын, Нейлюфар, Роза, Бота, Лаура, Галым, Марат аяқтарынан тік тұратын. Олардың ата-анасына, олардың қонақтарына деген құрметі — оқу, тәрбие көре-білгендіктің нәтижесі екені белгілі. Әкесі мен шешесіне деген ыстық сезімдері ерекше көзге түседі. Олар Бакыт Әсетқызын бірнеше ай бойы күні-түні күтумен болды. Бірінен соң бірінен айрылу азабын тартты. Ақырғы сапарға шығарып салудың, одан кейінгі күндер қайғысын арқалады. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлынан бастап, Алматы әкімі Ахметжан Есімов пен облыс әкімі Серік Үмбетовтің олар өмірден оянда шығарып салудағы қам-

корлығы айтарлықтай есте сақталатын жан тербелісі болды. Аруакты ардақтау – азамат борышы, ата дәстүрін сақтау, жұрт алғысын алу, әрі жас ұрпаққа үлгі, өнеге.

Табиғат ғана айындаған дара, дана ата-анадан бір сәтте, қайғымы жоқ, біржола айрылу қандай ауыр, қандай азап! Окіншінің орті осында. Бірақ тірі жан мен о дүниеліктер арасында меже, уақыт шекарасы бар. Ол – үміт, тіршілік, бірге кетпей, тәуекелге басып, оны жел қайық етіп, өкпеңді өшірмейтін өмір. Бұл жолда белді бекем бұдыратын – Ата-Ананың қалдырған өшпес ізі, айтарлықтай аумақты ісі, ел аузында аңызға айналуы. Бәкеңнің ел ағасы, абзал абыз деп, ал Бақыт Әсетқызының ұлы аналар арасында төрден көрінеді деп уығыздалуы – халқымыздың жоғары бағасы, құрметі мен ардақтауы.

Аққу іспетті өмір бойы бірге, сәні, жаны жарасып, араларына ай салмай сағыныш отымен өмірден озған Бәйкен Әшімұлы мен Бақыт Әсетқызы Алатау аясына мәңгі жайласты. Олардың аттары мен атақтары Алатау биік індей аспандай береді.

Серік ҚИРАБАЕВ,

академик

ЖҰМЫС ТАҢДАМАҒАН АЗАМАТ

Бәйкен Әшімұлын жұрт көзінші тірісінде-ақ «Ел ағасы» атандырды.

«Аға» деп қазақтар қарапайым тілде жасы үлкен адамды айтады. Ал, егер осы сөздің бейнелі мағынасына үңілсең, онда қаншама мағына мен мазмұн жатқанын көресің. Ағалық адамның тек жас мөлшерін ғана аңартып қоймайды, сонымен бірге оның бойындағы көпті көрген даналықтың, қоңыл-ой саралығының, айналасына және інілеріне деген пейілдің кеңдігін, еліне істеген дарқан қызметі мен тоқпен терінің арқасында берілген атақ сияқты көрінеді маған. Ол «От ағасы», «Ауыл ағасы», «Ел ағасы» болып біртіндеп көтеріліп, мағынасын кеңейтеді. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген тіркесте де дана халқымыздың ағалыққа жарайтын адамды іріктеу принципі жатыр. Сондықтан аға болу, ел

ағасы болу он-онай нәрсе емес. Ол – ер еңбегінің екшелігі, ұзақ жылдар сараптауынан өтіп барып мойындалған түрі.

Бәйкен аға жайында жұрт көп айтады. Әрине, жақсы мағынада. Оның замандастары оған ерекше құрметпен қарады. Қызметтес інілері онымен істес болған кезін айтып мақтанады. Жора-жолдастары, інілері, аралас жүрген бауырлары үлкенге іні, кішіге аға бола алатын кеңдігін, айналасына жылу шашын, шапағатын төгіп тұратын мейірімділігін, кең пейілін еске алады. Барлығы да оның кешегі Дінмұхамед Қонаевпен бірге көп тізінді ген ұстап, ел басқарғанын, республиканың абыройын көтеріп, халыққа сүйкімді басшы бола білгенін, биіктілігін, қабілетін, байсалды, сабырлы мінезін, қарапайымдылығын, дауыс көтермей, сыпайы талап қоя білетіндігін аса бір жылы сезіммен әңгімелейді. Биік деген, қанша дегенмен, басшылық пен халықтың арасын бөліп тұратын дүние ғой. Демекен биіктен кеткен соң, сол халқымен бетпе-бет келе алмай, өмірден ерте озды. Биік пен халық арасындағы осы кеңестікті толтырып, ел-жұртымен еркін араласып, онымен бетпе-бет келуді тағдыр Бәйкен ағаға жазыпты. Зейнетке шыққаннан кейінгі уақытта бұрынғы іс басындағы абыройын жалғастырып, толықтырып, елдің үлкен ағасы екенін дәлелдей білген Ағаның бүкіл халықтың сүйіктісіне, сүйкімдісіне айналу сыры да осында жатса керек.

Кешегі қызметі мен қабілетіне, іскерлігіне достары таң қалған Бәйкен аға мен зейнеткер, қарапайым қазақ Бәйкен ағаны салыстырып қарап, өзгерген ештеме жоқ екенін қордік біз. Тектілік, кісілік негізінде бар адамның құдай берген мінезін басқа ортада, басқаша жағдайда жалғастырғанының күзесі болдык. Заман өзгеріп, алдамшы, құбылма мінездер көбейгенмен, Бәйкең баяғы сол адал, сенімші, тата қалпында өмір сүрді. Ол бәрін де түсінді, бәрине де кешіріммен қарады. Халқына, халқының болашағына сенді. Сондықтан да сынампаз емес – сыпайы, кінәмшіл емес – кешірімді болды. Бұрынғы биік басында болғандардың өз заманын, өз билігін, өзін ғана мақтап тұтын, кеңістігін бәрине тонырақ шашатын мінездерін де көріп жүрміз ғой. Бәйкең ол мінезден өзін аулақ ұстады. Сенімне берік, ақылды, ойлы, дарқандықпен алға қарады. Кең көңілін тарылтпады, жақсыға, жасқа плектестігін үзбеді. Осылардың ар жағында биік адамгершілік, кемел кісілік жатқанына еш күмәнданбайсың.

казған мыс өндірісі кенейді. Ертіс-Қарағанды каналы іске қосылды. Өнеркәсіптік облыстың халқын тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету жолға қойылды. Хрущёвтың тұсында партия екі салаға бөлініп, өнеркәсіптік, селолық обкомдарға бөлініп, енді Қарағанды облыстық селолық партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде ауыл шаруашылығын көтеруге батын салды. Мұның бәрі Қарағандыда да Бәйекен атқарған үлкен істерден хабардар етеді.

1967 жылдың аяғында Бәйекен Талдықорған облысына, облыстық партия комитетіне бірінші хатшы болып ауысты. Бұрын Алматы облысының құрамында болған облысты қайта құру, оларды кадрлармен толықтыру, мекемелерді кеңсе үшін, қызметкерлерді пәтермен қамтамасыз ету де оңай шаруа емес-ті. Үш жылға таяу уақытта Бәйекен осы міндеттерді абыроймен орындады. Облыс шаруашылығын көтеруге қамқорлық жасады. Аз уақыттың ішінде Талдықорған облысы болып бой көтерді, ірі әкімшілік аймағына айналды.

Бәйекеннің қоғамдық-мемлекеттік қызметінің ең биік дәрежеде мойындалып, танылған мезгілі – оның республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып істеген кезі. Бұл қызметті ол 1970-1984 жылдар аралығында, дәл 14 жыл атқарды. 70-80 жылдар біздің республиканың экономикалық жағдайының нығайып, халық шаруашылығының барлық жағынан өскен, елдің тұрмыс дәрежесінің көтерілген дәуірі – «Жұлдызды жылдар» болғаны белгілі. Бүгін сол күндерді еске алып отырып, шын жұмақты өткізіп алыңыз ғой деп ойлаймыз. Коммунизмді алдан күтіп жүріп, өз дәуірімізді бағаламаппыз. Үлкен одақтың қарауында отырып, өз бетімен жұмыс істеу ол кезде оңай да болмайтын. Ел басшыларының да жолы жиілікке бөлінді. Соған қарамастан Димаш пен Бәйекен ағаларымыздың жоғарының жетегінде кетпей, бар күш-қуатын республиканы көтеруге жұмсағанына, бюджеттен қаржыны молырақ қамтып, есебін тауып, «жаңбыр, жаңбырдың арасымен жүріп» халқына үлкен еңбек сіңіргеніне ел-жұрт риза. Бұл жылдары Қазақстанның жер байлығы оны алдыңғы қатарға шығарды. Одақтық экономикадағы Қазақстанның үлес салмағы артты. Ол одақ көлеміндегі мыстың үштен бірін, мырыштың 44%-ін, көрсегінің 75%-ін өндірді. Хромит, уран, фосфор қоры жағынан жетекші орынға шықты, қаржы бөлісу кезінде Қазақстан жан басына 536 сом (Ресей – 598,

Украина – 382, Белоруссия – 436) үлес алды. Осы мол байлық шашпай, төкпей халық игілігіне жұмсалды.

Қазақстанның осы бір жұлдызды жылдарындағы табыстары, ең алдымен, басшылықтың шебер ұйымдастырып, басқаруымен байланысты болғаны анық. Димекен бас-көз боп, партия атынан қадағалап отырды да, Бәйкен осы үлкен істі тікелей ұйымдастырды, өзінің орынбасарларын, министрлерді, облыстық атқару комитетінің басшыларын қолдарынан іс келетін, ынталы адамдардан таңдап, олардың қызметін үнемі бақылап отыру оның күнделікті міндетіне айналды. Ол одақ алдында жоспар қорғауға жыл сайын өзі барған. «Оның жан-жақты және терең білімділігі, уәжінің орындылығы мен дәлелділігі, ұстамды мінезі мен жоғары мәдениеті осы кезеңдерге айрықша көзге түсуші еді, – дейді Ғ. Сағымбаев. – Лауазымды басшылармен де, қатардағы қызметкерлермен де сөйлесудің ретін біліп, жылы сәлемімен, қоңіл-күй сұрасуымен мәселе шешудің ұтымды жолдарын тауып кетуші еді. Мәселе қою шеберлігі, ұтымды дәлелдері бізді танқалдыратын. КСРО Жоспарлау Комитетінде, басқа орталық мекемелерде, министрлер кеңесінде абыройы мен беделінің жоғарылығы мәселені шешуге ерекше ықпал етуші еді» («Ел сенімді ақтаған», Алматы. Рауан, 1999, 45-бет). Одан әрі осы оқиғалардың куәсі ретінде Ғ. Сағымбаевтың Алматы Пионерлер сарайын, Медеу мұз айдынын, М. Әуезов, М. Лермонтов театрларын, «Арасан» моншасын, Ақтобедегі футбол стадионын, Талдықорған, Атырау облыстық театрларын, тағы басқа ірі құрылыстарды салдырудағы Бәйкеннің Мәскеумен жүргізген келіссөздері жайлы әңгімелері тым қызықты. Бәрі де Мәскеу қаржы болмей, республикалық қаржы жұмсауға тыйым салынған объектілер, бәрі де Бәйкеннің күшімен салынған.

Осындай ұлы істерді атқаруда Бәйкен республика мен одақ басшыларының қолдауына ие болған. Ең алдымен, оны Д. Қонаев қолдаған, жәрдемдескен. «Үкімет басындағы мәртебелі қызметке келген алғашқы күннен бастап маған Д.А. Қонаев зор қамқорлық, ілтипат білдіріп отырды, жұмыста күнделікті көмек көрсетіп, жана жағдайға тосылып кетуіме жәрдемдесті. Жиі-жиі облыстарды бірге араладық, өнеркәсіп және шаруашылық кәсіпорындарында, кү-

рылыстарда, ғылыми-ағарту және мәдениет орындарында бірге болдық. Мәскеуге бірге баратын кездеріміз де аз болмайтын. Орталық Комитет пен Министрлер кеңесінің аппаратында, басшыларда, басқа да орталық мекемелерде бірге боламыз. Республиканың экономикасын, ғылымы мен мәдениетін оркендетуде, халықтың әл-ауқатын жақсартуда біздің Орталық Комитет пен үкімет арасында толық бірлік пен үйіспестік болды» – деп жазды Б. Әшімов «Ел сенімі – ең қымбатың» атты естелік кітабында (А.: Ана тілі, 1997, 135-бет). Бұл естелікте Л.И. Брежнев, А.Н. Косыгин сияқты одақ басшыларының Қазақстанға айрықша назар бөле қарауы, Қазақстан басшыларымен сыйластық, іскерлік қарым-қатынастары, республика мүддесін қорғаудың фактылары нақты дерекке сүйеніп жазылған. Әсіресе, ол өзінің тікелей бастығы А.Н. Косыгин туралы жылы әңгімелейді. «Косыгин кеңес үкіметін басқарып тұрған жылдарда мен ол кісінің тікелей көмегімен республикамыздың сан-салалы индустриясын, ауыл шаруашылығын, әлеуметтік саланы дамытумен байланысты көптеген мәселелерді шеше алдым», – дейді ол. Өмірінің соңғы кезінде жиі-жиі ауырып жүрген Косыгинге үкімет мәжілісінде бір республиканың басшысы кеңседе көп отырмай, емделуді, демалуды ұсынғанда, ол «Сіздер Бәйкен Әшімовтей жұмыс істесеніздер, мен кеңседе көп отырмаған болар едім», – депті деген әңгіме де бар. Сірә, одақтық республикалар үкімет басшылары ішінен Бәйкен Әшімовке бірінші боп Социалистік Еңбек Ері атағы (1977) берілуі де оның елдегі беделіне қоса, одақ алдындағы абыройы шығар. Бәйкеңнің жұмыстағы мол тәжірибесі, Қазақстан экономикасын жетік білуі кейін ол республиканың Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы болып істеген жылдарында да іске асты. Күнделікті шаруашылық-қаржы қызметіне араласпайтын төралқаны Жоғарғы Кеңестің тұрақты депутаттар комиссиясы арқылы экономика салаларымен шұғылдануға ыңғайлады. Солар арқылы министрліктер мен басқа да басқару орындарының халық шаруашылығы жоспарлары мен бюджетті қалай орындап жатқанын бақылауға мүмкіндік алды.

1985 жылы 68 жасында Бәйкең зейнеткерлікке шықты. Қоғамдық еңбекті, саяси қызметті абыроймен аяқтады. Өзінің осы жолдағы табысты еңбегі мен халық алдындағы беделін,

абыройын ол естелігінде «сенім» деген бір сөзбен белгіленіпті. «Адамдардың өзара қарым-қатынасындағы жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз көріністердің барлығы да, мені ойымша, бір ғана осы ұғымға, «сенім» атты бір ғана сөзге сүйеніп, соған негізделіп тұратын сияқты. Біреуге көрсетер ізетін мен ілтипатын, қадірін мен құрметін, сырын мен сыйың, айналып келгенде, соған білдіретін ішкі сенімнен туатын болса керек. Бұл – оның адалдығы мен адамгершілігіне, ақыл-парасатына, бүкіл кісілік болмысына сенімді. Бәлкім, осы қасиеттердің барлығы бірдей мен мұңдалап бірден көрініп те тұрмас, бірақ солардың анық хабаршысындай бір ғана сүйкімді мінезімен сенің ықылас-пейіліңді санаңнан тыс тартып тұрса, онда сенін сенімді баурай бастағаның», – дейді Бәйекен (132-133 беттер).

Я, ол жұртқа сене білген. Өзі жұрт сенімін түсіне де ақтай білген. Сондықтан да «Ел сенімі – ең қымбатың» дейді.

Өзіне біткен адамгершілік қасиет, халықпен сенісу оның ол зейнеткер бола жүріп дамытып, жетілдіре білді. Өзінің халқы ортасында өмір сүрді. Оны қоршаған дос көп еді. Олар – кешегі бірге қызметтес болған, оның еңбегі мен мінез-құлқына риза сезімде қалған, ұмытпас достары. Олар – онымен сыйласқан творчестволық интеллигенция. Олар – біртіндеп танысып, оның кең қолтығына, бауырына кіріп інілері. Олар – одан тәрбие көрген бауырлары мен туыстары. Осылардың құшағынан ол бір күн босап көрген жан емес.

Елін, ұлтын сүйген, соның өркендеуіне бар күш-қайратын жұмсаған адам республиканың тәуелсіздік алғанына да шын жүректен қуана білді. Оны Елбасымен кездесулерде де, күнделікті баспасөз бетінде де, теледидар арқылы да айтып жүрді. Өзі табынған «Сенімін» ол ел келешегінен күтті. Елбасының қызметіне үлкен сенім артып, плектестік білдіріп, жана астанаға шығарып салды. Ел құрметіне, оның белгілі адамдары құрметіне арналған жиындардан ол сырт қалып көрген емес. Бәрінің басы-қасында болып, «Сенімін» ұсынды.

Бақыт деген осы да. Өмір бойы халқына адал қызмет істеп, сол халқымен бетпе-бет келіп, араласып, ішінде болу, оның қуаныш-қайғысын бөлісу, оның назарынан бір сәт сырт қалмау қандай бақыт! «Бейнеттің де зейнеті бар» деген осы. «Өмірде алдыңнан шығатын нәрсе – халқыңмен

жасаған адал қарым-қатынасың екен... Менің өз кезімде ұс-танған принципім – басшы болған адам әрқашан бір мінезді болуы шарт. Біреумен алыс, біреумен жақын, біреуді жақсы көру, біреуді жек қору дегеннен аулақ болу.

Қызметте әділ, қарым-қатынаста бір деңгейде болу. Біреуге жақсылық істесең, оның қайтарымын алуға тырыспау – төрениң төресіне жарасар іс» – деп жазады Бәйекен. («Ел сенімін ақтаған», 91, 110 б).

Әдетте, бастықтарды қоршаған орта болады. Олар жарамсақтанып, өсек-аян теріп, сыбырлап отырады. Біреулерді жақын тарту, біреулерді алыстағу дегендер осындайдан туады. Осыған құлақ аспаған басшы ғана қосем болуға лайық. Бәйекен бұл жағынан да таза шыққан адам еді.

«Барлық билік адамды бұзады, ал шексіз билік – шектен тыс бұзады» – депті неміс жазушысы Б. Брехт. Жоғарыдағы сөз сол билікке бұзылмай кеткен адамның бейнесін танытады.

Осы Адаммен ұзақ жылдар достық қарым-қатынаста болу, аға-інілік сезімдерін жақын сезіну бақытын мен де бастан кешкен адамдардың бірімін. Оның досы көп болды. Әрине, бәрі бірдей емес. Солардың ішінде жақын араласып, сыйласын өту, өлгенше бірге болып, оның тәрбиесін, үлгісін алу – білге құдай сыйлаған бақыт деп білемін.

Онымен мен 60-жылдардың бас кезінде демалыста таныстым. Алматы ірі есіндегі осы аттас санаторийде ол Бақыт Әсетқызы екеуі демалды. Ол кезде демалыс – 24-26 күн болатын. Қыдыру кезінде сәлемдесіп бірге жүрдім де, танысып кеттім. Мәдениет үлкен, жан-жақты хабарлар азамат қой, мен аты-жөнімді айтқан кезде: «Серік Қирабаев сен бе едің, білем, қарағым, Қарағандыңкі екеніңді де білем» – деді. Қарағанды – менің туған облысым. О кісі сонда облыстық атқару комитетінің төрағасы болып істейтін. Сыртынан таныдым.

Әрі қарай әңгімеміз жарасып жүре берді. Күнде қыдыруға бірге шығатын болдық. Ел жайы, жеке адамдар, басшылар жайында пікір алысамыз. Сөзге сараң, ешкімнің сыртынан теріс сөз айтпайтын Бәйекен кейде әлдекімдер туралы өз көзқарасын аңдатып қалады. Сенген ғой. Сондай әңгіменің бірінде былтыр ғана орнынан босаған Қазақстан үкіметінің төрағасы Жұмабек Тәшеновтің қызметінен кетуі жайлы сөз

болды. Сөз арасында Бәйекеннің «Бір адамға бағынып та жұмыс істеуге болады ғой» деп қалғаны бар. Мұнда Жүмекеннің басшылықпен жарасып істей алағанына нәтиже ренжу де бар сияқты көрінді. Кейін Бәйекен өзі үкіметті басқарып, партия басшысын тыңдап, «бір адамға бағынып жұмыс істегенін» көрген кезде осыны жиі еске алатын едім. Ақылды, байсалды, дүниеге сабырмен қарайтын адамның қозғалысын, ұғымын түсінуге тырыстым. Бір жағы орталықтың, екінші жағы партияның билігінде болып, солармен ақылды келісімге, ымыраға келіп, түсінісе отырып, еліне қызмет ету екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа ғой. Бұл – Бәйекеннің ғана қолынан келді.

Демалыстан соң ол Қарағандыға, мен үйіме қайттым. Туыстай боп айрылыстық. Елге (Қарағандыға) бір барған сапарымда, кенесіне барып сәлем бергенім де бар. Ол мені үйіне шақырды. Бұл жағдай арамызды тигі жақындата түсті. Өзіне ұнаған, сенген адамына ол ерекше бір бауырлық сезіммен қарайтынын ұқтым.

1967 жылы ол Талдықорғанға обкомның бірінші хатшысы болып ауысты. Онда да барып, қонысына, қызметіне құтты болсын айтып қайттым. Қарағандыдан Алматыға демалысқа келген, кезінде Бәйекенмен бірге қызмет істеген, совхоз директоры, Социалистік Еңбек Ері, жаңарқалық жерлесім Ыдырыс Жұмабеков бірге барды. Бізді ықыласпен қарсы алды. Демалыс күні еді, ұзақ әңгімелесіп, қонақ болып қайттық. Сонда Ыдырысқа: «Едрис (Бәйекен солай ағайтын), сен көп жыл бірге істеген сенімді адамсың ғой, мені білесің, маған қиған бір сыбағаң болсын, биыл бізге соғым жібер, жаңа келіп жатып бұл жақтан соғым іздесем, ел теріс бірдеме ойлап қалуы мүмкін ғой» дегені бар. Адалдық, сактық – ол кісінің ерекше қасиеті еді. Сол күндері үйінде де жас ет жоқ екен, бізді қыстан қалған сүрмен сыйлады. Басшы қызметтегілер жеке үйлерде тұратын заманда, жаңа барған облыста көп қабатты, көп адамдар тұратын үйге орналасуы мен жоғарғы жағдайлар оның қарапайымдылығының, көптен бөлініп көзге түспеуге тырысушылығының белгісі сияқты көрінді.

Келесі жолы зайыбым Әлия әке орнына ұстаған, оны тәрбиелеген үлкен атасы Сәрсен Бейсенов деген ақсақал қайтыс болды да, біздің тағы да Талдықорғанға жолымыз түсті. Мен

өзім барып, Бәйекеңе кіріп шықтым. О кісі Бакыт Әсетқызы екеуі келіп, көңіл айтып, Сәрсекенді шығарысып салыетты. Әлиямен осы жолы танысты. Менімен бұрынырақ көрісіп, сыйласып қалған Бакыт Әсетқызы Әлияны жақсы көріп бауырына тартты. Кейін екеуі шын көңілдерімен туысып кетті.

1970 жылы Бәйекең Алматыға Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне ауысты. Мен құттықтап, кіріп шықтым. Кейін де 2-3 қайтара сәлемдесіп шыққаным бар. О кісі – мейлінше ұқыпты, кісі атын ұмытпайтын зерек адам еді. Біздің бір досымыз, қауіпсіздік органының жауапты қызметкері генерал Тәңірберген Жалмағамбетов айтатын: «Мен жаңа қызметімен құттықтауға барғанда, «Жұпар қалай?» деп сұрады. 50-ші жылдардың ішінде Көкшетауда бірге қызмет істеп жүргенде аздап араласқанымыз бар еді, содан бері қаншама уақыт өтті, сонда да Жұпардың атын есіне сақтап қалыпты» дейтін. Мен барғанда «Әлия қалай?» деп сұрағанда, есіме сол түсті. Бұл о кісінің кісімен қарым-қатынасындағы ерекше бір қарапайым, адамға деген илтипатын танығатын қылығы болатын. Кегерде: «мен енді сіздермен күнде көрісуге мүршам келмейтін күйге көштім. Қыдырып баруым да қиын, көз көп, бақылау мықты. Өздерін келіп, хабарласып тұрындар», – деді. Сонымен біз үкімет төрағасымен жиі араласа алмадық. Кейбір құттықтайтын шаралар болған кезде ғана тілдесетінбіз. Өзі көтеретін бір телефондар арқылы хабарлассам, тостырмай қолма-қол қабылдайтын. Алдында толған адамдар ортасынан атыңды атап шықырып, комекшілері кіргізін жіберетін.

Бәйекең мен біздің жақын араласуымыз ол жұмысынан босап, зейнетке шыққаннан кейін. Оны әуелі Жалмағамбетовтер шақырды. Сол үйде жақсы отырып, көп нәрсені еске түсіріп қайттық. Одан кейін Сағындық Кенжебаевтар шақырды. Үшінші кезек бізге тиді. Содан ширек ғасыр сыйласып жиі араластық. Біздің Сағындық басқарып ұйымдастырған, сенісіп, сыйласып жүрген ескі достардан құралған бір ұжымымыз болушы еді. Оны «колхоз» дейтінбіз. Бәйекеңді осы колхозға құрметті мүше етіп алдық. О кісі тез арада үлкен-кішінің бәрімен бірдей табысып, танысып, үйренісіп кетті. Бұрын өмір бойы өкімет алақанында жүрген адамдардың зейнетке шыққаннан кейін өзін жалғыз, далада қалғандай сезінетіні болады. Ол – адамның елден қол үзіп

қалғанының белгісі. Кең қолтық халықтан қол үзбеген, онымен күнде араласа алмағанмен, көргендеріне, істес болғандарына жылы көзбен қарап, оған әрдайым көмек қолын созған адам далада қалмайды. Бәйекең осы топтан еді. Ол өзі түбінде ортасына қайта оралатын халқып, елін ұмытпаған адам. Осы жағдайлар елдің зейнетке шыққан ағасын ортасына қабылдауына себеп болды. Оның үстіне Сағындық бастаған колхозға кіріп, белгілі бір ортада жиі араласып, ойнап-күліп, әңгімелесу оның көңілін көтерді, жасын ұзарғты. Ол жасының үлкендігіне карамай, әзілдесіп, қалжыңдасып, айналасына илтипатын топін отыратын. Осы күйінде ол біздің ортамыздан кетті.

Тағдыр оған бақытты молынан, жан-жақты етіп сыйлаған. Құдай қосқан қосағының аты да – Бақыт еді. Бақыт Әсетқызымен Бәйекен 64 жыл бірге шапырақ ұстады. «Соғыс біткенде мен госпиталда жағтым. Солан 1946 жылы ғана шығып елге келдім. Сол жылы үйленіп едік» – дейтін Бәйекен. Адам біріне бірі ұқсамаса, тұра алмайды. Бақыт апай да Бәйекеннің дәл өзіндей мінезді, сыпайы, талғампаз, сырбаз адам болды. Қызының осындай асыл қасиеттерін аңғарған әкесі Әсет оған қандай адам кездеседі деп ойлап жүрген болу керек, Бәйекен сөз салғанда: «Мына Бәйкен ақылды жігіт екен, Бақытты ғанып таңдауын» – депті. Дана қарі қателеспеген. Бәйекен өткен ұзақ еңбек жолында Бақыт апай да неше түрлі адам көрді, көпшен араласты. Солардың бәріннің тілін тауын, қарым-қатынасын реттеп, Бәйекеннің тылын ұйымдастыру да оңай шаруа емес-ті. Мамамдығы ұстаз адам өмірде де ұстаз бола білді.

Олар біз көрген отбасылар ішінде ерекше тату, бір-біріне әманда ғашық көзбен қарап отыратын, өзара илтипаты биік адамдар еді. «Өзіңді өзің сыйласаң, жат бойынан түнілер» деген емес не? Оларды көргендер өз өмірлерін соларша сыйластық негізде қайта құруға ұмтылары даусыз еді. Алпыс жыл бірге тұрған біз Әлия скеүміз де үнемі оларды үлгі тұтып отырушы ек. Осы тату отбасының құлан түсуі де тез болды. Екеуі де денсаулықтарына шағым жасамайтын. Бәйекен тіпті дәрігерге көрініп емделген адам емес. Анда-санда аяғының соғыстан қалған бір жарасы ашылып кетіп, емдетіні болмаса, басқаша ем қабылдамайтын. Дәрі ішпейтін, курорттарда демалып, қыдырып қана жүретін. Бақыт Әсет-

қызының қан қысымы жоғарылау еді. Ол кісі содан емделетін. Бақыт ауруханаға түскенде, Бәйекен бірге жатып, тексеріліп шығатын. Бәрі де осылай болады деп күткенбіз. Бірақ соңғы жолы Бақыт ұзақ жатып қалды. Бәйекен оны ауруханада жатқан күні бес ай күтті. Уайым да, ой да көп болды. Сол қажытып кетті. Содан Бақыт өмірден откеннен кейін 19 күннен соң өзі де өмірмен үн-түссіз қоштасты. «Жақсының өлімі де жақсы» деген осы шығар.

Бәйекеннің ендігі өмірін ұрпақтары жалғастырады. Ұлы Оңдасын – техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің ректоры, қыздары Нейлюфар мен Рауза – ғылым кандидаттары. Бәрі де есейген, бөлек отбасының иелері. Немерелері өсіп келеді.

Бәйекен мен Бақыт Әсетқызының ұлағатты өмірінің өз ұрпағына және кейінгі адамдарға қалдырған тағлымы үлгілік. Көп жасаған өмірінде (Бәйекен 93-те, Бақыт Әсетқызы 84-те) олар қоғам өмірінде белсенді қызмет етіп, халық аманатын аброймен атқарып өтті. Көпнен байланысын үзбеді. Бұл отбасының ең басты тірегі – құдайдың бергеніне ризашылықпен қанағат сезімі еді. Сонымен қоңил тоғайтатын. Ұзақ жылғы тынымсыз еңбектің туған республикасына, халық игілігіне бағышталғаны, сол халқымен жаны туысып кеткен олардың қоңил жайдары сезімге бөлейтін-ді. Ұзақ еңбек жолында, үлкенді-кішілі қызметте жүріп, ол қарамағындағы бір қызметкерге қиянат жасамапты, ренжітпейті, дауыс көтермейті. Шамасы келгенше, солардың бәрімен қалыңты қатынас жасауға, еңбек ұжымдарымен қоян-қолтық келіп, олардың мұң-мұқтажына серік қарауға ұмтылыпты. «Не екен, соны орасын» деген. Сол жылдардың жемісін қорып, ескі таныстарымен құшақтасып табысып жүрген адамның қуанышына біз де талай ортақ болдық. Мүмкін, ол кешкен өмірдің басты сабағы да осында болар. Билікте мәңгі отыратын адам жоқ. Олмей тірі қалсаң, ерте ме, кеш пе, келетінін – сол халық ортасы. Сонда бетіне тура қарап, халықтың кең құшағына кіріп кеткеннен артық бақытты күту де керек болмас. Осы жолдағы Бәйекеннің бақыты кейінгі ұрпаққа қонсын! Одан қалған тағлым осындан.

ЖАР, АНА, ҮСТАЗ

Қазақ халқының тарихында, ұлттық дәстүрінде отбасын, ағайын арасын, ауылды, елді біріктіріп, жарастырып ұстаған, өзінің ақылымен бәйбіше атапған, ел билеген аналар аз емес. Шығыс халқының ішінде қазақтар ауыз әдебиеті мен аңыздарында әйелдердің тапқырлығын, ақылдылығын көбірек алға тартып үлгі еткен. Дана әжелердің, ақылды жарлардың, махаббатына берік қыздардың қаншама образдары жасалған. «Алып анадан туады» деген нақыл сөздің өзінде анаға деген құрмет пен сенім дәріптелген. Абай мен Шоканның анасы да алыптарды туған дана аналар. Абайдың ел ісіне араласа бастаған тұсында «Құдай саған әкенің қатығез мінезін бермесін» деп тілеген әжесі ғой. Шоканның әжесі Айғаным немересін оқытуға көмектескен. Ел басына күн туғанда қолына қару алып жауға аттанған Бопай, Томирис, біздің заманымыздағы Әлия мен Мәншүк те солардың жалғасы сияқты.

Қазіргі кезде қазақтың «бәйбіше» деген сөзі сирек қолданылып, оның атқаратын қызметіне, тәрбиесіне онша мән беріле бермейді. Бәйбішелер отбасында, ағайын арасында дипломатиялық жұмысты атқара отырып, ұл тәрбиелеп, қыз өсіріп, оларды болашақ ана болуға баулыған. «Қыз өссе елдің қоркі» деген қамқорлық пен құрмет те Шығыс елдерінде кездесе бермейтін ұлттық тәрбиеміздің негізгі ерекшелігін кұрайды.

Күйеуін соғысқа аттандырып, ініте қалған нәрестесін ер жеткізіп, өзі жар қызығын көрмесе де, ұрпағын елдің үлкен гүлгасына айналдырып, соларды жалғастырып жатқан немерелері, шөберелері, келіндері бар үлкен ұлағатты аналар мен бәйбішелер қаншама! Сондай бәйбішелердің бірі Әшмөвтер отбасының үлкен ұйтқысы, ел анасы, ұлағатты ұстаз Бакыт Әсетқызы еді. Қазақ «Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра» дейді ғой. Бәкен сондай көп жағдайды басынан кешкен, соны сараптан, өмір сабағына айналдырған жан еді. Отызыншы жылдардың, соғыс кезінің, соңғы дәуірдің қиындығын басынан кешкен, содан өмірді жарымен бірге өткізіп, оған се-

рік бола білген, оның мемлекеттік жұмысын атқаруына тірек болған, дастарқаны жиылмайтын қонақжай, бүгінгі біздің еуропалық талап пен қазақы дәстүрді ұштастырған, заманымыздың сырын жақсы түсініп, соны пайдалана білген, сабырлық пен ұстамдылықты басшылыққа алған, күнделікті өмірде болып жатқан саясаттан да хабары мол, жан жақты білімдар, ардақты ана, құрметті бәйбіше – Бакыт Әсетқызы осындай жан еді.

Мен бұл отбасымен алшысыншы жылдары таныстым. Ол кезде Бәйкен Әшімұлы Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болатын. Сол қалада менің әке орнындағы үлкен ағам тұрды. Мен Мәскеуге кандидаттық диссертация қорғауға кеткенде, сол кісі қайтыс болып, асығып келіп сонда барғанда, Бәйкең мен Бакыт Әсетқызын кездестірдім. Олар қоңіл айта келіп, сүйекті шығарысын салды. Осыдан кейінгі ұзақ жылдар біздің жақсы араласуымызға жол ашты. 50 жылға жуық осы таныстық, сыйластық маған Бакыт Әсетқызын әр қырынан танып білуге көмектесті. Бәйкен мен Бакыт Әсетқызының бір біріне деген құрметі, қарым-қатынасы жасаңды емес, шынайы сыйластықтан, адал сүйіспеншіліктен тұратын еді. Олар айналасына тәлім-тәрбие беретін ұлағатты азаматтар болды. Қанша жыл Димаш Қонаевпен бірге үзеңгілес қымет жасау, отбасы боп араласу оларға да оңайға соқпаған болар. Сондай үлкен адамдардың ортасында үлкен құрметке ие болып, өнегелі бәйбіше екендігін танытқан Бакыт Әсетқызы жүрі сынынан мүдірмей өтті. Сөзге сараң, ойы жүйрік, байқағыш, сезімтал жан болатын. Ағайынға қадірлі, қамқоршы, бакытты ана күнделікті өмірде болып жатқан жайттарды саралай отырып, бүгінгі күн талабын да қатты ескерді. Ешкімді еліне, жеріне, жүзіне бөлмей, бәрше тұтас көзбен қарады. Сөйтіп соңғы күндеріне денін ел құрметіне бөлгенді. Адамның ыңғайына бейімделіп, оларды өзінің жылы қабағымен жақын тартып, ел билеуші ана сияқты ардақты бәйбіше деген атты ақтай білді. Айналадағы адамдардың кемшіліктерін байқамағанын, өзінің кеңдігімен, ақылдылығымен тәрбиелейтін мінезі бар еді. Сөйлеген сыпайы да шешен сөзімен, істеген ісі, қонақты күту үлгісімен әр адамға өзінің шуағын шашып отыратын. Бәйкеннің соңғы жылдары құлағы тосаңдау кезінде де құрметін,

күнімін ұлғайтып, күнделікті газет-журналдардың материалдарымен хабардар еге отыратын.

Бақыт Әсетқызы – мамандығы жағынан ұстаз. Ұзақ жылдар бойы мектепте жастарға білім берген, сол ұстаздықты өмір бақи бойына сіңіріп ұстай білген бәйбіше еді. Кейбір әйелдер секілді күйеуінің дәрежесіне үлкен мән беріп, соны пайдаланып, айналасына ұшқары мінезін танытып, елге тәккаппарлықпен қараудан алыс адам болды. Ұстаз деген әрқашанда қарапайым, байсалды, жан-жағына күн сәулесін шашып жүретін мамандық қой. Ол жолдасының дәрежесімен төрі, өзінің құлқымен, мінезімен жан-жағына қадірлі ана, ұстаз болуды артық санады. Өмірде кездесетін әрбір тосқауылдан жол тауып шығып, Бәйкектің қызметіне көмекші, адал жар болды. Бұл – Бақыт Әсетқызының ұстанымы еді. Бақыт Әсетқызының орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын, қазақтың өткен тарихын, бүгінгі жазушылардың шығармаларын жақсы білетініне таң қалатынмын. Қазақтың халық әндерін, классикалық музыканы соншалықты жақсы көріп, тыңдап рахаттанатын. Оның танымы, түйсігі кең болатын. Ауылда тәрбиеленіп өскен адамның музыкалық мол білімі болуы, пианинода ойнап, ән салатыны көп емес. Бақыт Әсетқызы бұл жағынан да өнерлі адам болды. Басшы қызметкерлер әйелдерінің ішінде ұсақ әңгімеге үйір, әркімге анықтама мінездеме беруге құмар, тек қана өзінің міндетін көрермен, тыңдаушы ретінде түсінетін әйелдер аз болмайды. Бақыт Әсетқызы жаңалықтан, модалан сырт қалмайтын. Кез келген басшы қызметкерлерді, батыс дипломаттарын қабылдай алатын ішкі мәдениетімен ерекшеленетін. Қазақтың бай әдет-ғұрып мұраларын еуропалық деңгейге көтере білетін, сауатты, білімді, ақылды бәйбіше еді. Бәйкең ағамыздың қасында жүріп сол мінезімен Димаш Қонаевтің жары Зухра Шариповнамен, Жиенбаев Сұлтанның жары Нұрания Гиреевнамен араласып, ара қатынасын бір қалыпта ұстап, жақсы жолдае бола білді. Кеңес дәуірінде басшылардың өздері ғана емес, әйелдері де театр залына шам соңымен соң кіріп, алдыңғы қағарда отыратын, сойтіп халықпен араласудан қашатын менмен дәстүр болушы еді. Бақыт Әсетқызы бұл салтты да үнемі ұстапқан жоқ. Ол театрда, жиында көзі шалып қалса, ізеттілікпен, жылы

кабағымен амандасып, шүйіркелесе калып, қарапайымдылығын танытатын.

Ұлағатты ұстаз бәйбіше отбасының бала тәрбиесінде де, ағайын тәрбиесінде де, жолдастарының арасында да әрқашан тәрбиеші бола білді. Біз араласқан ортада, кейде біреуіміз жиынға кешігіп келсек те, салдырлап сөйлеп, жаңалықты талдап жатсақ та, ол кісі жымиып, үндемей, ақырын күліп өз пікірін ішше сақтайтын. Осындай мінезімен біздерді тәртіпке шақырып отыратын.

Бақыт Әсетқызының жар сүюде арманы жоқ. Сонша ұзақ жылдар бірге тұрғанына қарамастан, бір-біріне жарасатын қалжыны, еркелігі болатын. Және ол жасанды емес-ті. Кейде жиында Бақыт Әсетқызы тост сөйлеп, барлығымызды мақтап, орынорнына қойғанда Бәйкең жымиып қана «мен жөнінде неге айтпайсың» деп еркелеген назын білдіретін. Сол кезде Бақыт Әсетқызы «сенің арқаңда, сенің көлеңкеңде, саяңда отырып, сенің арқаңда сөйлеп тұрмын ғой», дейтін. Кейде ұзақ жылдар бірге тұрған ерлі-зайыптылардың қақтығысып қалатыны болады, үйде айтатын орынсыз сөздерін айтып қалады. Осындай жағдайлар бола қалса, олар түсінбегенін, қалжыңдап, әрі қарай ойынға айналдырып жіберетін. Осындай тәрбиелік мәні бар істері, кейбір жұбайларды ойландырып, ақылға келуіне көмектесетін. Мұның өзі Бақыт Әсетқызын үлгілі тәрбиеші, халық академигі, ел анасы деп атауға мүмкіндік береді. Бәйкеңмен екеуінің ара қатынастарын жарға деген құрмет, ұлтпап, сыйластық, таусылмайтын махаббат деп түсінемін. Бәйкең: «Бақыт Әсетқызы менің бакытым ғой» дейтін еді екі сөзіннің бірінде. Мұның өзі көп жағдайда, әсіресе қазақтарда жарын жылы сөз айтып бағалауды мойындай бермейтін азаматтарға ой салатындай. Бәйкеңнің жар сүюінде, оған деген құрметінде әрбір қазақ әйелі армандайтын сәттер көп болатын. Жар сүюді Бәйкең бүкіл өмірімен дәлелдеп кетті. Бақыт Әсетқызы қайтқаннан кейін ол жарының орнын толтыра алмайтынын түсінді. Оны шығарып салып, артын жақсылап күтті де, сыңарынан айрылған аккумуля ой тоғыз күннен кейін өзі де о дүниеге аттанды. Ойы да анық, саулығы да дұрыс сияқты еді, күрт кетті. Оның өмірден өтуі адам айтқысыз шынайы махаббаттың құрбаны болғанына дәлел. Сөйтіп Бақыт Әсетқызының жанынан орын тапты.

Жандарың жаннатта болсын, жақсы аға, жақсы ана!

НҮРЛЫ БЕЙНЕЛЕР

Тағдыр, тағдыр... Бір сәтте аса қадірлі Бәйкен ағамызды, аяулы Бақыт апамызды бакилық сапарға шығарып салдық.

Жұбайым Манаш Қозыбаев Бәйкен ағаның ұлы тұлға екенін айтып та, жазып та жүрді, өлең де шығарды:

Бәйкен ағаға

(Б.Әшімовке)

*Озі бай, Озі кен,
Етек-жеңі кең,
Елдің Бас ақсақалы,
Пайғамбармен тең.*

*Аға десек асқақтайды ойымыз,
Аға десек көкке жетеді бойымыз.
Аға десек ұзарады қолымыз,
Аға десек оңнан туады жолымыз.
Әрқашанда қол бастаған сардардай,
Ортамызда, алдымызда болыңыз.*

1994 жылы Сұраған ішіміздің, Бақыт келініміздің үйінде қонақта болғанда, Аға, Апамен жақын таныстық. Содан кейін той, салтанатты мәжілістерде жиі кездесіп, амандасып, сәлем беріп жүрдік. Үлкен кісі Манашпен көптен сырлас аға-інідей болып сыйласып кеткен болатын.

Кенжеғали Сағадиев бастаған ішлерінің, біздің дастарқанымызда болып, әңгімелесіп, демалып жүруші еді қайран Аға мен Апа. Біз де, Аға мен Апаның мол, кең дастарқанынан талай дәм татып, әңгіме тыңдап, рахаттанып қайтушы едік.

Ағаның 80 жылдық, Апаның 75 жылдық мерейтойларында, басқа да қуаныштарында Манаш екеуіміз болып едік.

2001 жылдың күзінде Манаш жаңа салған үйіне Аға мен Апа бастаған Сағындық, Сағадат, Серік ағалардың отбасыларын шақырып, бата алған-ды. Осы зиялы ағалар Манаштың 70 жылдық мерейтойының құрметті қонақтары болды.

2002 жылдың басында Манаш бұл фәни-жалғанды тастап, мәңгілік бақиға аттанып кетті. Сол күндерден бастап маған, балаларыма, ағайын-туғандарыма тірек болған, ақылдарын айтып, жұбатқан Аға мен Ана бастаған қадірлі ағалар-апалар, инелер мен келіндер еді. Осы ағайындарға өмірден өткенше қарыздармыз.

2007 жылы Бәйкен ағайын: 90 жылдық мерейтойына қа-тысым. Астанада өткен салтанатты мәжілісте біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Ағаны өзі құттықтап, «Отан» орденімен марапаттады. Ол кісіден кейін Аға сөз алып, қандай тамаша сөйледі. Тыңдап отырсақ – Ағаның даналығы, кеменгерлігі, ақыл-парасаттылығы, терең ойы, сабырлылығы мен тектілігі көрініп тұрды. Залдағы қауым Ағаның сөзін зор ықыласпен тыңдады.

Осы той өткен соң, Аға мен Ана Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солгүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 70 жылдық тойының құрметті қонақтары ретінде шақырылған болатын. Мен екі күн Аға-Апамен бірге болдым. Бірінші күні ол кісілерді облыс Әкімі Тайыр Мансұров қабылдады. Аға мен Апаның құрметіне дастарқан жайылды. Содан кейін М. Қозыбаевтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, университеттің салтанатты мәжілісі өтіп, концерт берілді. Екінші күні Аға мен Ана оқу ордасын аралап, университеттің жұмысымен танықты. Университет ректоры Оңдасын Бәйкенұлы ғылыми зерханаларды, жана салынған обсерваторияны көрсетті. Аға мен Ана университетті аралап жүріп, риза болды, үлкен әсер алды.

Бақыт ана – жарқын мінезді, бауырмал, ақкөңіл, сүйікті ана еді. Байкен аға жауапты партия, үкімет қызметтерін аткарып жүргенде, Ағаның атына дақ келтірмей, лайықты жар, тірек, отбасының ұйтқысы бола отырып, үлкен ұстаздық қызметін орындап жүрді. Апамыз иман жүзді, қарапайым, сабырлы, адамгершілігі мол, қолы анық, қонақжай адам еді. Үлкенді – үлкен деп, кішіні – кіші деп сыйлаушы еді. Үйлеріне барғанда жайдары амандасып, балалардың жағдайын, амандықтарын сұрап, шәйін өзі әзірлей бастаушы еді. Ал қонақ шақырғанда Апаның дастарқаны мол, тағамдары сондай дәмді. Сінділеріміз Нәйлүффар, Роза, Ботағөз, Ананы отырғызып

қойып, өздері қонақтарды тамаша күтіп, барлық жағдайды жасайтын.

Манайында жүрген келіндер не, сіңлілеріне үлгі болған, жылы жүректі, мейірім шуағын айналасындағыларға шашқан қадірлі Анамыз осындай еді.

Аға мен Апа бақытты өмір сүрді, балалары, немере-шөберелері өздеріне сай. Осы ұрпақтарына амандық, жақсылық тілеймін, әке-ана, ата-әжесінің жолын берсін.

Аманжол ҚОШАНОВ, академик

БӘЙЕКЕҢ ФЕНОМЕНІ

Бәйкен Әшімұлы Әшімов ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихында мықтап орын алған санаулы ірі тұлғалардың бірі. Ол кісінің халық, мемлекет алдындағы қызметі сан-салалы, ұланғайыр. Оған баға беру, республика алдындағы қызметін саралау алдағы тарихтың үлесі. Өз бақымыз қиындық пен жетістіктерге, төңкеріс пен өзгерістерге толы заманымыздың куәгері ретінде Бәйкең туралы тибраты мол бастамаға үн қоссақ деген ғана пікірдеміз. Осыған байланысты Бәйкен Әшімұлының «феномені» неде деген сұрақ туындауы заңды. Республика көлеміндегі айтулы қайраткер, парасатты ақыл иесі, кеменгер ұйымдастырушы қалам қалыптасты, қалай өрістеп, бүкіл Олаққа белгілі басшы ретінде танылды деген сауал әрбір көкірегі ояу, саналы азаматты толандырары сөзсіз.

Бәйкен Әшімов «феномені» алдымен Бәйкеңнің ерекше қалыптасқан, заман тәрбиелеген адамгершілік болмысында, айналып келгенде ата қуалаған тектілігінде жатса керек. Оның айтағы өткен ғасырдың 30-шы жылдары өмірге, білімге құштарлығын ФЗУ мектебінен бастап, өз талабымен, ынта-зертдесімен осу, шыңдалу сатылары. Республиканың шағын елді мекендері, аудан, облыс шаруашылықтарының әр саласында, партия-совет қызметінде тынымды еңбек етіп, тәжірибе жинап, оны бойына пайымды тіріктен сініре білген Бәйкен Әшімұлы басшылық қызметтің үлкен мектебінен өтіп, қайраткер дәрежесіне көтерілген азамат ретінде

танылғаны мәлім. Өзіне қатал талап қоя білуімен қатар, халықтың мұң-мұқтажын етене сезіне білгені, оны өзінің табиғи міндеті ретінде түсінгені айдай анық. Бәйкен Әшімұлы, әріптестерінің айтуынша, басқару жүнесінде халықты қандай да бір қысылтаяқ жағдайда қыспаққа алмаған, ұраншылдыққа ұрынып, қуырып-шығжырмаған басшы ретінде танылған. Қандай шешім қабылдаса да істің егжей-тегжейіне үңіліп, билік сойылының күнәсіз пенделге қаншалықты ауыр тиетінін терең түсіне білгендіктен әр дәрежедегі азаматтар, қарапайым еңбеккерлер де растайды. 70-ші жылдардың басында Талдықорған облыстық комитетінің бірінші хатшылығына жаңа келген кезі, ірі Киров қант зауыты ортени, өндіріс басшылары, партия, совет қызметкерлері бойларын қорқыныш сезімге алдырып, «біріншінің» алдына келеді. Жауапты адамдар жағдайдың қалай болғанын баяндағаннан кейін, Бәйкен Әшімұлы ойланып барып: «Өткенге байбалам салмай, үрейленбей, активті, жұмысшыларды іске жұмылдырып, аз мерзімде өнеркәсіп орнын қалпына келтіруге әрекет жасандар» деп шешім қабылдағанын жергілікті азаматтар: «Ыйығымыздан бір батпаң ауыртпалықты осыдан түсіріп еді-ау» деп көп жылдар кейінде еске алып жүргендеріне өміз қуа болдық. Бұл Бәйкен Әшімұлының шешуші кезеңде біраз жауапкершілікті өз мойнына алып, бұқарамен жұмыс істеудегі машығының бір көрінісі, қағидасы еді.

Бәйкен Әшімұлының «феноменінің» қилті неде деген үлкен сауалға жауап-аңпақ іздегенде: ол кісі талай өмір талқысынан өтіп, сала, өлкелерді басқарып, бойына баға жетпес тәжірибе жинап, Үкімет басшысы қызметіне кемел дайындықпен, ұйымдастырушылық қабілеті толысқан мемлекет қайраткері шағында келіп, 14 жыл бойы үлкен сенімді абыроймен атқарғаны белгілі. Бұл Бәйкеннің Көкшетау, Қарағанды, Талдықорған аймақтарының ауылшаруашылық, өнеркәсіпті егжей-тегжейін түгел сүзіп, басқару өнеріне жан-жақты машықтанып, нағыз дала мен қала «генералы» дәрежесіне көтерілген кезең болатын. Мұндай тәжірибені, мүмкіншілікті табиғи мол парасағымен игеріп, Қазақстан үкіметінің төрағалығына келу Бәйкен Әшімұлына дер кезіндегі көрсетілген лайықты сенім еді. Бұл сенім өткен дәуірдің басшы кадрларды тәрбиелеп, дайындауды үлгі тұтарлық

үрдісіннің қазіргі жағдайда көбіне өз жүйесін жоғалтуы қын-
жыларлық-ақ.

Байкен Әнімұлы өзіне жүктелген дәуір сенімін абырой-
мен, мол талант, қажыр, табандылықпен тарих алдында, Қа-
зақстан халқының алдында орындап баққанын республика
жұртшылығы көміл мойындағаны әмбете аян.

70–80-ші жылдар Қазақстан экономикасының шын мә-
нінде орлеу жылдары болды. Республиканың көп салалы ин-
дустриясы мен ауыл шаруашылығы қарқын алып, алға басқан
кезеңі еді. Әлеуметтік жағдай жыл санап жақсарып, ғылым
мен мәдениет жаңа бір жаңғыру кезеңіне ілігіп, қанатын кең
жая түскен.

Бұл жылдары республикамызда жалпы Одақтық маңызы
бар, одан бетер Еуропа деңгейіндегі ірі-ірі өнеркәсіп орында-
ры қатарға қосылды. Олардың қатарында Қарағанды метал-
лургия, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаттары жаңа-
дан жаңғырып, белгілі Павлодар және Шымкент өнеркәсіп
кәсіпкерлері, Маңғыстау өңіріндегі жаңадан ашылған мұнай
көзінің көздері іске қосылып жатты. Қаратау мен Шымкентте
ірі фосфор орталықтары құрылып, бүкіл КСРО мен шығыс
елдеріне аса қажетті өнімдер жөнелтіп, Қарағанды-Екібас-
түз бассейні бірігіп ағалы ГРЭС қаскадтарының алғашқы
блоктары іске қосылып, энергия қуатын пәрменді түрде мо-
лайтқаны белгілі. Бұлар барлығы дерлік жаңа құрылыстар
болатын. Сонымен қатар, бұрыннан істеп келе жатқан, жаңа
кезеңде құлашын кең жайған Балқаш пен Жезқазған кен-ме-
таллургия, Өскемен қорғасын-мырыш, Лениногор, Ащысай
полиметал, Зырян комбинаттары, тағы да сондай ірі-ірі кәсіп-
орындар Қазақстан Республикасының әлуесін көтеріп, ІХ–
ХІ бесжылдық мерзімінде республика Одақ, Еуропа шеңбе-
рінде айтулы өнеркәсібі дамыған елдер қатарында аталғаны
мәлім.

Бұл кезеңде жылма-жыл бір-бір жарым миллиард пұтка
дейін астық өндіріп: «Қазақстан – ел ырысы» деген ұғым қа-
лыптасқан еді. Қазақстан астығы Мәскеудің болуі арқылы
Одақтың түкпір-түкпіріне жөнелтіліп, астық өндірудің жал-
пы деңгейі жөнінен еліміз сол тұста Италия, ФРГ, Англия
сияқты ірі мемлекеттердің алдына шығып еді. Осы жылдары
республиканың мал шаруашылығы да мықтап ілгері басқан.

Ірі қара саны 9,5 миллион, қой-ешкі 39 миллион, жылқы мен түйе 1,6 миллионға жетіп жығылған-ды. Мал басы елімізде бұрын-соңды мұндай мөлшерде болып қормеген-ді. 90-шы жылдардың орта шенінде экономист-ғалымдармен бір кездескенде Бәйкеш менен сұрағаны есімде: «Алматыдан Қызылжарға дейін пойызбен жүрдім дедім ғой, жолда өрісте мал қорне ме?» деп. «Бұрынғы жөңкілген мал шоғырларын қорне алмадық» дегенде, Бәйкеш аға үндемей біраз отырып қалған.

Республика экономикасы мұншалықты дәрежеде жан-жақты өркендеп, халық тұрмысының жақсаруы, әлеуметтік-мәдени саланың жетістіктері сол кезеңнің айтарлықтай айналы болатын. Бұл республика, әсіресе Байкеш Әшімұлы басшылық еткен үкімет, министрліктер, жергілікті басқару жүйесінің тынымсыз тіршілігіне тікелей байланысты болатын. Күрделі басқару ісінің мамандары, қатардағы еңбеккерлер қызығы мен шығығы мол еңбек майданында, жарғақ құлақ жастыққа тимей дегендейін, күйіп-пісіп, біте қайнап шыныққан нағыз еңбек майталмандары, мамандар болатын. Ол жылдары осы үлкен мемлекет басқару кемесінің басында Жарағушы, тағдыр үйлестірген екі ұлы тұлға тұрып еді – Динмұхамед Ахметұлы мен Байкеш Әшімұлы. Осы жағдайда қанатын кең жайған республиканың индустриялық-аграрлық кешенінің өнімі ширек ғасыр (1961-1985 ж.ж.) аралығында он екі есе өскен болатын. Бұл жылдар шын мәнінде республиканың жұлдызды жылдары деп танылған-ды. Осы жетістіктер ең алдымен үкімет орындарының басшылығына, олардың экономиканы дұрыс бағдарлап, ұйымдастыра білуіне, тынымсыз еңбегіне байланысты екеніне шүбә келтіру мүмкін емес. Байкеш Әшімұлының ел басқарудағы жеткен заңды шыны осы кезең еді деп тануымыз абзал. Бұған сонау 30-шы жылдардан бастап өткен өмір мектебі, алған білімі мен жылда сатылап атқарған небір шаруашылық, саяси, мемлекеттік қызметтері дәнекер. Елі, халқы алдындағы міндеттерін азаматтық парызым деп түсініп, ұлы өзгерістерде шыңдалған Байкеш Әшімұлының біртуар қайраткер тұлғасы талай өмір белестерінен сүрінбей, пар тұлғаға лайық болмысымен айтулы күрескер бейнесінде танылуы заңдылық еді.

Бәйкеш ол жылдары КСРО үкіметінің төрағасы А.Н. Косыгиннің алдында да абыройлы болғаны белгілі. А.Н. Косы-

гин өнеркәсіптің машықты білгірі, кенес экономикасының күнгейі мен көлеңкесін бірдей бағдарлаған совет дәуіріндегі бесаспап экономист ретінде танылған қайраткер болатын. «Косыгин реформасы» деп аталатын совет экономикасын тиімділікке, ұтымды жолдармен дамуға бағыттаған әдістемелер мен ынталандыру жүйелерін қалыптастыруға арналған бастаманың басы-қасында А.Н. Косыгин тұрған-ды. Бұл жүйе бір орталыққа бағынған экономиканы ырықтандыру жолындағы соңғы ұмтылыс еді. Міне осы жүйені жүзеге асыруда, республикада өнеркәсіп кешендерін қалыптастыруда өнеркәсіп, кеңшар орындарында тиімділікке бағытталған шаруашылық есеп жүйесін енгізуге Бәйкен Әшімұлы айрықша назар аударып, үкімет торағасы ретінде талап қойып, экономиканың кешенді, тиімді даму жолдарын бағдарлауға айтарлықтай бағыт берді.

Осы жылдары Одақ үкіметінің алдында Бәйкең жоғары іскерлігімен танылып, премьер А.Н. Косыгиннің жоғары бағасына ие болғаны да белгілі. Үш бесжылдық бойы Республика үкіметінің ауыр да абыройлы міндетін атқару үшін мәніндегі тағдыр сыйы және де бір адамға сирек қонатын бақ демегенде не деуге болады. Дінмұхамед Ахметұлымен қоян-қолтық, бірігіп атқарған қызметтері Ел тарихындағы ең бір маңызды кезең болып танылатыны күмәнсіз деп түйіндейміз.

Әлбетте, Бәйкен аға Ғылым академиясымен, ғалымдармен тығыз байланыста болатын. Ғылым академиясының жылдық қорытынды сессияларына ол кісі арнайы шақырылатын да, ұдайы келіп тұратын. Біз, Академия мүшелері, қарсы алып, Президенттің кабинетінде шай үстінде аспай-саспай әңгіме құрып, ол кісі ғылым жағдайына қанығатын. Соңғы бір үлкен жиын – Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына шар тараптан келген қонақтар, оның ішінде Франция, Түркия, Ресей, басқа да ТМД елдерінен қатысушы зиялы қауым, жазушылар, әсіресе Шыңғыс Айтматов, Давид Кугультинов, т.б. саңлақтар Бәйкен ағаға ілтипат білдіріп, ортаға алғандары қоз алдымызда. Ол кезде Бәйкең құрметті демалыста болса да беделі өз дәрежесінде, халық құрметі ортаймайтын. Ең соңғы рет Бәйкен аға Ұлттық Ғылым академиясы қоғамдық дәрежедегі ұйым болып қайта құрылар алдындағы сессияға қатысып еді. Жалпы ғылым жағдайын ол кісі бізден

әрдайым сұрап отыратын: «Не болып жатырсыңдар, жағдай қалай өріс алуда?» деп. Озі де хабардар болатын. Соңғы кездесулерде жарыпатын жаналық болмағанда, тіс жарып пікір айтпай, біраз үнсіз отырып, қолтасатын. Үлкен азаматты тәуелсіздігіміздің негізгі арналарының бірі – іргелі ғылым тағдыры толғандыратын, мазалайтын. Ол кісі Ресей, Қазақстан, Украинаның белгілі ғалымдарымен, Сәғбаевтан бастап, Одақ Ғылым академиясының президенттері Келдыш, Марчук, Лаврентьевпен қызмет бабында тығыз, тікелей байланыста болып, олардың ұсыныстарына сүйенетін, республикамыздың 70-80 жылдардағы айтулы өзгерістерін арқау тұтатын, соларды практикада жүзеге асыруға Қазақстан үкіметін бағыттаптын. Бұл жағдай әсіресе 1973 жылы Алматы-Медеу шатқалындағы бұрын-соңды іс жүзінде болмаған жоба – сел апатына тосқауыл жасалғанда атакты академиктер Лаврентьев, Марчук, Соболевтердің жасанды жарылысты басқарып, оның сәтті аяқталуында анық көрініп еді. Содан ұзамай Іле Алатауында үлкен сел апаты қауіп туып, Медеу плотинасы сыр бөргенде бір жұма күн-түн демей тау бөгетін бекіндіріп, қауіпсіздендіру жұмысын республика атынан басқарып, Бәйкен Әшімұлы сол қауіпке тойтарыс бергендердің алғы шебінде болып еді.

Бәйкен Әшімұлының қоғам, мемлекет дәрежесіндегі қызметі семья бақытымен астасып, үйлесімін толық тапқан еді десек сірәда жаза баспаспыз. Бәйкен ағаның Жаратушы қосқан өмірлік қосағы, талай өмір мектебінен бірге өткен, білімді де, парасатты, соңғы деміне дейін Бәйкең шаңырағынын тірегі болған ұлы бәйбіше Бақыт апай еді. Ол кісі Бәйкеңге өмірінің қай кезеңінде болмасын шын мәнінде ақылман, сүйеніш, тірек болып, отбасының, қалың жора-жолдастарының қарым-қатынастарында қазақ әйелінің шын мәніндегі жоғары үлгісі мен онегесін, мәдениетін паш етіп өткен адам еді. Бақыт апай мейірімді ыхыласымен біздің семьямыздың да үлкен қуаныштары мен қиындықтарында тілекші болып еді. Өмірде кездескен қатерлі, екіталай тағдыр қиындығынан аман оралғанымызда алдымен хабарласып, Бәйкен ата екеуі қуанышты көңілдерін де білдірген-ді. Бәйкен атаға амандық сұрасып телефон шалғанда, алдымен Бақыт апай алып, Бәйкеңге ұсынатын биязы дауысы әлі күнге

деінін құлағымызда. Бұл кісілердің өзара түсіністігі, қазақ ұғымындағы үлкен махаббат негіз болған шаңырақ үлгісі жалғыз біз емес, дүйім қазақ әулетіне тағлым болғандай еді. Осы жағдайды бәріміз де сезініп, іштей ғибрат тұтушы едік. Өткен жылдары Бәйкен ағаның 85 жылдығына орай Опера театрында өткен үлкен салтанатты жиында Бәйкең соңғы сөзінде халыққа ықыласын білдіріп, енді қалған өмірінің тұтқасы ретінде бәйбішесіне рахметін айта келе: «Осы Бакытым аман болса, мен келесі межеге, 90 жасыма жететінше сенімім бар» деген еді. Бакыт Әсетқызы ауруханада бірнеше ай жатқанында, Бәйкен ағай бір елі алыстамай, үнемі жанында, қатар палатада күзет үстінде өткізді. Қалың әлеумет осыған куә болды. Өлшеулі демі бітпін, арасына аз күн салып ұлы азамат Бәйкен Әшімұлы да дүниеден озды. Құлар алдында бәйбішесінің қабіріне тағзым етуге барып, Бәйкең: «Бакытым, сен жоқ болғанда, қалған өмірдің маған не қажеті бар» деп қоштасқан екен. Бұған не алып, не қосуға болады?

Әбдісағит ТӘТІҰЛОВ,

Ұлттық инженерлік академияның академигі,

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

БІР ӨЗІ БІР ҒАСЫРДЫҢ БЕЛГІСІНДЕЙ

Соғыстың отты жалыны басылар-басылмастан мектеп табалдырынын ағтап, 60-жылдардың бас кезінде жоғарғы оқу орындарын тәмамдап, үзентіне аяқ салған азаматтардың көбі бүгінде жетпесті алқымдап қалыпты. Қазір жап-жағымызды бағдарлап карап, айналамызға көз тіккенде сол ұрпақтың үлгі етіп, мақтан тұтқан аға тұлғалары кім болды дегенді ойласақ, көкейге бірінші болып оралатындар – Димекен мен Бәйкен. Бұлар дәуірдің бетке ұстар, бүгін бір ұрпақ мақтаныш етер өр тұлғалары болды. Менің қатарластарым халқына адал қызмет етіп, қажыр-қайрағын ұлтына арнаған осы біртуар заңғар азаматтарымызды бағыт сілтер Темірқазықтай көрді. Халық ардақтаған Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев іскер ұйымдастырушы, байсалды да білгір маман Бәйкен Әшімовті өзіне жақын серік тұтты.

Димекен бойшан, ірі гүлгалы болса, Бәйкен ағамыздың бітімі құрыштан күйтандай сом денелі болатын. Сөздері де екшен алғандай нық, салмақты болып келетін. Копірме көп сөзінен бір мәйек таба алмайтын басшылар әр заманда да болатын, ал бұл кісі көп сойлемейтін, бірақ айтылған әрбір сөзі мұрдың оғындай нысанасын дәл тауын жататын. Парасаты ойының түінін бірер ауыз сөзбен беретін көсемдігі Димекен де бағалаған екен.

Ағамыздың басқарушылық қызметі елімізде техникамен қайта жаратқандыру, электрлендіру, механика саласын дамыту және өндірісті автоматтандыру жұмыстарын қолға алумен тұспа-тұс келді. Түрлі ауыр және жеңіл өнеркәсіп салалары қарқын алды. Бұл талап құрылыс саласына деген таланты сан жағынан да, сапа жағынан да қарқындата түсті. Осы екі ағамыздың басшылық еткен жылдары еліміздегі көптеген қалалар жаңырытылып, жаңа қалалар бас көтерді. Рудный, Арқалық, Кентау, Қаратау, Степногорск, Зырян, Ақтау сияқты өнеркәсіптік қалалар қарқынды өсті. Кеңес Одағы бойынша сол жылдары Қазақстанда қала салу деңгейі жоғары болды. XXV съезде Одақ бойынша ең жақсы 4-5 қаланың ішінде Алматының аты аталғанына біз шынайы қуанған едік.

Сол жылдары біздің институт құрылыс саласының алдыңғы қатарында жүрген кәсіпорындардың бірі болатын. Күрделі, жауапты жұмыстарды біздің мекемеге тапсыратын. Ірі-ірі жобалардың арасында БАМ, КСРО-ның Мәскеу, Сочи сияқты қалаларындағы жобалар болды. Көптеген облыс орталықтарының қала кешендерін салуға араластық. Оскемен, Қарағанды, Гурьев, Талдықорған, Целиноград қалаларында ірі-ірі жобаларымызды жүзеге асырдық. Алматы қаласында да маңызды объектілерді салудағы еңбегіміздің жемістерін «Қазақстан» қонақ үні, «Алатау» шипажайы, қазіргі Республика сарайынан көруге болады.

Аса ірі жобаларды жасау, оларды іске асыру кезінде оларды анықтап, шешім қабылдауда Димекен мен Бәйкен ағаларымыз өздері басшылық жасап жүретін. Кейбір жобалардың қайта-қайта қаралатын кезеңі де болды. Күрделі объектілерді салуда осы екі басшы гүлге әрбір іс-әрекетті ой електерінен өткізіп, елпекпен барып қабылдайтын, сол істің аяғына дейін бақылап, жан-жақты көмек көрсетіп отыратын. Әсіресе қаражат болу жағынан Бәйкен ағамыз өзінің бәліктілігін танытып отыратын.

80-жылдардың бас кезінен-ақ Қонаев та, Өншімов те өздерінің көп ұзамай басшылық қызметтен шеттетілетінін білді. Сол кездерде осы екі ұлы тұлға үшін көкейкесті болып жүрген бір ірі шаруа – Мемлекеттік мұражай салу мәселесі болатын. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазіргі 28 панфиловшылар саябағында орналасқан Әулие-Вознесенский кафедралық шіркеуінде мемлекеттік мұражайдың орналасуы қазақ біткеннің бетіне шіркеу болып жүргені баршаға аян еді. Бұның қазақ наным-сеніміне жат бөгде діннің орталығы болғаны бір жағынан, екінші жағынан осыншама жылдар бойы жиналған экспонаттар тар ғимаратқа сыймай жатты. Соның салдарынан мұражай экспонаттары әр қорда сақталып, бастары бірікпей, берекесі кете бастады. Басшылықтан кетерлерін білген ағаларымыздың өкімет билігіндегі соңғы мүмкіндіктерін пайдаланып, бар ынтасын төккендері де осы Мемлекеттік мұражайды қалайда халыққа салып беру болды. Алайда сол заманның соқпақ жолдары мен қыспақ саясаты бұл жұмысқа аз бөгеуіл болған жоқ.

Мұндай мұражай салу үшін Мәскеудің арнайы рұқсаты талап етілетін. Оған жұмсалатын қаражат тәптіштеліп есептеледі. Ірі құрылыс объектілерін, мысалы, спорт кешендерін, мұражайларды, мәдени ошақтар ғимараттарын салғанда, дүние жүзінің тәжірибесінде металды пайдалану аса тиімді болып саналатын. Ал бізде құрылысқа металды, соның ішінде әсіресе алюминийді қолдану оңай шешілетін мәселе емес еді. Оң шешім алу үшін Мәскеуге том-томдап негіздемелер жазып, сол құрылыс үшін металды пайдаланудың артықшылықтары мен тиімділігін дәлелдеу керек еді. Соның өзінде де елдің қорғаныс жағдайы бірінші кезекте тұрған сол кездері металл құрылыста пайдалануға көп жұмсалмайтын, сол себепті талай жобалар кері қайтарылып жататын. Алайда біздің екі ағамыздың табандылығы мен қайсарлығының арқасында мұражай салынып, халық игілігі үшін бір жақсы іс істелген болатын.

Ленин мұражайын салу жыл сайын жоспарда тұратын, ойғкен Кеңес өкіметі билік жүргізген республикалардың астаналарында міндетті түрде Ленин мұражайы болуы керек еді. Алайда Мемлекеттік мұражай да кезек күттірмейтін болды. Екі мұражайдың жобасы қатар жасалды. Алдын ала келісілген шешім бойынша екі мұражай да Алматы қаласының көрнекті көшелерінің бірі Фурманов көшесінің бойында бірі күн-

шығыс жағынан, екіншісі батыс жағынан бір-бірінен 400-500 метрдей арақашықтықта орналасуы керек болатын.

Мемлекеттік мұражай жобасын біздің институт әзірледі. Ұжымымыздың қарқынды еңбегінің нәтижесінде Мемлекеттік мұражайдың жобасын жасап болған кезде, Ленин мұражайының жобасы әлі дайын еместігі белгілі болды. Ал сол кездегі ұстаным бойынша Ленин мұражайынан бұрын Мемлекеттік мұражайды салу саяси және мемлекеттік тәртіпті бұзу болып табылатын. Мұражайлар жайындағы түртпек әңгімелер Мәскеуге де жетіп, қисынсыз әңгімелердің шеті қорне бастады.

Осы мұражайлар туралы әрістеп бара жатқан даулы әңгімені одан әрі ушықтырмай, жігін жатқызу үшін екі жобаны біріктіріп «Мұражайлар кешені» деп, екеуін бірге бастап жіберейік деген пікірлер де айтылды. Бұған Бәйкен ағамыз өзінің қарсылығын білдірді. «Біріншіден, – деді ағамыз, – Ленин мұражайы жобасының дайындығы шамалы, екіншіден, көсемге арналған бұл жоба партия жарнасынан (взносынан) салынуы тиіс, ал Мемлекеттік мұражайға мемлекет қаражаты болып отыр. Партия жарнасы КОКП ОК-інің құзырында, оны Қазақ КСР Министрлер кеңесінің шешімімен Мемлекеттік мұражайға бөлінген қаражатқа қосуға болмайды. 1985 жылға жасалған жоспарда Мемлекеттік мұражай жобасы енгізілген, сондықтан оны тездетіп, құрылысын алаңсыз бастай бастау беру керек» деп түсіндеді.

Дана басшыларымыз бен оларды қолдаушылардың арқасында іс насылға шаппады. Димекен мен Бәйкен ағаларымыз бастаған үлкен істің түйткіл шешіліп, халқының рухани байлығының қамын ойлаған қос азаматтың нартәуекелімен Мемлекеттік мұражайды бастауға шешім қабылданды. Сөйтіп бүгінгі бір мемлекеттің тарихын дәріштейтін еңсесі биік ғимарат бас-аяғы бір жарым-екі жыл ішінде салынып, пайдалануға берілді.

Қиын кеткен іс болды ма әлде болмайтын іске дауа жоқтық па, әйтеуір Қазақстанда сол Ленин мұражайы салынбады. Құрылысы басталды да, кейін ол ел Президентінің резиденциясына айналды. Одақтас республикалардың ішінде Кеңес үкіметі кезінде көсемнің мұражайы болмаған біздің ел ғана шығар.

Бәйкен ағамыз – зейнетке шыққаннан кейін де халықпен етене араласып, ел билігінде болған кездегі беделін, абыройын жоғалтпаған санаулы басшылардың бірі. Қазақта «Ұрыспай айрылысқан ұялмай көріседі» деген сөз бар, мінберлерден күлаш-күлаш баяндамалар жасап, ауызбен жақсылықтарды үйіп-төккен кейбір басшылардың тұғырдан түскеннен кейін италмас күйде болатындары бар. Ал Бәйкен ағамыз Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін 14 жыл абыроймен атқарып, сол парасатты, зиялы қалпында халқымен қауышып, ақылғой қарт, қамқор азамат бола білді. Ең бір қуантарлық жайт – ол кісі Қазақстанның тәуелсіздігін қорді, өзі жолын ашқан қазіргі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына батасын беріп халықты тебірентті. Баға демекші, той-жиындарда ақсақал ретінде ағамыз баға беретін, оны «Баланаңдарымыз аман болсын!» деп түйіндейтін. Арамыздан кеткеніне көп болмаса да, ұрпақты аялайтын сол бір жылы тілек жетпей жүр. «Тау толағай көрінер тасы кетсе» деп Шал ақын осындайда айтқан шығар...

Жұбайы Бақыт Әсетқызы да өте бір жайдары, дастарқаны берекелі адам болатын. Отбасының үйтқысын келтіріп, Бәйкен ағамыздың тілеушісі, досы, мүңдас-сырласы бола білді. Ердің құнын сезетін, батырдың басын бағалай білетін қазақ әйелінің айқын үлгісі осы Бақыт апамыздан көрдік. Ол Бәйкен ағамызды соғысқан күніп алып, содан кейінгі құмырында жазылмас жұп болып өткен. Олар өз өмірлерінің өнегесін ұл-қыздарына беріп кетті. Баланың үлкені Нәйлүфар – инженер-экономист, ғылым кандидаты, одан кейінгі ұлы Оңдасын – техника ғылымының докторы, академик, Солтүстік Қазақстан университетінің ректоры, кенжелері Рауза – математика ғылымының кандидаты. Балаларына лайықты тәрбие беріп, қамқор ана, үлгілі әке болған осы жаңдардың немерелері де ата-әже меніріне қаныққан. Ағамыз балаларына «Аналарын – менің досым, прегім» деп айтын отырады екен. «Жақсы әйел күіеуінің нұрын тасытады» дейді, үйдегісінен түздегісі көп жұмысбағты адамның қамын жасап, балаларын тәрбиелеудегі ауырталықтың көбіш бір өзі арқалаған Бақыт апамыз ағамыздың мәртебесін ұл-қыздарымен одан әрі тасытты.

Жанадан отау болып, шаңырақ көтерген жастарға «Ақ сақалды, сары тісті болғанша бірге болыңдар» деп бата береді.

Осы тілек жарты ғасырдан артық бірін-бірі ардақтап өткен осы екі асыл жан үшін қабыл болғандай! Тіпті «Жұптарың жазылмасын!» деген жақсылардың ниеті де айна-қатесіз келгенін карамайсыз ба! Араларына жиырма шақты күн салып екеуі бірінің ізінен бірі алыс сапарға аттанды.

Нә, бір өзі бір ғасырдың белгісіндей болған Бәйкен ағамыз да өтті бұл өмірден...

М.А. НҮРНЕВ,

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

Жаңа технологиялар және білім беру мазмұнын

ғылыми-зерттеу институтының директоры,

ҚР Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері,

профессор

САҒЫНЫШ

«Адам бір көшкен керуен, құрамыз аз күн серуен, көш тартып мына өмірдің, асармыз бір күн белінен», – демекші, қазақ қимасын еске алғанда өзін осылай бір жұбатқан ғой. Бүгін біздің сол асқақтаған қыранға балаған, аспан треген қиянға теңеген, өмірді серуенге емес, керуенге теңен, халықтың бар ниетіне күшін салатын саусақпен санарлық біртуар азаматтарымыздың арамыздан алыстап кетіп бара жатқаны өкінішті-ақ. Амал жоқ қонесін. Әр дәуірдің рухын тасытып, мерейін асырып, рухын көтеретін Төле, Қазыбек, Әйтекедей, Абылайдай, Мұхтардай, Д Қонаевтай толағай тұлғалары, елінің майталман қасқалары болады. Сондай шетсіз де шексіз уақыт кеңістігінде халықтың мұнын мұңдап, жоғын жоқтаған, ел қамын жеген ерен тұлғалар байсалды мағына мен жалғаны жоқ, алып-қоспасыз ақиқат болын дара кісілік келбетімен, бейнесімен көзден тасаланып кете бастағанына амалсыз мойын ұсынасын. Тағдыр шіркінге дауа бар ма?! Өзіндік сара жолымен қолтаңбасын қалдырған сондай абзал азаматтардың бірі де бірегейі Бәйкен Әшімов десек артық айтқандық емес. Нағыз ер тұлғалы, зерек ойлы, шын мәнінде талантты, талапты, шыншыл, өте білімді, алғыр, табанды, адамгершілік қасиеттеріне бай, аса беделді абыз ақсақал ретінде арамыздан торқалы тоқсаннан асып барып бұл

пәнімен қош айтысты. Кесек тұлғалы алыптар тобындағы, қырандар шоғырындағы жан-тын.

Бәйкен Әшімұлының өмірі асқар мұратқа, рухани ерліктерге бағытталып құрылғандай. Есімі алтын әріптермен халықтың тарихында жазылуға тиісті оның өнегелі өмірі мен қажырлы еңбегін халқы ешқашан ұмытпайды. Озі мал баққан жартылай көшпелі қазақ ауылында, орташа ауқаты бар Жақып баласы Әшім деген кісінің отбасында дүниеге келген ол, Ақмола облысы, Рузаев ауданы, Шабакбай ауылының мәртебесін биікке көтеріп, ел сенімін ақтады. Аузымен күс пістеген Құлагердей өрлен, істеріне мін де, сын да келтіртпей, абырой-беделіне кіршік түсіртікізбей шебер басшы бола білді. Ұрпағының жарқын болашағы үшін іздене, қиялдана отырып, жылт еткен жақсы ойдың жегегінен қалмай, қайсарлығының, жүзеге асыра алатын жаңалыққа құштарлығының арқасында елді индустрияландыру ісі мен қарқынды дамуына көп үлес қосқан жан еді. Қарапайым шаруа отбасынан шыққан Бәйкен Әшімұлы өмірдің жусан дәмі татыған кермек дәмін де татып көрді. Өр түрлі жылдарда Петропавл теміржол фабрика-зауыт училищесін, Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин агрономдық-зоотехникалық ауыл шаруашылығы техникумын, Ленинград зоология-фитопатология институтын, сондай-ақ СОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін бітірді. Қызыл Армия қатарында да болды. Солтүстік-Батыс, Батыс, I-Белорус майданында соғысқа қағысып, Варшава үшін шайқасты, екі рет ауыр жарақат та алып, мүгедек болып қайтты. Қабырғаны қаныстырар ғаламат шығын мен шексіз қайғы-қасірет алып келген сол соғыстың бел ортасында жүріп тағдырдың қауарлы сындарын да бастан кешірді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде жүргізілген ауыр зардаптарды да көрді. Еш нәрсеге мойынсұнбай өзінің табандылығы арқасында биік жетістіктерге жете білді. Осындай өмір сындарынан сүрінбей өткен жолы жастарға көп тәрбие болмақ.

Соғыстан кейінгі жылдары қарапайымнан бастаған еңбек жолы әр түрлі жауапты қызметтерге дейін көтеріліп, жалғасын тапты. 1970 жылдан 1984 жылға дейін 14 жыл бойы республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып та еңбек етті. Бұл оның жергілікті мамандарды неғұрлым ірге бекіттірмеу саясатын ұстанған кеңестік заманда үлкен қайраткерлікке

жеткенінің белгісі еді. Оның дәлелі — одақтас республикалар үкіметтерін басқарған азаматтар үшінде жалғыз Бәйкен Әшімұлына Социалистік Еңбек Ері атағының берілуі. Бұл кезең Қазақстанның нағыз өркендеп, осу жылдары болды.

Ол Кокшетау облысында шаруашылық басқарудағы іскерлігімен, тәжірибелілігімен көрінсе, Қарағанды облысы атқару комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде өзін ірі өндіріс ұйымдастырушысы ретінде жан-жақты таныта білді. Мұнда көмір бассейні, мегаллургия, химия, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, қуатты энергетика және құрылыс базасы, ғылым, білім, мәдениеттің дамуына бар күшін салды. Сол кездегі жанашыр ұлт тұлғаларымен қатар еңбек ете жүріп, көптеген игі істердің басы-қасында болды.

Бәйкен Әшімұлының басшылығымен республика кәсіпорындарын техникамен қайта жарактандыру, электрлендіру, механикаландыру және өндірісті автоматтандыру тәрізді істер белсенді жүргізілді. Өнеркәсіп саласы, көлік, энергетика, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау және химия салалары шапшаң дамытылып, енді ғана нық тұрып келе жатқан Қазақстанның экономикалық алуегі барыныша арта түсті. Қала мен ауылдағы халықтың тұрмысын тереңнен зерттей отырып, әл-ауқатының артуына тиісті қамқорлығын жасап, соның желісімен артындағы басқа қызметкерлерге жақсы үлгі көрсетті.

Кеңес өкіметі кезінен Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыт аралығында елі үшін аянбай, емірене қызмет еткен халқымыздың ардақты ұлдарымен бірлесе, атап айтар болсақ Д.А. Қонаевпен, бертінде Н.Ә. Назарбаевпен бірге, ел экономикасының серпінді дамуына жағдай туғызды. Брежнев, Косыгин, Байбаков сынды Кеңес қайраткерлерімен терезесін тең ұстап, тең сөйлесті.

Терең білімді, өте білікті басшы бола білген Бәйкен Әшімұлы қандай саланы басқармасын, қандай істі қолға алмасын оның ақырына жетпей, нәтижесін шығармайынша тоқтатмайтын. Мұндай қасиеттері оның ұйымдастыру қабілеті мен қайраткерлігін өзгелерден ерекшелейтін белгісі санап тас болып табылатын. Қанша адаммен қызметтес, талайлармен жүздесіп, дәмдес-гүздес болсам да, солармен кездесулер дәл Бәйкен Әшімөвтей менің өміріме жарқын сәттерді, ошпес ес-

теликтерді сала алмапты. Әрбір сөзді бағамдай, байыптай билетін, екiнiн бiрiне ашылып сөйлей бермейтiн едi. Оте сыпаны жан болатын. Жүзiне үңiлсең, өмiрден көрген мен түйгенi көп, жүрегi кең, көңiлi кiршкесiз таза екенiн бiрден байқайтынсың. Оте кiшiпейiл, адамгершiлiгi мол болатын. Сондайда қазақтың «Ұлық болсаң кiшiк бол» деген сөзi есiне түседi.

Бәкеңнiң ел көзiне алдымен шалынаатыны кесек миңе и мен ойының да, бойының да бiрдей үндескен нарлығы, алғырлығы, келетi тұлғасы мен кескiн-келбетi, бауырмалдығы, меiрбандылығы, парасағтылығы, кiсiлi, қайсарлығы, жан сұлулығы. Жиналыста, отырыстарда, қай жерде болмасын еңсесiн iк, денесiн нық ұстайтын. Бұл оның сөз тұлғанығына терең бойлай мән беретiндiгiнiң, қадiрiн түсiне, ойлана билетiндiгiнiң көрiнiсi. Қалжыңы өте нәзiк едi. Жұмыстан қол тимей, көптен көрiсесек, «Роза-ау, сенiң атыңды ұмытып барамыз ғой» деп жай ғана астармен шайыңды сағындық қой дегенiң, жұмысбасты болып араласпай бара жатқанымызды ақырын ғана осылай бiлдiрушi едi. Менi өзiнiң туған iнiсiңдей, Розаны қарындасыңдай көрдi, өзiне етеве жақын тартты.

Бәйкен Әшiмұлының кемең ерлiгi мен кереметтiгi сонда, алдыңғы Кеңестiк дәуiрдiң әр тұлғалы, тұрпақты қайраткерi ғана болып қоймай, тәуелсiздiктiң тұғырын қаласқан тлекшiсi болып көзге елiнген жанашыры едi. Жүрген жерiнде тек гүл бiтiп, басшы болған жерлерде сонынан тек жақсылық орнектерi қалып отыратын. Жүртшылық жадында әрдайым үлкенге iнi, кiшiге аға бола бiлген найымды азамат ретiнде, сындарлы сәттерде әрдайым байсалды шкiрiн бiлдiрiп отыратын ақылман абыз ақсақал ретiнде сақталмақ.

Жұбайы Бакыт Әсетқызы екеуi ұзақ та ұлағатты тұмыр кенiп, ұл мен қызды тәрбиелеп, артына мол мұрасын қалдырды. Ұлтымыздың ұлағатты, қадiрлi ақсақалы ретiнде өмiрiнiң соңына дейiн бар көрген-бiгенiн жастарға айтуға, ақыл-көнесiн беруге еш жалыққан емес. Күнi кеше ғана Бакыт жентемiздiң қазасында ешнәрседен сыр бермей, қорғасындан қатыйып, үн-түнсiз сұрғылт жүзiмен сабыр сақтап отырған қалшы әлi көз алдымызда. Бәрiмiздiң көкөнiмiзде «Шiркiн-ай, нар десе нар-ау. Мұндайды, нар да көтере алмас» деген ойлар тұрды. Соңғы күндерi «Еңдi Бакытым жоқ қой. Ойпыр-

май, Бакытсыз күнім қалаи болады?» деген сөздерді жиірек айтатын. Көп кешікпей өзінің бұл өмірмен қош айтысатынын болжалдап айтса да, не сезсе де, аузынан ел-жұрт аман болсын, кейінгі жас өскелең ұрпақ аман болсын дегенді жиі айтатын. Амал не, дүние өзінің кемеңгер бір ұлынан, аяулы қызынан айрылып, күңіреніп қала берді...

Жәнібек КӨРІБЖАНОВ

АЛАШТЫҢ АРДА ТУҒАН АҚСАҚАЛЫ

Алты айлығында әкеден айырылып,
Он бесінде аштықтан қашып,
Жиырма бесінде майданда қан кешіп,
Отызында орда бұзып, қырығында қамал алып,

Пайғамбар жасынан асқанша ел билеп, заманның лебі қайдан соқса да ЕЛІНІҢ тілеуін тілеп, абызына айналған БӘЙКЕН ӘШІМУЛЫ жайында айту қандай қиын, қандай қуанышты!

Қиын болатыны:

Басшылық қызметтерде жүргенде еліміздің өркендеуіне, жеріміздің гүлденуіне барын салып, үлкен істер тындырды. Басшы бола алатынын, басқара алатынын дәлелдеді.

Қиналғанға қол ұшын созды, алдына келгенге – ақыл берді, артынан ергенге – жол көрсетті. Әділдіктің үстемдік құруына себенкер болды.

Орнынан түскеннен кейін де, зейнетке шыққаннан соң да сол баяғы мінезін, ірілігін, кесектігін жоғалтпай, өнетелі өмір сүрген азаматтықтың, отағасы болудың эталоны болған абзал аға жайында айтушылардың көп екені белгілі. Солардан асырып не айта алармын деп толқыдым.

Қуанышты болатыны:

Осындай адал, таза – пендешіліктен ада, кісілікті, адамгершілікті ту еткен, Қазақстанның одақ көлеміндегі ең озық, алғы шептегі республика болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген алаштың арда ұлымен замандас болғаным.

Қазақ елі үшін ұлан-ғайыр еңбек еткен, қай істі қолға алса да тыңғылықты болуына үлкен жүрекпен, жанашырлықпен,

жауанкершілікпен келетін сол тұданың ізбасары болып үзеңгілес жүргенім.

Республика экономикасының оркендеуіне айрықша үлес қосқан қайраткер, он төрт жыл қатарынан Үкімет басқарған, ұйымдастырушылық таланты қай істе жүрсе де жарқырап көрінген, мемлекетке керемет кадрлар даярлаған білікті басшыны ұстаз тұтқаным.

Сүйгенін соғысқа шығарын салып, ұзақ жылдар бойы күтіп, ол аман-есен оралғанда бас қосқан. Әулетіне керемет келін, аяулы жар, абзал ана болған ибалы да иманды Бақыт Әсетқызымен алпыс бес жылдан астам жұбайлық тұмыр кешкен асыл жар, ардақты әке.

Оның шаңырағы – талайлар бата алағын қасиетті отбасы, сол парасатты отбасының несібін өз отбасыма үлгі еткенім.

«Өмір – серуен, адам – көшкен керуен» деген сөз қазақ кимастарын бақиға шығарып саларда өз-өзін жұбатқаннан шыққан шығар. Өмірді тек қана серуен деп емес, елі мен жұртына, халқына, ұлтына аянбай еңбек ету деп түсініп, сол қағнданы тірлігінің Темірқазығы етіп тұмыр кешкен, біртуарымыздың арамыздан мәңгілік кеткені танытындар мен атын білетіндерге ауыр қасірет екендігін түйсініп отырмыз. Омірде мәңгілік ештеңе жоқ. Келеді, кетеді. Бірақ артыңда ошпестей із қалдыра алдың ба? Өмірдің бар мәні сонда. Бәйкен Әшімов халық алдындағы парызын аброймен өтеп кеткен жан. Сондықтан да оны ұрпақтар ұмытпайды.

Бәйкен аға соғыстан үш жыл бұрын әскери міндетін атқарған азамат та, Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысқан қаһарман жауынгер!

«Қазақ солдаты деген атқа дақ түсірмей, жанымызды да, қанымызды да аямай соғыстық. Соғыс кезіндегі бастан кешкенімізді айта беріп қайтейін», – дейді бір әңгімесінде батыр аға. Осы сөзі-ақ, ол кісінің қандай қаһарман болса да, қарапайым екенінің дәлелі. Сталиннің атынан екі рет алғыс алуы, Қызыл Жұлдыз, Бірінші және Екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталуы батырлығының айғағы.

Соғыстан кейін қырық жыл бойы партия, шаруашылық, мемлекеттік қызметтерді атқарды. Бірде егінжайда ел ортасында жүрсе, тағы бірде бригадирлер мен механизаторлардың

арасында жүретін. Күннің ыстық-суығы, жауын-шашынына карамай егіс басында қонып қалағын кездері де болатын. Соның бәрі сонау отты соғыс жылдарында шыныққандықтың белгісі болатын.

Қалың бұқараның ортасынан шыққан жігіт алғашында шаруашылық басқарудағы іскерлігімен көрінісе, Қарағанды облысы атқару комитетінің төрағасы қызметінде өзін ірі өндіріс ұйымдас-тырушысы ретінде таныта білді. Ал, Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген жылдар Бәйкен Әшімұлының бұдан да зор мемлекеттік қызметтің тізгінін ұстай алатындығын дәлелдеді.

Соның негізгісі – Көкшетау облысын басқарғаны болатын. Осы жерде жаңа кеңсіндер құрудың, тың игерудің романтикасы мен жаңа жерлерді игерудің қиындықтары қатар түсіп Бәйкен ағаны шынықтырып, жаңа биіктерге көтерді.

Ол кісінің өміріндегі ең бір асқак дәуренді шағы – Үкімет басшысы болған жылдары еді. Сол кездегі Қазақстанның Бірінші басшысы Дінмұхамед Қонаев екеуі елдің екі тіреуіндей болып, тізе қосып Қазақстанды көтерді. Дінмұхамед Ахметұлы – ұлы саясаткер, Бәйкен Әшімұлы – дарынды басшы болатын.

Бәйкен аға Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған 1970-1984 жылдар – Қазақстанның нағыз өркендеу, осы жылдары болды. Қазақстан өзінің экономикалық қуаты жағынан Ресейден, Украинадан кейінгі үшінші орынды алатын. Алматы ол уақытта біздің астанамыз еді ғой. Сол жылдары Алматыда құрылыс саласы қарқынды дамыды. Алматының символы болған «Қазақстан» қонақ үйінен бастап, көптеген құрылыстардың салынуына, Алматымен бірге, жалпы, Қазақстанның көркейіп өсуіне, экономикасының қарыштап дамуына, мәдениетінің гүлденуіне Қазақстанның бірінші басшысы Димекен қаншалықты үлес қосқан болса, Бәйкен Әшімұлы да соншалықты еңбек етті. Бұл кезеңде өзінің іскерлігі мен қарымын Одақ көлемінде таныта білген ағамызға одақтас республика Үкімет басшыларының ішінде тұңғыш Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Төрт мәрте Ленин орденін алғанының өзі ол кісінің еңбегінің ұшан-теңіздігін көрсетеді.

Оте салмақты, тыңғылықты, қон сойлемейтін, не айтса да, бас-аяғын екшен, тұжырымдап, ақылға салып, қорытынды сөзін бір-ақ айтатын Бәйкен аға – өз заманының заңғары, елінің майталман маркасқасы еді. 14 жыл үкімет басқару оңай емес. «Елу жыл ел ағасы» атанған Димекеннің өзі ол кісіні қатты құрметтейтін. Дінмұхаммед Қонаев сияқты ол кісінің артында да байлық қалған жоқ, азаматтық тау гүлгасы қалды.

Бір шарана дүниеге келсе әулеті қуанады. Ал, ол өмірден өткенде елінің қабырғасы қайысын қайғыратын болса, ол ұлтының жоқшысы болғаны. Бәйкен аға сондай – елін ел ету жолында аянбай еңбек еткен басшы ретінде мәңгі сақталады. О кісі жайында айту, ол кісіні мақтау аз, ол кісімен мақтануымыз керек.

Әр дәуірдің айбынын тасытып, рухын көтеретін толағай тұлғалары болады. Бәйкен Әшімұлы сондай Толағай еді!

Ол кісі зейнетке шыққанда да елімізде болып жатқан жағдайларға араласып, Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен Мемлекет Басшысының әр ісін қолдап отырды. Социалистік қоғамнан нарықтық қоғамға өтіп, заман лебі қалай соқса да бір қалыбын сақтап, елінің, жұртының тілеуін тіледі. Астана Ақмолаға ауыстырылғанда Бәйкен Әшімұлы өзінің үзегілес ақсақалдарын жыйып алып бата бергізді.

«Нұрсұлтан Әбішұлы – мемлекет құрушы тұлға. Бұл сөз Мемлекет басшысы деген ұғымнан әлдеқайда биік сөз. Елбасымыз осы мемлекетті тек аяғынан тұрғызып, бойын тіктетіп, қадамын бастырып берсе де біз осындай қиямет қайым істі бірінші бастаған адам ретінде разылық білдірген болар едік. Ал Нұрсұлтан тәуелсіздіктің алғашқы он жылының өзінде онымен шектелген жоқ. Әйтеуір жұрт қатарлы мемлекет құруды, әйтеуір ел қатарды жүруді ойлаған жоқ. Тарихта есесі кеткен халқының жұлдызын жоғарыдан жандыруды ойлады», – деп баға беріп отырды Бәйкен аға өзінің орнына Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындаған шәкірті Нұрсұлтан Назарбаев жайында.

Президент Қазақстан саяси элитасының көсемін 90-ға толған мерейтойымен құттықтап, өзі де пейілі кең, жүрегі ізгі, жаны жомарт, тілегі дархан Бәйкен Әшімұлын ұстазым деп бағалап, кеудесіне «Отан» орденін қадады.

Саясатта жүргендердің де саликалы ұстаз бола алатынын дәлелдеген де Бәйкен Әшімұлы. Шәкіртісіз ұстаз тұл дегендей ұлғил ұстаз ретінде Елбасының әр тірлігін барлап отыратынын байқадым. «Егемен Қазақстан» газетіне Сауытбек Абдырахманұлына берген бір сұхбатында «Нұрсұлтан Мағнитқада горновой бола жүрші, оттың ортасында шынығып шыққаны белгілі. Елбасымыз сонымен бірге сан түрлі адамдардың, сан түрлі ұлттардың басы тоғысқан елде жұмыс істеу арқылы да ерекше шынықты. Шығыс пен Батыстың дүниетанымын қатар сезініп тағы шынықты. Екі қоғам, екі жүне оны заманның көрігіне салып тағы шынықтырды. Осының аркасында біз қазір бүкіл әлем білетін, алыс та, жақын да мойындайтын, санасатын, сыйлайтын басшыға не болып отырмыз», — деп шәкіртіне баға берді.

Осы жолдарды жазып отырып, Мемлекет басшысының Еуропа мен Америка Құрама Штаттарына жасаған сапарында, жаһандық саммитте Қазақстанды Бейбітшілік кошбасшысы деп таныта білгенін есіме алып, әлемдегі ең қуатты ел басшысының он жағында тұрып түскен суреті көз алдыма келді.

Құдайға шүкір, Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылға жақындағанда сан ұлттың басы қосылған Қазақстан өз Президентінің сара саясаты нәтижесінде жер шарындағы ұлт-аралық кикілжіңдер орнығуы мүмкін мекеннен сол сан ұлттың достығы жарасқан, елінің берекесі артқан, экономикасы жақсы даму үстіндегі елге айналды. «Осыны Бәйкен Әшімұлы көргенде гөйі!», — деп ойладым. Асыл атаға деген бір сағыныш жүрегімде толқыды.

Ол кісінің «Мен әр таңнан Отанымның гүлдене беруін, халқымның бай да әл-ауқатты болуын тілен отырамын. Егер біз жерімізге не болып, халқымыздың әл-ауқатын көтеріп отырсақ, Қазақстан әлем алдында беделді де бай ел болады», — деп отыратыны еліне беріп кеткен батасындай болды.

Бәйкен Әшімұлы көптеген жағдайларда бүгінгі қоғамның жақсаруына да өзінің ақыл-кеңесімен, батасымен үлес қосқан, жақсы қартаған ақсақал болды. Қарттықтың басты сынағы — әдемі қартаю! Оның осы асыл қасиетін Елбасының өзі де айтып отырады.



Бәйкен Әшімұлы. Алматы, 1972 ж.



Луыл шаруашылығы
жұмыскерлерінің бас
қосуы. Мәскеу, 1959 ж.



Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің
пленумы. Алматы, 1960.



Қазақстан Компартиясы съезінің делегаттары.
Алматы, 1961 ж.



Қарағанды техникалық резина бұйымдары зауытында.
1970 ж



Л.И. Брежневпен кездесу.
1972 ж.



Л.И. Брежневпен Медеуде.
Алматы, 1973 ж.



Ел басшыларының кездесуі.
Алматы.



Қазан төңкерісінің 53 жылдығы шеруінде.
7-қараша. 1970 ж.



Бәйкен Әшімұлы.
Алматы, 1975 ж.



Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының жұмыс кабинеті.



Бәйкеш Әшімұлы мен Бакыт Әсетқызы.
Жеңістің 30 жылдығы. 1975 ж.



Әшімұлы отбасы.
Алматы, 1985 ж.



Үлы Оңдасын.
1970 ж.



Оңдасын, Ботагоз,
Айгерім. 1985 ж.



Нейлүфар, Лаура, Лэйла.
1985 ж.



Рауза, Алуа.



Бәйкен Әшімұлы мен Бакыт Әсетқызы.
Алматы, 1985 ж.



Немересі
Ләйла Сейдалина.
1985 ж.



Немересі
Әйгерім Әшімова.
1985 ж.



ҚР Қорғаныс
министрлігінде кездесу.
1998 ж.





80 жылдык мерейтойда.
1997 ж.



Гауһардың тойы.
2007 ж.



Айыртау ауданы әкімдігіндегі
кездесу.




М. Қозыбаев ағындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік
университетінде. 2003 ж.



К.М. Аухадиевпен бірге.
2007 ж.



Б. Өшмүлы, К. Токаев, Б. Өсеткызы.
2007 ж.



Н.Ә. Назарбаев 90 жасқа толуымен құттықтауда.



Ігі жақсылар бас қосқанда.

Бәйкен ағамен арамызда аға-инлік сыйластық бар еді. Кездескен жерде осыдан отыз-қырық жыл бұрын бірге қызмет істеген азаматтарды ұмытпай сұрап отырады. Отбасымды да ерекше бір інтипатпен сұрай жөнеледі. Ол кісі біздің үлкен балалар түгiлi немерелерiмiздiң атына дейiн жатқа билетiнi жанымды сүйсiндiретiн. Осындай бiр жылы кездесуде маған «Жәнiбек, жарыным! Бұдан былай менi – Бәйкен аға, Бақыт Әестқызын – Бақыт әже деп атасан болады», – дегенi бар. Мен ардақты ағамның өмiрiнiң жаңа бiр сатыға көтерiлгенi деп сезiндiм.

«Қайран ағам, Сiз маған ғана емес, күллi қазағыңызға АТА болып өмiрден өтiңiз. Бақыт жеңешем бар баланың ӘЖЕСI болды», – деп еске алып, қаламым тоқтап қалды.

Екеуiнiң мемлекетке сiңiрген еңбегiн айтпағанда бiрге 65 жыл тату-тәттi өмiр сүрiп, үш перзент өсiрiп, оншақты немере мен шөбере сүйiп өмiрден қос аккумуля бiрге өткенiнiң өзi аңыз ғой. Олардың шаңырағы жұрт келiп бата алатын қасиеттi шаңыраққа айналды.

Өмiрлерi ертеңдегiдей!

Он жетi жасында танысып, жiгiтi – етiгiмен қан кешiп, қызы – хатқа орап махаббатын жолдап, жауынгерi келгенше күтiп, соғыстан кейiн қосылып, өмiрдiң ыстық-суығын бiрге көрiп, бiр кезде бiрiнiң өлiмiн екiншiсi қимай, сыңар аккумуля соңынан кету ертең емей немене.

Сондай абзал ата-ананың перзентгерi де ибалы да иманды болып өстi. Ұлдары Оңдасын – Солтүстiк Қазақстандағы Манаш Қозыбаев атындағы университеттiң ректоры, қыздары – Нейлюфар мен Рауза ғылым жолында. Үшеуi үш шаңырақты ұстап өсiп-өнiп отыр.

Алты айлығында әкеден айырылып, жетiмдiк пен бейнеттiң тауқыметiн тартса да, таудан талабы мен еңбекқорлығы, асқан парасаттылығы мен адамгершiлiгi Бәйкен Әшiмұлын биік белестерге жетелеп, елдiң сүйiспеншiлiгiне бөлендiрдi. Туған елiндегi ең белгiлi мемлекет және қоғам қайраткерi болып, саясатта саңлақ шәкiрттер қалдырып, махаббатта да Абай айтқан айнымайтын асыл адам қалпында өмiрден өттi. Естелiгiмдi бастарда аузыма «Алаштың арда туған ақсақалы» деген теңеу гүстi.

«ЕҢБЕГІҢ КӨҢІЛІМДІ КӨРКЕЙТТІ» ДЕП ЕДІ-АУ

2010 жылы сәуірдің жаймашуак күні еді. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Оңдасын Бәйкенұлы Әшімов телефон соғып, есен-саулығымды сұраудан соң: «Медеу аға, әке-шешем сізді ерекше жақсы қорушы еді, үлкенге ізеті мол ініміз... десеңіз, құрметпен қарағанын өзіңіз де білесіз. Ол кісілер туралы естелік кітап қамдап жатырмын, әке-шешеммен қарым-қатынасыңыз турасында жазып беруге қалайсыз?» – деген өтініш айтты. Қанелімде айтылған жүрекжарды тілекке ә дегенде не дерімді білмей, сәл бөгеліңкіреп: «Оңдасын бауыр, Бәйкен ағай мен Бакыт апай шынайы асылдар еді, жандары жаннытта болсын! Келін екеуім, өзге балалары да сол кісілердің жасын жасап, ата-анана үкесандар! Ауруханада жатып, топырақ салуға бара алмай, хат жолдауға мәжбүр болдым... Ая, мына тілегіме жок дей алмаймын. Созылмалы сырқаттан әлі де айыққам жоқ, маған қанша уақыт бересің?» дегенімде, биязы мінезі, көңілді таба білетін жылы сөзі де әкесіне айынымай тартқан Оңдасын інім: «Бір ай мөлшерінде жолдасаныз кеш болмайды, аға, те ірек сауығыңыз!» – деді. «Олай десең университеттің электрон тұрағын факспен жібер, жадымда барды суырып қорейің...» – дедім.

Іле-шала үйдегі факс-телефоныма университеттің E-mail тұрағы келін түсті.

Тегінде, уәде – нарызыңды өтегендей асыл міндет, әсіресе өзінен кіште беріген уәдеңіз қалайда орындау шарт. Зер сала қарасам, уәделі естелікті отыра қалып, бірер күнде жазып тастауға болмайтынын аңғардым. Ойткені, тоқсан жастың шебінен сергек аттап, ерлі-зайыпты атаңғанының алшыс жылында тойлаған үлкен Әшімовтер отбасымен мен соңғы 15 жылда ғана араласып, дәмдес болышын. Бәйкен ағай Көкшетауда, Қарағандыда, Талдықорғанда облыс басқарып, одан кейін де 14 жыл бойы Қазақстан үкіметін басқарғанда мен жеке басымның шаруасымен, нә шынармашылық жұмысыммен ол кі-

сінің алдына барған емеспің. Сөйтуге тіпті қажеттілік те болған емес. Ал, алдына барып мәселе қоймаған соң, не жайында жазасың? Жазсаң да сол мемлекеттік зор қызметіне қарадай сүйсініп, қайраткерлік бнік болмысына тамсану, риясыз мадақтау болмақ...

Шынтуайтын айтқанда, естелік атаулы кездесу мен сұхбаттас болудан, немесе ел мүддесі үшін бірге атқарған іс-қаракетіңді еске түсіріп жаңғыртумен жазылады. Солай жазылған неше түрлі үлгілерді оқып жүрміз: ұзағы да, қысқасы да бар; сөйтіп отырып өзін тек қана жақсы жағынан көрсететін баяндаулар да жоқ емес...

Бәйкен ағаймен сирек болса да, аса ықыласты өткен сұхбаттарды еске алып, сондай олқылықтан ада болмайтынымды ұқтым. Бірақ, сол кездесулердің өзіне тән ұлағаты да айқын көрінді. Ақыры, осы ойға женстік беріп, тәуекелге бел будым...

* * *

Бәйкен Әшімұлымен ең алғашқы кездесуім — 1995 жылғы наурыздың аяқ шені.

Студент кезімде жете танып, үлкендік ұлағатын көрген сүйікті ұстазым, академик Ебіней Арыстанұлы Бокетовтің жетпіс жылдық мерейтойын қарағандылықтар ұлан-асыр салтанатпен өткізді. Сол тойға Семейден мен де шақырылдым. Қытымыр қыстың зәрі сынбаған аязына қарамастан жүргізуші алып, Қарағандыға өз машинамен жеттім. Ебекене арнаған үлкен жиын шахтерлердің Мәдениет сарайында өтті. Залда кем дегенде 5-6 жүз кісі бар. Көпшілігі ғалымның ежелгі таныстары, институттар мен Е. А. Бокетов атындағы университеттің оқытушылары. Алыстан келген қонақтар құрметті төрге жайғастық: Бәйкен аға Бакыт жеңгеймен келіпті, ҰҒА-ның сол кездегі президенті Кенжеғали Сағадиев, К. И. Сәтбаевтың Халықаралық қорының президенті, белгілі акын Кәкімбек Салықов, осы облыстағы ғылыми институттар мен жоғары білім орындары басындағы қайраткер азаматтар... Мұндай басқосуларда мерейтой несіне көл-көсір мадақ сөздер қон айтылады, ғалымның ортамызда болмауы — есеп емес. Ал, Ебіней Арыстанұлы замандастары тарапынан жасалған түрліше қиянаттан үш мәрте инфаркт бо-

лып, алпыс жаска да жете алмай өмірден ерте кеткен шерлі тұлға. Мінбеге шыққандар оның алып тұлғасын, жасап кеткен ғылымын, сонында қалған өлмес еңбектерін жеріне жеткізе айтып, бірін-бірі қайталап бақты. Сол пікір он мәрте қайталанып және жалпылама айтылса – жақсы сөздің қадірі қашын, әншейін бопсаға айналары мәлім. Сол жәйт әсіресе Ш... деген алматылық қонақ мінбеге шығып, өзін Ебіней Арыстанұлының рухына адал інісімін деп, қисынсыз бірдемелерді үстемелей айтып, ғалымның 50-ші жылдарда өзіне жолдаған хатын ұзақ оқығанда айқын сезілді. Мінбеге ұрымтал жерде, менің қасымда отырған ғалымның туған иісі Қамзабай Арыстанұлы кенет: «Мына шіркінде ұят жоқ екен, айтын тұрғаны – шылғи өтірік. Ебінейдің кабіріне құлпытас сомдауға уәде етіп, мені бір жыл әурелеп, ақыры соны жасамаған еді. Өйткені, о күнде ағамды ұлықтау – абырой-атағына зияны тиетін шатақ іс болатын... Енді міне, ахуал күрт өзгерген соң, ағамның рухына адал бола қалыпты. Қазір сөзге шыққанда бұл суайттың өтірігін бетіне басып, аруакты қалай сатқанын әшкерелеймін...» – деп, орнында отыра алмай қозғалақтап, өзін-өзі мүжібастады. «Қамзаекке, той сіздікі. Өз тойыңызды ұсақ өкпемен бүлдірмеңіз! Бұл бөспені тезге салып сірә да түзете алмайсыз, жаратылысы сондай...» – деп, Қамзекене басы айттым. Ол кісі иланымды уәжіге тоқтады, мінбеге шыққанда сыпайы сойлеп, ағасының еңбегін, есімін құрметтеуші көпке рахмет билдірумен тынды.

Жиынның соңына таман, залдағы жүрт шаршапқыраған мезетте маған да сөз тиді. Сондықтан да мен сөзімді шақтап айтуға пейілді болып:

– Қадірменді қарағандылықтар, мен – Ебіней Арыстанұлының жетектеуімен инженер-металлург және соның сирек металдар мамандығы бойынша диплом алған шәкіртімін әрі ол кісі мені өзіне екінші кәсіп еткен әдебиет жолына да бастаушы болды. Сондықтан да мен тол әдебиетімізде қандайда бір табысым, сәтті еңбегім болса – сол үшін де сүйікті ұстазыма қарыздармын деп есептеймін... Алмақтың да салмағы болатынын білесіздер. Бүгінге тойға құр алақан келгем жоқ. «Ұстаз ұлағаты» деген шартты ағаумен көлемі 110 бет шамасы естелік жазып әкелдім. Міне, сол қолымда тұр, – деп қолжазбаның екі данасы салынған қомақты папканы

залдағы көпке көрсеттім. – Бұл естеліктің «Академик Бөкетов не үшін қудаланды?» деген, мән-бағдары ауыр екінші атауы және бар. Шынайы айғақтармен баяндалған естелік-эссейде мен осы бір түйткілді сұраққа жауап бердім. Осы эссені жеке кітап етіп жариялауға залдағы көптен батыл біреу шығып, қаржы берсе – бір тиын қаламақы сұрамаймын, осы қазір қолына беремін. Осынау шағын кітабым қадірменді Ебіней Арыстанұлының абырой-атағын, биік рухын жұртқа танытуға қызмет етсін деген ізгі ниетпен сый ретінде ұсынамын... – деп, сөзімді түйгенімде маужырап отырған залдағы көпшілік дүркірете қол соғып, қолдау білдірді.

Сәл-пәл кідіріп жұрттың тынышталуын тостым, сол сәтте алдыңғы қатарда отырған тапымал әдебиетші Ә. Ә... (қазір ортамызда жоқ болған соң есімін атамай отырмын), неге сойткенін білмеймін: «Дұрыс айтасың, Медеужан. Бас, аяма, әкесін таныт Бөкетовті құртқан соғындылардың!..» – деп айқай салды. Ебіней Арыстанұлының өмірін қысқартқан, жолы жаққа «домалақ арызды» гүйдектеп айдаған жазғыштардың бірі нәм ерекше белсендісі осы кісі екенін естгенмін. Ебекең оны осындай жымысқы қылығы үшін университеттен аластағанын күллі қарағандылықтар білетін-ді. Айтып-айтпай не керек, мен осы сәтте сүріндім. Әлгінде Қамзекенге тоқтау айтқан уәжімді тарс ұмытып, ұстазымды мезгілінен бұрын жер жастандырған ащы шындық айтылмай, бәз-баяғы оңғақ сөзбен ауысқанына қынжылғаным анық, өзім-өзім не бола алмай: «Ау, ағайын, бүгін біз Ебекеңдей асылды төбеге көтерген мадақ сөзді өте көп айттық. Соған да қуаныштымын!.. Бірақ, біздің қауым ұлыларға ит қосып, балтырынан қан ағызған соғынды қылығынан қашан тиылады? Ебіней Арыстанұлының ғұмыр жолын қысқартқан белсенді замандастары бүгін де осы залда қысылып-қымтырылмай еркін отыр...» – деп залға түйіле қарадым да мінбеден түстім.

Жұрт дүркірете қол соқты. Оны мен елегем жоқ. Басым зеніп, қоз алдым қарауытып мәңгу бір күйге тап болдым. Қамзекен қолымды қысып, бауырына тарта құшақтап: «Ойпырмай, Медеу-жан, оңдырмадың. Даусың да ашы екен, кейбіреудің төбесінен қойып қалғандай періп өттің. Рахмет!..» – деп тағы бірдемелерді құлағыма сыбырлады. «Сірә, бұлдірдім білем, ұят болды...» – деп жиналыстың соңын тос-

пай демалағын болмеге шығып кеттім, онда да пайыздамай, өзім тоқтаған, құрметті қонақтар орналасқан облаткомның резиденциясына жөнеп бердім.

Бір уақытта университеттің жұтаныс мұғалімі іздеп келіп, талымның қосағы Зубайда жеңгейдің дәмге шақыратынын хабарлады. Сөйтсем, алыстан келген қонақтарға арналған түскі ас Ебекеңнің өз шаңырағында екен. Ебекең барда талай мәрте дәм піккен екі қабаг үйіне келсем, зал бөлмесі – толған қонақ, жыны төрінде отырған жайсаңдар... Тіпті тізе бүгер орын жоқ. Бірақ, кешелі-бүгінде қонақ құгу қамында жүрген, Ебекең атындағы ҚарМУ-дың ректоры Жамбыл Сәулебекұлы өз орнын маған ұсынды. Бір жұтым сусын ішіп, бірер рет ет асап та үлгермедім, төрде отырған Бәйкен аға орнынан тұрып, кезексіз сөз сұрады.

Ағайын, ұлы Қанекен туралы еңбегін білсем де, мен бүгінге дейін Медеу иімімен кездеспеген едім. Медеу қарағым, бүгінгі қату сөзің ерекше әсерлі болды. Залдағы жұрттың саған соншама қошамет көрсеткені де тегін емес. Қысқасы, мен мына тосты Медеу үшін, мінбеден естірткен жүрекжарды әрі әділ сөзі үшін көтеремін!.. – деді.

Үлкен кісіден соншама қошамет күтпеген мен қымсынып, қоса тұрып:

Бәйкен аға, кешірім сұраймын, Семейден ойланып келген сөзім мүлдем басқа еді, алдыңғы қатарда отырған бір ақсақалдың өз кінәсін білмей, әлде соны жұрттан бүркеу үшін сөзімді қостаған жалған айқайына ыза болып, күйректікке жол бердім. Бұл енді той үстінде айтатын сөз емес, кешіріңіздер, әбестік жасадым... – деп ақталып едім.

Бәйкен аға:

– Жоқ, сен, шырағым, бекерге кірәлжіме, сол сөзді біз айтсақ, жұрт басқаша түсінер еді. Әлеуметтің қызметінен кеткен соң естірткен шындығын кімге керек, сол кезде неге айтпағаның... деп ойлауы сөзсіз. Ал сен, жазушысын әрі Ебіней марқұмның рухына адал шәкірті ретінде ащы шындықты бұзып-жара айтуың әбден дұрыс болды. Сол үшін де саған ризалығымды білдіріп тұрмын, қане, алдыңдағыны алып қой. Бүгінгі той сен үшін – ерекше мейрам!.. – деп тағы да қошамет білдірді.

Қалірменді ақсақалдың айтқанын істеуге тура келді. Шынында да ішімдегі зор қыжылды дөп басып, шер-кегімді коньякпен таркатуға шипа болар дәрі ұсыныпты.

Бәйкен ағаймен сол күні, кешке таман қайта тоқайластық.

Ебекен үйінде отырғанда ол кісі менен «Қуғындалған Сәтбаев» деген естелік-эссемді сұраған-ды. «Сол кітабын туралы әр түрлі лақап сөзді жұрт көп айтады, дүкендерден іздегіп таба алмадым, сірә, Алматыға түспеген тәрізді...» – деген-ді. «Отыз мың данамен жарық көрген кітаптың бес мың данасы «Алматыкітап» мекемесіне берілгенін анық білемін, бірақ соны әлдекімдер бір апта бойы машинамен аралап, дүкендерден тік көтере сатып алыпты. Сірә, кейбіреулер үшін қолайсыз шындықты түре ашқан естеліктің жұртқа тарамауына мүдделі болған. Бірақ, сол кітап облыстарға жақсы тарап, екі-үш айда түн-түгел сатылып кетті. Талай жерден сол кітапқа ризалық білдірген хаттар алдым. Қажет етсеңіз, сіз үшін бір данасын бүгін-ақ табамын, аға», – дедім.

Қаныш Имантайұлы туралы ұзақ ізденісім баяндалған, 60 мың дана таралыммен жарияланбақ ғұмырнама хикаяттын Алматыда не себепті басылмай «түрмеге түскенін», қазақшасы жабылып қалған қолжазбаның бес жылдан соң, 1980 жылы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасының «ЖЗЛ» сериясынан 100 мың дана болып қалайша шыққаны бүкпесіз жазылған еңбегімді мен қонақ үйге келген соң Әшімовтер отбасы тоқтаған люкске апарып, сол кеште табыс еттім.

Бәйкен аға үлкен басымен ізет көрсетіп, оны қуана қабылдады. Бакыт жеңгей де дастарқан жайып, алдымызға коньяк қойды. Ақсақал биязы жымшып: «Медеу, бағана өзің мінбеден ескерткен, Ебіней туралы естелік-кітабыңды жарыққа тезірек шығаруың үшін көтеремін мына тосты... – дей отырып, о күнде менің ойымда жоқ тың әңгіме бастады. – Тегінде, мен сенен ұстазың жайында бұдан гөрі қомақтырақ кітап күтемін. Өйткені, Ебіней де өз қатарынан оқ бойы алға шыққан нағыз ғалым, білім-танымы да ерекше зор, өмірі де сол себепті алыс-жұлыспен өтті, мұндай күрделі тағдырды әспеттен сипаттауға жазушылар құштар болуға тиіс. Оның үстіне Ебінейді сен жас күніңнен білесің, ғылыми жұмысы да қоз алдында өткенін бағана өзің айттың...»

Ойлап қарасаңыз, 1995 жылғы кездесу үстінде ол кісі маған келешекте шұғылданар жаңа тақырып ұсынған. Сірә,

бұл көкейінде көптен бері ұстап жүрген жәйт (Сәуған айқын дәлел – «Ел сенімі ең қымбатын» деп атаған өмірбаяндық кітабының 158-бетінде Бәйкен Әшімұлы Қазақстан үкіметінің басшысы болып тұрғанда Ебіней Арыстанұлына ҚарМУ қалашығын тұрғызуға, оқу орнының базасын нығайтуға нақыллы көмек жасағанын, ал танымал ғалым нақактан қуғын көріп, ректорлықтан босағанда тағдырына ара түсіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. А. Қонаевқа сол ғәпті бірнеше мәрте ескерткенін, сол мәселе турасында қорнекті мемлекет қайраткері Н. Д. Оңдасыновтың да әділетсіздікті түзетпек болған әрекетінен ештеңе шықпағанын қынжыла жазуы). Алайда, турасын айғайын, сол кездесуде мен Бәйкен ағаның ойға қонымды ұсынысына бірден жалп ете қоймадым. Өйткені, сол қарсаңда қырағылығы ерен редакторлардың қайшысынан құтылған кен заман туғанын арқаланып, Қаныш ұлының ұлағаты өмірін қайыра қопарын, көкейкесті тақырынты одан әрі кеңейту, тереңдету, тын айғактармен мейілінше байыту қамында болатынымын. Бәйкен ағаға сол ойымды тарқатып айтқамын жоқ, тек: «Ағасы, Қаныштай алыптан соң екінші академикті көңілдегідей етіп толғау оңай емес, екеуі де заманы мен ой-толғамы жақын тұлғалар, кейбір оқиғаларды қайталауға тура келеді. Ал, әдебиетте өзіңіз-өзін қайталау – аса жарасымды қылық емес...» – деген сынайда желеу айттым.

Бәйкен Әшімұлымен екінші мәрте кездесуім де күтпеген жағдайда болды.

Қаныш Сәтбаевтың жүз жылдық мерейтойының дайындығы қызып, ғалым атындағы Халықаралық қор кеңсесінде күнітүні жұмыс істеген қарбалас сәт еді. 1999 жылдың бас кезі болса керек, қор президенті Кәкімбек Салықұлының кабинетінде жұмыс істеп отырғанымда теректей бойшаң, ашаң оңді жігіт үстімізге ентелей кіріп, «Ассалаумағалейкум, Медеу аға. Алматыға келуіңізбен, аман-сау жүрсіз бе?» – деп ізет білдіре амандасты. 1995 жылы осы қорды құрарда бізге қолғабыс еткен, Ғылым академиясының іс басқарушысы міндетін атқарған танымал жігіт. Тек есімін ұмытып қалыппын. Өзі де соны сезді-ау деймін, «С ұраған Ерденовтің, аға. Академик Ебіней Арыстанұлының ауылдасымын, ол кісі де, мен де алтыншы атамыз Алынкаш бағырдан тараймыз...» – деп әлдеқандай себеппен ата-бабасын әріден тарқата сөйледі.

– Жә, Сұраған бауыр, ізден келуіңе қарағанда менде шаруаң бар сияқты. Енді соны айт, қорш отырсын, біз тығыз жұмыс қамындамыз, – дедім.

– Медеу аға, сізге үйімнен дәм татқызбақ едім. Ертең жоқ, бүрсігүні Кәкең ағаймен бірге біздің үйде қонақ болыңыз. Басты қонағым сіз... – деп күмілжиді.

– Рахмет, неге мен басты қонақ боламын?

Сұраған Ерденев жымын:

– Пәлендей себеп жоқ, ағасы, – деді – Сізбен жақынырақ араласуға ыңтықпын.

– Не үшін?

– Ебіней ағамның жетіс жылдық тойында мінбеден айтқан бір ауыз сөзіңіз, Ебекеңдей ұлы адамның өмірін қысқартқан соғындылардың кейбірі осы залда отыр, біздің қазақ бірінің-бірі жолын кескен иттіңін қашан қояды деген сөзіңіз, ағасы, менің жүрегімде сақтаулы...

– Жарайды, түсіндім. Ризамын, барамын, келістім!..

Сұраған Ерденев сол жерде отырып, Бәйкен ағаның үйіне телефон шалып: «Бақыт тәтем екеуіңіздің біздің үйден дәм ішпегеніңізге біршама уақыт болды, аға...» – деп бастап, ол кісілерді де шақырды.

Сонымен Алматы өзеніне ұрымтал жағалаудағы Сұрағанның кең пәтерінде Бәйкен ағамен екінші мәрте бас қостық. Ғалым-математик, Ғылым академиясының президенті болған Әмірзақ Сұлтанғазинді келіншегімен шақырыпты. Әмірзақты мен жақсы білемін, өзара сыйластығымыз болатын. Сол сыйластық Қаныш Имантайұлының 90 жылдық тойын дүркіретіп өткізген қарсаңда туып, арлы да инабаты мол жігіттің азаматтығын жете танығанмын.

Дастарқан басына шақырылғанда Бәйкен ағай мен Бақыт жеңгей төрге шықты да, сол кісілерді екі жағынан қаулап Әмірзақ екеуіміз жайғастық. Жас жолшпен ақсақалмен қатар отыру жөні Кәкеңдікі еді, бірақ ол кісі «бүгінгі құрмет – екеуіңде» деп, ілгерідегі орынға бізді мәжбүрледі. Дастарқан билігін Бәйкен аға бірден-ақ қолына алды да, француз коньяғын Омекең екеуімізге үстемелеп құйғызып, өзі бірақ рюмкесіне ернін ғана тигізеді. Өмен де, мен де сыбағамызды толық алудан тартынсақ, «Әй, екі інім, мен де ішіп отырмын, ал, сендерге тауыса ішу жарасымды болмақ» деп, ізет білдіруден жаңылмады. Кәкең түү бастан шарап ішетінін жа-

риялаған. Қысқасы, Омірзақ екеуміз сол кісінің емеуріпмен біраз жерге бардық. Әрине, әңгіме шікен-жегенде емес, ұлкен кісінің бізге білдірген ағалық ізетінде.

Дастарқан басындағы қоңылді отырыс осындай жарасты сыйластықпен орбіген соң, әңгіме тиегі де емін-еркін ағытылды. Сөз арасында Ебіней Арыстанұлының қилы тағдыры туралы да әртүрлі әңгімелер айтылды. Сойтуге үй иесі мұрындық болды: Солтүстік Қазақстан облысының Шал акын атындағы ауданындағы ауылы Бағанатыда мал көздеп, шөп шауып, қора салып, малсақтығы ерен бала атанып жүрген шаруакор Сұрағанды сол тірліктен айырып, Қарағандының кооператив институтына түсуіне Ебіней ағасы дәнекер болыпты... Осылайша бір сөзді бір сөз қозғап, сол күнгі сұхбат акыр аяғында Ебекенің қамшы сабындай қысқа тұмырының себеп-салдарына ойысты. Мінезіннің жалғандыққа жоқтығын, туысқаншыл, қазақы болмысының басымдығын айтып, қоңыл қаламайтын керемет іске сірәде баспайтынын да қыпжыла сөз еттік.

— Жігіттер, сендердің осы мәселені әр қырынан қозғап, ел үшін еңбек еткен қайраткер азаматты еске алған сөздеріңді ұнатып отырмын. Содан да мен Ебінейдің өзі жанасқан кісінің тағдырына пайдасы тиіп, әрдайым жақсы әсер қалдырғанына таңданамын. Мен сендерге Ебінейдің өзім имандай сенген бір сырын ашайын, — деп Бәйкен аға кенет толғана сөйледі. — Кім не десе де тегінде ол бақытты адам! Ғылымда өзі таңдаған бағыт-бағдары мейлінше айқын әрі нәтиже берді, артына қалдырған еңбегі де ересен қомақты. Аңдауымша, өз маңына ол ылғи дарынды жастарды, ең ғажабы, соларды ауыл-аймаққа болмей, ұлтын да айырмай, ғылымға шынайы берілген жандарды жинаған. Сондықтан да оның ғылымы осы күнге дейін құнарлы топыраққа түскен асыл тұқымдай берекелі өнім беруден жанылған жоқ...

Бұл да Ебінейдей дара дарын иесін өзіне күн көрсетпеген сұрқан ортадан көш ілгері оздырған қасиет-қабілетке не екенін мен бергенде, тұмырнама жазу үстінде үктым. Бақсам, Бәйкен аға соны ертеден біледі екен. Алайда, сол күнгі кездесуде ол кісі маған ешқандай міндет-парыз айтқан жоқ. Тек қана бір сөздің ретінде:

— Медеу інім, мен сенің мінбелен жұртқа көрсеткен естелік-әсселді Қамзабай шығарған қомақты естеліктер жина-

ғынан оқыдым. Ұстазыңның шерлі тағдырын бүркеусіз ашып-сың, кейі тұста тым қақтырақ кеткен де жерің бар. Шындық солай болған соң не деуге болады? Онына пәлен-түген деп ештеңе айтпаймын. Тегінде, мен біреудің жазғанын сынап-мінеуге жоқ адаммын, — деді жайбарақат шырайда. — Үйрек, байқауымша, Ебіней өмірінің кейбір асу-белесін тым шөлақ қайырган сияқтысың...

— Онының рас, ата. Топта шақыру алған соң шашу ретінде анарайын деп асығыстау жазып едім. Қаныш ағаның ұлы тойы өтіп, ол кісі туралы жобалаған кітаптарымды жария еткен соң, Ебекең туралы естелікті қайта қарамақпын. Сіра, кеңейтемін. Сөйтуімді қныла сұрап жүрген адамдар бар, әсіресе металлургия-достарым...

— Олай десен сол сұраушылардың санатына мені де қос. Ебінейі туралы менің де бекем қалыптасқан ой-пікірім бар...

Ғажапты қараңыз: арада үш-төрт жыл өткен соң, дәлдірек айтқанда, 2002 жылдың басында Қамзабай Арыстанұлының жікжаппар болған сұрауымен және «Қазақстан» баспасының қожасы, белгілі журналист Нұрмахан Оразбектің нақты талсырмасымен Ебіней Арыстанұлы туралы естелік емес, тұмырнама кітап жазуға отырдым; бұрынғы аз-кем дайындығым, одан да төрі ұстазымның өмір жолын студент күнімнен жете біліп, ғылымымен де етене таныстығым, Қарағандыда өткен ширек ғасыр тұмырында аралас-құралас болғанымның да септігі тиіп, қалайда роман-жәсе түрінде басталған хикаят жылдам жазылып (әсіп, мен тақырыпқа бойлап ену үшін ізденіске көп уақыт жұмсап, кейіпкерім өмірінің қалтарыс-бұлтарысын, түйткілді жағдаяттарын әбден білгенше қаламым жүрмейтін шабандау қаламгермін), бас-аяғы үш жылға жетер-жетпес мерзімде қолжазбамды баспаға ұсындым. «Ебіней Бөкетов» аталған тұмырнама сөйтіп ұстазымның туғанына 80 жылдық мерейтойы қарсаңында, яки 2005 жылдың ақпан айында «Қазақстан» баспасынан 2 мың дана болып жарық көрді. Көлемі де, көркі де көңілдегідей болды. Мәдениет министрлігі соған бермек болған қомақты қаржыны сайып келгенде басқа кітапқа болып, «Бөкетовті» жарыққа шығарудан ойда жоқта бас тартып, аруаққа қиянат жасады. Ал, мен мұндай қастандықты айналып оту амалын ертеден игерген жазушымын: нәтижесінде сол кітаптың күллі қаржысын Ебекенің шәкірті, ҚР-ның кең

шикізатын кешенді пайдалану Ұлттық орталығының бас директоры, ҰҒА-ның академигі Ә. А. Жәрменов көтерді. «Ебіней Бөкетов» тұмырнамасына алғысөзді ҚР ҰҒА-ның президенті Мұрат Жұрынов жазды. Кітаптың екі бумасын (20 кітап) сол кісіге сыйлыққа апарғанымда Мұрат Жұрынулы: «Медекке, мына еңбегіңіз Ебекеннің жұртқа дабыра атағы мен есіміне лайық, көңілге де толымды кітап болыпты. Семейге қайтуға асықпаңыз, келесі аптада Жәрменовпен бірігіп, академияның мәжіліс залында тұсаукесер өткізейік. Әрі сол мәжіліс Ебіней Арыстанұлының 80 жылдық мерейтойын академия тарапынан ресми атау болсын. ҰТУ-дан, ҚазМУ-ден, басқа институттардан химик-металлург ғалымдар шақырамыз», – деген ойға қонымды ұсыныс айтты. Мен соған қуана келістім.

Сол жыныға үш-төрт күн қалғанда президенттің көмекшісі маған оншақты шақыру билетін берді. Айтуынша, мен шақырған қонақтар жыны сонынан президенттің демалыс болмесіндегі шайға да шақырылады-мыс.

Осы шақыруды таратарда ойыма Бәйкен аға түсті де, «Ебіней Бөкетовтің» бір данасына қолтаңба жазып (Жанылмасам, «Осы еңбекті емін-еркін толғауға, Бәйкен аға, Сіздің де ізі ойларыңыз түрткі болды, зор құрметен!» деген сөздер жазсам керек), шақыру билетін қосып, Сұраған Ерденовтің қолына бердім.

Келесі күні ертеңгілікте Сұраған маған телефон шалып: Медеу аға, есік алдына шығыңыз. Бәйкен аға сізді үйге алып кел, деп тапсырып еді. – деді.

Сөйтіп, ойда жоқта Бәйкен ағанын үйіме тап болдым. Сыртқы есікті өзі ашқан ақсақал бітші жұмыс кабинетіне шақырды. Жазу үстелінде өзім сыйлыққа жіберген кітабым жатыр. Әр жерінде қағаз қыстырулы. Соған қарағанда бірқанша бетін оқыған.

– Медеужан, еңбегіңіз көпшілікті көркейтті! Жазылуы да, басылуы да айтарлықтай толымды. Түйіп айтқанда, Ебінейдің аруағы риза, біз де ризамыз саған!

– Соңғы тарауларын асығыстау жаздым, ағасы. Қамзабай ақсақал той күні жұртқа тарағасқак жақсы болар еді деп, күзден бері анта сайын Семейге телефон шалып, мазамды алды. Бір қайнауы үшін кетті-ау дегендей оқиғам бар, – деп ағымнан жарыла ақтала сөйледім. – Олқылығын көрсеніз, ай-

ға отырыңыз. Қазірдің өзінде осы кітапты қайыра шығаруға ерекше құлшынып отырған баспалар бар. сірә, орысшаға да аудартатын сияқтымын. Демек, сын айтсаңыз, әжетке асырамын...

Бәйкен аға бетіме ожырая қарады да:

– Жасың нешеде? – деп сұрады.

– Жетпіс жасты толтыруға он ай бар.

– Онда сен сынаудан біржола құтылған жазушысың. Жетпіс жасқа сүрінбей жеткен адамды, әсілі, сынап-мінсуге болмайды!..

– Сойтсе де, Бәйкен аға, бұл кітапты сынауға сіздің қақыңыз бар...

– Қонақ болмеге баралық, жеңгең шақырын жатыр... – деп үй иесі орнынан тұрды.

Сойтсем, Бақыт жеңгей ұзын үстелдің бір шетін асқа толтырып қойыпты. Бәйкен аға коньяк ашып, өзіне азан, маған толтыра құйды.

– Медеу-жан, өзіне рахмет айтуға шақырдым. Бұл кітапқа тапсырысты мен саған бұдан он жыл бұрын, Ебінейдің жетпіс жылдық тойы үстінде жасағанмын. Енді міне, сол үдемнен шығып, ұстазынның сексен жылдығы алдында мынадай әдемі де қалың кітапты дүниеге келтіріп отырсың. Сондықтан саған алғыстан өзге сөз айтуға бола ма?! Жок, болмайды! Кешеден бері көңілім қатты толқып, кітабыңды ұйқы есебінен де оқып, туған інімдей жақсы көрген Ебінейдің парасатты өмірін, асқак ғылымын жіпке тізгендей сипаттап әрі соны әдеби көркем тілмен, күллі оқырманға түсінікті түрде баяндап берген, оған қоса марқұмның азаматтығы, қайрагерлігі мол алып тұлғасын да ешбір кемітпей қаз қалпында суреттегенсің. Медеу қарағым, саған шексіз ризамын. Тегінде Ебіней шәкірттерімен бақытты! Еңбегің мені қатты гебіреңтті, жасымды жаса, бақытты ұзақ гұмырымды қайтала деп шынайы көңілден батамды беремін! Еңбегін, сірә, мұнымен тоқтамас, әлі де сан мәрте қайыра қарайсың, әрбір шығарған сайын тілін де көркемдей түсерің хақ! Қаламгер үшін бұл енді перзент сүйгендей қуаныш!..

Айтып-айтпай не керек, Бақыт жеңгей де ақсақалын қосап, «сағанның көзі талғанда мен де оқыдым кітабыңды, қайырлы еңбек өмірге келгеніне қоса қуандым» деп ағынан

жарыла сөйлен, мені біраз жерге апарды. Үлкен кісілердің алдында сыпайылық сақтап, рюккемді тауыспай ішсем де конімім шалқып, меніреніп отырдым. Үй иелері де соны түсініп аса қыстаған жоқ.

Бәйкен ағай кабинетінен шағын көлемді үш кітап әкеліп, қолтаңба жазып, алдыма қойды. Соның біріне, белгілі әдебиетші Жұмағали Ысмағұлов жазған, Астананың «Елорда» баспасы «Ібраһим мол ғұмыр» сериясымен шығарған «Бәйкен Әшімов» кітабына: «Ел-жұрғымыздың үлкен азаматы Медеу бауырыма! Асқан құрметпен, игі тілекпен, Бәйкен ағаң. 2005 жылдың 10 ақпаны. Алматы» – деп жазып, қолын қойды. Оңе екі кітапқа – «Ел сенімші ақтаған» естелік кітабы (құрастырушылар – А. К. Құсайынов пен О. Б. Әшімов) және Кәкімбек Салыковтың «Бәйкен аға» атты («Үш қиян» баспасы 2002 жылы шығарған) өлеңдер жинағына күні мен айын, жылын жазып, қол қойды. Бұл кітаптар менің үйдегі дербес кітапханамда сақтаулы.

– Тұсаукесерге арнайы шақырған Мұрат Жұрыновқа да, саған да ризамын, менен үш қайтара сәлем айт. – деді қоштасарда Бәйкен аға. – Алайда, мен сол жиынға бара алмаймын, Бакыт екеуміз ертеңгі пойызбен Астанаға жүретелі отырмыз. Ұлы Отан соғысына қатысқан бір топ ардагерді жеңістің ашыс жылдығына байланысты Елбасы қабылдамақ. Президенттің қабылдауына пойыздан түсе сала баруға болмайды, екі-үш күн бұрын жетіп, тынығып, мұқият әзірлену шарт...

Бұл менің 1995–2005 жылдар аралығында Бәйкен ағай мен Бакыт жеңгейге үшінші мәрте кездесуім.

Шындығында ол кісілермен бұдан кейін де бірнеше мәрте, ортақ таныстарымыздың мерейтойы үстінде кездестім. Соның бірі Астанада, Кәкімбек ақынның туғанына 75 жыл толуына арналған дастарқан басындағы басқосу. Бірақ, мұндай жолығуларда еркін-еркін әңгімеге түсе алмайсың. Ынтыға амандасып, өзара қуаныш білдірумен тынасың. Есте қалған жәйт: үзіліс кезінде Бәйкен аға мені қасына шақырып: «Медеу, Ебіней туралы кітабыңды Мәскеуге өткізіп, «ЖМ» сериясында шығаратын болыпсың. Рас па?» – деп қадала сұрады. Құпияда ұстап жүрген жәйтті Қамзабай Бөкетовтен естігенім үкітым да: «Рас, аға, дедім. – Бұрнағы жылғы өзіңнің

жорамалыңыз жүз пайыз жүзеге асты. Бесінші жылдан бері «Ебіней Бөкетов» қазақша үш рет, орысша екі мәрте жарияланды. Енді Мәскеуден шықпақ, оның қаржысын Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматулин тауып берді. Мен де, Ебекеннің қызғаншақ әріптестері қастандық жасамасын деп, жұртқа жария етпей жүрмін. Қас пен көзден аман болса, «Трагедия светлой личности» деген атпен Бөкетов ғұмырнамасы әйгілі сериядан 5 мың дана таралыммен жыл аяғында жарыққа шығады...» – деп түсінік айтып едім. Сол кітапты өзі жазғандай қуанған ақсақал: «Бұл сонда бізден «ЖЗЛ»-да шыққан нешінші тұлға?» – деп нақтылады. «Жетінші тұлға, аға!» «Апыр-ай сонда, біздің Ебіней дүние жүзлік атакты серияға жетінші қазақ болып жарық көре ме?! Мынауың жақсы хабар, Медеужан. Ұстазыңның қадірін аспанға көтерген екенсің, айналайын. Қайырлы болсын!.. – деп Бәйкен Әшімұлы айран-асыр қуанды. – Тұсаукесерге шақырсаң, барамын. Токсанға көтерілген жасым – бөгет емес...»

2007 жылдың аяғында жарық көрген «Ебіней Бөкетовтің» тұсаукесерін қарағандылықтар келер жылдың наурыз айында, академик Е. А. Бөкетовтің туғанына 82 жыл толғанда, 26-күн тойлады. Облыс әкімі мені Қарағанды а шақырарда облыстық мәдениет басқармасының төрайымы Рымбала Омарбекова ханымға : «Медеу аға тұсаукесерге кімді шақыруды қаласа – айтқанын істеміз, бәрине де құрмет көрсетеміз!» – деген нұсқауын естіген соң мен бірнеше күн бұрын Алматы, Астана, Павлодар мен Қызылжардан Ебекен өмірін кестелеуге септігі тиген 8 адамның есімін атадым. Бірақ, Бәйкен ағаны шақыруға дәтім жетпей, ол кісінің орнына орнын басар төл перзенті, профессор Оңдасын Бәйкенұлы Әшімовті атадым. Оңдасын інім мен келпінге шексіз рахмет, менің шақыруымды хош көріп, сонау Қызылжардан сыйсияпагтарын алып, машинамен келді. Екі күн тойланған тұсаукесерге (екінші тойды қарағандылық жақын інім ұйымдастырды) бірдей қатысып, Ебекен рухына да тағзым етіп, қоңилмді өсірді.

* * *

Осы жазбалардың туу баста ескерткенімдей біржақты сарында, Бәйкен ағадан гөрі өзімнің шығармашылық жолым-

нан көбірек сыр шерткен естелік болып шыққанын біліп отырмын. Десем де бір жәйт шүбәсіз анық: жетпіс бес жасты еңсерген тұмырымда талай игі жақсыны көріп, дәмдес болып жүріп, Бәйкен Әшімұлындай кишіпеніл, тоқсанның орінде де сөзі орнықты әрі ешқашанда мен сөйттім-бүйттім деп, бұрынғы зор еңбектерін, мәртебелі қызметін қолденен тартып кеуде керуді білмейтін, сөйте тұрып, өз замандастары туралы бір ауыз да ғайбат сөз айтпайтын ізгі жанды, нағыз зиялыны, ақылы терең, адамшылық парасаты мол ақсақалды әр қырынан танығанымды мен өзіме үлкен олжа санаймын; сол себептен де Бәйкен ағайды мен өмір жолымен, ізгі іс нәм ұлан-ғайыр еңбекпен, кемелгер ойы мен парасаты мінезімен де ЕЛ АІ АСЫ деп білемін; сирек кездесем де сол кісінің сұхбатында болып, өзіме де сүйсініс білдірген ішкілерінің санатында болғанымды мақтаныш етемін. Илайым, сол жақсының асыл үлгісі Ел басындағы ішкілеріне үлгі болса иш!..

*Камал ОРМАНТАЕВ,
академик НАН РК*

ВОСХИТИТЕЛЬНЫЕ ЛЮДИ

«Есть люди, которые своим обликом, характером, поведением, как в обществе, так и узком кругу, своими деяниями и мыслями как бы олицетворяют лучшие качества нации.

Байкен Ашимович всем своим существом олицетворяет свой народ. Его степенность, разумность, железная выдержка, осторожность, деловитость и мудрость, не исключая и человеческих слабостей (как и свойственно человеку), украшают эту благородную личность - Ақсақала Нациян».

Так охарактеризовал Байкен Ашимовича в своей книге «Штрихи к портретам» крупный государственный деятель, известный дипломат, публицист Михаил Иванович Иسنалиев.

Присоединяясь к данной оценке жизни и деятельности патриарха казахстанской политики, я и моя семья можем добавить, что он был олицетворением мудрости, удивительной скромности и глубокой человечности.

Впервые я встретился с ним в 1983 году. Ситуация, в которой я оказался, сейчас выглядит абсурдной, но на тот период для ее разрешения пришлось идти к Председателю Совета Министров Казахской советской социалистической республики. Будучи директором института педиатрии, я приобрел для детей хорошую по тем временам импортную мебель. За подобную «дерзость» мне пришлось поплатиться и с формулировкой «финансовое нарушение» руководство Министерства здравоохранения республики поставило вопрос об освобождении меня с занимаемой должности.

Байкен Ашимович внимательно выслушал меня, затем дал задание министру финансов Р. Байсентову разобраться в правомерности данной формулировки, которая после соответствующих проверок не нашла подтверждения. Так я остался на должности директора, а институт и маленькие пациенты получили качественные и удобные для пользования диваны, столы, стулья и прослужили не один десяток лет.

За последние 10-15 лет мы часто общались с Байкен Ашимовичем и его удивительной супругой Бакыт Асетовной. Наши дети с большим уважением относились к ним, а они трогательно называли их «балапандар» и всегда помнили их имена! И это при таком широком круге общения! Ведь у каждого, кто имел честь общаться с этой удивительной парой, были свои дети и внуки. Это были восхитительные люди!

Байкен Ашимович с тонким юмором часто называл меня и моего друга академика Шарманова Торегельды «Балалар». Конечно, с высоты его девяностолетнего возраста мы, убежденные сединой, семидесятилетние люди, были для него детьми. Приятные и светлые минуты общения! Даже сейчас, когда его нет, мы не можем без улыбки вспоминать его «Балалар», и об этом всегда с удовольствием рассказываем друзьям.

Не могу забыть и оказанную моральную поддержку в трудные для нашей семьи дни. После небольшой операции, к сожалению, повлекшей сильнейшее кровотечение, я впал в прекоматозное состояние. Ситуация была критичной, я находился на управляемом дыхании. Как мне потом рассказали, с утра Байкен Ашимович прибыл в больницу. Врачи даже не

успели осознать, с каким визитом пришел столь почтенный человек, вошел в реанимацию, где я лежал один, весь в катетерах и трубках и, воздев руки вверх, дал мне бата, несмотря на то, что я был без сознания, чтобы я нашел силы вернуться к жизни. Он сказал, что я спас тысячи детских жизней и заслуживаю выздоровления. Возможно, то, что я жив, и имею возможность работать, быть с семьей и дорогими мне людьми, есть и его заслуга. Причем, когда я пришел в себя, и позже, при неоднократных встречах с ним, он об этом не вспоминал. Для него это было естественное состояние души, естественный поступок.

На торжественном мероприятии, посвященном его 85-летию, все присутствующие желали прожить ему до 100 лет. В своем заключительном слове он сказал: «Я не возражаю прожить 100 лет, но при одном условии: рядом со мной должна быть Бакыт Асетовна». Эти слова оказались пророческими.

На протяжении всех лет общения, мы имели честь находиться рядом с практически эталоном отличного семьянина во всех его проявлениях. Бакыт Асетовна и не скрывала своего счастья. Они отпраздновали и бриллиантовую свадьбу. А как в свои девяносто лет Байкен Ашимович накидывал пальто на плечи Бакыт Асетовне!

В интервью газете «Казахстанская правда» Байкен Ашимович сказал: «Она — главное богатство моей жизни, моя надежная опора и поддержка. Ее присутствие постоянно возвышает и окрыляет меня. Для мужчины нет большего счастья. Она дала жизнь нашим трем детям, воспитала их настоящими людьми. Старшая дочь Нэйлюфар, сын Ондасын, младшая дочь Рауза получили хорошее образование и теперь занимаются научной работой».

Байкен Ашимович не перенес потери супруги... Как в песне о лебединой верности.

Он прожил замечательную жизнь. В том же интервью Байкен Ашимович сказал: «Думаю, на войне я не посрамил имя казахского солдата, не жалел ни жизни, ни крови. За что получил от имени Сталина два благодарственных письма, был награжден орденом Красной Звезды, орденами Отечественной войны I и II степени, медалью «За боевые заслуги», польским орденом «Вертути милитарис».

В мирное время Байкен Ашимович ярко проявил талант крупного хозяйственника и организатора, масштабно мыслящего государственного деятеля в годы работы Председателем Совета Министров Казахстана. На пенсию ушел с поста Председателя Президиума Верховного Совета Республики.

Байкен Ашимович был высокоуважаем и любим на всех постах, где работал. Точно такое же отношение к нему было и на пенсии, вплоть до последних его дней.

Он останется в казахской истории крупнейшим государственным деятелем, а в памяти народа – Аксакалом нации.

Думаю, имя Байкен Ашимовича заслуживает увековечивания в Республике Казахстан как дань всем заслугам, которые он сделал при жизни для своего народа.

А. ЕСИМОВ,

Алматы қаласының әкімі

ДАНА ҚАРНЯМЫЗ ЕДІ

Бүкіл елімізге елеулі, баршамызға аяулы, әлденеше ұрпаққа ұлағатты тұлғасымен, азаматтық келбетімен үлгі-өнеге болған қадірлі ағамыз Бәйкен Әшімұлы жөнінде естелік айту бір жағынан жеңіл, бір жағынан қиын.

Жеңіл болатыны Бәйкен ағаны бүкіл ел біледі, халықтың құрметіне бөленген адам, ол жөнінде айтатын жақсы сөздер жеткілікті. Қиын болатыны осындай ірі тұлғаның бүкіл болмыс-бітімін жете танып, әр жүреkte орнаған жарқын келбетін жеткізе ашу оңайға соқпасы анық.

Сондықтан да асыл аға бейнесін өзіміз білетін, қуә болған жайлармен ғана шектеуді жөн санадық.

Қым-қуат өмірдің талай өткелдерінен өткен ағамыз 1970 жылдан бастап 1984 жылға дейін он төрт жыл Қазақстан Министрлер Кеңесін басқарды. Біздің ұрпақтың да ат жалын тартып мініп, қызметке араласа бастаған уақыты сол кезеңге дәп келеді. Мен де Бәйкен ағаның атына сол уақыттан қанық бола бастадым. Алматы облысындағы шаруашылықты басқарып жүрген кезде, өзін көрмесем де, ол кісінің азаматтық істері жөніндегі әңгімелерді көп естідім.

Бұл жылдары Бәйкен Әшімұлы бойындағы бар қабілетін халқына қалтқысыз қызмет етуге жұмсап, іскер басшы, көреген саясаткер, абзал азамат ретінде танылған болатын.

Қандай істің болмасын оңтайын табатын, қандай жоғары лауазымда болмасын, аспайтын, таспайтын сырбаз мінезі, үлкенге ізетті, кішіге ықпалатты парасат-білігі мол абзал адамгершілік қасиеттері Бәйкен Әшімұлын шын мәніндегі ел ағасы деңгейіне көтерді. Менің де Бәйкен ағамен етене танысын, жақын араласа бастаған кезім ол кісінің атақ-абыройы осындай асқақтап тұрған кезі болатын.

Ол мені алғаш жүздескенде-ақ ежелгі тапысындай жағсынбай баурап алды. Сөйтсем, ол кісі өзінен кейінгі қызметке келген толқынға қамқор болып, сырттай бақылап жүреді екен. Бірден еркін әңгімеге бастап, қызмет жағдайын, шаруашылық жайын сөз етіп, шүйіркелесіп кеттік. Бәйкен ағаның республиканың түкпір-түкпіріндегі шаруашылықтардың қашан құрылып, қандай жағдайда жұмыс істеп жатқандығын соншалықты жетік білетіндігіне таң қалдым. Бұл сол ел басқарып жүргендегі зерек зердесінен қалған әдет болуы керек.

Ауыл шаруашылығы министрлігін басқарып жүргенде әртүрлі жиындарда кездескенде жер-жердің табиғат жағдайын, астықтың шығымын, мал басының өсімін қамқор көңілмен сұран отырушы еді. Мен де ол кісінің кеңестерін тәжірибелі басшы, тәлімгер аға ретінде ілтипатпен тыңдап, сұхбаттасып жүрдім.

Тіпті, зейнетке шыққаннан кейінгі кезеңнің өзінде еліміздегі елеулі оқиғалардың барлығы да Бәйкен Әшімұлынысыз өтпейтін. Ойткені ол кісі жақсылыққа, жаналыққа жаны құмар адам еді. Алғашқы күннен-ақ тәуелсіздіктің тілекшісі болды. Елбасының барлық бастамаларын қызу қолдап, елді бірлікке, ынтымаққа, жақсы істерге үндеп отыратын.

Елорда Астанаға көшкен кезде де ақсақалдардың атынан ақ батасын берген Бәйкен Әшімұлы болды. Әсіресе, тәуелсіздік жылдары қызметке тартылған жас ұрпақ үшін ол кісінің өмір-тәжірибесі мен үлгі өнегесі өте зор еді. Сондықтан да бүкіл елдің, әсіресе Елбасының Бәйкен ағаға деген ілтипаты ерекше болды. Әркез денсаулығын сұрап, отба-

сының жағдайын қадағалап ықылас білдіріп отыратын. Бұл — екінші бірінші маңдайына жазыла бермейтін құрмет болса керек.

Бәйкен Ошмұлының қырық жылдан астам тұмыры Алматы қаласымен тығыз байланысты болды. Қаланың оркендеп, құрылысының қорқейіп, келбетінің ажарлана түсуіне Динмұхамед Ахметұлы Қонаевпен бірге зор еңбек сіңірді. Қандай қызметте жүрсе де, ол кісі Алматы тағдырына бей-жай қараған емес. Кездескен сәтте қаланың өзі білетін тарихын әңгімелеп, оның келешегіне тилектес көңілін білдіріп отырушы еді.

Біз де өз кезегімізде ол кісіні қалада өтетін барлық шараларға шақырып отырағынбыз. Жасының егде тартқанына қарамастан әр жиынға уақытында келіп, жұртшылыққа тағлымды әңгімелер, қошелі сөздер айтудан жалықпайтын.

Бойына тек ілім-білім жинаған, парасат пайымы кең, өмірден көргені де, түйгені де мол, пендешілікке берілмей, дүниеқұмарлыққа салынбай, турашылдық пен тәртіпті тірлігіне тірек еткен, халық алдындағы ары таза абзал ағаның тұлғасы, әсіресе, жастар үшін ұлағаттың кеніші болатын.

Ол кісі отбасында да инабатты келбетінен таңған жоқ. Жары Бакыт Әсетқызымен де шынайы сезімге, аяулы сыйластыққа құрылған тұмыр кешті. Екі қыз, бір ұлын да мәпелеп тәрбиелеп, ардақтап өсірді. Бакыт жеңгемізге деген сезімі кіршіксіз таза болды. Бакыт Әсетқызы да Бәйкен ағамызды барынша қадірлеп, шаңырағын шаттыққа болен, әркез ақ дастарқанын жайып, ел-жұртты ұйыстырып, береке-бірлігін арттырып отыратын. Олар, тіпті дастарқан басының өзінде, артық-ауыс әңгімеге бармай, үнемі адамгершілік әдебінен аспай, риясыз сыр-сұхбат құрып отыратын. Сондықтан да олармен дастарқандас болуды қазақтың зиялы қауымының барлығы ғанибет санап, мақтан тұтын, ризашылықпен айтып жүретін. Бакыт жеңгеміз қайтқанда Бәйкен ағамыз қатты уайымдады, тоқсаннан асқанша сыр бермей келген қайсар тұлға сүйікті жарынан қалғысы келмегендей сыңай танытты. Артынан жиырма күнге жетпей өзі де бақилық болды. Мұны да дүім жұрт Бәйкен ағаның жүрек қалауы санап, жақсылыққа жорыды. Барша алматылықтар, ел-жүрі болып, аяулы жандарды ақтық сапарға арулап аттандырып салдық. Екі

дүниеде жұптары ажырамаған жандардын қыркын да бірге өткіздік. Аргтарында жақсы сөз, жарқын істері мен тибратты өмір жолы қалды. Бізге қалған аманат сол үлгі-өнегені жас ұрпақ жүрегіне жеткізу болса керек.

«Қазақта жақсы қартаю» – деген ұғым бар. Бәйкен аға осы ұғымның аясындағы абыз ақсақал, дана қария бола білді. Ғасырға жуық өмір сүріп, аламгершілік қалыбынан аспай, өнегелі өмір сүрудің үлгісінен болған асыл ағаның тағлымды тұлғасы ел есінде мәңгілік сақталатыны күмәнсіз.

*Қырымбек КОШЕРБАЕВ,
Маңғыстау облысының әкімі*

ҰЛТТЫМЫЗДЫҢ АҚСАҚАЛЫ ЕДІ...

Бәйкен Әшімұлы аға өмірден озды...

Бұл суық хабар жеткенде гобемпен жай түскендей абдырап отырын қалдым. Ажалға ешкім қарсы тұра алмайды. Жазмышқа шара бар ма?

– Бақұл бол, қайран Бәйкен аға!

Комейімінен еріксіз ағытылған бұл лебізді сан қайталадым. «Өлшеңіп берген өмір бар» депті той Майлықожа ақын. Адамға берілген өмір – Аллағын аманаты екені де белгілі.

Ия, Бәйкен ағаның қазасы туралы хабар жүздеген дос-жарандарының, негі казактың қабырғасын қайыстырды. Тұтан елі «Азаматымнан айрылдым!» десіп, Бәйкен ағаның отбасына, ұрпақ-жұрағатына көңіл айтты.

Ғасырға тарта тұмырында өшпес із, ұлттық өнегеге қамқор көз болған Бәйкен ағаның өмірі мен қызметі кейінгі буын өкілдерінің қалың да қымбат қомбесі болып сақталмақ.

Менің есіме Бәйкен ағамен кездескен, он-лебізін тыңдаған бақытты сәттерім орала береді.

Ол кезде Қазақстан Үкіметі төрағасының орынбасары Мырзатай Жолдасбековтің көмекшісі болып қызмет істейтінмін. Сол тұста Бәйкен аға телефон шалғаны бар. Мен ол кісіні даусынан таныдым. Сәлем беріп, қысқа есендік сұрастық. Ол кісі шаруасын маған жеткізді. Мен сонда Б. Әшім-

ұлының Мырзатай ағамыздың қабылдауында болуына, шаруасының оңынан оралуына, аз да болса, үлес қостым.

Бәйкен аға М. Жолдасбековтің қабылдауына келер уақыт жақындай берді. Жұмыс орындығымнан көтеріліп, бөлме терезесінен көшеге көз салдым. Сойтсем, Бәйкен аға межелі уақыттан ертелеу келгендіктен болар, кеңсе алдында ештеңе қыдырыстау үстінде екен. Қабылдауға екі минут қалғанда ғана ол кісі Министрлер кабинеті ғимаратына бет түзеді. Мен де лезде қимылдап, лифтілер есігіне жеттім. Бәйкен ағаны алдынан шығып, қарсы алдым. Басшының жұмыс болмесіне ертіп бардым.

Келген бонда, уақытты созбай, Қазақстан Үкіметі төрағасының орынбасарына келген мәселесін нақты айтып, арызын Мырзатай ағамызға ұсынды.

– Мырзатай инім, – деді ол, – өзіңнің уақытыңды үнемдеу үшін мына қағазды дайындап әкелдім. Көңіліңе ұнамаса өзгерте бер.

Хағтағы ой-пікірлер өзгеріссіз, сол күйінде қол қойылып, іс қағаздарына қосылды.

Сонсоң Мырзатай аға үлкен кісіні демалыс болмесіндегі шайға шақырып, дәм татқызбақ болды. Бірақ Бәйкен аға өз ойларын былайша білдірді.

– Сіздер жұмыс бабындағы азаматтарсыздар. Сондықтан маған алаңдамай, жұмыс жасай беріңіздер. Шай мәселесіне келсек, біздің үй осы арадан қашық емес. Бақыт апаларыңның шайын кез-келген уақытта ішуге болады. Ал қонакасы жөніне келсек, біздің үй келген қонақтың уақытын үнемдеу үшін үш-төрт қойдың пісірілген басын тоназытқышқа сақтайды. Сол дайын асты сорпаға салып, 15-20 минутта буын бұрқыратып дастарқанға қояды. Келіндер қонаққа інілерім, – деп кідірді Бәйкен аға.

Сонда қараңыз, Бәйкен аға тек 7-8 минут ішінде барлық шаруасын тындырып, бізді де риза етіп, қоштасып кетті. Өзгенің де, өзіңнің де уақытын үнемдеудің, мәдениеттіліктің үлгісін ағамыз осы сапарында танытып кеткен.

Бірде інілері:

– Сіз, тіфә, тіфә, ұзақ жасадыңыз. Өлі де Алла қуат берсін, – дегені бар.

Сонда Бәйкен аға:

– Менің ұзақ өмір сүру себебім, Бакытымның қасымда болуында ғой. Бәрі сол Бакытымның аркасы. Бакыт болмаса, мен бұлай ұзақ өмір сүре алмас едім, – деп, күлімсірей жауап берген болатын.

Бакыт апамыз бакилық болған хабарын естіп Бәйкен ағаға көңіл айту үшін жұбайым Гүлнар екеуміз үйіне бардық. «Айналайындар, аккумуляр жалғыздықты сүймейді, жалғыз болмайды», – деп мұнайып еді абзал аға сонда. Бұл сөздің мәнісін араға екі жұма салып, Бәйкен ағаның өзі қайтыс болғанда түсінгенбіз. Бәйкен аға Әшімұлы жап жары Бакыт апайдың соңынан аттанып қайтпас сапарға кете барған.

Тағы да бір естелік келтірудің жолы бар сияқты. Қызымыз Салтанатты ұзату тойы өтіп жатты. Той үстінде:

– Салтанаттың жолы болар. Ініл болды ғой. Орта толып жатқан жай бар, ағайындар. Немерелі болдым, – деп, Жомарт інім жайраң қағып жаныма келді.

Ортамызда маңдайы жарқырап Әбіш Кекілбайұлы, Қуаныш Сұлтанов бар-ды. Сол арада Қуаныш ағамыз әлгіндей қуанышты хабарды жұртқа жеткізіп, тойды тойға ұластырды. «Ғидігі мәселе сабидің есімін кім қоямыз?» дегенге тоқайласты. Әбекен, Қуаныш аға Бәйкен ақсақалмен ақылдаса келіп, одан жарық дүние есігін ашқан сабиге өз есімін беруіне келісім сұраған. Сондағы Бәйкен ағаның сөзі былай болып шыққан-ды:

– Қуаныштарыңыз ұзағынан болсын. Мен есімімді сабиге беруге қарсы емеспін. Десе де, ол шарана есейгенше оған былайғы балама ат беріле тұрғаны дұрыс болар. Себебі, нәрестеміз, айталық, торшоқта отырып, құлап қалмасына, т.б. жайлардың кездесуіне кім кепіл? Сондайда келіп-балалар жағы: «Әй, Бәйкен...» деп, келістік білдірмей ме?

Бәйкен ағаның әзілмен айтқан ұсынысын өз басым орынды сабақ санадым. Бәріміз жөн сөзді құп алдық.

Иә, солай. Бәйкен аға Әшімұлының өмірі мен ісі қазірдің өзінде аңызға бергісіз жыр-дастанға ұласып кетті. Бәйкендей ағаны өлді деуге қиымаймыз. Ол қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталар бірегей, киелі тұлға. Рухы пеніштің төрінде шалқысын. Жанын жаннатта, топырағын торқа болғай, – демекпіз. Атам қазақтың осы бәтуалы батасы қабыл болғай.

*Сағадат НУРМАГАМБЕТОВ,
Герой Советского Союза,
Халық Қаһарманы №1, генерал армия*

ЧЕЛОВЕК БОЛЬШОЙ ДУШИ

О Байкене Ашимовиче Ашимове можно рассказывать бесконечно долго. Думаю, все, кто с ним соприкасался, даже незначительное время, а тем более работал, будет отзываться о нем только положительно, говорить о нем, как о человеке большой души.

Почему я это пишу утвердительно? Потому что наблюдал его в самых различных ситуациях, как военный человек тесно общался с ним. Еще будучи заместителем Командующего САВО (Среднеазиатский военный округ) не один раз приходилось обращаться к нему по служебным делам в интересах дел Округа, он всегда внимательно выслушивал и находил решение. Что характерно, не отсылал на согласование к заместителям, помощникам, не растрачивал время попусту.

Советская Армия была органом централизованного обеспечения и снабжения. Республика не обязана была выделять ей материальные ресурсы. А он решал. Мы видели в нем крупного государственного деятеля, ибо решались вопросы оборонного значения государства.

Как известно, в годы поднятия целины Казахстан собирал значительное количество зерна. В урожайные годы республика сдавала его государству более одного миллиарда пудов, и оно отгружалось во все промышленные регионы страны. Без помощи из центра республика не могла сама вовремя собрать такой урожай, не хватало автотранспорта, да и время для сбора ограниченное из-за погоды (дожди, снег). Руководство республики обращалось к союзному правительству. Для оказания помощи в уборке урожая в основном выделялся автомобильный транспорт из Министерства обороны. Общее количество выделенных автомобилей доходило до 60 тысяч, личного состава до 100 тысяч человек. Для руководства этими армейскими формированиями в Алматы при правительстве республики временно создавался Центральный штаб, в областях - штабы при облисполкомах. Эти штабы действо-

вали 3-4 месяца. Вопросы выделения автомобильного транспорта решались Председателем Совета Министров, то есть Б.А. Ашимовым, все оперативные вопросы решал штаб. Мне приходилось в течение ряда лет руководить этими войсками, совмещая работу с основной служебной деятельностью. А значит постоянно работать с Байкеном Ашимовичем. И всегда вопросы решались оперативно, в спокойной обстановке, несмотря на излишние запросы областных руководителей по дополнительному выделению автотранспорта.

Солдаты на уборке работали не бесплатно, за работу автотранспорта республика выделяла значительную сумму. Байкен Ашимович требовал от местных органов власти использовать автомобильный транспорт продуманно, рационально, изыскивать ресурсы на местах, ибо не может республика постоянно запрашивать дополнительный автотранспорт.

В практике работы Д.А. Кунаева и Б.А. Ашимова было заведено в период уборки урожая объезжать области, особенно северные, где определялись возможности каждой из них по сдаче зерна. Одновременно решались все оперативные вопросы хозяйственного порядка. Поскольку там же речь шла и о выделении автотранспорта, я ездил с ними, присутствовал на всех совещаниях. И видел, как они создавали деловую обстановку — каждый руководитель из местных органов области, районов ставил свои вопросы и находил поддержку, положительный ответ. Особо отмечу: с каждым из них разговаривали уважительно, называли по имени и отчеству, ибо, неоднократно встречаясь, знали их, и пользовались большим авторитетом среди труженников села.

Байкен Ашимович достиг высокого положения только своим честным отношением к труду и внимательным отношением к людям. Он начал свою трудовую деятельность с низов, с рабочих профессий на производстве, пройдя все ступени служебной лестницы. Поэтому он знал людей и их потребности, а они отвечали ему взаимностью и уважением.

Б.А. Ашимов активный участник Великой Отечественной войны, он видел все — горечь поражений и радость побед. В Красной Армии он начал служить еще в 1938 году. В общей сложности прослужил и провоевал семь лет. В годы войны получил тяжелое ранение, которое давало знать о себе до последних дней его жизни.

Байкен Ашимович своим поведением и действиями был образцом для подражания. Он был настоящим, мудрым наставником для тех, кто имел с ним дело, патриотом своей страны. В развитии ее экономики и культуры в советский период внес огромный вклад. Неслучайно он руководил правительством в течении 14 лет.

Сегодня его нет среди нас. Лично я ощущаю после его ухода из жизни какую-то пустоту, хочется встретиться с ним и поделиться своими мыслями. После выхода на пенсию мы встречались очень часто. Он относился ко мне как к самому близкому человеку. Поэтому так глубока для меня горечь утраты.

Прожил Байкен Ашимович нелегкую, но интересную жизнь. Он был руководителем крупного масштаба, заслужил непререкаемый авторитет в обществе. Народ Казахстана относился к нему с большим уважением, и он отвечал взаимностью. Он останется в истории страны, как честный труженик, выдающимся деятелем эпохи, отдавшим все свои силы во благо Родины.

Абай ТАСБОЛАТОВ.

*Қазақстан Республикасы Республикалық
ұланының қолбасшысы, генерал-лейтенант*

ЕШТЕҢЕНІ ҰМЫТПАЙТЫН ЖАН ЕДІ

Мен өмірімде ұлы адаммен, белсенді майдангер, Социалистік Еңбек Ері, Министрлер Кеңесінің Төрағасы, кейін Жоғарғы Кеңес Президиумының Төрағасы, содан кейін еліміздің еңбек сіңірген зейнеткері Бәйкен Әшімұлы Әшімовпен таныс болғаным өзімді бақытты сезінемін.

Мен Бәйкен Әшімовпен бірінші рет Алматы қаласында 1974 жылы Иван Степанович Копев атындағы Жалпы әскери командалық училищеге кездестім. Онда мен училищеге взвод командирі лауазымында қызмет атқарып жүргенмін. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімұлы Әшімов біздің училищеге келді. Сол кезде түскен фотосуретіміз әлі күнге дейін сақтаулы тұр.

Кездесуді Орта Азия әскери округінің қолбасшысы, армия генералы Николай Григорьевич Ляшенко ұйымдастырған болатын. Әлбетте, біз бұл кездесуге қатты дайындалдық. Ресми кездесуден кейін Д. Қонаевқа училищенің техникасы, оқу-зертханалық база, сыныптық-зертханалық база және тағы басқа оқу орындары көрсетілді. Содан кейін біздің болашақ офицерлердің шыдамдылығын көрсету үшін стадионда спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Мен өз взводыммен жүгіріске қатыстым. Бұл жүгірісті Динмұхамед Қонаев пен Бәйкен Әшімов тамашалады. Біз оларға қандай қоңіл күй сыйладық, оны бағалау біздің еншімізде емес, айтайын дегенім, Д. Қонаев пен Б. Әшімов келіп, взвод командирі ретінде менің және жүгіруге қатысқан басқа офицерлердің қолдарын алып, өздерінің ризашылығын білдірді. Мен бұл сәтті ешқашан ұмытпаймын.

Одан кейін осы ұлы адамды қызмет бабында білдік, ол туралы бірге қызметтес болған адамдар жақсы пікірлер, адамгершілік қасиеттері туралы көп айтатын. Мен оны сезіп, біліп жүрдім.

Кейін менімен күрдас баласы — Оңдасын Бәйкенұлымен танысқанда біздің таныстығымыз жақындай түсті. Ол Алматы қаласындағы Білім министрлігінің жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясында ғылыми жұмыстармен және ғылыми қызметпен айналысты. 1990 жылдың аяғынан бастап отбасымызбен араласа бастадық және де осы күнге дейін араласып келеміз.

Бәйкен Әшімұлымен соңғы жылдары кездесулер Бурабай кентіндегі «Оқжетпес» санаторийінде менің демалыс уақытымда болды. Ол жұбайы Бакыт Әсетқызы екеуі бірге демалатын, бір кезеңдері үш жыл қатарынан бірге демалдық. Сол кездері мен оның адамгершілік қасиеттерін, кемел ақыл несі, айтарлықтай есте сақтап қалу қасиетін байқадым, оған кездесулерде қозғалып жеттім.

Сондай бір кездесуде Оңдасын Бәйкенұлының үйінде болғанда, ол маған арнап тілектері жазылған екі кітапты сыйға тартты, бұл 90-ыншы жылдардың соңы болатын. Мен бұл кітаптарды бірнеше рет оқып шықтым. Менің таң қалғаным, ол кісі Көкшетау, Қарағанды, Талдықорған облыстарында облыстық комитеттің бірінші хатшысы болғанда, басшылық қызметтерді атқарғанда және соғысқа дейін есепші бо-

лып жұмыс істегенде, Солтүстік Қазақстан облысының Покровский ауылшаруашылық техникумында оқығанда кімнің сабақ бергенін, сол кездерде қандай совхоздардың, қандай колхоздардың болғанын, оларда кімдердің басшылық жасағанын, барлық облыстарды мүдiрместен біледі. Совхоздар мен колхоздардың директорларымен қатар агрономдарын да, аты шыққан жұмысшыларын да жақсы біледі және өмірінің соңғы күндеріне дейін осы кітаптарында олар туралы жазғанын айтып жүретін.

Қазак айтады ғой: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысып» деп. Байкен Әшмұлы мен туып-өскен Ленин ауданының шағын ауылы Николаевканы білетінін айтты, басқалармен кездесу кезінде: «Мынау Абай Николаевка ауылынан, онда үлкен МТС болды, бидай шаруашылығы дамыған» – деп, айтып жүретін, сол кездегі совхоз директорының фамилиясын да ұмытпапты. Керек десеңіз, бас инженер Ю.К. Вартегинді де ұмытпаған. Мен бұл кісінің қаншама жыл өтсе де, ештеңені ұмытпағанына қайран қалдым. 92 жаста болса да, ой-өрісі сол қалпында.

Біз кәсіби әскери адамбыз, күнделікті қызмет бабында адамдармен қарым-қатынаста болып, Отан қорғаушыларын тәрбиелеу жұмыстарын жүргіземіз. Сонда Бәйкен ағаның бағыныштыларға деген көңілін, кішіпейілділігін, қарапайымдылығын үлгі тұтамыз. Менің өмірімде әр жылдарда адамдарды, отандастарды, бағыныштыларды білуде ошпестен із қалдырды.

Оның мінезіндегі сыпайылық, қарым-қатынастағы қарапайымдылық мінездерін айтпай кетуге болмайды. Ол Ұлы Отан соғысына қатысқанын, офицер болғанын және соғыс кезеңінде ұрыс іс-қимылдарына араласқанын, ауыр жаракат алғанын айта бермейтін. Оны бірі білсе, бірі білмейді.

Әлі есімде. Бурабайда «Ожетпес» санаторийінде демалып жүргенімізде, бір күш сатымен түсіп келе жатқанда, үлкенді, ақсақалды сыйлап жүретін халықпыз ғой, мен ағаға көмек көрсетейін деп, қолынан ұстап демегенде, ол кісі: «Маған көмек керекті жоқ, сен Бакыт Өсетқызына көмектес, соған баршы», – деді сыбырлап. Ол әйелге, анаға сый-құрметі, қамқорлығы болағын. Қазіргі жастардың бойынан осындай асыл қасиетті көру екіталай. Міне, қандай адамгершілік десеңізші!

Бәйкен Әшмұлы әруақытта да өмірде болып жатқан оқиғалардан хабардар болатын, газет-журналдардан, баспа бет-

терінен бірде-бір мақаланы қалдырмай, мұқият оқын, оқығандарын айтып, бізбен пікір алмасатын. Кейбір жағдайларда, бұл неге солай болды, деп сұрайтын. Елімізде болып жатқан жақсылықтарға қуанып, жамандыққа қатты күйзелетін. Ол ешқашанда туған жеріміздің тағдырына немқұрайлықпен қараған жоқ. Міне, азаматтықтың белгісі, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігі осында.

Бакыт Әсетқызы науқастанып, ауруханаға түскенде, ол кісінің жағдайын білейік деп Рая екеуміз қазан айында Совминнің ауруханасына барғанда, Бәйкен ағаны қасынан көрдік. Көңіл күні жоқ, қиналып отыр екен. Апай айығып кетпе алмай, ауруханада көп жатып қалды. Кейін қараша айында барғанымызда Бәйкен аға көрші палатадан орын алып, тамыз айынан бастап қасында отырғанына куә болдық. Міне көрдіңіз бе, ол кісі: «Үйге барсам, мазам кетеді, отыратын жер таба алмаймын, қасында болсам, Бакытка кішкене жеңіл-ірек болар», дейтін. Тағдырдың жазуы солай шығар, Бакыт апай сол аурудан айықпай, көз жұмды. Израильден самолет түнгі сағат 4 шамасында келіп қонды. Қалын қар жауып тұрды. Бәйкен аға әуежайда мәңгіті қарсы алып, мортке бірге барды. Салт-дәстүрмен құдай қосқан жарын о дүниеге жөнелтті. Сыңарынан айрылған аққудай, өмір сүру қиынға түсті.

Одан кейін 19-20 күн өткеннен соң, үлгі тұтатын ағамыз, қара нарымыз Бәйкен аға нифарктен көз жұмды. Құдай қосқан қосаны, сүйген жары, өмірлік серігі Бакыт апайсыз өмір сүру оңай болмаған шығар. Қандай мықты, тамаша кісі еді!

Ол кісі адамның көңілін қалдыру дегенді білмеуші еді. Шақырған жерден қалмайтын. Сағадат Нұрмағамбетовтің 80 жылдығына осы Астанаға келіп, батасын берді, Мақтай Рамазанұлының 70, 80 жылдық тойына Бакыт Әсетқызымен келді, Зерендідегі Социалистік Еңбек Ері, аудандық комитеттің бұрынғы хатшысы, атакты ақсақал Баян Жанғаловтың 95 жылдық мерейтойына қатысты. Бізге үлкен гәрбиелік із қалдырды.

Ұлы Абай айтқандай: «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған» — деп, Бәйкен аға мәңгілік біздің жадымызда. Қандай қызметте жүрсе де, Министрлер Кеңесінің Төрағасы, Жоғарғы Кеңес Президиумының Төрағасы, Соғыс ардагерлері кеңесінің Төрағасы лауазымында қызмет атқарып жүргенде халықты, елді ойлаған асыл адам еді.

Ағаның ерен енбегін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жоғары бағалады. Астана қаласының К. Байсейітова ағындағы театрында Байкен Әшімұлының 90 жасқа толуына арналған мерейтойда Елбасы оның омырауына орден тақты. Оған өзім куә болдым.

Мен Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің Байкен ағамен кездесуін ұйымдастырамын деп жоспарлап жүрген болатынмен. Жастарға, офицерлерге, командирлерге үлгі болсын, ол кісінің өмір жолын білсін деген ой болатын. Окінішке қарай, менің бұл оным, орындалмайтын арман болып қала берді. Осы кітап жарыққа шықса, ұланның кітапханасына алдыртып қоямын. Офицерлерге, әскери қызметшілерге үлгі болсын...

Бибисюль ТУЛЕГЕНОВА,

*Народная артистка СССР, Лауреат
государственной премии СССР*

ЛЮБОВЬ К НИМ ЖИВЕТ В МОЕМ СЕРДЦЕ

Мое первое знакомство с Байкеном Ашимовичем состоялось в период моей депутатской деятельности в 70 годы. Стоял глобальный вопрос, который мог разрешить только Совет Министров КазССР. Он касался строительства школы, установки колонок для питьевой воды и асфальтирования дороги в одном из поселков Чимкентской области.

Когда я вошла в кабинет, меня встретил очень серьезный, я бы сказала даже суровый человек. Очень волновалась, а тут еще такой суровый взгляд. Я только и сказала, что пришла по депутатскому вопросу. Байкен Ашимович пригласил меня сесть, я молча передала ему ходатайство и заявление избирателей. Байкен Ашимович внимательно прочитал и сказал «рассмотрим».

Через три месяца начали строить школу, проводить питьевую воду, асфальтировать дороги в поселке. Жители его по сей день помнят то время.

Вторая встреча у нас состоялась в 1974 году. Я пела в Москве на правительственном концерте, на котором выступала Мария Биешу – молдавская звезда. Мы с ней разгово-

рились и она спросила, какая у меня персональная ставка. Я ответила, что никакой персональной ставки у меня нет. Биешу посоветовала меня пойти к министру культуры СССР, он этот вопрос решит. В то время министром культуры был Демичев. Пошла к нему. Он меня выслушал и сказал, что этот вопрос должно разрешать правительство республик, и позвонил Димашу Ахмедовичу Кунаеву, а мне сказал: «Зайдите к вашему руководству».

По приезду домой, созвонилась с Ермеком Серкебаевым и мы с ним пошли к Д.А.Кунаеву. Он начал расспрашивать о делах, о творчестве, о новостях. Я сказала, что была на приеме у Демичева, а он посоветовал обратиться к Вам. Димаш Ахмедович ответил, что разговаривал с Демичевым по телефону, а нам сказал, что этот вопрос решится положительно.

Примерно через полгода мне позвонили из приемной Совета Министров КазССР, сказали, что со мной сейчас будет говорить Председатель Совмина Ашимов Байкен Ашимович. Подумала: «Что могло случиться? Может правительственная заграничная поездка» (обычно в таких случаях звонят из правительства). Очень волновалась. Голос Байкена Ашимовича по телефону был очень вежливый, он поздоровался и сообщил, что Е. Серкебаеву и мне установлена персональная ставка союзного значения, поздравил, а я, вместо того, чтобы сказать «спасибо», говорю, что там была еще и Роза Джаманова. На что, Байкен Ашимович ответил, что ее вопрос будет рассмотрен в следующий раз, сказал «до свидания» и положил трубку.

Какое-то время Байкена Ашимовича я видела редко. Более тесно стали общаться позже, с 2000-го года, когда он вышел на заслуженный отдых. Встречались на различных официальных и неофициальных мероприятиях, на которых я близко познакомилась с его супругой Бахыт Асетовной. Она оказалась очень вежливым, интеллигентным и доброжелательным человеком. Всегда усаживала меня рядом с собой и угощала всякими вкусностями. Байкен Ашимович, молча улыбаясь, кивал головой, мол, слушай старших, они тебе плохого не сделают. Они были очень красивой и гармоничной парой.

Именно в это время я узнала Байкена Ашимовича совершенно с другой стороны – сдержанно-открытым, общительным, отзывчивым. Оказывается, Байкен Ашимович очень красиво улыбается!

Когда мы встречались, он первым подходил, здоровался и обязательно поцелует в лоб, спрашивая о делах, здоровье, детях и всегда говорил: «Слышим, видим и радуемся за тебя! Молодец!».

На любых мероприятиях никто из гостей не приближался к столу, пока не появятся Байкен Ашимович и Бахыт Асетовна. Они были очень ответственными людьми – не помню, чтобы Байкен Ашимович с супругой приходили с опозданием, всегда старались прийти чуть раньше. На торжествах все ждали, когда даст свое благословение Байкен-ага, и только тогда начинался праздник.

Прошло немного времени с тех пор, как не стало двух замечательных людей. Но и теперь, когда я бываю на мероприятиях, кажется, что вот сейчас распахнется дверь и войдут в зал два прекрасных лебедя: Байкен-ага и Бахыт женгей... Увы, их нет, они далеко от нас и сразу становится грустно от того, что места, где они сидели, пусты...

Я благодарна Судьбе, что свела меня с такими чудесными людьми – Байкеном Ашимовичем и Бахыт Асетовной. У них можно было многому учиться в жизни: в воспитании детей, сохранении семьи, общении с окружающей аудиторией, как держать себя в обществе, относиться с уважением к окружающим, быть терпимыми, ответственными в любых делах и поступках, поделиться радостями и горестями.

Очень жаль, что мы потеряли истинных, настоящих корифеев, на кого можно было розниться, кто умел вместе сопереживать всему.

11 марта 2007 года умерла моя дочь Марьямгуль. Байкен-ага и Бахыт женгей в тот же день, первыми пришли выразить мне соболезнование. Бахыт женгей закрыла лицо платком, а Байкен-ага сказал: «Үстамды бол карағым, сен халықтың адамысың... Сенімен бірге халқың кайғырып отыр, жалғыз емессің, қайратты бол, елін аман болсын, кайғыңа ортақ болып, ауырлығыңды бірге көтереміз... Марьямгүлді біз де өте жақсы көретіміз. Амал не, иманды болсын».

Если бы Байкен Ашимович просто позвонил по телефону и выразил соболезнование, я была бы очень благодарна, но он пришел вместе с супругой разделить мое горе.

Не в этом ли величие Байкен-ага.

Спустя три года, эти же слова мне пришлось сказать Байкен-ага по поводу кончины Бахыт Асетовны, затем их детям и внукам, когда они потеряли своих маму и папу.

22 декабря 2009 года у меня должен был быть творческий вечер в связи с моим 80-летием и 60-летием творческой деятельности в ГАТОБ им. Абая. Я знала, что Бахыт Асетовна больна, но насколько серьезно не знала. Я позвонила Байкёну Ашимовичу домой, трубку подняла дочь Нейлюфар, я попросила пригласить его к телефону, Нейлюфар ответила, что папа пошел в больницу к маме, она лежит в реанимации. Я извинилась за беспокойство, пожелала маме быстрого выздоровления. Поняв, что позвонила не во время, я сказала, что хотела их пригласить на свой творческий вечер, подчеркнув, что очень жалею, что они не смогут прийти. Нейлюфар мне ответила, что обязательно передаст папе мои слова.

22 декабря вечером выхожу на сцену и вижу в первом ряду Байкёна Ашимовича, а рядом Жиембаева Султана Сулейменовича и Гани Касымова. Сразу подумала, что Бахыт Асетовне стало лучше, поэтому Байкён Ашимович решил прийти поддержать меня.

На следующий день Байкён-ага позвонил и поздравил меня с успешным выступлением да еще и комплиментов наговорил, что я была очень красива и прекрасно пела.

Мне даже в голову не могло прийти, что буквально через месяц-полтора обонх моих самых любимых и дорогих поклонников – Байкёна Ашимовича и Бахыт Асетовну я потеряю навсегда. Но любовь к ним будет жить в моем сердце всегда. С уходом Байкёна Ашимовича – ушла целая эпоха. Мы потеряли выдающегося человека в нашей истории, огромную глыбу которую восстановить невозможно. Байкён Ашимович был последним из могикан. Его нам всегда будет не хватать.

Светлая ему память.

Ескендір ХАСАНГАЛИЕВ,

Қазақстанның халық артисі

ЖҮРЕК ПӘКТИНІҢ ҮЛГІСІ ЕДІ

Байкён ағамен алғашқы рет Димекеннің үйінде, яғни Димаш Ахметұлы Қонаевтың үйінде қонақта болғанда танысқан едік. Сырттан биік жүресек те, ағамызды сол бірінші көруіміз

еді. Бізге сондан бір сабырлы, байсалды аға болып көрінді. Апамыз да өзіне сай екен. Бакыт апамыз өзінің бір ақжарқын күлкісіменен, пейілімен бізді бірден бауырына басып алды. Біз содан бастап ағалы-інілі, апалы-сіңлілі болып кеттік. Дариконы сіңлім дейтін Бакыт апамыз. Бәйкен аға мені інім деп ілтипатына болейтін. Сондай-ақ, біздің Біржанды немересіндей қорді. Содан бастап қарым-қатынасымыз жақсы болды, араласып тұрдық.

Бәйкен аға онерге деген бір құлшынысын, онердің қадыр қасиетін жақсы түсінетін, ән айтпаса да, іштей жүрегімен сезетін адам екен. Біздің әндерімізді ұйып тыңдайтын, әсіресе «Атамекен» әнімді жақсы қорді. Бір керемет қасиет – бір көргеннен бауырына басты, жүрегінің пәк екендігін сездірді. Біз де ағалап, тәтелеп еркелейтінбіз ол кісілерге. Бір жолы, Бәйкен аға мен Бакыт апайды үйге шақырдық. Шын көңілмен келді. Жақсы фортепианода ойнап, ән айттық. Соның бәрін көзін жұмып, терең сезіммен, жан-тәнімен тыңдап отырды. Сағат 23-ке дейін отырыппыз. Үлкен ас тартылды. Соның бәрі болғаннан кейін Бәйкен аға сыпайы қалпыменен: «Бакыт, енді жайлап қозғалмаймыз ба? Ойбай-ау, балаларым мына дастарқанды жипап, шай әкелгенше біраз уақыт өтеді ғой» – деді. Сол кезде Бакыт апамыз: «Оңға, артыңа қарай бұрылып көрші» – деді. Бәйкен аға жымыш артына қарады. Біз шайдың дастарқанын бөлек дайындап қойғанбыз. «Бәрі дайын екен ғой, әйтпесе, балаларым қиналып, мынаны жипап болғанша шаршап қала ма деп ойлап едім» – деді.

Ағамызды бүкіл ел сыйлады, халқымыз сыйлады, бір артық сөз айтпайтын, бәрін орын-орныммен айтағын, әр сөзі сом алтындай болатын. Берген батасы, айтқан ақылы, сойлеген сөзі, бәрі орнықты еді. Бакыт апамыз дүние салғанда, жап-ұямызбен үйіне барып, Бәйкен ағамызға қоңіл айттық. Ағамыздың қасында өзінің жақсы көретін інісі Кеңес Аухадиев отыр екен. Біз де орналастық. Сонда Бәйкен аға айтты: «13-ші ақпан күні Ескен інімнің жетпіс жасқа толған күні еді. Соған шақыру алғанбыз. Өттең өмір-ай, осындай жағдайға ұшырап отырмыз», – деді.

Ағаны қоруге, ағаның әңгімесін есуге біз әрқашан құштар едік. Барлық жерде ол кісіге қошемет көрсетілді. Қай жерде болсын, бәрі «Бәйкен ағамыз», «Бакыт апамыз» дей-

тін еді. Қасына келіп, сәлем берген кезде, бетімізден ніскеп, алақанымен арқамыздан қағып-қағып қоятын «Қал қалай?, Амансыңдар ма?» — деп. Шіркін-ай, ағаның осы бір жылы сөзін, жылы алақанын аңсаймыз, сағынамыз.

Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ,

*ғалым, Мемлекеттік сыйлық
лауреаты*

ӘКЕ ТАҒЛЫМЫ

Әр адамның өмірі бір жұмбақ сыр. Дүниеде қанша адам болса, бір біріне ұқсамайтын сонша өмір жолы бар. Менің өмірімнің де өзіндік бір жұмбақ тұстары бар...

Қазақы каймағы бұзылмаған, темір жолдан 300 шақырым жерде орналасқан, бірде-бір орыс аламы тұрмаған Сарыарқаның белді ауылында дүниеге келіп, сол жерде орта мектепті тамамдап, 1968 жылы Алматыға жол тарттым. Ол кезде ғылым мен техника қарқынды дамып, халықтың әл ауқаты жақсарып, келешекке деген сенім оты әр жүрекке ұялаған кез еді. Барлық жастың арманы жақсы білім алу болатын. Себебі, көп оқыған, жақсы мамаи, ғалымдардың аттарын халық шынайы құрметпен атайтын. Біз де сол азаматтардай болуды армандадық.

Осы арман Қазақ политехникалық институтына алып келді. Институтқа оқуға түсу қиямет-қайым еді. Бір орынға бес адам. Ақылы оқу деген жоқ. Қанша орын бар, сонша бала ғана оқуға қабылданады. Төрт сабақтан емтихан тапсыру қажет, оның үшеуі жазбаша емтихандар. Қазіргі уақытта осындай қабылдау жүйесі жайында теріс пікірлер айтылғанымен, ол жүйенің ұғымды жақтары көп еді...

Энергетика факультетіне оқуға түскен студенттерді сабақ басталғанша Талдықорған облысына қызылша жинауға апарды. Жан-жақтан келген жастар қызылша теріп жүріп, әбден шүйіркелесіп, танысып кеттік. Бірде, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Бәйкен Әшімұлы ауыл аралап шығыпты, бізге де соғады екен, себебі осында ол кісінің де баласы бар деген сөз шықты. Көпшілігіміз ауылдан келген қарапайым балалар едік, бұл сөзге аң-таң болып қал-

дык. Ойымызға келген алғашқы сұрақ, ойпырмай, ол бала кім болды екен? Бәріміз бірге жатамыз, бірге тұрамыз, бірге жұмыс жасаймыз. Ерекше жүрген ешкім жоқ. Содан бір-бірімізден сұрай бастадық. Ол баланың жанымызда жүрген Оңдасын екенін біліп, таң қалдық. Өзіне деген біздің қатынасымыздың өзгергенін сезіп, ол бір түрлі қатты қысылып, ыңғайсызданып қалғаны күні бүгінге дейін көз алдымда. Қандай парасаттылық десеніңші. Осы сәтте Оңдасын өзінің отбасында қандай адамгершілік тәрбие алғанын шынайы көрсеткен еді!

Студенттік шақ өз кезегімен өтіп жатты. Оңдасын үшінші топта, мен екінші топта оқыдық. Себебін бүгін де түсіндіре алмаймын, әйтеуір осы уақытта Оңдасын екеуміздің арамызда өзінше бір сыйластық қатынас орнады.

Мен Оңдасынның бойынан шынайы рухани адамгершілік қасиетті сезетін едім де, соны қатты бағалайтынмын. Оңдасын мені өзіне жақын тартты. Бірде Оңдасын туған күні болатынын, соған біраз ғана достарын үйге шақырмақ ойы бар екенін, менің де бірге болғанымды қалайтынын айтты. Бұл 1970 жыл болатын. Мен Бақыт апайдың қолынан бүгінгіден 40 жыл бұрын алғаш рет дәм татқан екенмін. Қайран ана. Қашан да «Оңдажанымның достары ғой» – деп, бізге ерекше бір аналық мейріммен қарап отыратын еді.

Әшімовтер әулетімен болған әр кездесу мен үшін үлкен өмір мектебі болды. Оңдасынның бойындағы бар адами қасиетті мен осы отбасынынан көретінмін. Шынайы тектіліктің не екенін сезінетінмін. Аға-ананың бала сыйлауы, сыйлай тұрып тәрбие беруі, орынды қамқорлығы, баланың ағанаға деген шынайы құрметі, балалық мейірімі, кімнің баласы екенін сезініп, өмірде өз орнын білуі. Осының бәрі таза, пәк көңілден жарасымды жасалатын еді.

Бәйкен әкей мен Бақыт апайдың шапағатын мен де мольнан сезіндім. Ол кісілер менің Алматыдан баспана алуыма да қамқорлық жасады. Қашанда ақыл-кеңесін беретін. Жасының ұлғайғанына қарамастан Бәйкен әкей білім беру саласында болып жатқан өзгерістерді де байқап отыратын, соларға байланысты ой-толғамдарының шынайылығы мен шыншылдығы мені қайран қалдыратын. Қандай сұрақ қойсаңыз да, қысқа да нұсқа жауап алатынсыз. Әр мәселеленін

келешегіне байланысты ойларын да жасырмай айтатын. Әр сөзінен үлкен даналықтың лебі есіп тұратын.

1997 жылы республика көлемінде Бәйкен әкейдің 80 жылдық мерейтойы атап өтілді. Әкейді елбасы Н.Ә. Назарбаев, еліміздің барлық танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері құттықтап, газет-журналдарда көлемді мақалалар, өлеңдер жазылды. Ол кезде мен «Мектеп» баспасын басқаратынымын. Досыма Әкейдің 80 жылдығына арнап кітап шығарайық деп ұсыныс жасадым. Оңдекен қуана қарсы алды. Содан екеуміз үлкен жұмысқа кірісіп кеттік. 80 жылдыққа байланысты келген барлық құттықтаулар мен мақалаларды жинастырып, фотосуреттерді реттеп, оларды жүйелеп, бір жақсы редактордың қолына тапсырдық. Кітаптың алғашқы нұскасы дайын болғаннан кейін тағы да отырып мұқият қарап, біраз өзгертулер енгіздік. Енді осы нұсканы Әкейге беруге келетік. Бәйкен әкей кітапты бір жұмадай қарап, редакцияға келіп, бізбен сұхбаттасқысы келетінін айтты. Келісілген уақытта Бәйкен әкей келді. Отырып мұқият ақылдастық. Берілген суреттерді қарап отырып, «мұнда бір сурет жетпейді екен», деді. Біз ойланып қалдық. Салмақты қалпымен сөзін жалғастырып «үшеуміздің бірге түскен фотомыз болса, жақсы болар еді» деп, сөзін жалғастырды. Мен жылдам фотоаппарат алғызып, бірге фотоға түстік. Сонымен қолжазбаны баспаханаға жібердік. Біраз уақыттан кейін кітап жарық көрді. Менің қуанышымда шек жоқ, бірден досыма хабарластым. Ол да келе қалды. Қолына кітапты ала сала, жайғасып отырып алып, мұқият қарай бастады. Тіпті асығатын түрі жоқ. Оған қарап мен де кітапты мұқият қарай бастадым. Біраздан кейін Оңдекеннің оң салқын тартып, кітаптың ана жері неге бұлай, мына жері неге олай деген сөздер айта бастады. Әйтеуір не керек, шығарып қойған кітапты сынай-сынай біраз жерге барып қалдық. Ешқандай шешімге келе алмай ренжісіп тарастық. Содан екі-үш күн бір-бірімізбен сөйлеспей қойдық. Байқасам, баспа қызметкерлері бірін бірі құттықтап, жақсы кітап шығардық. Үлкен кісіден ұят болмайтын болды деп қуанып жүр. Содан қайтадан досыма телефон шалып, келіп кетуін өтіндім. Екеуміз тағы да ымырыға келе алмадық. Оның айтатыны, кітаптың ана жері, мына жері Панама ұнамай қалуы мүмкін. Мен әкемді осы уақытқа дейін бірде бір рет ренжіткен емес едім дей-

ді. Оны естіп мен қысыламын. Содан бар жауапкершілікті мойныма алғансып, қояйық әнді, сен телефон шал, істің басын маған қарай бұрып қой дедім. Оңдекен үйге телефон шалды. Келіндер деген хабар алысымен, мен қолыма үш торт дана кітап алып, машинаға қарай қозғалдым. Бір машинада отырмыз, бірақ бір-бірімізбен сөйлеспейміз. Үйге де жеттік-ау. Әкей бізді қарсы алып, «қане, көрейік» деп, кітапты қарауға кірісті. Бақыт ана кітапты жеңіл ғана қарап шықты да, қуанып, бізге алғысын айта бастады. Содан шай қамына кірісіп кетті. Оңдекен екеуміз Әкейдің жанында қалдық. Әкей әр бетін мұқият қарай бастады. Мен мұншалықты сабырлы адамды көрген емеспін. Тіпті кітап бітетін емес. Есіме Оңдекенмен болған барлық әңгімелер түседі. Ол болса жайлап басқа болмеге кетіп қалды. Досыма іштей кен бастадым. Әкей бірдене айтып қалса, не деймін деп, әбден сасып отырмын. Ал кітаптың әлі жартысынан көбі қараптан да жоқ. Жаның қысылғанда уақыт мүлде өтпейді екен. Дүниенің бар қозғалысы тек осы кітаптың беттерімен ғана ошпенетіндей болды. Қара терге малындым. Бірақ оны байқатпауға тырысамын. Содан соңғы фотоға келгенде «Үшеуіміздің бірге фотоға түскеніміз дұрыс болған екен» деп, бір қайырып қойды. Содан қанша отырғанымды білмеймін, бір уақытта әкей: «Бақыт, сен қордың бе? Балалар жан жақсы кітап шығарыпты. Жарайды», деді. Бұл сөзге сенерімді де, сенбесімді де білмеймін. Содан Бақыт апай «Қордім, қордім, маған ұнады. Ағы да «Ел сенімін ақтаған» деп, жақсы қойылған екен. Келіндер, дастарқан дайындап қойдым, отырайық» деп, бізді дастарқанға шақырды. Содан Байкен әкей өзінің салмақты қалпымен «Жүр, дәмге барайық» деді. Жайлап дастарқан басына жеттім ау. Оңдекен үн-түнсіз дастарқан басында отыр. Содан Әкей өзінің кишкене коньяк ішетінін айтып, біздің не ішетінімізді сұрады. Біз шаран ішетінімізді айттық. Әкей кітапқа көңілінің толғанын айтып, бізге ризашылық сезімін білдіріп, тост көтерді. Тост кезегі маған берілгенде, аузыма сөз түспей, «Кітаптың сізге ұнағанына қуанып отырмын, рахмет Әкей» дедім. Содан кешірім сұрап, жылдамдатып үйден шықтық. Есік алдына шыға маз-мейрам болып, қуанып құшағына болендік. Осы келістің қорытындысын күтіп отырған Бота мен Далилаға телефон соғып, оларды да қуанттық. Содан Оңдекеннің үйіне ке-

лш, түнің бір мезтіне дейін тортеуміз рахаттанып, бір бірімізді мақтап, Ботаның бесбармағын тоя жегеніміз күні бүгінге дейін есімде.

Содан бері он жылдан аса уақыт отсе де, мен осы жайға үнемі орала беремін. Баспаға берер қолжазбаны өзі қарап, рұқсат берген кітапты Оңдекен әкесіне көрсетуге неге сонша ыңғайсызданды екен деп ойлаймын. Өзімше талай қорытындылар жасадым. Негізгі түйген ойым, баласының әкесін аз де болса ренжітін алмасам екен деген шынайы қонілі еді. Мұның астарында баланың әкеге деген шынайы махаббаты, шынайы сыйластық сезімі жатыр емес пе? Әке қызмет бабында абыройлы болуы мүмкін. Ол басқа өмір. Ал отбасы жағдайында өз баласының алдында осынша құрметке жету үшін, әкенің бойында қандай қасиеттер болуы керек? Отбасында адамның ішкі дүниесі шынайы ашылады. Барыңыз да, жоғыңыз да балаларыңыздың алдында түгел түгенделеді. Демек, бала алдында осынша құрметке жеткен адам, шынайы қасиетті жан дер едім.

Шын мәнінде, Бәйкен Әшімұлы, бүкіл ұзақ ғұмырында, халықтың да, өз балаларының алдында да кіршіксіз таза өмір сүргенін бар болмысымен толық дәлелдеген жан.

2001 жылы Оңдекен досым 50 жасқа толды. «Егемен Қазақстан» газетіне «Өнеге» деген айдармен «Достық сыр» деген, «Вечерний Алматы» газетіне «Слово о друге» деген айдармен «Сверкай, звезда, на благо Родины» деген мақалаларым жарық көрді. Үлкен жақсы той өтті. Балаларының атына айтылған жақсы сөздерді естіп Бәйкен әкей мен Бакыт апай дән риза болды. Содан біраз уақыт өткеннен кейін бір жиналғанымызда, Бакыт апай мені әдетінше құшақтап, балам деп, мейрімді жүзімен жағдайымды сұрай бастағанда Бәйкен әкей сөзге араласып, «қарашы әне, баласын газетке жазғаннан бері сенің тіпті жақсы көреді» деп, жымып, маған жүз тастады. Сол-ақ екен, Бакыт апай мен дұрыс түсінбей қалар ма екен деп, жылдамдатып, «жоқ-ә, мен Асқаржанды бала кезінен жақсы көремін, Ондажанымның бірі е келе жатқан жақын досы ғой», деп сасқалақтап қалды. Бәйкен әкей маған тағы да жымыя қарап, сабырлы үнімен, «қайдан білейін, кейінгі кезде Асқаржан деп қобірек айтатын болдың ғой» деп қойды. Сонда ғана Бакыт апай бұл әңгіменің шын

мағынасын түсініп, мәз больш күлген еді. Бәйкен әкей сол мақалаларға ризашылығын маған осылай жеткізді.

Өмір шын мәнінде сырлы дүние. Бәйкен Әшімұлындай абыз жанмен кездестірген тұмырға қалай ғана бас имейсің. Бәйкен әкейдің бар тұмыры тұнып тұрған жұмбақ сыр іспетті. Кездескен, әңгімелескен әр сәтті еске алғанда, олардан бүгін де тағлым аламын. Себебі, сонда айтылған сөздеріңіздің құндылығы күн өте келе арта түседі. Алда тағы да талай кітаптар жазылатын болар. Біз де әлі талай рет қазақ халқының абыз ақсақалы Бәйкен Әшімұлы тақырыбына оралатын болармыз. Себебі, қазақ халқы қанша тұмыр кешетін болса. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Бәйкен Әшімұлы есімдері елімен бірге мәңгі жасайтын болады.

Бәйкен әкейдің өмірден өтуінің өзінің түсінген адамға тағлымы мол болды...

Туған туысқандармен бірге Оңдөкеңнің достары Әкейдің денесін үйге әкелу үшін Орталық ауруханаға келдік. Мен ретіне қарай Бәйкен әкейге қызмет ету үшін арнайы болып Toyota Camry машинасына отырған едім. Үйге келгенше көз жасқа толып, мөлдіреп отырған көлік жүргізуші жас жігіт Володя машина есік алдына тоқтағанда маған қаран, орыс тілінде: «Қараңызшы Асқар ағай, мен осы машинамен Бәйкен Ашимовичке келгенде, бұл мүлде жүрілмеген жаңа машина болатын, спидометр нөл қашықтықты көрсетіп тұрған еді. Енді қараңызшы, тура 100 000 (жүз мың) километрді көрсетіп тұр. Осы машинамен Бәйкен Ашимович жүз мың шақырым жол жүрген екен. Тіпті бір метр әрі де, бері де емес. Машина жаңа есік алдына тоқтағанда, спидометр түп тура жүз мың шақырымды көрсетті» деп, көзінен бірнеше тамшы жас үзіліп түсті. Содан ақырын ғана: «Сондай жақсы адам еді ғой, Бәйкен Ашимович. Тағы да осындай адам бұл дүниеде болар ма екен?» деп, қолдары дірілдеп, көзінің жасын сүрте бастады.

Мен спидометрдегі 100 000 санын көріп, қайран қалдым. Бұл жай сәйкестік пе, әлде мұнда бір құпия сыр бар ма? Осындай да жағдай болады екен...

Тарих әлі Бәйкен әкейдің өміріндегі бізге беймәлім талай құпия сырларын ашатын болар. Себебі, Бәйкен Әшімұлы мен Бәкіт Әсетқызының шаңырағы қазақ елінің қасиеті мол үлкен қара шаңырағы атауының да өзіндік сыры мол дүние...

СУДЬБА ЦЕЛОЙ ЭПОХИ

Байкен Ашимович возглавлял правительство на протяжении 14 лет, руководил народным хозяйством Казахстана включавшего десятки и сотни городов и поселков, горнодобывающих предприятий, обоганительных фабрик, различных заводов, сельскохозяйственных предприятий, научных центров, исследовательских и проектных институтов, конструкторских бюро, учебных заведений, учреждений культуры. Он и его соратники, ученые, инженеры и рабочие Казахстана, создали экономику достойной страны, обеспечили рост производства всех отраслей за счет строительства и ввода в эксплуатацию объектов, как тогда говорили, народнохозяйственного комплекса, сделали возможным значительное улучшение уровня жизни населения.

Заслуги перед страной были по достоинству отмечены: он был удостоен звания Героя Социалистического Труда, орденов и медалей, в том числе боевых. Принимал самое активное участие в решении всех важнейших вопросов жизни нашего государства.

Анализируя и оценивая свершения десятилетий такие люди, как Байкен Ашимович могут сказать: «Мы горды тем, что внесли свой посильный вклад в развитие страны, счастливы, что верно служили Отечеству».

Мне повезло, я получил возможность общения с такими людьми благодаря моему отцу Садыкову Т.С., с Байкен Ашимовичем думаю их связывали не просто и не только теплые дружеские отношения, а отношения старшего и младшего брата, отношения полного понимания друг друга, а также понимание искренности и ценности этих отношений для них самих. Папа очень любил всю семью Ашимовых, а Бахыт Асетовну всегда называл моя сестра. Он очень уважал их, ценил, всегда с теплотой говорил о их отношении друг к другу. Всегда отмечал их скромность, умение уважительно общаться со всеми. Папа, вся наша семья любила когда Байкен Ашимович, Бахыт Асетовна приходили к нам домой, по моему мнению такое общение в домашней, дружеской и родственной обстановке трудно чемнибудь другим заменить. А

сейчас и невозможно, но эти ощущения, опыт общения остаются и в памяти и в душе.

Я никогда не чувствовал при встречах, в общении его возраста потому, что его мысли, слова, действия отличались живостью, четкостью, удивительна была его память и не только к событиям давних лет, он всегда помнил имена людей с кем ему приходилось встречаться, даже короткое время общаться. Например имена моих детей, племянников, родственников, они с Бахыт Асетовной безошибочно называли, всегда спрашивали о них, о их учебе, что всегда вызывало большую благодарность и признательность за это внимание.

Кроме того я был свидетелем, а иногда и участником бесед с Б.А. Ашимовым в кругу друзей и родственников, которые запомнились мне навсегда. Это был мыслящий человек и, по многочисленным отзывам, не просто талантливый управленец, а государственный, имеющий боевой опыт участника Великой Отечественной Войны, производственный и опыт партийно-советской работы, образец для подражания, у которого многим надо было учиться. Этот опыт должно быть выработал в нем свойственную ему корректность и невозмутимость. Наверное многие, в том числе и я, придерживаются заповеди не сотвори себе кумира, то есть не боготвори людей. Но когда близко общаешься с такими людьми невольно поддаешься под влияние их жизненной мудрости и силы. Байкен Ашимович несомненно был человек большого кругозора и работоспособности, вдумчивый и, как многие говорили, стремящийся составить себе четкое, собственное мнение по любому предмету. Мне запомнились слова одного из его коллег, проработавшего с ним долгое время - «его отличала удивительная память, особенное знание цифр, задаваемые вопросы всегда были точны, а выводы аргументированы, уделяя больше внимание какой-то теме он уже никогда не забывал даже деталей».


В целом во всех словах воспоминаний, сказанных или написанных о нем, присутствует (просто не могло не быть) понимание значимости его личности, которая безусловно останется в истории Казахстана, историю которую он творил вместе со своим народом. Есть много замечательных слов, характеристик которые высказывали многие его колле-

ги, друзья в отношении общения с семьей , женой , детьми , внуками. Он был и остается, хорошим примером для подражания, всем кто был очевидцем бережной и любовной заботы о своей жене , любимой и уважаемой нами Бахыт Асетовне. Он, как многие знали и замечали, относился к ней с подчеркнутым вниманием и мягкостью.

Когда читаешь строки биографии, не всегда все понимаешь так, как это понимают представители того поколения. Ведь на их жизнь, выпало много действительно исторических событий, революционных перемен, которые приходится переживать не каждому поколению, это время когда проявляются лучшие качества человека, конечно если он смог их в себе заложить. Кто-то из мыслителей сказал, что молодость дана человеку чтобы накопить мудрость, а зрелость для того чтобы пользоваться мудростью.

В этом смысле Байкен Ашимович - яркий представитель своего поколения, пережившего и познавшего трудности строительства по сути новой страны, военные и послевоенные годы, когда действительно проявлялось величие человеческого духа. Несмотря на слабости и дефекты, советская экономика, если проанализировать последние скажем 100 лет, обнаруживала достаточно высокую эффективность и определенную жизнестойкость несмотря на сложную внутреннюю и внешнюю ситуации, и была продуманной, целостной в основном самодостаточной системой, и все это достигалось благодаря труду и личному вкладу таких людей как Байкен Ашимович, каждый из которых, наверное, был на своем месте, в то время которое его востребовало.

Слушая и общаясь с такими людьми, невольно заражаешься особой энергией, испытываешь гордость за Родину и каким-то особенным чувством, что рядом с тобой есть такой человек. Таким он должен запомниться нам, всем кто встречался, общался , работал, знал и уважал его. Сегодня наверное можно сказать, что имя Б.А. Ашимова принадлежит истории.



III БӨЛІМ

АЗАЛЫ КҮНДЕР

ТЕЛЕГРАММА

Құрметті Бәйкен Әшімұлы! Аяулы жарыңыз Бақыт алайдың дүниеден озғанын білгелі ел қамымен ат үстінде жүрген езіңіздей азаматтың жан серігі, өнегелі отбасының киесі, балаларының тәлімді тәрбиешісі бола білген Бақыт Әсетқызының бойынан қазақ әйелдеріне тән жақсы қасиеттердің бәрі де табылатын. Оның өмірі өз ұрпағына да, кейінгі жастарымызға да жақсы үлгі болады деп ойлаймын. Оңай емес екенін түсінемін, алайда берік болыңыз, марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын. Әулетіңіздің алдағы күндеріне тек жақсылықтарды несіп өтсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.
18.01.2010.*

**Бәйкен Әшімов марқұмның
отбасы мен туған-туыста-
рына**

Еліміздің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлкен үлес қосқан, аса кернекті мемлекет және қоғам қайраткері Бәйкен Әшімов ағаның дүниеден өтуіне байланысты, баршаңызға, ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Халқымыздың шын мәніндегі абыз қариясы өмірден озды. Ол ұзақ та мағыналы ғұмыр кешті. Өзге замандастары сияқты, оның да өмір жолы ауыр болды. Жастайынан Ұлы Отан соғысының қан майданына араласты. Елге оралған соң, түрлі деңгейдегі басшылық қызметтерді зор абыроймен атқарды. Соның ішінде өсіресе көп жылдар бойы Қазақ ССР Министрлер Советінің төрағасы қызметін атқарған кезде көп істер тындырды. Кептеген лайықты ізбасарлар мен ірі өндіріс жетекшілерін тәрбиеледі. Еңбегі әрдайым қоғам тарапынан жоғары бағасын алып отырды.

Ол шын мәнінде білімді, талантты, талапшыл, адамгершілік қасиеттеге бай, аса беделді тұлға бола білді. Халқымыз оның өнегелі өмірі мен еңбегін ұмытпайды. Бұл кейінгі ұрпаққа жақсы үлгі болуы тиіс.

Көңілге мәдеу тұтатынымыз – Бәйкен аға елінің тәуелсіз атанғанын кезімен көріп кетті. Ол өліміздің әрбір жетістігіне қуанып, тілектестігін білдіріп, ақ батасын беріп отырды.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. НАЗАРБАЕВ
Астана, Ақорда
5-ақпан 2010 жыл

БӘЙКЕН ӘШІМҰЛЫ ӘШІМОВ

2010 жылғы 5-ақпанда, тоқсан үш жасқа қараған шағында аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үлкен жүректі азамағ, халқымыздың қадірменді қариясы Бәйкен Әшімұлы Әшімов дүниеден озды.

Бәйкен Әшімов 1917 жылдың 10-тамызында Ақмола облысы, Рузиев ауданындағы мал баққан жартылай көншелі казак ауылында, орташа аукағы бар Жұмыс Баласы Әшім деген кісінің отбасында дүниеге келді. Алты айға толар-толмаста кенеттен әкесі қайтыс болып, анасы Сақынның тәрбиесінде өсті.

Ол 1928–1930 жылдардағы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру кезінде жүргізілген асыра сілтеу шараларын көрді, 1932–33 жылдардағы ашаршылықты басынан өткерді. Осы жылдары Қызылжар қаласына барып, теміржолдың фабрика-зауыт училищесіне оқуға түсіп, паровоз жондейтін слесарь мамандығын алып шықты. Одан кейін Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданын ауылшаруашылық техникумында оқуын одан әрі жалғастырды.

1938 жылдың бас кезінде аудандық комсомол комитетіне қызметке алынып, сол жылдың күзінде міндетті әскери қызметке шақырылды. 1941 жылдың маусым айында әскери міндетін оған елге оралды.

Б.Ә. Әшімов Отан соғысы басталғанда орта мектепте мұғалімдік қызметте еді. Сөйтіп, ол 1942 жылдың шілдесінде қапталдан әскерге шақырылды. Солтүстік-Батыс, Батыс, 1-Белорус майдандарында соғысқа қатысып, 1944 жылдың қыркүйегінде Варшава үшін шайқаста ауыр жарақат алды. Содан 10 ай бойы емделіп, 1945 жылдың шілдесінде госпитальден шығып, мүгедек ретінде әскерден босап, елге қайтарылды.

Соғыстан кейінгі жылдары Б.Ә. Әшімов Ленинград институтын, одан кейін Жоғарғы партия мектебін бітірді.

Соғыс ардагерінің еңбек жолы Көкшетау облысының Айыртау ауданынан басталды. Әуелі аудандық атқару комитетінде жауанты хатшы, одан соң атқару комитеті төрағасының орынбасары, кейін партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарды. Біршама уақыт Көкшетау облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының бірінші орынбасары болып қызмет істеді.

Республика экономикасында Қарағанды облысы еліміздің ірі индустриялық, ғылыми және мәдени орталығы екені белгілі. Мұнда көмір бассейні, металлургия, химия, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, қуатты энергетика және құрылыс базасы, ғылым, білім және мәдениет мекемелерінің кең жүйесі шоғырланған. Б.Ә. Әшімов осы облыста 7 жыл бойы басшы қызметтер атқарды. Оның ішінде 5 жыл облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы және 2 жыл облыстық ауылшаруашылық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі еңбек сіңірді.

1968-70 жылдары ол Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болды, ал 1970 жылы республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Бұл қызметті ол 1984 жылға дейін атқарды.

Бәйкен Әшімұлының басшы ретіндегі ұйымдастырушылық таланты осы жылдары барынша жарқырап көрінді. Өнеркәсіпті техникамен қайта жарактандыру, өндірісті электрлендіру, механикаландыру және автоматтандыру, жаңа технологиялар енгізу белсенді түрде жүргізілді. Көлік, энергетика, химия, жеңіл өнеркәсіп, машина құрастыру салалары, жалпы алғанда Қазақстанның экономикалық әлуеті жоғары қарқынмен дамыды.

Бұл қызметтен кейін Б.Ә. Әшімов республика Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы – КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы төрағасының орынбасары болып сайланып, 1985 жылы 68 жасында зейнет демалысына шықты.

Б.Ә. Әшімов – Социалистік Еңбек Ері, 4 рет Ленин орденімен, екі рет I-дәрежелі Отан соғысы, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, «Отан» ордендерімен, сондай-ақ Пельша мен Моңғолияның жоғары наградаларымен марапатталған. КОКП Орталық комитетінің мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің жетінші және тоғызыншы шақырылымдарының депутаты.

Б.Ә. Әшімов өмірі өнегеге толы, ішкі мәдениеті аса жоғары, халқына қадірлі, еліне сыйлы қазақтың шын мәніндегі зиялысы болды. Өмірлік жары Бакыт Әсетқызы екеуі ұзақ та ұлағатты тұмыр кешті, ұл мен қыз тәрбиелеп, немерелер сүйді. Ал өмірінің соңғы жылдарында ұлтымыздың қадірлі ақсакалы ретінде көрген-білгенін жастарға осиеп етіп, ақыл-кеңес беруден еш жалыққан емес.

Қазақ елі үшін ұлан-ғайыр еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері Б.Ә. Әшімовтің өмірден озуына байланысты оның туған-туыстарына қайғырып қоніл айтамыз.

Байқен Әшімұының жарқын бейнесі барлық қазақстандықтардың жүрегінде халқының адал да асыл азаматы ретінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Қазақстан Республикасының
Парламенті

Қазақстан Республикасының
Үкіметі

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АБЫЗЫМЫЗ ЕДІ

Суық хабардың да суығы болады, қайғының да түнек қайғысы болады дегенді көпті көрген бабаларымыздан естуші едік. Сол күн бүгін басымызға түсті. Оның үлкен-кішіге, қалың көпшілікке қадірі сонша, Бәйкен Әшімұлы дүние салды деп айтуға тіл бұрылмайды, болмысын көнбейді, жаның тулайды да күрсінеді. Өмірдің көркі мен сәніне, ұлагаты мен ғибратына айналған, көпшіліктің әрі қуанышын бөлісетін, әрі жұбанышы сынды, күллі халқымызға ортақ тұлға болатын. Бәкен кеше ғана өмірден өткен зайыбы Бакыттың соңынан, алыс төрт жыл бойы қосағымен қоса ағара отасқан асыл жардың сонынан жоқтау сала асығып жөнелді. Құдай берген, күт қонған, тәңірдің көзі түскен бір шаңырақ болса осындай болсын. Бұдан екі жұма бұрын Бакыт жеңгейдің қаралы асы үстінде: «Бәйкен Әшімұлының отбасы – бұл хор құсы қонған шаңырақ, екі жақсы қосылған шаңырақ, екі жақсы қосылып, бірін-бірі қия алмастай болған қасиетті шаңырақ», деп жақсылық тілеп едім.

Күндерден күндер өткенде жақсының орны қалар. Бәйкен Әшімұлының өмірі де, орны да бейне бір рухани қазынабайлықтай, бүгінгілерге де, кейінгі ұрпаққа да әрі ізгілікті игілікке, әрі аңызға айналары сөзсіз. Бірімізге біріміз серік едік, бірімізге біріміз сүйеніш едік. Қош бол, асыл Бәке, қазақтың абызы.

Салық ЗИМАПОВ, академик.

«Егемен Қазақстан», 6-ақпан 2010 жыл

НАРАСАТ БИГІНЕН БІР ТҮСПЕГЕН

Биыл Сарыарқада қыс қатты болып тұр. Ұшы-қиырсыз кеңістікті тегіс қар жапқан. Күндіз октын-октын ақ түтек боран ұйытқиды. Кешкүрым аяз күшейеді. Дүние құлазудай-ақ құлазып баққан. Ол аз болғандай, міне, аяқ астынан сүп-суық хабар жетті. Бәйкен аға дүниеден өтіпті. Айтар ауызға ауыр.

Естір құлаққа әптек. Тіпті сенгің келмейді. Жуырда ғана Бақыт апамыздың қазасында қорғасындай зіл бон жаншыған батнан жүкті үн-түнсіз көтеріп, ашан тартқан сұрғылт жүзін қаумалаған қалың әлеуметке сабырмен бұрып, ештненден сыр бермейі, орғамызда отырғаны әлі көз алдымызда. «Жарықтық, нар десе, нар екен-ау! Мынандай салмақты тіпті нар да көтере алмас», — деп ойлағанбыз ішімізден. Бойын жықпай, жотасын тіктеп, қақшиған қалынынан бір таңбаған. Сол шыдам... сол сабыр... оның өмір бақи серігіндеі көрінетін. Төқты-торпақ орғасында өскен ауыл баласынан бүкіл бір елдің ортақ мақтанышы болған арыс азаматқа, уыздай ұйып отырған Ұлы Атасына айналған абыз жасына дейінгі ұлы сапарында бір сәт мойымаған да, мойытпаған да осы қасиеттері еді-ау! Соның арқасында қаршадайынан халық көзіне түсіп, қалтқысыз қызмет етті. Екінші дүниежүзілік соғыстың ішкі-сыртқы қай қапталалай шайқастарын да еңсерді. Қан майданнан ата-мекешіне, бұрынғы қызметіне, уәде берген қалыңдығына оралды. Нығындағы конетоз шинелдің етек-жеңін түріп, күн-түн тынбайтын мігірсіз еңбекке араласты да кетті. Мойнындағы жүк біртіндеп ауырлай берді. Ауылдан ауданға, ауданнан облысқа, бір облыстан екінші облысқа, одан республика Үкіметінің торағалығына өсіп, жауапкершіліктің қыл шылбыры ширатылған үстіне ширатыла түсті. Қазак дейтін ұлы топырақтың ешқашан құнары кетпей, кәусары сарқылмай, ел несібесін еңселендіре түсуге талпынды. Қазак қолының ешкімнен кем қарман, қазак миының ешкімнен осал соқпайтынын әр іс, әр қимылынан айқын аңғартып бақты.

Кеңестік қоғам күйреп, әлеумет әрі тарт та бері тарт сергелдеңге түскенде аңғартыған ағайынға откенмен бірге өлмек жоқ екенін аңғартатын естіяр ақсақалдарымыздың бірі де ардақты Бәйкен ағамыз еді. Лумалы-тоқпелі кезеңде ел жүгін көтерісуге тәуекел еткен азаматтарымызға жылы сөзін, ақыл-кенеен айтын, рухтандыратын. Тоуелсіз Қазакетанның сонау тәй-тәй басқан тәлтпек кезеңнен бүгінгі буыны бекіп, қабырғасы қатаып, қатарына ықпалы өтіп, сөзі жүре бастаған тұсына дейін сол тлеулес пейілмен бір таңбай өтіп еді.

Ел бірлігін құрандай ардақтаған Абыз Атаның айтқанының бәрі әлі күнге құлағымызда санқылдап тұр.

Токсан екі қыстың басын қайтарған абыройлы тұмырыңыз-
да парасат биігінен бір түспеген, қайран аға, қалдыңыз сол
бәріміз кастер тұтқан асқаралы биігіңізде.

Бәйкен ағасыз тіршілікке көңілге қою, үйренісіп кету онай
болып жатқан жоқ.

Қайтеміз, өзі айтқандай, қайталап айтып, бір-біріміздің
билегімізді ұстап: «Сабыр,.. Сабыр!» – дейміз де...

Әбіш КЕКЕЛБАЙҰЛЫ

«Егемен Қазақстан», 6-ақпан 2010 жыл

БӘЙКЕН АҒА, БАҚЫЛ БОЛ

Таймаған ел мүддесі тапшы жолдан,
Мейірбан кәрі-жасқа жақсы қорған.
Сұм ажал ел абызын алып кетті,
Он төрт жыл үкіметке басшы болған.
Өмірі аңыз-дастан, кілең күрес,
Бірге өтті Димекенмен үзені ілес.
Токсанды еңсерсе де топтан қалмай,
Егемен елге қосты үлкен үлес.
Қырандай Алатауда самғайтұғын,
Жан еді-ау тер төгілген, алмай тыным.
Әкетті 93-те Бәйкенді де
Қара жер қанша жұтса тоймайтұғын.
Мықты еді, түсті тағдыр шалғысына,
Жетті ажал Бақыт апты жан құсына.
Қырық күн өтпей жатып оқыс кетті,
Шыдамай жан-жарының қайғысына.
Көкшетау жоғалтқандай сандалкерін,
Байтақ ел ұмытар ма абзал ерін.
Бақыл бол, туған елің бақыл саған,
Жан аға, торқа болсын жатқан жерің.

Кәкімбек САЛЫҚОВ, Астана.

«Егемен Қазақстан», 6-ақпан 2010 жыл

БҮТІН БІР ДӘУІРМЕН ҚОШТАСҚАНДАЙМЫЗ

Осыдан төрт күн бұрын ғана Бәйкен Әшімұлымен телефон арқылы хабарласын, аз ғана сөйлесіп едім. Бакыт Әсетқызы жеңгеміз өмірден өткен жиырма шақты күннен бері ағаның қонпн қаяулы болды. Сырттай сабырын сақтағанымен, аяулы асылынан айрылғаннан соңғы жерде сынар аккумулян аса мүңды халын кенті. Тілектес жақын жандар — біз де Бәкеннің сол кимастық күнін, жансерігіне шекеіз адалдығын түсініп едік. Ауыр қала үстінде мен: «Болғанға болаттай боларыңа сенемін, қадірменді Бәке!» деп жұбату сөзін айтсам да, қайырылмағ дәуренге тоқтау сала алмағ дәрменсіздігімді енді түсініп едеймін. Қайырымсыз ажал алаштың бір абызы — Бәйкен Әшімұлын да әкетіп тынды. Ұлы Абай сөзіне жүгіне толғансақ, аз Бәке, енді де алған бұл өлімнің алдында сабырлық қылсақ керек-ті.

«Енді Бакытым жоқ қой. Ойнырмай, Бакытсыз күнім қалай болады?» дегенді жиірек айтты осы күндерде, қайғы үстінде қасында болғанымызда. Олай-пұлай болып кетерін болжаудан айта да, оң оған көп мән бермей, ауынан ел-жұртым аман болсын, азаматтар аман болсын, кейінгі жастар, желкіден өскен ұрпақ аман болсын деген өсиетті сөздер, ақ тілекті қасиетті сөздер көбірек шықты.

Нә, өмірден Бәйкен Әшімұлы өтті. Осынау алып тұлғаның өмірден өтуімен бірге жетпіс-сексен жылдық тұтас дәуірмен қоштасқандаймыз. Кенестік деп аталатын үлкен дәуірдің соңғы ұлы қайраткері болды ол кісі. Брежнев, Косыгин, Қонаев сынды аса көрнекті мемлекет қайраткерлерімен терекесін тең ұстады, тең сөйлесті. Бәкеннің кереметтілігі мен кемелгерлігі сонда, ол алдығы дәуірдің тұлғалы, тұрпатты қайраткерлерінің соңғы тұяғы болып қана қоймай, тәуелсіз елінің бүтінгі орлеген, оркелдеген, өрге басқан өмірін де көріп, соған күнбе-күн қуанып, тілекшісі болып отырды. Ел-жұртын алданы жарқын болашағына, жаңа ғасырдың беліне, Еуропаның төріне қарай асырып салды. Өткен жолғы Президент сайлауында Елбасымызға ақ батасын беріп тұрып айтқан: «Ел аман болсын, ел бағына тұған Ер аман болсын» деген абыдың ауынан ғана шығар даналық өсиет сөздерін ел

ұмытпайды. Сөзін ұмытпаса, тағлымын ұмытпаса, туған халқы, бүкіл Қазақ елі Бәйкен Әшімұлының өзін де ұмытпай, мәңгілік есінде сақтап, ардақ тұтады деп білемін.

Өзім сексеннен ассам да, әкемдей көріп еркелеуші едім асыл ағаға. «Мақтайым!» деп маңдайымнан иекеткенде марқайып қалушы едім. Қош, жаның жәннатта болсын, әкемдей болған әз Бәкем!

Мақтай САҒДИЕВ

«Егемен Қазақстан», 6-ақпан 2010 жыл

ТҮРҒАН БОЙЫ ӨНЕГЕ

Жақында академик Манап Қозыбаевтың «Тұлғалар тұғыры» кітабын оқыған едім. Бәйкен ағамыз туралы суық хабарды естігенде менің ойыма алдымен белгілі ғалымның:

Өзі бай, өзі кең,

Етек-жең кең,

Елдің Бас ақсақаты

Абыздармен тең,

деген терең ойлы өлең жолдары түсті. Бұл өте дұрыс айтылған пікір. Біздің халқымыз Бәйкен Әшімұлын белгілі мемлекет қайраткері ретінде жақсы біледі. Ол кісі өткен ғасырдың 70-80 жылдарында біздің республикамыздың үкіметін басқарып, елдің экономикасын, мәдениетін, халықтың тұрмысын дамытуға көп еңбек сіңірді. Халқымыздың ардақты ұлы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа серік болып, қазақ тарихына көп үлес қосты. Мен Бәйкен ағаның қарамағында біраз жыл қызметте болып, ол кісіден көп тәрбие алған шәкірттерінің бірімін. Ағамыз өте сынайы, терең ойлы, тәжірибесі мол адам еді. Қала мен ауылдағы халықтың тұрмысын терең зерттеп, тиісті қамқорлығын жасап, мемлекеттік қызметкерлерге жақсы үлгі көрсететін. Сондықтан да ол кісі халқымыздың кеменгерлерінің бірі ретінде танылды. Келесі ұрпақтарымыз бұл тарихи тұлғаны естен шығармайды.

Ағамыз өте сергек адам еді. Жасы 90-нан асса да түрлі жиналыстарға қатысып, ел аралап, өзінің ойын жастарға жеткізуге тырысатын.

Бәйкен ағамыз Отан соғысының ардагері болатын, жеңгеніміз Бақыт Әсетқызы екеуі ғұмыр бойы салауатты өмір сүріп, балаларын өсіріп, немерелер тәрбиелеп, ардақты ата мен әже деген атаққа ие болған жаңдар еді. Соңғы уақытта бәйбішесі ауыр науқасқа шалдығып, биылғы жылдың басында бұл дүниеден өткен. Бәйкең өзінің жан жолдасын айықтыру үшін көп еңбек етті, бірақ та табиғаттың кейбір қағалдығына қарсы тұру адамдардың қолынан келмейтіндігі белгілі ғой.

Бәйкен ағамыздың отбасына, туған-туыстарына, жолдастарына, шәкірттеріне, бүкіл халқымызға қаза қайырлы болсын дейміз. Қадірлі ағамыздың жатқан жері жайлы болсын, марқұмға имандылық тілейміз. Ел ағасы Бәйкеңнің еңбектері мен рухы казак жерінің әрі қарай көркейіп, өркеннетті елдер қатарына қосылуына ықпалын тигізсін деп тілейміз.

Шәңгерей ЖӘНІБЕКОВ.

«Егемен Қазақстан», 6-ақпан 2010 жыл

ҮЛТ СЕНІМІН АРҚАЛАДЫ

Ұлтымыздың адам ресурстары тұрғысынан қарағанда, бұл үлкен қаза. Қажырлы қайраткерден айрылды. Кеңес дәуірінің соңғы тұсында ол Қазақстанды өркендетуге орасан көп еңбек сипірді. Ең ұзақ Үкімет басқарған адам Бәйкен Әшімов болса, өте жақсы жұмыс істеген, барлық тірліктің тетігін биінен Үкімет басшыларының бірі де осы кісі болды. Отанымыздың өркендеуіне, Қазақстанның дамуына мүдделілікпен қараған тұлғалардың бірі де Бәйкен Әшімұлы болғанын бәріміз білеміз.

Мен 1973 жылы ҚазТАГ жетекшісінің орынбасары болып келдім. Ол кезде біздің мекеме екі жақты бағынышты болды. Қызмет, идеология жағы Орталық комитеттің қарауында болса, қаржы-шаруашылық жағынан Министрлер Кеңесіне тәуелді болдық. 1972 жылы ТАСС жүйесін қайта құру, статусын жоғарылату жөнінде Орталық Комитеттің қаулысы болған. Бірақ, бұл ҚазТАГ-тың жүдеп тұрған кезі еді. Біздің агенттіктің ғимаратында тоғыз мекеме жайғасқан екен. Босағалы тұрған ғимаратқа басқа да көзін аларту-

шылар болды. Бірақ, біздің ақпараттық мекеменің ғимаратында едендік қабақтан бастап ТАСС-пен, бүкіл орталық, облыстық басылымдармен, байланыс министрлігімен жалғасқан коммуникациялық, телеграфтық жүйе бар еді. Осыдан айырылу бізді тағы біразға дейін тұралатын қана қоймай, қаржылай да орасан шығынға батыратын еді. Осы мәселенің бәрін сол кезде Бәйкен Әшімовке баяндап, мән-жайды түсіндіріп айттым. Осы үйді ол кісі бізге алып берді. ҚазТАГ-тың техникалық жабдықталу жағы да нашар, жетілдіруді сұранып тұрған болатын. Редакциялармен байланыстыратын телетайп жүйесі бар еді. Бәйкен Әшімовтің тікелей араласуымен айтарлықтай қаражат бөлініп, ТАСС-пен және барлық облыстық редакциялармен байланыс жүйесін жолға қойып алдық. Тағы бірнеше жылдан кейін компьютер пайда болды.

Білікті басшы Бәйкен Әшімовтің көмегімен компьютерлендіру жұмысы да алғаш ҚазТАГ-тан басталды. Материалдық-техникалық жағынан көп қарыштадық. Бәйкен Әшімов дегенде осы оқиғалар есіме түсіп отыр.

Қай істі қолға алса да тынғылықты болуына үлкен жүрекпен, жанашырлықпен, жауапкершілікпен келетін гүлғанның бүкіл саналы тұмыры да осындай сапалы тірліктермен өрілді.

Бәйкен Әшімов республикамызды Одақ көлемінде алға алып шыққан ұлттық гүлғаларымыздың санатынан еді. Үлкен азаматтың қазасы өзекті ортейді. Өзінді де, басқаларды да сабырға шақырғаннан басқа амал жоқ.

Жұмағали ЫСМАҒҮЛОВ, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көсемсөзші «Егемен Қазақстан», 6-ақпан 2010 жыл

ЖҮРЕГІ ТАЗА ЖАН ЕДІ

Бәйкен ағаның есімі менің жүрегіме соншама ыстық болып кетіп еді. Аялы алақаны бар, тоғіліп тұрған мейірімі бар, қалт бір кезде жалт қарататын кесек мінезі бар бұл кісінің зиялы қазақ қауымы қатты сыйлады.

Мен кезінде Үкіметті ағтай он төрт жыл басқарған кісімен қызметтес болған емеспін. Бірақ талай-талай тағдырлы адамдармен жүздесіп, жақынырақ танып-білуге журналистік қызметім қаншама себепкер болса, солардың арасында Бәйкен Әшімов ағамен болған кездесулерім менің өмірімде ерекше жарқын сәттер қалдырды. Әрбір сөзінің бағасын білетін, екпін біріне ашылып сөйлей бермейтін биязы да сыпайы ел ағасы мені бауырына тартып, құшағына алғандай болды. Өмірден көргені де көп, түйені оған да көп кісінің жүрегі таза, қолы да таза еді. Қасына Ықыт апайды алып, көп сұхбат берді. «Мен «Егемен Қазақстан» газетіне ғана сұхбат беремін, себебі ол – ел газеті», деп ескертер еді. Артық кем кеткен жері жоқ. Ол кісі таяуда ғана өмірден өзған жарын тек «Бакыт Әсетовна» деп атап, шексіз сүйетін асыл қасиетін танытқаны ғажайып оған еді. Аяулы жарын барынша сүйу туралы онашада айтқан әңгімесін мен өзіме құпия ғып сақтап жүрмін.

Көп жылдан бері Бәйкен аға әр мереке сайын арнайы телефон соғып, «Амансыңдар ма? Немерелер өсіп жатыр ма?» дейтін бір ауыз әкелік сөзін енді еске алсам, жүрегім ауырады.

*Мейрамбек ТОЛЕПБЕРГЕН, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары
«Егемен Қазақстан», 6-ақпан 2010 жыл*

АЗАМАТТЫҒЫ ҮЛКЕН ҚАЙРАТКЕР

Бәйкен Әшімұлы қазақтың ел басқарып, халық қызметінде болған жігіттерінің ішіндегі тұрлаулысының, кісілігі мол, аса қайырымды, кіншінен азamatтарының бірі еді. Осы мінез-күлкымен ол ұзақ жылдар бойы Димаш Ахметұлы Қонаевпен тізе қосып, Қазақ Республикасын басқарды. Екеуі елімізді кеше одақ көлеміндегі көрнекті республикалардың қатарына қосты. Бүгінгі Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты тауып, танып, жауапты жұмыстарға тартты. Бәйкен аға өз орнына Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне Назарбаевты отырғызып, өзі Жоғарғы Кеңес төралқасын басқаруға ауысты. Тәуелсіздік алу кезімізде де

Бәйкен аға ұлы өзгерістерге тілектес болып, тұңғыш Президентіміздің бұл жолдағы бастамаларына өз үлесін қосты. Тәуелсіздіктің ақсақал батагөіі болды.

Бәйкен аға билікте ұзақ отырған кісілердің ішінен халық арасынан келіп, кейін онымен кең пейілмен табысқан, араласқан, адамгершілігі мол, азаматтығы үлкен қайраткер болды. Ол халық бетіне тура, ұялмай қарай алатын азамат ретінде елімен өле-өлгенше сыйласты. Оның қуанышы мен қайғысын болісіп, батасын берді. Осы бір халқымен шын туысып кеткен жылдары Бәйкеннің 64 жыл отасқан адал жары Бақыт Әсетқызы да мінезділігімен, үлкен аналық сипаттарымен көзге түсіп еді.

Ол жақсыны көргіш еді. Оны бағалайтын. Кейінгі ұрпаққа арқашан тілеуін қосты. Сол тілегі жалпы ел тілегімен қосылып, Бәйкен ағаның ұлылығына ұласты. Қартая білеуге де ақыл керек. Бәйкен аға осыны кейінгіге үлгі етіп кетті.

Серік ҚИРАБАЕВ, академик.

БИКТЕРДІҢ БИІГІНЕ ШЫҚТЫҢ СЕН

Бәйкен аға, асыл аға, қымбаттым,
Сен еліңе дана болып тіл қаттың.
Бақ сұраған ағайыннан аямай,
Жүрегіңнің ұлы сөзін тыңдағтың.
Аруақты жан, арыстандай асыл ер,
Арқашанда көп жиналды қасына ел.
Ақылыңа құлақ түрді ағайын,
Жолыңды ашты нелер биік, асу, өр.
Туған елді өз анаңдай ұқтың сен,
Жүргің жұтқан таза ауасын жүггің сен.
Шапағатың елге керек кезінде,
Биіктердің биігіне шықтың сен.
Еңбегімен ел үмітін ақтайды ер,
Тұлпарлардың бәйгесін де шапнай бер.
Алатауы, Сарыарқасы сияқты,
Арқашанда сені есінде сақтайды ел.

Ұмытпайды өз ағасын жас ұлан,
Мәңгі бақи шырқалады асыл ән.
Қазағымның құлағанмен бір тауы,
Жана бір тау бой көтерер қасынан.

Туманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.

РУХЫҢ ПЕЙІШТЕ ШАЛҚЫСЫН!

...Осыдан жиырма шақты күн бұрын сүйіп қосылған жары Бақыт Әсетқызы дүниеден озып еді. Жакын-жұрағат болып, бүкіл ел болып, Бақыт апамызды шығарып салдық. Сонда жап-жақсы, дені сау, ширақ отырған Бәйкен аға кешегі бейсенбі күнге «Бақытты еске аламыз» деп, өзі жақын араласатын бір топ адамды үйіне шақырып қойған болатын. Өкінішке қарай, бұл бейсенбіде өзі бақилық болып кете барды.

Үлкен азамат дүниеден озды. Мен Бәйкен ақсақалды жастайымнан білемін десем болады. 1975 жылы Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы болып сайландым. Ол кезде горисполком тікелей үкіметке – Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне бағынатын. Кеңес төрағасы Бәйкен Әшімұлы болатын. Алматы ол уақытта біздің астанамыз, ең үлкен қала. Сол жылдары Алматыда құрылыс саласы қарқынды дамыды. Алматының символы болған «Қазақстан» қонақүйінен бастап, көптеген құрылыстардың салынуына, Алматымен бірге, жалпы, Қазақстанның көркейіп өсуіне, экономикасының қарыштап дамуына, мәдениетінің гүлденуіне Қазақстанның бірінші басшысы Димекең қаншалықты үлес қосқан бола, Бәйкен Әшімұлы да соншалықты еңбек етті. Кеңес Одағы бойынша Министрлер Кеңесінің төрағасы болған екі-ақ адам Социалистік Еңбек Ері атағын алған, соның бірі – Бәйкен Әшімов болатын.

Бәйкен ағамен сол жылдардан бастап, күні бүгінге дейін қоян-қолтық араластық. Отбасымызбен араластық. Ол кісіні қатты құрметтейтінмін, сыйлайтынмын. Бақыт Әсетқызы Бәйкенді соғысқа шығарып салып, ұзақ жылдар бойы күтін, ол аман-есен оралғанда екеуі бас қосқан. Екеуі 65 жыл өмірін бірге өткізді. Бәйкен аға өте салмақты, тыңғылықты, көп сөйлемейтін, не айтса да, бас-аяғын екшеп, тұжырым-

дан, ақылға салып, қорығынды сөзін бір-ақ айтағын. 14 жыл үкімет басқару оңай емес. «Елу жыл ел ағасы» атанған Димкеннің өзі ол кісіні қатты құрметтейтін. Екеуі халықпен кездесіп, акын-жазушылармен жүздесіп, олардың көкейкесті мәселелерін тыңдағанда немесе үлкенді-кішілі жиналыстарда қандай сауал туындаса да, Қонаев «Бәйкен Әшімович, сіз қалай ойлайсыз, бұл мәселені не істейміз? Қалай шешкен дұрыс?» деп, онымен ақылдасып отыратын, оған көп сенім артын, жауапкершілік жүктейтін. Бәйкен аға да ол кісінің барлық тапсырмасын түгел жазып алып, рет-ретімен шешіп отыратын. Соның арқасында екеуі тату-тәтті болды, біріне-бірі арқа сүйеп, халыққа қызмет етті. Ол екеуі ел басқарып отырған кезде ырың-жырың да болмайтын, айғай-шу да шықпайтын...

Бүгін пейілі кең, жүрегі ізгі, жаны жомарт, тілегі дархан адам өмірден озды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Тірісінде жастарға батасын беріп, тілекші, қамқоршы болып жүруші еді, өлген соң да Бәйкен ағаның рухы қазақты қолдан-қоршап жүрсін! Бақұл бол, асыл аға!

Қеңес АУХАДНЕР

ӨНЕГЕЛІ ҚАРИЯ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

Бәйкен Әшімов — одақ көлеміндегі Қазақстанның ең озық, алғы шептегі республика болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген алаштың арда ұлы еді. Адал болды, таза болды, пенденіліктен ада болды. Өзіне сенді, еңбегіне сенді, басқалардан да соны талан етті. Дінмұхаммед Қонаев сияқты ол кісінің арғында да байлық қалған жоқ, азамағтық тау гүлғасы қалды. Адамгершілігі қалды. Басшылық қызметтерде жүргенде еліміздің өркендеуіне, жеріміздің гүлденуіне барын салды.

Қолындағы барын, жиган-тергенінің бәрін, Қонаев секілді, балабақшаларға, балалар үйіне үлестіріп бергенін білеміз. Үндемей жүріп, үлкен істер тындырды. Басшылық қызметтерде жүргенде еліміздің өркендеуіне, жеріміздің гүлденуіне барын салды. Қазақ та басшы бола алатынын, басқара

алатынын дәлелдеді. Орнынан түскеннен кейін де, зейнетке шыққаннан соң да сол баяғы мінетін, ірілігін, кесектігін жоғалтпай, тәртіпті, өнегелі өмір сүрді. Бәйкен Әшімұлы үшін кісілік, адамгершілік әркез бірінші кезекте тұратын. Қиналыста жүрген талай адамдарға қол ұшын созды, жақсылығын жасады. Көптеген жағдайларда әділдіктің үстемдік құруына себепкер болды. Бүгінгі қоғамның жақсаруына да өзінің ақыл-кеңесімен, батасымен үлес қосқан, жақсы қартайған ақсақал болды. Қоғамдағы кейбір келеңсіздіктерге күйінетінін айтып қалатын. Айтылмаған қаншама әңгімесі өзімен бірге кетті. Бір жолыққанда «Қалыңыз қалай?» дегенімде, айтып қалып еді: «Өмір сүріп жатырмыз. Өлгіміз келмейді, о дүниеге кеткің келмейді екен, араларыңда жүре тұрғың келеді екен...» деп күліп еді. «Неге жүрмейсіз? Жүресіз. Әлі бақауатсыз, ширақсыз, 100-ге жетесіз!» деп мен де күлсем.

Қайтеміз... Өмірдің қызығын да, шыжығын да бір адамдай көрген, бейнетінің зейнетін көрген ақсақал ақтық сапарға аттанды. Топырағы торқа болсын, жаны жәннағта болсын!

Дулат ИСАБЕКОВ

КОШ БОЛ, АРДАҚТЫ АҒА!

